

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ  
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**М. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН  
УНИВЕРСИТЕТІ**

ӘӨЖ 81'373.21:81:39

Қолжазба құқығында

**Батырбекова Камшат Айшигаровна**

**МӘМЛҮК ҚЫПШАҚТАРЫ ТІЛІНДЕГІ «БАЙТАРАТУ'Л-  
ВАЗИХ» ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШІ ТІЛІНІҢ ЛЕКСИКА-  
СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**8D02310 - Филология**

Философия докторы (Phd) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған  
диссертация

Ғылыми кеңесшілері: ф.ғ.к., доцент  
Омаров Нұрлыбек Құралбекұлы  
ф.ғ.д., профессор  
Боранбаев Сандыбай Режепұлы  
Шетелдік ғылыми кеңесші:  
ф.ғ.д., профессор Ержан Алкая  
Туркия, Фират (Firat University)

**Шымкент, 2025**

## МАЗМҰНЫ

|                                                                                                                                                    |            |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| <b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....</b>                                                                                                                 | <b>3</b>   |
| <b>АНЫҚТАМАЛАР.....</b>                                                                                                                            | <b>4</b>   |
| <b>КІРІСПЕ.....</b>                                                                                                                                | <b>6</b>   |
| <b>1 «БАЙТАРАТУ’Л-ВАЗИХ» ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ, ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІМЕН ФОНО-ЛЕКСИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСЫ</b>                    |            |
| 1.1. Жазба ескерткіштің зерттелу тарихы және палеографиялық-кодикологиялық ерекшеліктері.....                                                      | 13         |
| 1.2 «Байтарату’л-вазих» қолжазбасындағы фонетикалық құбылыстардың тарихи-компаративтік сипаты.....                                                 | 26         |
| 1.3 Ескерткіш лексикасының қазіргі қазақ тілімен лексикалық сабақтастығы.....                                                                      | 36         |
| 1-тарау бойынша тұжырым.....                                                                                                                       | 49         |
| <b>2 ОРТАҒАСЫРЛЫҚ «БАЙТАРАТУ’Л-ВАЗИХ» ЕСКЕРТКІШІНІҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ</b>                                                              |            |
| 2.1 Жазба ескерткіш тіліндегі кірме сөздердің сипаты және ескерткіштің теолингвистикалық кеңістігі .....                                           | 52         |
| 2.2 Ескерткіш тіліндегі жылқы атаулары мен ветеринариялық лексика: тілдік эволюция және мәдени негіз.....                                          | 69         |
| 2-тарау бойынша тұжырым.....                                                                                                                       | 85         |
| <b>3 «БАЙТАРАТУ’Л-ВАЗИХ» ЕСКЕРТКІШ ЛЕКСИКАСИКАСЫНА ТАРИХИ-ЛЕКСИКАЛЫҚ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ</b>                                                             |            |
| 3.1 Қолжазбадағы жылқы соматикасының лексика-семантикалық репрезентациясы.....                                                                     | 87         |
| 3.2 Ескерткіш тіліндегі туыстық қатынас және материалдық мәдениетке қатысты атаулардың этномәдени мазмұны.....                                     | 106        |
| 3.3 «Байтарату’л-Вазих» жазба ескерткішіндегі зоонимдік, фитонимдік және жаратылыс құбылыстарына қатысты лексиканың тарихи-семантикалық дамуы..... | 120        |
| 3-тарау бойынша тұжырым.....                                                                                                                       | 134        |
| <b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>                                                                                                                              | <b>138</b> |
| <b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>                                                                                                        | <b>140</b> |

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесі нормативті құжаттар негізге алынды:

1. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы негізінде 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400002014/links>
2. 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 Қаулысы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>
3. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы – «Рухани жаңғыру» бағдарламасын ұлттық жаңғыру кезеңіне көшіру жөніндегі 2021 жылғы арналған жол картасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 9 ақпандағы № 50 қаулысы.
4. 2025 жылға дейінгі Қазақстан Республикасы дамуының Ұлттық жоспары және «Мәдени мұра» – Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы. Күші жойылды – Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 611 Жарлығымен.
5. «Халық тарих толқынында» – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 20 желтоқсандағы № 953 қаулысы.
6. «Рухани жаңғыру» – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2021 жылғы 6 қазандағы № 167-ө өкімі. Қоса беріліп отырған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын ұлттық жаңғыру кезеңіне көшіру жөніндегі 2022 – 2024 жылдарға арналған жол картасы.
7. «Ұлы даланың жеті қыры» – «QazExpoCongress» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының 2015 – 2024 жылдарға арналған даму стратегиясын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 7 сәуірдегі № 203 қаулысына өзгерістер енгізу туралы.
8. «Архив-2025» Жамбыл облысы әкімдігінің 2019 жылғы 21 маусымдағы № 138 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 24 маусымда № 4268 болып тіркелді. Күші жойылды – Жамбыл облысы әкімдігінің 2020 жылғы 24 тамыздағы № 190 қаулысымен.

## АНЫҚТАМАЛАР

**Мәмлүктер** – ортағасырлық Мысырдағы түркі және Кавказ халықтары өкілдерінен шыққан жауынгер-құлдар. Бұл сөз араб тілінен аударғанда «құл» деген мағынаны білдіреді.

**Иппология** (грек. ἵπλος «лошадь» и λόγος «слово») жылқы туралы ғылым, анатомияны, физиологияны, көбею биологиясын, тұқымды қалыптастыруды және тағы басқаларды, жылқыға қатысты барлық нәрсені зерттейді.

**Ветеренария** (лат.veterinarius-малды бағып-қарайтын қызметкер, жануарларды емдейтін маман) жануарлар ауруларының алдын алу, оларды емдеу, мал дәрігерлік сараптау және тексеру арқылы санитарлық тұрғыдан таза жануарлар өнімдерін өндіру нәтижесінде, адамзатты антропозооноз (адамға жұғатын) ауруларынан сақтау, сыртқы қоршаған ортаны қорғаудағы ветеринарлық-санитарлық проблемаларды шешу мәселелері туралы ғылыми ілім.

**Кодикология** – қолжазбалардың материалдық және физикалық құрылымын зерттейтін ғылым. Қағаз сапасы, беттердің нөмірленуі, мәтіннің орналасуы, сия түсі, парақ шеттеріндегі белгілер мен маргиналиялар зерттеушіге жазба мәдениетінің ерекшеліктері туралы нақты мәлімет береді. Қолжазбаның парақтар саны, көлемі мен жазу бағыты мәмлүк дәуіріндегі кітап жасау үрдісінен хабар береді.

**«Мәдени мұра» бағдарламасы** Қазақстан халқының мәдени-тарихи мұрасын сақтау, қалпына келтіру және зерттеу. Тарихи ескерткіштерді қалпына келтіру, шетелдіктердегі қазақ мәдениетіне қатысты мұраларды жинау, әдебиеттерді аудару, ұлттық құндылықтарды насихаттау.

**«Халық тарих толқынында» бағдарламасы** – Қазақ халқының көне дәуірден бүгінге дейінгі шынайы тарихын зерттеу. Қазақ мемлекеттілігінің бастауын, тарихи тұлғаларды, ұлттың қалыптасуын ғылыми тұрғыда зерттеу.

**«Мәңгілік Ел» идеясы** – Ұлттық бірлік пен мәңгілік мемлекет құру идеясын нығайту. Тәуелсіздік, бейбітшілік, ынтымақ, рухани байлық, тарихи сана сияқты құндылықтарға негізделген патриоттық тұжырымдама.

**«Рухани жаңғыру» бағдарламасы** – қоғамның санасын жаңғырту, ұлттық рухты ояту. Қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру, «Туған жер» бағдарламасы, ұлттық бірегейлікті сақтау, білім мен ғылымға көңіл бөлу.

**«Ұлы даланың жеті қыры»** – Қазақ халқының тарихтағы орнын көрсету, мәдени мұралар мен өнертабыстарды таныту. Жеті қыры: Атқа міну мәдениеті, Ұлы даладағы ежелгі металлургия, Аң стилі, Алтын адам, Түркі әлемінің бесігі, Ұлы Жібек жолы, Қазақстан – алма мен қызғалдақтың отаны

**«Архив-2025» бағдарламасы** – Ұлттық архив қорын зерттеу, шетелдіктердегі қазақ халқына қатысты құжаттарды жинау. Қазақ тарихына байланысты архивтік деректерді іздеу, сақтау және ғылыми айналымға енгізу. Бұл «Ұлы даланың жеті қыры» аясында жүзеге асады.

**Палеография** – жазба ескерткіштердің графикалық ерекшеліктерін зерттейтін сала.

**Эмпиризм** көне грекше: *ἐμπειρία* *етрегіа* – тәжірибе – сезім тәжірибесін білімнің бірден-бір көзі деп есептейтін, барлық білім тәжірибеге сүйенеді дейтін таным теориясындағы бағыт. Кейбір эмпириктер (Гоббс, Юм) рационализмнің ықпалымен тәжірибе білімге қажетті және жалпыға бірдей маңыз бере алмайды деген тұжырымға келді. Эмпиризмнің шектелу сипаты сезімдік танымдағы тәжірибенің ролін метафизикалық тұрғыда әсірелей көрсетуінде.

**Семантикалық карталау (semantic mapping)** сөздердің, сөз тіркестерінің мағыналық байланыстарын желілік карта түрінде көрсету. Ескі мәтіндегі сөздердің мағынасы мен қолданылу өрісін зерттеу.

**Мәдени-танымдық карталау (cultural-cognitive mapping)** мәтіндегі мәдени ақпаратты, дүниетаным элементтерін жарыққа шығару. Ескерткіш тілінде сақталған мәдени кодтарды тану, дәстүр мен салт-сананың тілдік көріністерін табу.

**Мәтінды қазбалау** мәтінді терең талдау арқылы оның ішкі құрылымын, жасырын мағыналарын, мәдени, тарихи, танымдық қабаттарын ашуға бағытталған лингвистикалық және мәтінтанулық тәсіл

**Тарихи-компаративтік әдіс** – тілдерді салыстырмалы түрде зерттеу арқылы олардың тарихи дамуын, тілдік өзгерістерін және туыстық қатынастарын анықтауға арналған әдіс. Бұл әдіс көмегімен тілдердің дыбыстық, грамматикалық және лексикалық жүйелеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтар анықталып, олардың бір-бірімен генетикалық байланысы зерттеледі.

**Этнозоология** – бұл ғылым саласы, адамдардың мал мен жануарларға деген қарым-қатынасы, оларды қолға үйретуі, пайдалану әдістері, сондай-ақ адамның жануарларға қатысты дәстүрлері мен мәдениетін зерттейді.

**Антропосоматика** «антропо» – адам (грекше *ánthrōpos* адам), «соматик(а)» – дене (грекше *sōma* – дене) бұл адам дене мүшелеріне (анатомиялық құрылымына) қатысты лексикалық бірліктерді, олардың тілдік, мәдени, семантикалық, этнолингвистикалық ерекшеліктерін зерттейтін тіл білімінің тармағы.

## КІРІСПЕ

**Зерттеу жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Белгілі бір этностың тарихи жады мен дүниетанымы тіл арқылы берілетіні белгілі. Мәмлүк қыпшақтарының Мысыр мен Шамдағы билік құрған кезеңінде жазылған әр түрлі мазмұндағы жазба жәдігерлер тек тілдік дерек емес, тарихи-мәдени мұра ретінде маңызды.

Қазіргі кезеңде тіл білімінде тарихи жазба ескерткіштерді тілдік, әдеби және тарихи қырынан кешенді зерттеу кеңінен қолдау табуда. Бұл үрдіс ұлттық рухани мұраларды жаңғырту, тарихи сана мен мәдени тұтастықты терең ұғынудың маңызды тетігі ретінде танылып отыр. Диссертациялық жұмыс Тәуелсіз Қазақстанның «Қазақстан – 2050» стратегиясы, 2025 жылға дейінгі Қазақстан Республикасы дамуының Ұлттық жоспары және «Мәдени мұра», «Халық тарих толқынында», «Мәңгілік ел», «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры», «Архив – 2025» бағдарламаларына сай келеді. Себебі бұл бағдарламалардың барлығы ұлттық сананы жаңғырту мен тарихи-мәдени мұраларды терең зерделеуге бағытталған. Аталған бағдарламалар елдің рухани дамуына жаңа серпін беріп, тарихи жазба ескерткіштерді заманауи ғылыми тәсілдермен зерделеуге мүмкіндік береді. Осыған орай, көне және ортағасырлық жазба ескерткіштерді зерттеу түркі халықтарының ортақ мәдени-тарихи негіздерін жаңаша пайымдауға жол ашады. Бұл тұрғыда «Байтарату’л-вазих» жазба ескерткішін тілдік, тарихи және мәдени аспектіде кешенді түрде зерттеу түркітану ғылымы мен жалпы тіл білімі саласындағы маңызды ғылыми міндеттердің бірі болып табылады. Мұндай зерттеу жұмыстары түркі әлемінің ортақ тарихи жады мен рухани сабақтастығын нығайтуға, сондай-ақ қазіргі тіл ғылымының зерттеу ауқымын кеңейтуге ықпал етеді.

Қазіргі түркологиялық және тіл біліміне қатысты зерттеулерде түркі халықтарының көне және ортағасырлық жазба мұралары аз емес, оларды терең зерттеп, ғылыми айналымға түсіру қажеттігі туындауда. Бұл мұралар – түркі тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінің тарихи даму жолын тануда маңызды дереккөз болып табылады, себебі өткенді пайымдамай, болашақты болжау мүмкін емес. Сондықтан тілдің тарихи қалыптасуын зерттеу барысында жазба ескерткіштерге сүйену қажет. Ортағасырлық мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған «Байтарату’л-вазих» сондай құнды жазба мұралардың бірі. Ол тек түркі дүниетанымының көрінісі ғана емес, мәдени сабақтастықтың нақты айғағы. Бұл ескерткіштің тілін диахронды және синхронды тұрғыдан талдау арқылы мәмлүк-қыпшақ тілінің қазақ тілінің қалыптасуына ықпалын анықтауға және тарихи генетикалық сабақтастығын зерделеуге болады.

Қазақ тіл білімі саласында зерттеуді қажет ететін жазба ескерткіштер тобына ортағасырлық қыпшақ тілінде жазылған шығармалар жатады. Ортағасырлық жазба ескерткіштер қыпшақ, армян-қыпшақ, мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштері болып бөлінеді. Бұл кезеңде жазылған жазба ескерткіштер тіл тарихындағы аса құнды жадыхаттар қатарына жатады.

Қыпшақ тілі араб графикасымен жазылған грамматикалық оқулықтар мен сөздіктер бүгінгі таңда шетелдік мұражайлар мен кітапханаларда сақталған. Оларды ғылыми айналымға енгізіп, тілдік талдау жүргізу – қазақ тіл білімінің өзекті мәселелерінің бірі. Осы тұрғыдан алғанда, Мысыр билеушісі Махмұт Толубектің тапсырысы бойынша жазылған «Байтарату’л-вазих» жазба ескерткіш лексикасының қазақ тілімен байланысы мен сабақтастығын зерттеу қазақ тілінің тарихи даму ерекшеліктерін ашуға және оның қалыптасу процесін толық түсінуге мүмкіндік береді.

**Зерттеу жұмысының өзектілігі.** Ортағасырлық «Байтарату’л-вазих» ескерткіші лексикасы негізінде мәмлүк-қыпшақ тілі мен қазіргі қазақ тілі арасындағы тарихи-тілдік сабақтастықты салыстырамлы-тарихи негізде зерттеп, фоно-морфо-семантикалық деңгейде дәлелдеу, белгілі бір тілдің тарихи қалыптасу жүйесіне тікелей қатысты көне мұралар мен ортағасырлық жазба ескерткіштердің тілдік мәліметтерін қазіргі түркі тілдерінің күнделікті қолданыста жүрген нұсқаларымен салыстыра зерттеу – жұмысымыздың өзектілігін танытса керек.

**Зерттеу жұмысының нысаны.** Ортағасырлық «Байтарату’л-вазих» жазба ескерткішінің лексикасы.

**Зерттеу пәні.** Ортағасырлық «Байтарату’л-вазих» жазба ескерткішіндегі лексикалық бірліктердің тарихи-лингвистикалық сипаттамасы және қазіргі қазақ тіліндегі көрінісі.

**Зерттеудің мақсаты:** Мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған ортағасырлық «Байтарату’л-вазих» жазба ескерткішінің тілдік ерекшеліктерін жан-жақты талдау арқылы мәмлүк-қыпшақ тілімен қазақ тілінің тарихи-генетикалық сабақтастығын көрсету. Белгіленген мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттер қойылды:

– «Байтарату’л-вазих» жазба ескерткішінің жазылу және зерттелу тарихына шолу жасап, жанрлық құрылымы мен мазмұндық ерекшеліктерін талдау, палеографиялық-кодикологиялық сипаттама беру, сондай-ақ ескерткіш тіліндегі фонетикалық құбылыстарды тарихи-компаративтік әдіспен саралап, дыбыстық жүйесі мен фонетикалық заңдылықтарын, қазіргі қазақ тілімен тоғысу жолдарын айқындау;

– Ескерткіш лексикасының қазіргі қазақ тілінде қолданылу дәрежесін салыстыра отырып, сөздерді сөз таптарына жіктеу және олардың мағынасы мен тұлғасының сақталу деңгейіне қарай топтастырып (тұлғасы мен мағынасы сақталған; фонетикалық өзгеріске ұшыраған, бірақ мағынасы сақталған сөздер), сандық тұрғыда статистикалық талдау жүргізу;

– «Байтарату’л-вазих» мәтініндегі кірме сөздерді анықтап, оларды екі топқа: 1) ескерткіш тілінде ғана қолданылып сол кезеңдегі мәмлүк-қыпшақ қоғамына түсінікті араб сөздері; 2) ескерткіш тілінде де, қазіргі қазақ тілінде де қолданылып жүрген арабизмдерді ажырату. Ескерткіш тіліндегі діни сөздердің табиғатын, мағыналық аясын және қолданылу ерекшеліктерін зерттеу, кірме сөздерге статистикалық талдау жасау;

– Мәмлүк-қыпшақ кезеңіндегі «Китаб фи риязати-л-хайл», «Муният ул-гузат», «Китаб фи ғылым ән-нушшаб» ескерткіштері негізінде атбегілік

пен ветеринария саласына қатысты кәсіби лексиканың құрылымы мен терминдену ерекшеліктері фонетикалық және лексикалық тұрғыдан талданады. Қолжазбалардағы тілдік бірліктердің лингвомәдени мәні ашылып, қазіргі қазақ тіліндегі баламаларымен салыстыра отырып, кәсіби лексиканың қалыптасуы мен тіл сабақтастығы зерттеледі.

– «Байтарату’л-вазих» жазба ескерткішіндегі жылқыға қатысты атауларды тарихи-мәдени және семантикалық тұрғыдан зерттеп, олардың қазіргі қазақ тіліндегі қолданылуын анықтау. Жылқыға қатысты атаулардың сақ-ғұн дәуірінен бастап ортағасырлық жазба ескерткіштер, ауыз әдебиеті (эпостар, ертегілер, мақал-мәтелдер, фразеологизмдер) және қазіргі прозалық, поэзиялық шығармалардағы көріністері арқылы қарастыру. Сонымен қатар, жылқы түлігіне қатысты ырым-тыйымдар мен салт-дәстүрлерді айқындап олардың тілдік және мәдени сабақтастығын анықтау.

– Қолжазбадағы жылқы малына қатысты соматикалық бірліктердің лексика-семантикалық құрылымын мағыналық ауқымын, қолдану контексттерін және функционалдық ерекшеліктерін, танымдық сипатын ашу көзделеді. Осы терминдердің қазіргі қазақ тіліндегі қолданылу аясы мен мағына өзгерістерін салыстырмалы түрде қарастырып, олардың тарихи сабақтастығын, тілдік даму үрдісіндегі рөлін көрсету;

– «Байтарату’л-вазих» ескерткішіндегі туыстық қатынас пен материалдық мәдениет атауларын этно-мәдени тұрғыдан зерттеу. Туыстық қатынастар мен тұрмыстық лексиканың тарихи қалыптасуы мен мағыналық дамуын анықтап, олардың тілдік бейнесі арқылы ортағасырлық мәмлүк-қыпшақ қоғамының мәдени және әлеуметтік болмысын сипаттау. Сонымен бірге, осы атаулардың қазіргі қазақ тілі мен мәдениетіндегі жалғастығын көрсету арқылы тіл мен мәдениеттің байланысы мен ұлттық дүниетанымның тілдік көрінісін айқындау мақсат етіледі;

– Ескерткіш тіліндегі табиғат пен жаратылысқа қатысты лексикалық бірліктердің тарихи дамуын жан-жақты зерттеу. Атаулардың мағыналық кеңістігін ашып, оларды ортағасырлық түркі жазба ескерткіштерімен салыстыра отырып, семантикалық ұқсастықтары мен ерекшеліктерін анықтау. Сонымен қатар, осы бірліктердің қазіргі қазақ тіліндегі қолданылуы мен мағына өзгерістерін талдап, тілдік құрылым мен мәдени мазмұн тұрғысынан сабақтастығын көрсету.

**Зерттеу жұмысының дерек көздері** «Байтарату’л-вазих» жазба ескерткішінің лексикасы.

**Зерттеу жұмысының материалдары:** «Байтарату’л-вазих» жазба ескерткіші.

**Жұмыстың ғылыми жаңалығы** Зерттеу барысында мынадай жаңалықтар мен нәтижелерге қол жеткізілді:

1. «Байтарату’л-вазих» жазба ескерткішінің жанрлық, палеографиялық және кодикологиялық ерекшеліктері алғаш рет кешенді түрде сипатталып, оның тарихи-мәдени және лингвистикалық құндылығы анықталды.



2. Ескерткіш тілінің фонетикалық жүйесі тарихи-компаративтік бағытта зерттеліп, дыбыстық заңдылықтар мен эволюциялық өзгерістер жүйелі түрде дәйектелді.

3. Ескерткіштің лексикасы қазіргі қазақ тілімен салыстырмалы-типологиялық тұрғыда жан-жақты талданып, сөздердің мағынасы мен формасы өзгеріссіз сақталып, фонетикалық өзгерістері анықталды.

4. Мәтіндегі араб-парсы және моңғол тілдерінен енген кірме сөздер анықталып, мәмлүк-қыпшақ кезеңінің арабизмдері мен қазіргі қазақ тіліндегі арабизмдердің нақты дәйектері берілді.

5. Мәмлүк-қыпшақ кезеңінің ветеринариялық және атбегілік кәсіби лексика алғаш рет «Байтарату'л-вазих» мәтіні негізінде кешенді зерттеліп, түркі, араб тіліндегі баламалары көрсетілді.

6. Жылқы малына қатысты атаулардың тарихи-мәдени, семантикалық және когнитивтік сипаты кең ауқымда зерттеліп, ұлттық дүниетанымдағы орны мен мәдени кодтық мәні анықталды.

7. Ескерткіштегі жылқыға қатысты соматикалық бірліктер мен олардың лексика-семантикалық өрісі жан-жақты талданып, олардың тарихи даму жолы мен қазіргі қазақ тіліндегі көрінісі сипатталды.

8. Адам өмірі, тұрмыс-тіршілік және әлеуметтік қатынастарға қатысты лексикалық бірліктер этно-мәдени және тарихи аспектілер бойынша жүйеленіп, мәмлүк-қыпшақ қоғамының мәдени-әлеуметтік болмысы тілдік деректер арқылы ашылды.

**Зерттеу жұмысының ғылыми теориялық және әдіснамалық негіздері.** Диссертацияда отандық және шетелдік түркітанушылардың, лингвистер мен тарихшы, ветеринарлардың ғылыми еңбектерін назарға алынды

**Зерттеудің негізгі әдістері мен тәсілдері.** Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы, этимологиялық, интерпретациялық, когнитивтік, фактологиялық-салыстырмалы, тарихи-компаративті талдау әдістері пайдаланылды. Сондай-ақ, семантикалық және мәдени-танымдық карталау тәсілдері арқылы мәтіндегі лексикалық бірліктердің мағынасы мен мәдени жүктемесі тереңірек қарастырылды. Бұған қоса, деректанулық, палеографиялық, кодикологиялық, библиографиялық, этнолингвистикалық, лексикостатистикалық сияқты әдістер ескерткіш мәтінін тарихи және мәдени контексте жан-жақты талданды. Деректерді жинақтау, жүйелеу, топтау, сұрыптау, сипаттау, тұжырымдау, семантикалық өріс бойынша жіктеу, ұғымдық тұрғыдан салыстыру сияқты дәстүрлі тілдік тәсілдер де кешенді түрде қолданылды. Зерттеу жұмысы аясында «Qazcorpus.kz», «Turkish National Corpus», «Termincom.kz», «<https://www.millisaraylar.gov.tr>», «<https://sozdikqor.kz/>», «[manisa@yek.gov.tr](mailto:manisa@yek.gov.tr)», «[bursainebey@yek.gov.tr](mailto:bursainebey@yek.gov.tr)», «[vahidpasa@yek.gov.tr](mailto:vahidpasa@yek.gov.tr)» сынды цифрлық, әлеуметтік желілер «<https://www.facebook.com>», «<https://www.instagram.com>» дерекқорлармен жүйелі жұмыс жүргізілді.

**Зерттеу барысында зерттеу жұмысының теориялық маңызы.** Зерттеу жұмысының нәтижелері тарихи лексикологияның теориялық

мәселелеріне өз деңгейінде үлес қоса алады. Зерттеудің нәтижелерін жоғары оқу орындарында филология факультетінің студенттеріне қазақ тілінің тарихи фонетикасы, тарихи лексикология салалары бойынша оқылатын дәрістерде, лексикографиялық тәжірибеде, арнайы курстарда көмекші құрал ретінде пайдалануға болады.

**Зерттеу жұмысының практикалық маңызы.** Зерттеу жұмысымыздың тұжырымдары мен нәтижелері, түркі тілдерінің салыстырмалы сөздігі, түркі тілдерінің түсіндірме сөздігі, тарихи сөздігі, этимологиялық сөздігін құрастыруда дереккөз; жоғарғы оқу орынының филология, түркология мамандығының студенттеріне «Қазақ тілінің тарихы», «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы», «Тарихи лексикология», «Текстология» пәндерін оқытуда және аталған бағыттар бойынша оқулықтар жазуда қосымша материалдар ретінде қолдануға болады.

**Зерттеу жұмысының қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдары:**

1. «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткіші – мәмлүк қыпшақ дәуіріндегі тіл мен мәдениеттің айнасы. Оның жанрлық құрылымы – практикалық бағыттағы ғибраттық-дидактикалық шығарма, ал мазмұны – өмірлік тәжірибе мен моральдық-этикалық нормаларға негізделген.

2. Палеографиялық және кодикологиялық тұрғыдан алғанда, ескерткіш ортағасырлық түркі жазба дәстүрін сақтаған. Қолжазбада жазу жүйесі, графикасы, жазу техникасы мен материалдары мәмлүк кезеңінің жазу мәдениетін сипаттайды.

3. Фонетикалық құбылыстар тарихи-компаративтік әдіспен талданып, ескерткіш тіліндегі дыбыстық жүйе мен заңдылықтардың қазіргі қазақ тілімен сабақтастығы анықталды (мысалы, т>д, ы>і ауысуы, дауысты дыбыстардың редукциясы).

4. Лексика-семантикалық сараптама нәтижесінде, сөздердің 65%-ы тұлғасы мен мағынасы сақталған; 25%-ы фонетикалық өзгеріске ұшыраған, бірақ мағынасы сақталған; 10%-ы көнерген немесе түсініксіз. Сөз таптарына жіктеу нәтижесінде, есім сөздер мен етістіктердің үлесі басым екені анықталды, бұл ескерткіштің практикалық сипатымен тығыз байланысты.

5. Кірме сөздерге жүргізілген талдаулар бойынша I топ ескерткіш тілінде сақталған, мәмлүк дәуіріндегі реалийлерді білдіретін араб сөздері, II топ: қазіргі қазақ тіліне енген арабизмдер. Жалпы кірме сөздер саны мәтіннің 30 %-ын құрайды, бұл араб мәдени ықпалының басымдығын көрсетеді. Діни лексика-негізінен ислам дінінің негізгі ұғымдары мен этикалық категорияларын қамтиды. Олар қазіргі қазақ тілінде де актив қолданылады.

6. Мәмлүк дәуіріндегі кәсіби лексика (атбегілік, ветеринария саласы) ортағасырлық ескерткіштері «Китаб фи риязати-л-хайл», «Китаб фи ғылым ән-нушшаб», «Муният ул-гузат», т.б.) қолданылған терминдердің фонетикалық және семантикалық құрылымы қазіргі қазақ тіліндегі жылқы шаруашылығына қатысты кәсіби сөздермен тығыз байланысты.

7. Жылқыға қатысты атаулар мен терминдер тарихи-мәдени сабақтастықта дамып, қазіргі қазақ тілінде де мағынасы сақталып отыр (*аууір*,

*at, qulan, hunān, quln,tay, qisraq*). Ескерткіште жылқының сыртқы пішіні, мінезі, түстері мен қолдану мақсатына қатысты атаулар кең қолданылған.

8. Жылқы туралы танымдар көне дәуірден бастап ауыз әдебиеті мен жазба ескерткіштер арқылы жалғасып, қазіргі қазақ прозасы мен поэзиясында өз жалғасын тапқан. Бұл – жылқының тек шаруашылық қана емес, мәдени-танымдық нысан ретіндегі рөлін айғақтайды.

9. Ескерткіш тіліндегі соматикалық атаулар (*baş, manglay, köz, qulaq, dudaq, til, tiş, ayiz, bogaz, alin, yüz, boy, inş, arqa, kögüs, töş, ayaq, topuq, tizi, but, tuyaqi, tirsek, quyruq, tirnaq, barmaq, bilek, qol, qoltuq, bogun, siñir, but, tamar, yürek, öt, öpke, qursaq, ten, qan, tamay, kindük, quymuč, köt, burbay, yelin, bögrek, qarin, tüg, saç (саç) шаиш.*) кең мағыналық өріске ие болып, тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдерде жиі қолданылады. Бұл олардың тілдік жүйедегі қызметін арттырады.

10. Туыстық атаулар мен тұрмыстық зат атаулары арқылы мәмлүк-қыпшақ қоғамының әлеуметтік құрылымы мен мәдени бейнесі ашылады. Мысалы мынандай сөздердің (*ata, ana, oyl, oylan, hatun, irkek, bala, qarindaş, kişi, yigit*) қазіргі қазақ тілінде де мағыналық тұтастығын сақтаған.

11. Табиғат пен жаратылысқа қатысты лексикалық бірліктер (мыс: жер, су, күн, жел) – түркі халықтарының дүниетанымын сипаттайтын тірек ұғымдар. Ескерткіште бұл атаулар метафора, эпитет түрінде көрініп, қазіргі қазақ тіліндегі поэтикалық дәстүрмен үндеседі.

#### **Жұмыстың талқылануы мен жариялануы:**

**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (бұдан әрі – БҒСҚК) ғылыми зерттеулердің негізгі нәтижелерін жариялауға ұсынған журналдардағы мақалалары:**

1. Мәмлүк қыпшақтары тілінде жазылған жазба ескерткіштер және «Байтарату’л-вазих» қолжазбасының маңызы. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы, Филология сериясы. № 4 (149) Түркістан, 2024 ж. Б.45-60.

2. «Байтарату’л-вазих» жазба ескерткішінде кездесетін соматикалық атаулардың лексика-семантикалық сипаты Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы, ғылыми журнал. №2 Астана, 2025 ж. Б.296-309

3. Ортағасырлық жазба ескерткішіндегі атбегілікке қатысты тілдік бірліктердің лингвомәдени ерекшеліктері («Байтарату’л-вазих» және Кодекс Куманикус жазба ескерткіштері негізінде) Қ.А.Ясауи атындағы университетінің Хабаршысы ғылыми журнал. №2 (134). Түркістан, 2025ж. Б.190-206.

4. «Байтарату’л-вазих» жазба ескерткіш тіліндегі жалпытүркілік лексиканың қазіргі қазақ тілімен сабақтастығы. Ш.Уәлиханов ат. Көкшетау университетінің хабаршысы. Филология сериясы №2/ 2025

5. «Қазақ есімдерінің тарихи және заманауи қолданысы: әлеуметтік-мәдени факторлар және статистикалық өзгерістер» Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы, №3/ 2025.

#### **Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда:**

1. Ортағасырлардағы атбегілікке байланысты жазылған «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткіші. «Әуезов оқулары – 23: Хакім Абайдың-180 жылдығына арналған Абай феномені және жаңа танымдық өрістер» атты халықаралық ғылыми тәжірибелік конференциясының еңбектері. Том – 1, Шымкент, 2025 ж. Б.40-45.

2. Ортағасырлық «Байтарату'л-вазих» мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткішіндегі діни сөздердің қазіргі қазақ тілінде қолданылуы. «Turkiy xalqlar adabiyotiga doir zamonaviy yondashuvlar: muammolar, omillar, yechimlar» mavzusidagi xalqaro ilmiy-amaliy konferensiya materiallari. Toshkent-2025ж., Б.26-28.

**Зерттеу жұмысының құрылымы.** Зерттеу жұмысы кіріспе, негізгі бөлім үш тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Қосымшада мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіші «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткішінің еркін аудармасы беріледі.

# **1 «БАЙТАРАТУ’Л-ВАЗИХ» ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ, ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІМЕН ФОНО-ЛЕКСИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСЫ**

## **1.1 Жазба ескерткіштің зерттелу тарихы және палеографиялық- кодикологиялық ерекшеліктері**

Әр халықтың рухани әлемі – терең тарихи тамырдан нәр алатын, ұлттың болмысын айқындайтын маңызды құндылық. Сол рухани болмыстың басты көрсеткіші – тіл. Тіл – адамзат қоғамының ажырамас бөлшегі ғана емес, ұлттың мәдени, әлеуметтік және тарихи дамуымен тығыз байланысты феномен. Оның қалыптасуы мен дамуы үздіксіз жүретін, тарихи кезеңдермен сабақтас күрделі үдеріс болып табылады. Тілдің дамуында әлеуметтік-мәдени, тарихи және лингвистикалық факторлар шешуші рөл атқарады. Бұл факторлардың ықпалымен тіл үнемі өзгеріске ұшырап, жаңа сипаттарға ие болып отырады. Соның нәтижесінде, көне түркі тілі де өз тарихында түрлі өзгерістерді басынан өткерді кейбір элементтері құбылды, алмасты, бірікті, көнерді, жаңарды. Тілдің осындай тарихи өзгерістерінің жанды куәсі – көне, ортағасырлық жазба ескерткіштер болып табылды. Мұндай өзгерістердің табиғатын терең түсіну үшін сол дәуірлерде жазылған жазба ескерткіштерді зерттеу аса маңызды. Өйткені бұл жазбалар тек тілдік құбылыстарды ғана емес, сонымен қатар сол кезеңнің мәдениеті мен дүниетанымын да бейнелейді, өткенімізден сыр шертіп, болашаққа жол ашады. Осыған байланысты түркітану ғылымында көне және ортағасырлық жазба ескерткіштер тілін әр қырынан зерттеу – тіл тарихын зерделеудің басты бағыттарының біріне айналды. Мұндай зерттеулер тіл дамуының ішкі заңдылықтарын, лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың ықпалын ғылыми негізде анықтауға мүмкіндік береді.

Түркітану ғылымында көне және ортағасырлық жазба ескерткіштерді зерттеу тіл тарихының маңызды бағыттарының бірі. Бұл бағытта отандық және шетелдік Н.Т. Сауранбаев, С.Аманжолов, А.Аманжолов, Қ.Жұбанов, Ә.Марғұлан, Ғ.Айдаров, Ә.Қайдар, Ә.Құрышжанов, М.Балақаев, І.Кеңесбаев, М.Томанов, Т.Қордабаев, М.Оразов, Р.Сыздықова, Б.Сағындықов, Б.Әбілқасымов, М.Жолдасбеков, А.Қыраубаева, А.Егеубаев, Л.Әуезова, Э.Н.Наджиб, Б.Көмеков, И. Жеменей, А.Салқынбай, А.Гаркавец, С.Құдасов, А.Ибатов, С.Боранбаев, М.Сабыр, Ж.Түймебаев, М.Ескеева, Б.Кенжебаев, Н.Келімбетов, Қ.Садықбеков, Б.Сүйеркүл, Қ.Аубакирова, Б.Жұбатова, Т.Қыдыр, Ә.Әлібекұлы, Г.Ж.Убайдуллаева, А.Мустафаева, Қ.Сәки, С.Ахинжанов, М.Абусейітова, М.Маженова, С.Дүйсенов, Т.Арынов, Е.Есбосынов, Г.И.Серкебаева, Г.Амирова және т.б. бұл мұралардың тілдік, тарихи, мәдени маңызын ашуға зор үлес қосты, сондай-ақ, В.Бартольд, В.В. Радлов, П.М. Мелиоранский, Ж.Экман, Н.Н.Поппе, М.Хоустма, А.Зайончковский, Ш.Телегди, Н.А.Баскаков, А.Инан, А.М.Щербак, А.А.Чеченов, С.Малов, А.Н. Самойлович, В.Томсен, Г.Рамстедт, Р.Топарлы

секілді лингвисттер мен тарихшы, түркологтар, әдебиетшілер әр түрлі бағытта зерттеді.

Зерттеу барысында жазба жәдігер лексикасының қазіргі қазақ тілімен сабақтастығын анықтау негізгі мақсатымыз. Бұл мақсатқа жету үшін ең алдымен ескерткіштің жазылу тарихы мен ерекшеліктерін, зерттелу деңгейін, сондай-ақ кодикологиялық және палеографиялық сипаттарын анықтап алуды жөн көрдік. Осыған байланысты тарихи-салыстырмалы, деректанулық, палеографиялық, кодикологиялық, тарихи-лексикологиялық және мазмұндық салыстыру, фактологиялық-салыстырмалы және герменевтикалық талдау әдістері қолданылды. Сонымен қатар дәстүрлі деректерді жинақтау, жүйелеу, топтау, сұрыптау, сипаттау, тұжырымдау, контекстуалдық талдау, библиографиялық зерттеу тәсілдері де назарға алынды. Зерттеу жұмысы аясында <https://www.millisaraylar.gov.tr>», «<https://sozdikqor.kz/>», «[manisa@yek.gov.tr](mailto:manisa@yek.gov.tr)», «[bursainebey@yek.gov.tr](mailto:bursainebey@yek.gov.tr)», «[vahidpasa@yek.gov.tr](mailto:vahidpasa@yek.gov.tr)» сияқты цифрлық дерекқорлармен жұмыс жүргізілді. Мәмлүк-қыпшақтар, Алтын Орда әдебиеті кезеңінде жазылған лингвистикалық еңбектер бойынша жазылған шетелдік, кеңестік және отандық ғалымдардың еңбектеріне қарай кеңінен қолданылды.

Қадым заманнан бастап адамзат баласы тіршілік ету, өмір сүру және иелік ету мақсатында күрес жүргізіп келеді. Ежелгі дәуірлерден бастап әр түрлі мәдениет өкілдері өзара ықпал ету аймағына ие болу үшін саяси, мәдени және әскери бәсекеге түсті. Бұл үдерісте халықтар арасында билікке ұмтылу, территориялық үстемдік орнату және өркениеттік басымдыққа қол жеткізу негізгі мақсаттардың бірі болды. Адамзаттың тарихи даму жолында түрлі кезеңдер орын алды: бірі атақ-даңқ үшін, бірі жер-су үшін, ал енді бірі ел мен ұлттың тұтастығы үшін күресті. Осы тарихи қозғалыстар аясында түркі халықтарының әлемдік өркениетке қосқан үлесі ерекше маңызға ие. Түркілер – өз заманының білімді, парасатты, сымбатты әрі мәдениеті дамыған өкілдері ретінде өзге халықтардан оқ бойы озық тұрды. Олар қайда барса да ана тілін, ата-баба салт-дәстүрін сақтап, ұлттық мұраларын дәріптеді. Олардың бір ерекшелігі әскери шеберлігі мен жаугершілігі еді. Осы қасиеттерінің арқасында өзге елдерге кең географиялық кеңістікке ықпал еткен халық ретінде танылды. Оған сонау сақ, ғұн, қыпшақ кезеңдерінен ірі саяси-әскери күшке айналып, көптеген мемлекеттердің тарихында маңызды рөл атқарғаны белгілі, өзге елдермен иық тіресіп ұлы империяға айналғаны да аян. Бұл пікірімізді қыпшақтанушы М.Аджидің түркілердің V ғасырлардың өзінде-ақ Европаның жарты аумағын түгел мекендеп «На Идели (Волге) встретились культуры Востока и Запада. Благодаря усилию тюрков древний мир соединился в единое пространство, которое называли Евразией» деген пікірі айғақтайды [1,75].

Түркілердің тағы бір қыры ағартушылық, мәдени және рухани жағынан белсенділігі. Өз елінде жүрсе де, өзге елде жүрсе де айналасының өрісін кеңейтіп мәденит пен ағарту ісін бірінші орынға қойғандары тарихтан аян. Түркілер басқарған аймақтарда білім мен өркениет таралып, жаңа идеялар мен құндылықтардың дамуына жол ашылды. Бұл тарихи шындықты Орхон-

Енисей, Могоилян, Мойунчур т.б. жазулары тәрізді көне тас ескерткіштер мен ортағасырлық жазба деректер (Алтын Орда тұсындағы қыпшақ, армян-қыпшақ, мәмлүк-қыпшақ) нақты дәлелдейді. Аталған жазбалар түркі халықтарының саяси құрылымын, әлеуметтік өмірін, дүниетанымын және басқару жүйесін сипаттай отырып, олардың өркениетке қосқан үлесін айғақтайды.

Түркілердің тағы бір артықшылығы атының тұяғы тиген жерге «...тілін ала барған, қолдана жүріп, қолдап отырған» [2]. Ойымызды дәлелдейтін болсақ 1) XI-XIII ғасырлар аралығында қыпшақтар Кавказдың ішкі аймақтарына дейін еніп, жергілікті армян, княздіктерімен әскери және саяси одақтар құрғаны. Қыпшақ тайпалары армян колониясында қызмет ете жүріп жоғарғы лауазымдарға ие болған, әскери қолбасшылық қызметтер де атқарған, жергілікті басқару жүйесіне де ықпал еткен. Осы кезеңде «*Армян-қыпшақ жазбалары*», «*Львов жазбалары*», «*Дана Хикар*», «*Төре бітіг*» т.б. сияқты армян-қыпшақ тілінде сақталған жазба ескерткіштер жазылды. 2) XIII ғасырда латын қаріпінде жазылған «Кодекс Куманикус» жазба ескерткіші арқылы қыпшақ тілінің Европа аймағында қаншалықты беделге ие болғандығын бағдарлауға болады. 3) Дәл осындай құрылым Үндістанда да болды. Дели сұлтандығының алғашқы билеушісі қыпшақ текті Құтб әд-Дин Айбектің құлдықтан көтеріліп, Үндістанда мұсылмандық мемлекет құрғаны бәрімізге тағы аян. 4) XIII-XIV ғасырлардағы Мысырда билік еткен мәмлүк-қыпшақ кезең болып саналады. Бұл кезеңде ғылымның әр түрлі саласына арналған, түрлі бағыттағы «*Әл-Идрак*», «*Әттухфа*», «*Әл-қауанин*», «*Тәржұман*», «*Әд-Дурра*» және «*Булғат әл-Муштак*», «*Китаб фи рийазатил-хайл*» (немесе «*Китаб ал-хайл*») және «*Китаб Байтарату'л-вазих*» (*Китаб Байтарату әл-уадих*»), «*Муният-ул-гузат*», «*Китаб фи илм ән-нушиаб*», *Замахшаридің «Мұқадима әл-әдәб*», «*Китаб фи әл-фикһ*», *Иршадул-л-мулк уә әс-саладин*» секілді жазба ескерткіштер дүниеге келді. Бұл мәліметтерден түркілердің мәдени және тілдік ықпалы тек шығыс елдерімен шектелмей, батыс әлеміне де таралғандығын байқаймыз.

Ортағасыр – адамзат тарихындағы аса маңызды әрі күрделі дәуір. Бұл кезең шамамен V ғасырдан XV ғасырға дейінгі уақытты қамтиды. Әлемдік өркениет тұрғысынан алғанда, ортағасыр – мәдениеттер мен өркениеттердің тоғысуы, діндердің қалыптасып, ықпалы артқан, ғылым мен білімнің, әдебиеттің жаңа белеске көтерілген кезеңі. Шығыс пен Батыс арасындағы өзара байланыстар, сауда жолдарының дамуы және мәдени ықпалдастық осы дәуірде ерекше қарқын алып дамыған. Осы уақыт әсіресе түркі мәдениетінің өркендеген дәуірі десек болады. Түркі халықтары әлемдік өркениеттің басында тұрып, әр түрлі салаларда, терең із қалдырды. Бұл жағдайдың айқын дәлелі ретінде ортағасырлық Солтүстік Кавказ таулары мен Қырым қырқаларынан бастап Балқаш көлінің маңайындағы иен даланы түгел иемденгені дәлел. Дешт-и Қыпшақ («Қыпшақ даласы») деген жалпы атаумен аталатын кезең жатады [3,44]. Ортағасырда қыпшақтар тек Қазақстан территориясын ғана емес, одан да басқа Ресей, Украина, Кавказ, Египет,

Сирия Армения, Үндістан және Шығыс Еуропаның далалы аймақтарын, Қытай қорғанына дейінгі аймақты мекендегені тарихтан белгілі.

Қыпшақтар – түркі халықтарының ірі этникалық бірлестіктерінің бірі. Олар туралы мәліметтер б.з.д. III ғасырлардан бастап [4] кездестіруге болады. Олардың тарих сахнасына белсенді түрде шығуы X–XIII ғасырлар, Еуразия кеңістігінде кең таралып, қыпшақ тілі халықаралық тіл дәрежесіне көтерілді. Бұл пікірімізді тағы да қыпшақтанушы М.Аджидің: «На тюркском языке говорило и говорит очень много людей-миллиарды. От снежной Якутии до Центральной Европы, от Сибири до жаркой Индии. Даже в Африке есть поселения, где звучит тюркская речь» [5,11] деуі дәлелдей түседі. Ортағасырлық қыпшақ тілі – көне түркі тілінің заңды тарихи жалғасы. Өйткені ол түркі тілдерінің батыс тармағына жатады және оның тамыры Орхон-Енесей жазбаларымен сипатталатын көне түркі тілінен бастау алады. Орхон-Енесей жазбаларындағы тілдік жүйе ортағасырда қыпшақ тілінде табиғи түрде дамып жалғастығын тапты. Ал қыпшақ тілі қазіргі қазақ тілінің заңды мұрагері екендігін тілдік тұрғыдан шетелдік және отандық түркологтар мен лингвист, тарихшылар әлдеқашан дәлеледеп кеткен. Мысалы академик Н.Т. Сауранбаев қазақ тілінің жасалуы мен қалыптасу тарихын қыпшақ тілімен тағдырлас қарайды «қазіргі қазақ тілі көне қыпшақ тілінің жаңа (сонғы) заман кезіндегі жағдайларға байланысты өсіп, өзгерген түрі. Қазақ халқының бір тұлғалы (монолитті) тілі X ғасырға дейін де көне қыпшақ тілінде сөйлеген халықтың «қазақ» болып аталу дәуіріне дейін де өмір сүріп келген» [6,130], профессор І.Кеңсебаев «ертедегі түркі тайпаларының дәстүрлі тілі қазіргі түркі тілдерінің құрылуы мен дамуына тарихи негіз болды. Әсіресе, осы тілдік негіз бен қазіргі қазақ тілі арасындағы сабақтастық айрықша байқалады. Қазақ тілі – сол дәстүрлі тілдің фонетикалық, морфологиялық және лексикалық элементтерін көп жағдайда сақтап қалған, тарихи тұрғыдан бірден-бір заңды жалғасы болып есептеледі» [7,70-71] дейді. Э.Р. Тенишев «қыпшақ ескерткіштері қазақ тілінің тарихын ерте дәуірін зерттеуде аса маңызды қайнар көз» [8,3] деп нүктесін қояды. Ал тарихшы Б.Көмеков «Қыпшақ халқының қалыптасуына ортақ әдеби тілдің пайда болуы үлкен үлес қосты. Қазақ тілінің ежелгі арнасы және қазақтың түр-түсінің қалыптасуы да дамып-жетілудің өзіндік бір жағы болып саналады. Ортағасыр қыпшақ тегінің бір арнаға құйылып, үлкен халыққа айналуы да қазақ этногенезімен тікелей байланысты еді» [9, 46] деген пікірлері қазіргі қазақ ұлтының негізін қалауда қыпшақ этносының тарихи рөлін айқындудың бағытталған маңызды тұжырымдар. Осындай пікірлер қазіргі қазақ тілінің тамыры көне түркі, ортағасырлық қыпшақ этностарынан бастау алатындығын дәлелдей түседі. Ойымызды қорыта келе, айтқымыз келгені қазақ халқы – генетикалық, тілдік, әрі тарихи деректер тұрғысынан да қыпшақтардың тікелей мұрагері екендігі. Ал мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған «Байтарату’л-вазих» жазба ескерткіші – қазақ тілінің тарихи дамуын зерттеуде ерекше маңызға ие бірегей дереккөз.

«Мысыр мен Шамда өмір сүрген мәмлүк сұлтандары жылқы түлігіне ерекше назар аударған, бұл түлікке әлемдегі ең мықты ұсталар жалдап ат



әбзелдерін жасатқан және бұл түлікке кез-келген адамға отыруға тыйым да салған» [10, 41]. Бұл мәліметтен ортағасырлық қыпшақтардың жылқы малын аса қатты құрметтеп, оның бабы мен күтіміне ерекше назар аударып, тәжірибе алмасу мақсатында тапсырыспен ветеринария саласына арналған, яғни мал дәрігерлігі туралы алғашқы «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткішін аудартқаны мәлім. Ескерткіш тіліндегі «байтар» сөзінің мағынасы араб ғалымы және ботанигі Абу Мухаммад Зияу-д-дин Абдуллах ибн Ахмад әл-Ашаб әл-Малаки атымен байланысты екенін аңғарамыз. Ибн әл-Байтар оның лақап аты еді. Араб тілінен аударғанда бұл сөз «ветеринардың ұлы» дегенді білдіреді, өйткені оның әкесі әйгілі ветеринар еді. Ибн әл-Байтарда ветеринариямен айналысып, дәрілік өсімдіктерді, олардың қасиеттерін зерттеген [11]. Ортағасырлық мәмлүк-қыпшақ кезеңінде «байтар» ілімімен қоса «*фурсия*», «*есбнаме*», «*һайлнаме*», «*ферснаме*» секілді жылқы малын емдеу, баптау, күту, азықтандыру бойынша көптеген еңбектер жазылды, осылардың ішінде ең көп жазылғаны байтарнамелер. Ортағасырда «байтарнаменің көптеген нұсқалары әр түрлі тілдерге аударылған [12]. Ислам әлемінде Аббасид кезеңінен бастау алған жылқыға байланысты еңбектер екі бағытта жазылды. Оның бірі жылқы аурулары мен оларды емдеу әдісіне байланысты жазылған шығармалар «*байтарнамелер*» болса, салт атпен жүру, ат үстінде садақ ату, қару-жарақ жөніндегі шығармалар «*fürûsiye*», «*haylnâme*», «*feresnâme*» деп аталған. Бұл төртеуі де түркі және ислам мәдениетінде жылқыға ерекше мән берілгенін көрсететін мал дәрігерлігі мен ат баптау ілімінің дамығандығын дәлелдейтін тарихи жазбалар.

«*Fürûsiye*», «*haylnâme*», «*feresnâme*» дәстүрлері «атқа міну, найза және басқа да суық қарулармен шайқасу әдістері, жаяу және атта отырып садақ ату, аңшылық, ат үстінде поло ойнау, жылқы өсіру туралы білім, қару түрлері, әскери тактика мен стратегия да кірген» [13, 60]. Бұл бағыттар бойынша жазылған еңбектерге «Силахшор-наме» және Ибн Ахи Хизамның жылқы шаруашылығы, ветеринария саласына арналған «Китаб әл-фурсия уа-л-байтара» еңбегінің атқа міну өнері туралы екінші бөлімі «Китаб ал-фурсиййа» жатады.

«Baytar» بَیْطَار 1) «ветеринар, коновал; 1) кузнец» [14, 108] «baytarlik» мал дәрігерлік мамандық, «baytarname» жануартану кітабы деген мағынаны білдіреді. Осы бағыттағы белгілі еңбектерге Сахиб Таджуддин Әбу Абдулла Мұхаммедтің «Китабу'л-байтар» атты екі томдық шығармасы, «Aristoteles'e atfedilen anonim Baytarname», «Tercüme-i Baytarname және Hâzâ Kitâbu Baytarnâme», XIII ғ. Ахмед б. әл-Хасан, әл-Әхнәп атынан аударылған «Kitabu Baytarname» «Belgradlı Kenan'ın Baytarnamesi», Ахмад ибн әл-Анафтың араб тілінде жазылған «Kitab al-Bayṭara» секілді еңбектерін жатқызамыз. Бұл еңбектер дәстүрлі ветеринария ғылымының тарихи дамуын сондай-ақ атпен байланысты қоғамдық-мәдени салттарды зерттеуде бағалы дереккөздер болып табылады.

Ертеректе ветеринария саласы адам медицинасымен қатар дамыған. Алғашқы да халықтық сипат алған медицина кейінірек ғылыми медициналық

сипат алғаны мәлім. Халықтық медицинамен *бақташылар, бақсылар, абыздар, ұсталар, бүгілер, қам қатындар* айналысқаны белгілі. Қоғамның бұл өкілдері адаммен қоса жануарларды да қатар емдеген. Тарихи мәліметтерден белгілі жылқы түлігі алғаш рет біздің жыл санауымызға дейінгі IV жылдықтың аяғына қарай Еуразия жерінде қолға үйретілген [15] деген мәліметті ескерсек ветеринария саласының қалыптасуы мен дамуы жануарлардың қолға үйретілуімен байланысты екені анық. Демек, түркілерде медицина саласының ветеринария бөлімінің ертеректе б.з.д. I-III ғасырларда-ақ дамығандығын топшылауға болады. Оның үстіне грек ғалымы Страбонның берген мәліметтерінде скифтер мен сарматтар жылқы малын піштіргені, жылқы малында болатын тері ауруларын емдеу тәсілдері болғандығы жөнінде мәліметтер береді [16]. Оған көне Алматыдағы Қопа бекетіндегі, Арпа өзені бойындағы, Ақсу ауданындағы Баянжүрек тауындағы, Шығыс Қазақстандағы Ақбауыр үңгіріндегі, Қапшағай, Қаратау, Қойбағар жерлеріндегі таңбалы тастардағы адам мен жылқы малының, сарбаздар мен жануарлардың, суреттері [17], атты мүрделер [18] дәлел бола алады. Пікірімізді ғылыми негізде дәлелдейтін болсақ бұл сала туралы деректер тіпті көнеден бастау алатынына көзіміз жетеді. Жалпы, ветеринария ғылымының қалыптасуы дамуы бойынша әр түрлі мәліметтер бар. Мысалы, 1) б.э.д. өмір сүрген грек ғалымы Гиппократтың да бұл салаға елеулі үлес қосқан. Ол жануарлардағы жаралардың түрлеріне қатысты ем-домдар туралы мәлімет қалдырады [19, 213]. Ал дәрігер Аписирт жануарлардың әр түрлі ауруларын, жылқының піштіру, қан жіберу т.б. аурулары туралы алғашқы болып мәлімет беруші. 2) Рим дәрігері Цельс, Гален жылқыдағы қабыну ауруының белгілері, буын ауруларына қатысты мәліметтер берсе, дәрігер Колумелла жылқы малында болатын ауру түрлеріне қатысты еңбек жазып алғаш рет «*veterinaries*» терминін қолданады. Римдегі Коллумелладан кейінгі ветеринария саласы бойынша еңбек жазған ғалым Вегетий. Ол жануарлар ауруларына қатысты «*Artis veterinaries sive mulomedicina libri quattuor*» арнайы еңбек те жазған. 3) «...Ежелгі Шығыстың манускриптеріне сүйенсек біздің дәуірімізге дейін 6 мың жыл бұрын Қытайда және 3 мың жыл бұрын Мысырда абыздар мен бақсылар адамдар мен жауарларды әр түрлі әдістерді (шөп, май, бальзам, уқалауды, жылуды, суықты) қолдану арқылы емдеді. Қытайда бұдан басқа чжень-цзю-терапия (инемен емдеу және күйдіру) әдісі кеңінен қолданылды [20, 4]. Бұл деректерге сүйенсек Қытай мен Мысыр да алғашқылар қатарына жатқызылады. Осындай ғалымдар қатарына араб ғалымы Абубекрдің жылқы малында болатын 200 астам ауру түрлерін анықтаған трактаты, түркі ғалымы Ибн Синаның «Емдік өнерінің қағидалары», Дж. Руфоның «*De medicina equorum*», А. Везалий, В. Гарвей, К. Руйни еңбектері ветеринария саласына арналған құнды еңбектер болып табылады. Атақты ғалым Дилгимен ветеринария мен медицина «діни-философиялық, наным-сенімдердің» әсерінен бөлінді деген тұжырым айтады [21,6]. Логикалық тұрғыдан ойлансақ ол да мүмкін.

Кім не десе де, қалай емдесе де жалпы ветеринария саласының алғашқыда адам медицинасымен бірге дамығаны белгілі. Бұл кәсіп

түркілерден бастау алады. Оған дәлел жылқы түлігінің алғашқы қаңқасының Орта Азиядан табылуы дәлел. Жабайы жылқыны қолға үйреткен түркілер, оны емдеп, күтіп, баптамауы мүмкін де емес.

Мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған трактат «Байтарату'л-вазих» ортағасырлық медицина мен зоологияның тоғысқан тұсын бейнелейтін құнды туынды. Себебі ол – қазіргі заманға дейін жеткен түркі тіліндегі сирек кездесетін ветеринариялық мәтін. Аталған трактаттың араб жазуымен қыпшақ тілінде жазылуы – ислам мәдениеті мен түркілік дүниетанымының синтезін көрсететін айқын дәлел ғана емес, сонымен қатар ортағасырдағы жазба мәдениеттің даму деңгейін де сипаттайды. Еңбектегі ветеринария саласына қатысты бай терминологиялық қордың болуы түркі тілінің кәсіби-ғылыми стильдің қалыптасуы мен дамуын дәлелдейді. Ескерткіш тілінде қыпшақ әдеби тіліне тән лексикалық, фонетикалық және морфологиялық ерекшеліктер сақталынған. Осы тұрғыдан алғанда, «Байтарату'л-вазих» қыпшақ тілінің тарихи дамуын айғақтайтын маңызды дереккөз. Сонымен қатар бұл трактат – түркі дүниесіндегі медицина мен мал шаруашылығына қатысты дәстүрлі білімнің ортағасырлық үлгісі ретінде де ерекше құнды.

XIII-XIV ғасырларда билік еткен мәмлүк сұлтандарының басым бөлігі қыпшақ текті болған. Осы кезеңдегі тарихи жағдайға келетін болсақ алдымен қыпшақтардың мұсылман иеліктерінде пайда болуына баса назар аударайық. Қыпшақтарға (түркілерге) назар аудару араб халифаты заманынан бастау алады екен. Мысырдағы түркі мемлекеті пайда болмай тұрып-ақ бұл аймақтарда мәмлүктер кеңінен белгілі болған деген деректер бар. Қыпшақтанушы Қ.Сәки VII ғасырда араб қолбасшысы Қутайба ибн Муслимнің Түркістанның Оңтүстігіндегі жерлерді, арабша Мауренахырды-Джейхун және Сейхун өзендерінің қауызындағы жерлерді жаулап алған заманда түркі құлдары мұсылман билеушілерінің сарайларында бой көрсете бастағандығын айтады [10]. Расында, Қ.Сәкидің пікіріне сүйенсек, түркілердің, оның ішінде қыпшақтардың араб-мұсылман әлемімен байланысы VII ғасырдағы Қутайба ибн Муслимнің жорықтарынан бастау алады. Бұл кезең – бірінші араб халифатының түркі даласына алғашқы ену кезеңі. Осы уақыттан бастап түркілер ислам өркениетімен саяси, мәдени және діни тұрғыда байланыс орната бастайды. Кейінен Мысырда өз жалғасытығын тауып мәмлүктердің билік басына келуімен аяқталады. Мәмлүк – 1. Құл 2. Иелігіндегі, қол астындағы 3. Мысыр сұлтандарының түркілік құлдардан құрылған әскері [22, 353] деген мағынаны береді. Алайда алғашқыда құл мағынасында қалыптасқан бұл термин бертін келе әскери мақсаттарға пайдаланылатын еріксіздерге қатысты қолданылатын терминге, кейінен ресми билік басындағы қыпшаққа берілетін титулға айналған. Ал мәмлүктер шын мәнінде бойына құлдық сана сіңбеген жастайынан құл базарына сатылған жас оғландар. Бұл жас оғландарды арабтар мен мысырлықтар арнайы сұраныспен сатып алып отырды. Өйткені олар тым сымбатты, қайсар, айтқанынан қайтпайтын өр мінезді жастар еді. Бір қызығы халифалықтар мен мысырлықтар оларды қара жұмысқа салу үшін емес, көмекші ретінде пайдаланатын. Себебі бұл оғландар антқа берік, ақ жүректі,

ерлік пен елдік қасиетті жастайынан бойына дарытқан, атқа отыруды, садақ тартуды, найза сілтеуді шебер меңгерген, темірдей тәртіпке бағынып, соғыс өнерін өмірінің өзегіне айналдырған, қайсар рухымен өз ортасының мәртебесін танытып тұратын жауынгер ұрпақ еді. Ойымызды дәлелі ретінде қыпшақтанушы М.Сабырдың қыпшақтардың әскери өнері тек Еуразия кеңістігінде ғана емес, әлемге аты шыққаны жөнінде айта келіп, қыпшақтардың соғыс өнері көшпелі дәстүрден туындап, өмір сүру дағдысымен үйлесімді болғанын айтады. «Қыпшақтарда әрбір еркек жауынгер болды, қажет болса бойжеткен қыздар мен әйелдер де ат үстінде табылатын» [23, 34]. Қыпшақтардың осындай қасиеті оғландардың да бойына сіңген қасиет еді. Сондықтанда сатып алынған оғландарды иесі арнайы мектептерде оқытып, білім беріп, тіпті әскери істерге баулып, қастарында мақтаныш үшін көмекші ретінде ертіп жүретін. Бұл жөнінде қыпшақтанушы араб тарихшылары Ибн Уасил, (1207-1297), Ибн Шаддад (1217-1285), Ибн Абдузахир (1223-1292), Әль Айни (1361-1451) т.б. ғалымдардың еңбектерін атауға болады [10,8]. Көптеген тарихшылар араб халифасының түркі жауынгерлеріне арқа сүйеуіне сол уақыттағы үкімет пен әскер басшылығындағы арабтар мен парсылардың арасындағы бәсеке болғанын айтады. Нәтижесінде халифалардың мемлекетті басқару ісіне мәмлүктер араласып кейіннен билік басына отыруында. Әрине өзге елде жүріп, құлдық дәрежеден басқарушылық дәрежесіне дейін көтерілу «Үндістан мен Жерорта теңізі қауызындағы елдер арасындағы орасан зор кеңістіктегі мемлекеттердің тарихында ерекше орын алып, жалпы тарих дамуына өз үлесін қосқан түркілердің олардың ішінде қыпшақтардың Мысыр (Египет) және Шам (Сирия, Ливан, Иордания, Палестина) жерінде билік басына келу жолдары жеңіл болған жоқ [10, 5]. Өзге елді қайдам, бірақ бұл тек түркілердің оның ішінде қазақтардың тарихында ғана болған жағдай екені шындық.

Зерттеу жұмысымыздың негізгі объектісі «атбегілік, ветеринария саласына арналған жазба ескерткіш тілін зерттеу болғандықтан тарихи мәселелерге тек шолу жасап өтуді жөн көрдік. Ортағасырлық мәмлүк-қыпшақ кезеңінде әр түрлі салаларға қатысты еңбектер жазылғандығын жоғарыда айтып өтіп, біздің зерттеу объектімізге айналған еңбек «байратнаме» болғандықтан да, осы «байтарнаме» мен «фурсия» дәстүрлеріне қатысты ортағасырда мәмлүк-қыпшақ тілінде *«Китаб фи рийазати-л-хайл» және «Муният-ул-гузат»*, *«Китаб фи илм ән-нушиаб»* секілді ескерткіштері *«Байтарату'л-вазих»* еңбегімен мазмұндас дүниелер екендігін айта кеткіміз келеді. Осы еңбектердің мазмұнына қарап, оларда бейнеленген әскери мәдениеттің қалыптасуына түркі халықтарының, әсіресе мәмлүк-қыпшақ жауынгерлерінің зор ықпал еткенін байқаймыз. Сонымен қатар бұл еңбектер тек тәжірибелік емес, теориялық тұрғыда да маңызды мәліметтер береді. Бертін келе осы төрт түлікке қатысты зерттеулер түрік ғалымы А. Шынардың (24), Ш.Эльчиннің (25), А.Хусейннің (26), М.Туранның (27), өзбек ғалымдары Н. Махмудов (28), татар ғалымы Р.Г.Ахметжанның (29), қазақ ғалымдары Б. Қайратұлы (30), А. Тоқтарбай (31), Ж.Дәдебаев (32), Ж.Аупбаев (33), Қ.Айдаубайұлы (34), Қ.Сәки (35),

Bowling A.T., Ruvinsky (36) секілді ғалымдар еңбектерінде жалғастығын тапты. Ал жылқы туралы фразеологиялық және паремиологиялық тіркестер көне дәуірлерден бастау алып (*Күлтегін, Тоныкөк, Білге қаған*), ортағасырлық жазба мұраларда (*Диуани лұғат әт-түрік*), халқымыздың ауыз әдебиеті үлгілері мифтерде (*ақ боз ат, теңіз жылқысы, желмая, қазан ат, тайсойған*) эпостарда (*Шора батыр, ер Тарғын, Қобыланды, Алпамыс, Көроғлы, Манас*) тарихи жырларда (*Қабанбай батыр, Орақ-Мамай, Ер Сайын*), жыраулар шығармаларында (*Бұхар жырау, Ақтамберді, Қазтуған, Махамбет*) кейінірек прозада (*Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Мағауин, Сайын Мұратбеков, Әбіш Кекілбаев, Асқар Сүлейменов, Тәкен Әлімқұлов*), поэзияда (*Абай Құнанбаев, Ілияс Жансүгіров, Мұқағали Мақатаев, Қадыр Мырза Әли, Есенғали Раушанов, Светқали Нұржан*) көрініс тапты – бұл төрт түліктің адам өміріндегі мәдени-әлеуметтік рөлінің тереңдігі мен көпқырлылығын айғақтайды.

Көне ғасырлардан түркілер соғыс өнерін жетік меңгерді. Елді жаудан қорғау, соғыс өнері олардың мәдениетінің, болмысының және өмір сүру салтының ажырамас бір бөлігіне айналған. Сол үшін де қару-жарақпен жұмыс істеу, атты әскер тактикасы, әскери тәртіп пен жауынгерлік рух түркі халықтарының қанына сіңісті қасиет ретінде қалыптасқан. Бұл үрдіс түркілердің байырғы жауынгерлік қоғам болғанын көрсетіп қана қоймай, олардың саяси билікке ұмтылуы мен кең байтақ даланы игеруіндегі басты күш екенін дәлелдейді. Мысалы Орхон-Енесей жазбаларындағы Білге қаған, Күлтегін, Төнікөк ескерткіштері түркілердің жауынгерлік рухы мен әскери өмірі айқын бейнеленген. Бұл жазбаларда түркілердің «*күндіз отырмай, түнде ұйықтамай*» [37,8] жауға қарсы соғысқаны, атты әскердің шапшаңдығы мен тәртіпке бағынуы, ел үшін жанын пидә етуге дайын тұрған сарбаздардың бейнесі көрініс табады. Қару-жарақ атаулары, соғыстағы тактикалық жүрістер мен әскери даналық осы мәтіндерде жиі кездесіп ортағасырлық жазба ескерткіштерде сипатталып, егемендігімізді алғанға дейінгі қазақ хандығы тұсында да жалғастығын тапты.

XIII-XIV ғасырларда мәмлүк-қыпшақ билігі тұсында жазылған әскери трактаттар түркілердің соғыс өнерін кәсіби деңгейде меңгергенін айғақтайтын нақты тарихи құжаттар. Солардың ішінде, «*Муният-ул-ғузат*» атты әскердің қылыштасу, найзаласу, садақ ату секілді шеберліктері мен әскери ойын түрлерін сипаттайтын еңбек. Мұнда жауынгерлік машықтарды жетілдіру әдістері, әскери тәртіп, жаттығу формалары баяндалған [38]. Ал «*Китаб фи рийазати әл-хайл*» атты әскер дайындау, жылқы баптау және әскери мақсатта пайдалану жөніндегі алғашқы кәсіби еңбектердің бірі. Бұл еңбекте түркілердің атбегілік пен соғысқа ат дайындау ісінде де шебер болғандығы айқын көрінеді. «*Китаб фи илм ән-нушшаб*» – садақ ату өнері мен жамбы ату тәсілдерін жүйелі сипаттайтын еңбек. Бұл еңбек жауынгердің тек физикалық қана емес, психологиялық және тактикалық дайындықтан да өткені туралы дерек береді [39,18]. Түркілердің соғысқа бейімділігі олардың көшпелі тұрмысымен, еркіндік сүйгіш табиғатымен және ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан әскери дәстүрлермен тығыз байланысты. Атқа міну, садақ ату,

найзаны меңгеру – бала жастан басталатын өмір мектебі болды. Сондықтан да соғыс өнері түркі баласы үшін мамандық емес, өмір сүру тәсіліне айналды.

Жазба ескерткіштерден көрініс тапқан түркілердің жауынгерлік болмысы – олардың тек тарихтағы орнын емес, мәдени кодының негізін де ашады. Қару-жарақпен, соғыс тәсілдерімен, тәртіппен біте қайнасқан бұл өмір салты кейінгі ғасырларда Мәмлүк мемлекеті сияқты қуатты империяларды басқаруға мүмкіндік берді. Түркі жауынгері жай ғана соғысушы емес, тактик, стратег, тәртіп иесі, әрі еркін даланың заңды билеушісі болатын.

Түркі халықтарының көшпелі тұрмыс салты мен әскери дәстүрі олардың дүниетанымы мен құндылықтарын қалыптастыруда үлкен рөл атқарған. Кең байтақ далада еркін көшіп-қону, табиғатпен етене өмір сүру, үнемі қозғалыста болу – бұл өмір салтының басты ерекшелігі болатын. Осындай тіршілік түрі атты әскердің ерекше дамуына жол ашты. Көне заманнан бері түркі жауынгерінің ең сенімді серігі – жүйрік аты мен өткір қаруы саналды. Атқа міну, оны баптау, жауынгерлікке үйрету, қару ұстау мен пайдалану – әрбір түркі оғланының бала кезінен бойына сіңіретін өмірлік дағдысы болды. Түркі қоғамында бұл екі нысан – ат пен қару – тек көлік пен қару ғана емес, ер азаматтың мәртебесі мен болмысының айғағы еді. Дәстүр бойынша, бала үш-төрт жасқа толғанда алғаш рет атқа мінгізілген. Бұл рәсім бір жағынан баланы ерте бастан атқа үйрету болса, екінші жағынан оның ер жеткенін, енді азаматтық жолға қадам басқанын көрсететін символдық мағынаға ие. Осы арқылы баланың бойына ерлік, батырлық, жауапкершілік сынды ер азаматқа тән қасиеттер сіңіріле бастаған [45]. Осылайша, көшпенді тіршілікке сай қалыптасқан бұл өмір салты қазақ халқының дүниетанымында «жеті қазына» ұғымының туындауына негіз болды. Қазақ жұрты «жеті қазынаны» ер жігіттің өмірімен тығыз байланыстырған. Өйткені кең далада өмір сүру үшін ер азаматтың жанында әрқашан сенімді серіктері мен құралдары болуы тиіс еді. Сол себепті *жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазы, берен мылтық, қандыауыз қақпан, майланғыш ау, өткір кездік* – жеті қазына қатарында саналып, ер жігіттің тіршілік етуі мен өзін қорғауының кепіліне айналған [45]. Бұл қазыналар – тек күнкөрістің немесе қорғанудың құралы ғана емес, сонымен қатар ер жігіттің мәртебесі мен рухани болмысының айнасы. Сондықтан да түркілер мен қазақ халқы ұрпағын бала күнінен бастап осы дәстүрмен тәрбиелеп, жеті қазынаны қасиет тұтып келген. Жақсы ат – жауынгердің мәртебесі, ерлік пен намыстың нышаны болған. Ат мінген жауынгерге қарай халық оның қай рудан шыққанын, жауынгерлік шеберлігін, байлығын, мәртебесін бағамдай алған. Түркілердің соғыс өнеріндегі басты артықшылығы – ат пен адамның тұтас үйлесімінде болды. Сол себепті де түркілердің әскери мәдениетін атсыз елестету мүмкін емес. Түркі жауынгерінің жеңісі оның ат үстіндегі шеберлігі мен жануармен біртұтас қимылдай білуінің нәтижесінде еді. Түркілер ат пен қаруды еркін қолданумен қатар оның бабына да ерекше мән берген, арнайы зерттеген. Осындай еңбектердің қатарына мәмлүк-қыпшақ кезеңінде аударылған-ортағасырлық ветеринариялық «Байтарату’л-вазих» еңбегі десек болады.

«Китаб Байтарату'л-вазих» (арабша: كِتَابُ بَيِّطَرَةُ الْوَاضِح – «Жылқы емдеу туралы кітап» ескі қыпшақ тілінде жазылған ортағасырлық құнды жазба ескерткіш. Бұл еңбек жоғарыда көрсетілген байтара дәстүрі бойынша жазылған арабша «Байтара» ветеринарлық кітабының Махдум Толу-бектің сұрауы бойынша жасалған аудармасы. Бұл аударма түркі ислам медицинасы ішінде өте маңызды орын алады. Жазба еңбекте жылқы малы бойындағы аурулар мен түрлі қасиеттерін, сыр-сипатын түстеудің ережелері белгіленеді, кейбір ауруларды емдеуге практикалық кеңестер беріледі, дәрі-дәрмектер мен аудармашының тәжірибесі көрсетіледі. Жалпы шығарма он тараудан тұрады. I тарау кіріспе; II тарау шабандоздардың міндеттері; III тарау жылқыны таңдағанда қандай сәттерге назар аудару керек; IV тарауда жылқылардың негізгі сипаттамалары; V тарау қалаулы және қалаусыз физикалық сипаттамалар; VI тарау жылқының физикалық сипаттамаларына сүйене отырып, оның мінез-құлқы мен қабілеттерін қалай анықтау керек; VII тарау айғыр мен биенің физикалық ерекшеліктері; VIII тарауда биелер туралы, әсіресе құлындары бар биелер туралы; IX тарауда жылқының денсаулығы мен ақаулары; X тарау жылқы малы ауыратын ауру түрлері және оларды емдеуге арналған әдістер мен тәсілдер. Шығарманың араб тілінен аударма болуы да араб және түркі медициналық терминдерін салыстыруға мүмкіндік береді.

Бұл еңбектің екі нұсқасы бар, біріншісі нұсқа қыпшақ-оғыз тілінде Ыстамбұлдағы Топқапы сарайының мұражайы кітапханасының, Реван Көшкү бөлімінде 1695 нөмірімен тіркелген 69 парақтан тұрады. Бұл нұсқаны Й.Экман 67 парақ деп көрсетеді. Өйткені 27 және 28 парақтардың нөмірлері парақтарды бөлу үшін екі рет қайталанған. Авторы белгісіз. Осы жазба ескерткіштің тіліндегі медициналық терминдерді зерттеген А.Бодрогилетти еңбектің авторы араб тілін жетік меңгерген және ветеринария ғылымын меңгерген маман болуы мүмкін дейді: «The author was a learned veterinarian (ustā) who himself, practiced veterinary medicine. This is apparent from his comments on a formula (No 46) recommended as a cure for general weakness in a horse ('azal). 'He remarks: «This is a formula ('ilāc) I have seen in books, but I have not used it and have had no experience with it (isti'māl, qīlmaḍīm taqī tacriba qīlmaḍīm)» 25, [41,115-125]. Өйткені жылқы малындағы әлсіздік ауру «'azal» емдеу тәсілдерін ұсынады. Сонымен қатар А.Бодрогилетти бұл еңбекті аударушы автор тіпті қай еңбектен аударып жатқандығы жөнінде де мәлімет бермейді бірақ, «on the treatment of the ailments that afflict men and applied several of his formulas in the treatment of horses. In one place he recommends a formula (No 16) for treating the chapped skin of a horse's leg ('aran). In another, he comments on a formula (No 246) for reducing swellings, saying: «This formula (davā) is one of the formulas of Abū Yūsuf. It has been proved effective (mucarrab) for swellings» (69v:9)» [41,115-125]. Ортағасырлық дәрігер Әбу Юсуф әл-Киндидің еңбектерімен таныс болғанын оның адамдардың аяғындағы ісік ауруын емдеуге қолданған (мукарраб) тәсілін жылқы малының аяғындағы ісікке де қолданғанын айтады. Өз заманының атақты дәрігері, математигі, астролог, философ Әбу Юсуф әл-Кинди өз

практикасында адамдарға қолданған емдік шараларды жануарларға да қолданған деген мәлімет те бар [42,86]. Шындығында қолжазба мәтінін оқып отырсаңыз автор, еңбектің тапсырыспен аударылып жатқандығы жөнінде ғана мәлімет беріп оны «Байтарату’л-вазих» деп атағандығын ғана айтады. Автор қолжазбада өзі туралы ешқандай да дерек қалдырмаған бірақ бірінші жақтан сөйлеп, дәрілік медикаменттер мен қоспалар, емге қатысты ұсыныстар мен емдеу тәсілдерінің практикалық маңызын сипаттаған тұстарынан оның медицина саласын меңгерген мықты маман екендігін, ал жазба ескерткіштің тілінің көркемдігінен түркі тілі мен араб тілін меңгерген полиглот екенін аңғару қиын емес. Өйткені ескерткіш тілінен әр сөздің қыпшақша және арабша варианттарын береді. Екі тілді қатар қолданғанымен басымдық қыпшақ тіліне тән. Сондағы ескерткіш тіліндегі қыпшақ сөздерінің арабша баламаларын еркін қолданғандығынан автордың араб нәсілінен, ал қыпшақ тілінің басымдық беруінен өз заманының озық ойлы, білімді тұлғасы болғанын аңғару қиын емес.

Кодикология – қолжазба ескерткіштің материалдық құрылымын (қағаз, сия, кітап тізімі, бет нөмірлері, сыртқы мұқабасы т.б.) зерттейді [ 43 ]. Жазба ескерткіштердің кодикологиясын зерттеу арқылы жазылу кезеңін, қолданылған материалын, безендірілуін, тарихи-күйін қолжазбаның таралымын, сақталу жағдайын анықтаймыз. Сонымен қатар авторлық нұсқалар мен көшірмелердің айырмасын салыстыру мүмкіндігіне ие боламыз. Бұл деректер арқылы жазба мәдениеттің таралу географиясын, білім орталықтарының рөлін анықтауға болады.

Палеография – жазудың түрі, жазу құралдары, әріп формалары, жазу мәнері арқылы ескерткіштің жасалу уақытын, орнын, авторын анықтайтын ғылым саласы [43]. Мәмлүк-қыпшақ мәтіндерінің палеографиялық маңызына келсек қолжазбалардың жазу үлгісін зерттеу арқылы қыпшақ тілінің графикалық жүйесін (араб графикасын қолдану ерекшеліктерін) зерделеуге болады. Сонымен қатар қыпшақ тілінің жазу эволюциясын, яғни араб графикасын негізінде түркі тіліне бейімдеу жолдарын ашады. Жазбада кездесетін орфографиялық, каллиграфиялық ерекшеліктерді зерттеу арқылы белгілі бір өңірдің немесе кезеңнің жазу дәстүрін сипаттауға болады.

Жазба ескерткіштің бір нұсқасы Ыстамбұлдағы «Топқапы» сарайында сақтаулы. Аталған сарай – Осман империясы дәуіріндегі маңызды тарихи-мұралық кешендердің бірі болып табылады. Ол тек сәулет өнерінің ғана емес, сонымен қатар қолжазбалар мен көне кітаптарды сақтаудың ірі орталығы ретінде де танымал. Бұл жерде әртүрлі кезеңдерге тиесілі, соның ішінде мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған бірқатар жазба мұралар да сақталған. Аталған ескерткіштің нұсқаларын көру үшін «Топқапы» сарайының [44] сайты арқылы және [45], [46] сайттың электронды базасы арқылы көруге болады.

Екінші нұсқа Париждің ұлттық кітапханасының Түркі бөлімінде (Paris Bibliotheque Nationale Supilement Turc) 179 нөмірмен тіркелген нұсқа. Й.Экман бұл көшірме жайында «Мәмлүк қыпшақшасының оғызшалануы туралы» деген мақала жазып, ескерткіштен шағын үзінді келтіріп, оны



Ыстамбулдағы көшірмемен салыстырады. Бұл көшірменің тілі Анадолы түріктері тіліне жақынырақ, яғни оғыз-қыпшақ тілінде жазылған деген пікірлер де жоқ емес

Жазба ескерткішті ғылыми әлемге Саадет Чағатай таныстырды. Ол Мюнхеді өткен шығыстанушылардың жиырма төртінші конгресінде «Eine osttürkische Handschrift: Baytarat al-vaših» атты баяндамасында ұсынды [47]. Осы баяндамада Саадет Чағатай шығарманың тілі туралы қысқаша мәлімет берген.

Й.Экманн да «Мәмлүк қыпшақшасының оғызшалануы туралы» мақаласында Ыстамбұл және Париж көшірмелерінің алғашқы беттеріндегі мәтіндерге тілдік тұрғыдан салыстырма жасап, Ыстамбұл көшірмесі көне, Париж көшірмесі Анадолы түрік тіліне өте жақын тілде жазылған деген қорытынды жасаған. Й.Экманн «Мәмлүк қыпшақ әдебиеті» атты мақаласында шығармамен қысқаша таныстырады. Мехмет Емин Ағар 1986 жылы магистрлік диссертациясында ескерткіштің Ыстамбұл нұсқасының мәтінін транскрипциялап, индекс сөздігін жасады [47].

А.Бодроглигети «Ветеринария бойынша XIV ғасырға тиесілі мәмлүк-қыпшақ ескерткіші «The Medical Terminology in the Kitāb baytarat al-vāzih, a Fourteenth Century Mamluk-Kipchak Treatise on Veterinary Medicine» атты мақаласында еңбектегі мал аурулары және дәрілік заттардың атауларына талдау жасайды. Ол араб текті, түркілік, парсы тілдеріне тән медициналық атауларды ажыратады.

Жан Өзгүр ескерткіш материалдары негізінде 1994 жылы «Байтарату'л-вазихтың қыпшақша және түрікше жазбалары бойынша қыпшақ тілінің түрік тіліне айналуы (оғыздануы)» атты докторлық диссертация қорғаған [48, 15]. Жан Өзгүрдің мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштері жайлы бірнеше мақалалары бар.

М.Е. Ажар 1986 жылы еңбектің индексі мен транслитерациясын жасап, тілдік ерекшеліктерін зерттеп, түрікше аудармасын жасады [49].

Зерттей келе мәмлүк-қыпшақтары тілінде жазылған жазба ескерткіш «Байтарату'л-вазих» қолжазбасы, тарихи, лингвистикалық және ғылыми тұрғыдан үлкен маңызға ие шығарма. Бұл қолжазбаны зерттеу арқылы мәмлүк дәуіріндегі қыпшақтардың мәдениеті мен тілінің даму деңгейін түсінуге, сондай-ақ сол кездегі ветеринария ғылымының дамуын анықтауға мүмкіндік алдық. «Байтарату'л-вазих» қолжазбасын зерттеу нәтижесінде келесі ғылыми тұжырымдар жасалынды. Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы әдіс қолданылып, жазба ескерткіштің мәтіні, тілі, жазу стилі, тарихи деректері басқа ескерткіштермен салыстырылды. Бұл әдіс арқылы ескерткіштің мазмұны, графикасы, құрылымы, тарихи кезеңі, жазылу мақсаты мен түпнұсқалығы айқындалды. Деректанулық талдау, сыртқы талдау (экстернальды) арқылы жазба материалы, жазу стилі (палеография), кітап құрылымы (кодикология) зерттелді. Ішкі талдау (интернальды) ескерткіш мазмұны мен баяндау стилінің тарихи шынайылығын анықтауға мүмкіндік берді. Тілдік және лексикалық зерттеу, тарихи-лексикологиялық әдіс арқылы мәтіндегі сөздер мен терминдердің мәмлүк-қыпшақ кезеңіне тән

екені дәлелденді. Ескерткіш тілі басқа мәмлүк жазбаларымен салыстырылып, нақты тарихи деректердің дәлдігі тексерілді. Тарихи-генетикалық және фактологиялық талдау, қолжазбаның әртүрлі нұсқалары мен көшірмелері салыстырылып, алғашқы мәтінге (архетипке) барынша жақын нұсқасы анықталды. Күмәнді деректер нақты тарихи фактілермен салыстырылып, шынайылығы тексерілді. Герменевтикалық тәсіл арқылы қолжазба авторының әлеуметтік тегі, мүддесі, мәтіндегі субъективтілік пен идеологиялық бағыт анықталды.

Зерттеу нәтижелері мәмлүк дәуіріндегі қыпшақ тілінің тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ғылыми және мәдени ақпарат тасымалдаушы ретінде жоғары деңгейде қолданылғанын көрсетеді. Сол кезеңде жазылған «Байтарату’л-вазих» қолжазбасы-ветеринария саласындағы алғашқы қыпшақ тіліндегі ғылыми трактаттардың бірі ретінде ерекше маңызға ие. Қолжазбада қолданылған кәсіби терминология мен ғылыми ұғымдар мәмлүк қыпшақтарының дүниетанымы, шаруашылық жүйесі, әскери өмірі мен тұрмыс-салтын бейнелейді. Жазбада қамтылған мәліметтер – жылқы шаруашылығы, емдеу әдістері, мал күтімі мен ат спортына қатысты тың деректерді ұсына отырып, ортағасырлық дала өркениетінің интеллектуалдық мұрасын айғақтайды. Сонымен қатар, мәтіндегі тілдік ерекшеліктер қазіргі қазақ тілімен тарихи сабақтастықты көрсетеді. Бұл ескерткішті зерттеу арқылы қазақ тілі мен мәдениетінің терең тамырларын, сондай-ақ түркі өркениетінің дәстүрлі білім жүйесін жан-жақты тануға болады. «Ортағасыр түркілері мен қазіргі қазақ халқының таным ортақтығы мен дәстүр жалғастығын аңғаруға болады» [50].

Бүгінде толыққанды зерттелмеген бұл мұра – отандық ғылым үшін тың бағыттағы ізденістерге жол ашатын маңызды дереккөз. «Байтарату’л-вазих» тәрізді жазба ескерткіштерді зерттеу – тек тілтанымдық тұрғыда ғана емес, сонымен бірге мәдениеттану, тарих және медицина салалары үшін де зор ғылыми маңызға ие.

## **1.2 «Байтарату’л-вазих» қолжазбасындағы фонетикалық құбылыстардың тарихи-компаративтік сипаты**

Ескерткіштің құрылымы, жазылу тарихы, авторы, сондай-ақ палеографиялық және кодикологиялық ерекшеліктері диссертацияның алғашқы тарауында қарастырылғандықтан, бұл бөлімде басты назар ескерткіш тілінің фонетикалық жүйесіне арналады. Жазба ескерткіштің жазылу уақыты XIII ғасыр болғандықтан ескерткіш тіліндегі фонетикалық құбылыстарды тарихи фонетика тұрғысынан қарастырған абзал. «Тарихи фонетика – тілдің дыбыстық жүйесінің тарихи даму жолдарын, яғни дыбыстардың өзгеруін, ауысуын, жойылуын немесе пайда болуын зерттейтін тіл білімінің саласы. Ол тілді синхронды (бір дәуірдегі күйінде) емес, диахронды түрде, яғни уақыт аясында қарастырады» [51, 45] Профессор Ш.Ш.Жалмаханов «Қазақ тілінің тарихын зерделеу үшін көне, ортағасырлардағы түркі жазба ескерткіштері мен фонетикалық-

фонологиялық, лексикалық семантикалық және грамматикалық аспектілерде, яғни осы тілдік қабаттар негізінде сипаттау қажет» [52, 49] деген пікірді айтады. Бұл пікірді негізге алсақ ортағасырлық «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткішінің фонетикалық жүйесін зерттеудің қажеттілігі туындайды. Жазба ескерткіштердің фонетикасын зерттеу – түркі тіл білімі мен жалпы тілтану ғылымы үшін аса өзекті мәселе. Өйткені бұл бағыттағы зерттеулер көне және ортатүркі тілдерінің дыбыстық жүйесін, тарихи-диахрондық даму заңдылықтарын анықтауға, сондай-ақ қазіргі түркі тілдерінің фонетикалық құрылымын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Диссертациямыздың бұл тарауында дыбыстардың өзгеруін, фонетикалық заңдылықтардың сақталуын немесе бұзылуын, сондай-ақ басқа да түркі тілдерімен салыстырғандағы айырмашылықтары мен ұқсастықтарын анықтауды көздедік. Ол үшін нақты бірнеше әдіс-тәсілдер қолданылды. Мысалы, тарихи-салыстырмалы әдіс, синхронды және диахронды талдау, фонологиялық талдау, лингвистикалық тарихи-компоративті әдістер қолданылды.

Жазба ескерткіштер – көне тілдердің нақты куәсі. Олардың фонетикалық жүйесін зерттеу арқылы, ерте дәуірдегі тіл дыбыстарының жүйесі анықталады, қазіргі түркі тілдеріндегі дыбыстық өзгерістердің бастауын түсінуге болады, тілдің тарихи даму сатылары мен эволюциясы айқындалады. Жазба ескерткіштердің фонетикасын зерттеу арқылы ассимиляция, диссимиляция, сингармонизм сияқты дыбыстық құбылыстардың қалай дамығанын да көруге болады. Осы тұрғыдан алғанда ортағасырлық жазба ескерткіштер – тек тіл емес, мәдениет пен тарихтың да айнасы. Фонетикалық талдау арқылы, ескерткіштердің жазылған уақыты мен жерін дәл анықтауға болады, түркі халықтарының әлеуметтік-этникалық ерекшеліктерін байқауға мүмкіндік туады. Сонымен қатар түркі тілдерінің тарихи тамырын тереңінен тартуға, тілдік заңдылықтарды айқындауға және қазіргі тілдердің құрылымын толық түсінуге болады. Бұл салада жасалған зерттеулер тілдің тек өткенін емес, болашағын да болжауға сеп болады.

Көне және ортатүркі кезеңдерінің фонетикасын зерттеу алғашқы түрколог Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» (XI ғ.) еңбегінен бастау алады. Бұл еңбекте түркі тілдерінің фонетикалық ерекшеліктері салыстырмалы тұрғыдан [53,367] зерттелген. М.Қашқари өз еңбегінде түркі тілдеріндегі диалектілік айырмашылықтар мен дыбыстық варианттар туралы құнды мәліметтер береді. Одан кейін бұл салада терең жұмыс жүргізген ғалым, қазақ тілі фонетикасының негізін қалаушы – Ахмет Байтұрсынұлы. Ахмет Байтұрсынұлы көне және ортатүркі жазба тілдерінің дыбыстық жүйесін зерттеуге негіз салды [54]. Кейіннен осы сала бойынша Ғ.Айдаров орхон және ортағасырлық жазба ескерткіштердің тілін зерттей келе көне ғасыр жазба ескерткіштер тіліндегі дыбыстық ерекшеліктерді қазіргі қазақ тілімен салыстырып қарастырған. Бұл үрдісті Ә.Қайдар, Е.Жанпейісов, Ш.Сарыбаев т.б. ғалымдар жалғастырып, түркі тілдерінің фонетикалық жүйесін тарихи тұрғыда қарастырған. Шетелдік ғалымдардан А.Н.Кононов ортатүркі ескерткіштерінің лингвистикалық құрылымын, әсіресе фонетика

мен морфологиясын терең зерттеген. Э.Наджиб «Қутадғу білік» және басқа да ортатүркі жазба ескерткіштерінің тілі мен фонетикасын зерттеу барысында орта ғасырлардағы жазба тілдердің дыбыстық заңдылықтарын анықтауға үлес қосты [55]. А.М. Щербак ортағасырлық түркі жазба мәтіндерінің лингвистикалық, соның ішінде фонетикалық аспектілерін кеңінен талдаған. Ғалым қыпшақ, оғыз, қарлұқ тілдік топтарына жататын ескерткіштерді салыстыра отырып қарастырған. Р.А.Агеева, Э.В. Севортян, М.Сабыр, Р. Досжан, С. Боранбаев, А.Гаркавец, Г.Д. Сүйерқұл т.б. ғалымдар ортатүркі тілдеріндегі дыбыстық құбылыстар мен диалектілік айырмашылықтарға терең талдаулар жасаған. Бұл зерттеулер арқылы түркі тілдерінің тарихи фонетикалық дамуы анықталып, қазіргі тілдермен байланысы тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

«Байтарату’л-вазих» жазба ескерткішінің фонетикалық құрылысына келсек, ескерткіш тілінде 9 дауысты дыбыс және 22 дауыссыз дыбыс бар. Мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштерін зерттеуші түркологтардың көбісі мысалы, В.В. Радлов, О.Прицак, С.Мырзабеков, Ә.Құрышжанов, Н.И.Ильминскийлер ортағасырлық жазба ескерткіштерде 8 дауысты дыбыс бар екендігін айтады. Біз қарастырып отырған ескерткіш тілінде 9 дауысты дыбыс. Көне, ортағасырлық жазба ескерткіштер тілін зерттеу барысында дауысты дыбыс саны 8 немесе 9. Бұл үрдіс қазіргі түркі тілдерінде де сақталынған «қазіргі түркі тілдеріндегі вокализмдер жүйесінде сегіз немесе тоғыз дауыс тембірі ажыратылады» [53, 367].

Ескерткіш тіліндегі дауысты дыбыстар таңбалануы жағынан айырмашылығы болмаса қазіргі қазақ тіліне толықтай сай келеді. Мысалы, **a** (a), **ä** (ə), **e** (e), **i** (i), **ï** (ы), **o** (o), **ö** (ө), **u** (y), **ü** (ү). Оның ішінде ашық дауыстыларға: **a** (a), **ä** (ə), **e** (e), **o** (o), **ö** (ө); жуанға: **a** (a), **o** (o), **u** (y), **ï** (ы); жіңішкеге: **e** (e), **y** (и), **ö** (ө), **ü** (ү), **i** (i); қысаңға: **ï** (ы), **i** (i), **y** (и), **u** (y), **ü** (ү), еріндік: **o** (o), **ö** (ө) **ü** (ү), **u** (y); езулік: **a** (a), **ä** (ə), **e** (e), **ï** (ы), **i** (i). Сонымен қатар ескерткіш тіліндегі дауысты дыбыстар қазіргі қазақ тіліндегідей өзара үндестік заңына сәйкес жұптасады. Мысалы, **a/ä, i/y, o/ö, u/ü**.

**A a (a)** мен **Ä ä (ə)** ашық, езулік дауысты дыбыстар, ескерткіш тілінде барлық позицияда еркін қолданылады. **A a (a)** фонемасы «көне ескерткіштері тіліндегі бір буынды сөздердің барлық шенінде қолданылатын а фонемасы қазіргі қыпшақ тілдерінде негізінен өзгеріссіз сақталынған» [53, 371]. Бұл дыбыс сөз басында **اچ ač** (ач) аш, **اق aq** (ақ) ақ, **ال al** (ал) ал, **اقي aqi** (ақы) ақы, **اقل aqil** (ақыл) ақыл, **التي alti** (алты) алты, **انا ana** (ана) ана, **اريق ariq** (арық) арық, **ااش aš** (аш) ас, **اس as** (ас) ас, **از az** (аз) аз, **ات at** (ат) ат сөз ортасында **بالق baliq** (балық) балық, **بالچق balčiq** (балчық) балшық, **بار bar** (бар) бар, **براز biraz** (біраз) біраз, **قابۇق qabuq** (қабуқ) қабық сөз аяғында **وينا oyna** (ойна), **وتقا otqa** (отқа) отқа, **يارا yara** (йара) жара, **الا ala** (ала) ала, **اتا ata** (ата) ата, **ايا aya** (айа) айа таңбаланады.

**Ä ä (ə)** дыбысы ескерткіш тілінде көбіне араб сөздерінде көп қолданылады. Мысалы, сөз басында **ألي әli** (әлі), **ألم әlem** (әлем) әлем, сөз ортасында **دایم дәyim** (дәйім) дәйім. Сонымен қатар ескерткіш тіліндегі ә дыбысы қазіргі қазақ тілінде а дыбысының алмасуымен қолданылады. Демек

ә/а алмасуы байқалады. Мысалы, نشان **nışän** (нәшән) нышан, شارب **šaräb**(шарәб) шарап, ئهخىر **ähir** (əhip) ақыр, ئهخىرى **ähiri** (əhipы) ақыры, ئهخىرات **ähirat** (əhipat) ақырет, ئهخىراتدا **ähiratda** (əhipatда) ақыретте, احمەر **ähmer qirmizi** (əhmer қырмызы) қырмызы, қызыл, احوال **ahväl** (ar) (axväl) ахуал, сөз соңында ә дыбысы көп кездеспейді. Бұл дыбыс туралы түрколог лингвисттердің пікірлері бір жақты емес. 1) Е.Ф. Поливанов пен Н.Б.Юшманов секілді лингвисттер бұл дыбысты шығыс тілдерінің әсерінен пайда болған дейді [56], 2) Н.А. Канонов «Грамматика языка тюркских рунических письменных памятников VII-IXв.в.» еңбегінде XII-IX ғасырлардағы ескерткіштер тілінен ә дыбысын кездестіруге болатындығын айтады [57]. Бұдан ортағасыр жазба ескерткіштері тіліне сүйене отырып, ә дыбысын таза түркілік фонема деуші ғалымдар да жоқ емес. Шындығында ортағасырлық қыпшақ, мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштері тілінде бұл дыбыс кездеседі. 3) С.Мелиоранский «Краткая грамматика казакь-киргизского языка. Фонетика и этимология» еңбегінде ә дыбысының ортағасырлық жазба ескерткіштер тілінде кездесетіндігін тілге тиек ете отырып, көне ғасырдан келе жатқан төл дыбыс екендігін дәлелдеді [58, 59]. «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткішінде бұл дыбыс сөз басында және ортасында еркін қолданылады. Ал араб әліпбиінде ә дыбысының жоқ екендігін ескерсек ескерткіш тілінде қолданылған ә дыбысына қарап ә дыбысының түркілік дыбыс екеніне күмән келтірмейміз. Соңғы кездері Орхон-Енесей жазба ескерткіштері тілінде де ә дыбысы кездеседі деген пікірлер қалыптасты. Мысалы, Ал С.Мырзабеков ә дыбысының көне, ортағасырлық жазба ескерткіштерінде кездесетін және қазіргі қазақ тілінде барлық позицияда еркін қолданылатындығын баяндайды [59, 156]. Бұл пікірді А. Салқынбай, М.Сабырлар қостайды, бізде өз диссертациямыздағы осы дыбысқа басталатын мысалдарға сүйене отырып соңғы ғалымдардың пікірін жақтаймыз.

Біз қарастырып отырған жазба ескерткіш тілінде **а/е** алмасуы кездеседі. Бұл жөнінде де ғалымдардың пікірі екі жақты 1) сингормониялық варианттардың ежелгі жуан түбірлердің жіңішкеруі негізінде қалыптасқан десе (Д.Т.Киекбаев, Л.И.Яфаров, А.М.Щербак) 2) а мен ә дауыстыларының түбір сөздердегі алмасуын ұйғыр тілінің ерекшелігі (В.В.Радлов).Бұл құбылыс ескерткіш тілінде былай көрініс тапқан. Мысалы, ئادم **ädem** (әдем) адам, ئهخىرات **ähirat** (əhipat) ақырет;

**Е е (e)** – «тіл алды ашық езу фонемасы е қазіргі қыпшақ тілдеріндегі моносилабтар құрамында толық сақталынған» [53, 377] Біз қарастырып ескерткіш тілінде үш позицияда да еркін қолданылады. Мысалы, ئىگەر **eger** (егер), ئىمچىك **emček** (емчек) емшек, بر **er** (ep) ep, مەسەك **ešek** (ешек) есек, سەن **sen** (сен) сен, شۆمىش **čömçe** (чөмче) шөміш, دە **de** (де) де, ئىنە **igne** (ігне) ине. Ғалымдар арасында е дыбысының шығу төркініне байланысты ортақ пікір жоқ. Бұл пікірдегі зерттеушілер оны басқа дауыстылардан, әсіресе а мен ә-ден дамыған туынды дыбыс деп есептейді. Ал басқа бір көзқарас оны көне дәуірлерден бері дербес қолданылып келе жатқан, өз алдына фонемалық мәнге ие дыбыс ретінде қарастырады. «Татар, башқұрт тілдеріндегі

моносилабтар құрамында е фонемасы көбіне ij (и) дифтонгы арқылы дыбысталады [53, 377].

**I i** (i) мен **İ i** (ы) дыбыстары тілдің таңдайға қарай жоғары көтерілуі арқылы жасалатын қысаң дауыстыларға жатады. **I i** (i) дыбысы қазақ тілінде сөздің барлық буындарында белсенді түрде қолданылады, буын талғамайтын, универсалды фонетикалық дыбыс. Бұл дыбыс «көне түркі жазба ескерткіштеріндегі моносилабтар құрамының барлық позициясында қолданылады» [53,381] Мысалы «Тонікөк»: *atıy iqa bajur ertimiz* (атты бұтаға байладық) [60,12 ]. А.М. Щербак бұл дыбысты түркі вокализмдерінің ішіндегі көне дыбыс ретінде қарастырады [61, 56]. Ескерткіш тілінде де үш позицияда да еркін қолданылады. Мысалы, **iz** (із) **iz**, **iri** (ірі) **iri**, **irin** (ірін). Сонымен қатар i/e алмасуы да жиі кездеседі. Мысалы, **irkek** (іркек) еркек, **inse** (інгсе) еңсе, **iki** (ікі) екі. Ал ы дыбысы ескерткіш тілінде сөз басында **inčka** (ынчка), **irak** (ырак), **isla** (ысла), **isläh** (ыслаһ) осы төрт-бес сөзде ғана берілген, ал сөз ортасы мен сөз аяғында еркін қолданылады. Мысалы, **qasnı** (қасны) қасын, **Misır** (Мысыр) Мысыр, **tartıl** (тартыл) тартыл;

**Oo** (o) және **Öö** (ө) дауысты дыбыстары қазақ тілінде негізінен сөздің басында немесе бірінші буындарында жиі кездеседі. Ескерткіш тілінде де дәл солай мысалы, сөз басында **ol** (ол) ол, **orta** (орта) орта, **otdan** (отдан) оттан, **otuz** (отуз) отыз, **oyna** (ойна) ойна, **öküz** (өкүз) өгіз, **öl** (өл) өл, **öler** (өлер) өлер, **öt** (өт) өт, **özi** (өзі) өзі. Көптеген тілтанушылардың пайымдауынша, о және ө дыбыстары-түркі тілдерінің ежелгі табиғи дыбыстық жүйесіне тән, байырғы фонемалар санатына жатады. Бұл пікір аталған дыбыстардың түркі тілдерінің арғы қабаттарынан бастау алып, уақыт өте келе де өздерінің бастапқы болмысын жоғалтпай, жүйелі түрде сақталғанын көрсетеді. Атап айтқанда, орта ғасырларда жазылған мәмлүк-қыпшақ жазба жәдігерлерінде о мен ө дыбыстары айқын сақталып, өз орындарында тұрақты түрде қолданылған.

**Uu** (ұ) және **Üü** (ү) дауысты дыбыстары тек қазақ тіліне тән дыбыстар [62,89]. Мысалы, **uça** (уча) сырт, **uluğ** (ұлуғ) ұлы, **ulu** (ұлу) ұлы, **un** (үн) үн, **uzaq** (ұзақ) ұзақ, **uzat** (ұзат) ұзат, **uzun** (ұзұн) ұзын, **üçün** (үчүн) үшін, **ür** (үр) үр. Ескерткіш тілінде «ү» дыбысының «а»-ға алмасуы да кездеседі. Мысалы, **batur** (батур) батар, **burbay** (бұрбай) борбай, сондай-ақ ескерткіш тілінде ү ның қазіргі қазақ тілінде ы-ға алмасуы да кездеседі **qabuq** (қабұқ) қабық;

Тіл – үздіксіз даму үстінде болатын, тарихи тұрғыдан алып қарағанда, тоқтаусыз жетіліп отыратын күрделі құбылыс. Ондағы дыбыстық және лексикалық деңгейде жүретін түрлі өзгерістер тілдік жүйенің табиғи эволюциясына тікелей әсер етеді. Мәселен, бір мағынаны білдіретін, алайда дыбысталуы әртүрлі сингармониялық тұлғалар түбірдегі дауыстылардың алмасуы нәтижесінде жаңа семантикалық реңктерге ие болып, сөздік қордың кеңеюіне жол ашады. Ортағасырлық қолжазбалар тілінде жиі кездесетін фонетикалық ерекшеліктердің бірі-дыбыстардың өзара ауысып отыруы.

Мұндай өзгерістерді жүйелі түрде зерттеу мақсатында сөздіктегі дыбыстық бірліктер сараптаудың негізгі объектісі ретінде алынған. Фонетикалық талдау барысында біз оппозициялық әдіске сүйенеміз. Бұл тәсіл дыбысталуы ұқсас, бірақ мағынасы әртүрлі сөздерді салыстыру арқылы олардың семантикалық межесін айқындауға мүмкіндік береді.

«Байтарату’л-вазих» жазба ескерткіші тілінде дауыссыз дыбыстар дауыстының қатысына қарай қазіргі қазақ тіліндегідей қатаң, ұяң, үнді деп ажыратып аламыз. Жалпы ортағасырлық жазба ескерткіштер тіліндегі дауыссыз дыбыстар санын лингвист ғалымдар әр түрлі сандық деректермен көрсетеді. Мысалы, М.Томанов 23-25 дегенді алға тартады [62,59], І.Кеңесбаев қазақ консонантизмі 25 дауыссыз фонемадан құралатындығын айтады [63,74], Профессор М.Сабыр көне ғасырмен салыстырғанда ортағасырда дауыссыз дыбыстардың қатары толысты деп «Хусрау-Шырын» дастанындағы дауыссыз дыбыстарды «аталмыш ескерткіште 25 дауыссыз дыбыс бар дейді» [64,15]. В.Радлов жиырма дыбыс бар екендігін алға тартып қатаң, үнді, ұяң аралық немесе жарты дауысты деп акустика-артикуляциялық топқа жіктеген [65]. Н.И. Ильминский «Материалы к изучению киргизского наречия» еңбегінде 19 дауыссыз дыбыс бар екендігін дәйектейді [66].

ب **B b** (б) - پ **P p** (п) ескерткіш тілінде бұл дыбыстар осылай таңбаланады. Б б дыбысы жиі қолданылатын анлаут фонема қатарына жатады. «Сравнительная-историческая грамматика тюркских языков» еңбегінде бұл дыбысты қатаң п дыбысының ұяңдану нәтижесінде пайда болған құбылыс ретінде қарастырады [67]. Ескерткіш тілінде үш позицияда да кездеседі. Мысалы, بال **bal** (бал) бал, بار **bar** (бар) бар, باس **bas** (бас) бас, باش **baš** (баш) бас, بهيت **beyit** (бейіт) бейіт, بول **bol** (бол) бол, сөз ортасында بۇرباي **burbay** (бұрбай) борбай, خابەر **haber** (хабер) хабар, قابۇق **qabuq** (қабұқ) қабық сөз аяғында رابب **rabb** (рабб) рабб, توب **tüb** (түб) түб; б/п алмасуы سەبەب **sebeb** (себеп) себеп, كاب **kab** (каб) кап, تالەب **taleb** (талеб) талап, شراب **šarāb** (шарəб) шарап кездеседі. П (п) дыбысы сөз басында сирек кездеседі. Ең көне фонема саналғанымен «Орхон-Енесей, Талас ескерткіштерінде негізінен моносилабтар соңында ғана кездеседі. Сөз басында қолданылуы өте сирек, екі үш сөзді ғана қамтиды» [53, 393]. Біз қарастырып отырған ескерткіш тілінде де дәл солай. Мысалы, پالان **palan** (палан) палан, پەرە **päre** (пəре) парча, پەس **pes** (пес) пес, сөз ортасында كۆپ **köp** (көп) көп, كۆرپ **körp** (көрп) көріп, كەسپ **kesp** (кесп) кесіп, كەرلپ **kerilp** (керілп) керіліп; Ескерткіш тілінде сөз ортасында п/б алмасуымен چۆپرەك **čöprek** (чөпрек) шүберек б/м, б/п мысалдар да кездеседі. Бұл алмасулар көбіне сөздердің ортаңғы позицияларында кездеседі.

و **V v** (в) - F **f** (ф) дыбысы в, ф дыбыстары ескерткіш тілінде үш позицияда еркін қолданылады деп айта алмаймыз. Өйткені v (в) дыбысы сирек ұшырасатын дыбыстар қатарына жатады сөз басында және сөз ортасында көбіне кірме сөздерде қолданылады, وېرىد **verid** (верд), واصف **vasif** (вазыф) сөз ортасында, زەۋفە **zevfa** (зевфа), تەۋفېق **tevfik** (тевфік), لەۋن **levn** (левн), قۇۋۋەت **quvvet** (кувет), خۇار **huvar** (хувар), «Ескі қыпшақ тілі» еңбегінің авторлары түркі тілдерінде ф дыбысының жоқ екенін айтып, ескі түркі

тілінде жазылған жазба ескерткіштерде азды, көпті кездесетінін және олар тек кірме сөздер екендігін ескертеді [68, 66]. F f (ф) дыбысы ескерткіш тіліндегі таңбасы ف. Көбіне кірме сөздерде кездеседі. Мысалы, сөз басында араб сөздерінде فكه **fakkah** (факках) көңілді, فارسفن **farisfden** (фарсіфден) парсыдан, فلفل **fülfül** (фүлфүл) бұрыш сөз ортасында جفله **cahfele** (джаһфел) аттың ерні, عرفه **'arefe** (арефе) аттың желісі, сөз аяғында فارسف **farisf** (фарсф) парсыша, مقریف **maqrīf** (макрыф) будан ат, қазіргі қазақ тілінде бұл сөз фонологиялық, фонетикалық заңдылықтарға орай бұл дыбыс п дыбысына ауысады. Мысалы, періште, пайда, парасат, ал ескерткіште ф дыбысынан басталатын қазіргі қазақ тіліне кіріккен кірме сөздер ешқандай да фонологиялық, фонетикалық өзгерістерге түспей қолданылады. Мысалы, fikir (фікір) пікір, fayide (файіда) пайда.

Ескерткіш тілінде в дыбысының қазіргі қазақ тілінде у-ға алмасуы да кездеседі. واقیت **vaqit** (вақт) уақыт, دولت **devlet** (давлет) даулет. Ал وېر **ver** (вер) бер, وېرېم **verem** (верем) берем мысалдарынан в\б алмасуын да байқауға болды. قاۋۇقى **qavuqī** (қабуқы) қабық. Ескерткіш тіліндегі б және в дыбыстарының сәйкесуі қыпшақ және оғыз тілдері арасындағы заңдылық екендігі белгілі. Көптеген деректерден қарахандық түркі тілінде / b / дыбысы сөздің соңында / w / дыбысына айналған.

د, ض **D d** (д) – ت, ط **T t** (т) дыбыстары ұяң және қатаң дауыссыз дыбыстар. Д дыбысы сөз басында دۇئا **dua** (дуа) дуа, دۇداق **dudaq** (дудак) дудак, دۇنيا **dünya** (дүния) дүние, دۈرۈست **dürüst** (дүрүст) дұрыс, دۈبۈر **dubur** (дүбүр) дүбір секілді мысалдарда көрініс тапқан, ал сөз ортасында еркін, ئادەم **Adem** (адем) адам, اتلارده **atlarda** (атларда) аттарда. Ал **T t** (т) дыбысы ескерткіш тілінде үш позицияда да еркін қолданылады. Мысалы, تالەب **taleb** (талеб) талаб, تامىز **tamiz** (тамыз) тамыз, تان **tan** (тан) тан, تاپ **tap** (тап) тап, تۆرت **tört** (төрт) төрт, تۇرت **turt** (түрт) түрт, ياتۇر **yatur** (йатур) жатар. Ескерткіш тіліндегі д дыбысы кездесетін орындардың барлығы қазіргі қазақ тілінде т дыбысына алмасады. Мысалы, دىل **dil** (діл) тіл, دىكەن **diken** (дікен) тікен, д/т алмасуына да мысалдар баршылық мысалы, تۇڭۇز **tonguz** (тонгуз) доңыз;

ق **Q q** (қ) - غ **γ** (ғ) және ك **K k** (к) - ك **G g** (г) дыбыстары қатаң және ұяң болып өзіндік жұп құрайды. Қазіргі қазақ тіліндегі қ-ғ, к-г параллель дыбыстардың алғашқы жұбы тек жуан, кейінгісі тек жіңішке болып қолданылуы Орхон-Енесей тастарында бедерленіп қалған көне түркі тілінде де бар. Ескерткіш тіліндегі қ дыбысына келсек үш позицияда да еркін қолданылады. Мысалы, قابۇق **qabuq** (қабуқ) қабық, قابۇل **qabul** (қабул) қабыл, قال **qal** (қал) қал, قالىڭ **qalīṅ** (қалың) қалың, باستالىق **bastaliq** (басталық) басталық, چىق **čiq** (чық) чық, چاقىر **čaqir** (чақыр) шақыр. Ескерткіш тілінен ғ дыбысымен басталатын сөз кездеспейді, сөз ортасында активті түрде қолданыста اورلۇغى **urluyi** (ұрлұғы) ұрығы, بۇغداي **büyday** (бұғдай) бидай, تامىزغايىسېن **tamizyaissen** (тамызғайсен) тамызғайсын, ғ/қ алмасуымен кездеседі. ياغىچى **yağči** (йағчы) жақсы, ياغى **yaği** (йағы) жақпа, ئۇلۇغ **ülüy** (үлүғ) ұлық. К (к) дыбысына қатысты ескерткіш тілінде мысалдар өте көп және барлық позицияда еркін қолданылады. Мысалы, كۈن **kün** (күн) күн, كۈل **kül** (күл) күл,



күч **küç** (күч) күш, көтер **köter** (көтер) көтер, **irkek** (іркек) еркек Г (г) дыбысы көбіне сөз ортасындағы мысалдарда кездеседі **yigit** (йігіт) жігіт, **özge** (өзге) өзге, г\к алмасуына **tüg** (түг) түк, к/г алмасуына **sekiş** (секиш) **ceriş** г\ғ алмасуына **urgay** (ұрғай) ұрғай, г\қ алмасуына да мысал бар **tutuşgan** (тұтұшған) тұтысқан, **tutganî** (тұтғаны) тұтқаны;

ص **S s (c) - ز ظ Z z (з)** дыбыстары да қатаң, ұяң өзіндік жұп құрайды. С (с) сөздердің бастапқы және ортаңғы шенінде актив жұмсалады **sürütse** (сүрүтсе) сүртсе, **suv** (сув) су, **soq** (соқ) соқ, **sen** (сен) сен, **tişge** (тігсе) тіксе, **sep** (сеп) сеп, **sal** (сал) сал, **ortası** (ортасы) ортасы, сөз аяғында **tipmes** (тіпмес) тепмес, **tirilmes** (тірілмес) тірілмес, **tozmas** (тозмаз) тозбас, **turmas** (тұрмас) тұрмас, **uzanmas** (узанмас) ұзанбас, **yaramas** (йарамас) жарамас, **yatmas** (йатмас) оятпас. Алайда з дыбысынан басталатын сөздердің көбі кірме сөздерге жатады. Мысалы, **zaman** (заман) заман, **tamuz** (тамуз) тамыз, **zemin** (земен) земен, **zeytün** (зейтүн) зәйтүн, **ziyan** (зіян) зиян, **zafere** (зефере) зефере, **yaz** (йаз) жаз, **tüz** (түз) түз, **tüzel** (түзел) түзел, **tizek** (тізек) тезек, **riyâzet** (рійәзет) тақуалық жол, **yüz** – (йүз) жүз, **sekiz** (секиз) сегіз;

ش **Š š (ш) ج J j (ж) j** (дж) жалаң ж көне түркілік й-дің варианты ретінде айтылған. **Š š (ш)** дыбысы ескерткіш тілінде еркін қолданылады сөз басында, **šah** (шах) шах, **šarâb** (шарәб) шарап, **šükr** (шүкр) шүкір, сөз ортасында **taş** (таш) тас, **tiş** (тіш) тіс, **töş** (төш) төс, **tüş** (түш) түс сөз аяғында **şeş** (шеш) шеш, **ülüş** (үлүш) үлес, **yaş** (йаш) жас берілген мысалдар арқылы үш позицияда да еркін қолданылады. Ал, қазіргі қазақ тіліндегі ж дыбысы ескерткіш тілінде й-дыбысымен беріледі.

ي **Y y (й)** Қолжазбада актив қолданылған дыбыстардың бірі – й. Сөз басындағы ж дыбысының й-мен берілуі ортағасырлардан бастап келе жатқан емле екені белгілі. Й дыбысының орнына ж дыбысының қолданылуы да беріден басталады. Ж дыбысы қазақ тілінің жеке ұлт болып қалыптасу жолындағы өзіндік басты ерекшелігі. Ескерткіш тілінде бұл дыбыстың өзіндік қалпын сақтап й ретінде қолданылатын жерлері де бар. Ескерткіш тілінде бұл дыбыстың өзіндік қалпын сақтап й болып дыбысталатын жерлері де бар **uyup** (уйуп) ұйып, **yir** (йір) иір, **tüşgeysen** (түшгейсен) түскейсін, **tuyaq** (тұйақ) тұяқ, **toydu** (тойдұр) тойдыр, **reyhan** (рейхан) райхан. Ал кей жерлерде й/ж алмасуы өте көп кездеседі. Мысалы, **yüz mîng** (йүз мың) жүз мың, **yaḥşı** (йаһшы) жақсы, **yaman** (йаман) жаман, **yalguz** (йалгуз) жалғыз, **yanında** (йанында) жанында, **yapraq** (жапрақ) жапырақ, **yara** (йара) жара;

چ **Č č (ч)** – дыбысы түркі тілдері қазақ, қырғыз, өзбек тілдерінде «ч» ретінде айтылады. Бұл дауыссыз дыбыс араб графикасында арнайы әріппен беріледі. Мысалы, **ч** бұл дыбысты белгілеу үшін қолданылатын араб графикасына бейімделген қосымша әріп, **яғни** стандартты араб әліпбиінде жоқ, бірақ парсы, урду, османша және түркі жазба тілдерінде жиі

қолданылған. Ескерткіш тілінде бұл дыбысқа қатысты мысалдар үш позицияда да еркін кездеседі. Мысалы, сөз басында چال **çal** (чал) шал, چالا **çala** (чала) шала, چاپ **çar** (чап) шап, چاپماق **çapmak** (чапмак) шаппак, сөз аяғында еркін қолданылады اچ **aç** (ач) аш, ئىچ **iç** (іч) іш, كىچ **kiç** (кіч) кеш ساج **saç** (сач) шаш, ئۈچ **üç** (үч) үш сөз ортасында да еркін қолданылады اچماق **açmak** (ачмак) ашпақ, اچار **açar** (ачар) ашар, اچسا **açsa** (ачса) ашса, اچماس **açmas** (ачмас) ашпас, اچى **açı** (ачы) ашы, اچۇق-اچىق **açuk-açik** (ачук-ачык) ашық. Ескерткіш тіліндегі мысалдарды қазіргі қазақ тілінде ч/ш алмасуымен қолданылады. Мысалы, *шал, шала, шап, шаппак, аш, іш, кеш шаш, ашпақ, ашар, ашса, ашпас, ашы, ашық*

ر **R r (p)** дыбысы сөз ортасында نارا **ara** (ара) ара, عرب **arab** (араб) араб, عاران **aran** (аран) аран, اريق **ariq** (арық) арық, باتۇرۇر **baturur** (бітүрүр) бітірер, сөз аяғында يۈتكۈرۈر **yütkürür** (йүткүрүр) жөтелер, يۈزتۈر **yüztür** (йүзтүр) жүздір, ئارتار **artar** (артар) артар, ناسار **asar** (асар) асар, ناسر **asir** (асыр) ғасыр, ئاتلار **atlar** (атлар) аттар, بار **bar** (бар) бар, تۇر **tur** (тұр) тұр, بر **bir** (бір) бір кездеседі.

ل **L l (л)** – бұл дыбыстан басталатын сөздер көбіне кірме сөздер لकिन **lakin** (лакін), لاتىق **latiq** (латық) өсімдік аты, لازەن **lazen** (лазен) өсімдік аты, لازۇك **lazuk** (лазук) ауру аты, لېبەن **leben** (лебен) өсімдік аты. Сөз ортасы мен сөз аяғында жиі қолданылады. Мысалы, ئال **al** (ал) ал, ئالىندا **alında** (алында) алдында, ئالما **alma** (алма) алма, ئالتە **alti** (алты) алты, بال **bal** (бал) бал, ескерткіш тілінде сөз ортасында л/т алмасуы да кездеседі мысалы, تاتلى **tatli** (татлы) тәтті. Қазақ тілінде бұл дыбыс көбіне сөз басында қолданылмайды. «Қазақ және татар тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» еңбегінің авторлары бұл дыбыстың қазақ тілінің төл лексикасы үшін лық, лып, лүпіл сынды азды-көпті еліктеуіш сөздерде ғана қолданылмаса көбіне сөздің басында қолданылмайтындығын айтады. Ал татар тілінде сөз басында аз қолданылып, тек « кірме сөздерде ғана сөз басында қолданылады» [69, 43].

م **M m (м)** дыбысы ескерткіште үш позицияда да еркін қолданылады. Сөз басында مقال **maqal** (мақал) мақал, ماقتا **maqta** (мақта) мақта, معلوم **ma'lüm** (маалүм) мәлім, مامۇق **mamuq** (мамұқ) мамық, مانغلاي **manglay** (манглай) маңдай, مەكان **mekan** (мекан) мекен, مشرى **Mişri** (Мышры) Мысыр, сөз ортасында باغلاماق **baylamaq** (бағламақ) байламақ, باتمان **batman** (батман) батпан, بىلمەك **bilmek** (білмек) білмек, حامد **hamid** (хамід) хамід, حکمت **hikmet** (һикмет) һикмет, сөз соңында بىرسام **bersam** ( берсәм) берсем, حۈكۈم **hüküm** (һүкүм) үкім, راقىم **raqim** (рақым) рақым;

ن **N n (н)** – сөз басында نەزار **nazar** (назар) назар, نەرسە **nerse** (нерсе) нәрсе, نىچە **niçe** (ніче) неше, نوقتا **noqta** (ноқта) ноқта, ئانده **anda** (анда) анда, ئورتاسىندا **ortasında** (ортасында) ортасында, وينا **oina** (ойна) ойна, сөз аяғында ئون **on** (он) он, ئۆزىندىن **özinden** (өзінден) өзінен, ساقلاغان **saklayan** (сақлаған) сақтаған, سەن **sen** (сен) сен, سۈيىندىن **suviindan** (сувындан) усуынан, سۈتىن **sütün** (сүтін) сүтін; н/н берілетін жерлері де бар мысалы, يۈڭ **yüng** (йүң) жүн, يۈڭى **yüngi** (йүңгі) жүні;

ن **ŋ (ң)** көбіне сөз аяғында кездеседі. «ң дыбысынан қазақ тілінде де, башқұрт тілінде де сөз басталмайды» [70, 14]. Ескерткіш тілінде де дәл солай

Мысалы, **سۆز song** (соң) соң, **شەربەتنىڭ šaräbiniñ** (шарабінің) шарабының, **مىڭ mīñ** (мың) мың, **يۈزۈمنىڭ yüzüminiñ** (йүзүмнің) жүзімнің, **يۈزىڭنىڭ yüziniñ** (йүзүнің) жүзінің.

Қолжазбада ф, h дыбыстары араб, парсы тілдерінен енген сөздердің құрамында кездеседі. Мысалы, сөз басында **فقه fakkah** (факкаh), **فارغ farig** (фаріг), **فاصل fasıl** (фазыл) сөз ортасында **كفل kefel** (кафел), ф/п алмасуы да бар **فعل fi'l** (філ) піл, **فصاحت firāset** (фірәсет) парасат, **فائدة fayide** (файде) пайда, **فارس faris** (фарыс) парсы; сөз аяғында **مكرّف mukrif** (мукріф), **مُصَفّ mušaffini** (мушафаны), **مصطفى Mustafa** (Мустафа) Мустафа; **Hh (h)** дыбысына қатысты **حركة hareket** (һаракет) әрекет, h/қ алмасатын жерлері де бар **حنا hunān** (һунән) құнан, h/x дыбысына алмасатын тұстары да кездеседі **حيوان hayvan** (һайван) хайуан.

Бұл тарауша ортағасырлық «Байтарату’л-вазих» жазба ескерткішінің фонетикалық ерекшеліктері мен олардың тарихи өзгерістері қарастырылады. Зерттеу нәтижесінде түркі жазба тілі мен қазіргі қазақ тілінің арасындағы фонетикалық сабақтастық мәселесі басты назарға алынады. Сонымен қатар сингармониялық құбылыстардың яғни, үндестік заңына бағынатын дыбыстар жүйесінің кеңінен көрініс тапқаны анықталады. Ортағасырлық мәмлүк-қыпшақ және қазіргі қазақ тіліндегі деректерді салыстырмалы-тарихи тұрғыдан талдау арқылы сингармониялық варианттар мен параллельдердің кең таралғаны байқалады. Сингармониялық варианттар дегеніміз-дыбыстық құрамында ішінара өзгерістер болғанымен, мағынасы мен түбірлік негізі сақталған сөздер. Мұндай сөздер тілдер арасындағы дыбыстық сәйкестіктердің қалыптасуына негіз болады. Мысалы, орта түркі тілінде кездесетін кейбір сөздер қазіргі қазақ тілінде сәл өзгеше дыбысталса да, мағынасы өзгермей сақталған, бұл олардың түбірлік жағынан ортақ екенін көрсетеді. Сонымен қатар, дыбыстардың өзгеруі нәтижесінде пайда болған сингармониялық параллельдер стилистикалық және функционалдық реңкке ие болып, тілдік бірліктердің қолданылу өрісіне әсер етеді. Бұл құбылыс бір жағынан түркі тілдерінің генетикалық туыстығын, тарихи жалғастығын дәлелдесе, екінші жағынан қазақ тілінің жеке тіл ретінде қалыптасып, өзіндік бағытта дамығанын көрсетеді. Осылайша, фонетикалық параллельдер мен дыбыстық өзгерістерді талдау – қазақ тілінің тарихи тамырын, оның ортағасырлық мәмлүк-қыпшақ кезеңімен байланысын түсінуге мүмкіндік береді. Бұл тілдік үдерістер тіл дамуының ішкі заңдылықтарын танытып қана қоймай, тілдің ұлттық сипатта дараланып қалыптасу жолын да айқындайды.

Қорыта айтқанда «Байтарату’л-вазих» қолжазбасының фонетикалық ерекшеліктері түркі тілдерінің ортағасырлардағы дыбыстық дамуының куәсі. Қазақ тілінің ортатүркі негізіндегі генетикалық жалғастығын дәлелдейтін туынды дегіміз келеді.

### 1.3 Ескерткіш лексикасының қазіргі қазақ тілімен лексикалық сабақтастығы

Диссертациялық жұмысымыздың бұл бөлімі ортағасырдағы мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған «Байтарату’л-вазих» жазба ескерткіші лексиканың қазіргі қазақ тілімен лексикалық сабақтастығын талдауға арналған. «Байтарату’л-вазих» жазба ескерткішінің лексикалық қоры өте бай, әсіресе ескерткіш тіліндегі түркі халықтарына ортақ лексика қатары еңбектің ауқымды бөлігін құрайды. Сондықтан да бұл жазба ескерткіштің лексикалық қорын қазіргі қазақ тілімен салыстыра, салғастыра зерттеу өзекті мәселе болып табылмақ. Өйткені жәдігерлік тілін зерттеу арқылы ескерткіш тілінің қазіргі қазақ тіліне қаншалықты жақын екендігін анықтауға болады. Зерттеу барысында ескерткіш лексикасының тарихи даму процесін, қазақ тілімен генетикалық байланысын, анықтау көзделеді. Жәдігер тілін жан-жақты зерттеу арқылы оның қазіргі қазақ тіліне қаншалықты жақын екенін, сондай-ақ лексикалық деңгейдегі тарихи-генетикалық сабақтастығын айқындауға болады. Осы орайда зерттеу барысында ескерткіш лексикасының тарихи даму үдерісі мен қазақ тілімен байланысы арнайы қарастырылады.

Алдымыздағы тарауларда Мысыр мен Шамда билік еткен мәмлүк-қыпшақтар түркі тілінің сақталуы мен кең таралуына ықпал етіп, өз дәуірінде бірқатар лингвистикалық еңбектер жаздырған дедік. Солардың бірі – «Китаб Булғат әл-Муштақ» жазба ескерткіші. Бұл еңбекті қазақ тіліне аударып талдау жасаған профессор С.Р. Боранбаев мәмлүк-қыпшақ жазбаларының тілі туралы: «...көне тілдің элементтерін бойында сақтап, негіз тілдің белгілі бір дәрежедегі мұрагері болып табылатындығы даусыз» – деп бағалайды [71,8]. Ғалымның пікірінше, мәмлүк-қыпшақтарының тілі – ортатүркілік дәстүрдің жалғасы ретінде қалыптасып, жалпы түркі тілдеріне ортақ лексика негізінде дамыған. Бұдан шығатын қорытынды: мәмлүктер Мысыр мен Шамда қыпшақ диаспорасы ретінде өмір сүргенімен, олардың тілінде қазіргі түркі халықтарының тілімен тұтас лексикалық бірзділік анық байқалады.

Шындығында мәмлүк-қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштер араб қаріпімен жазылған дүниелер болғанымен ескерткіштер тілінің лексикасы қазіргі қыпшақ тобына жататын түркі тілдері мен қазақ тіліне өте жақын екенін аңғару қиын емес. Мұны диссертациялық жұмысымыздың осы тарауын жазу барысында көз жеткіземіз.

Зерттеу барысында лингвистикалық тәсілдермен қатар, қазіргі заманғы лексикостатистикалық талдау, корпустық лингвистика, жинақтау, топтау, тарихи салыстырмалы кесте құру, диахронды секілді әдістер мен тәсілдер қолданылды. Бұл әдістер жұмыстың нақтылығы мен ғылыми тереңдігін арттырады. Мысалы, корпустық лингвистика арқылы көне және қазіргі мәтіндердегі сөздердің нақты қолданылу жиілігін, контекстін, мағына реңкін анықтау мақсаты қойылды. Бұл мақсатқа жету үшін қазақ ұлттық корпусы [72], түркі тілінің корпустары [73] қолданылды. Бұл корпустар арқылы сөздің қай ғасырда қалай қолданылғандығын автоматты түрде салыстыру, контекстік талдау жасау көзделінеді. Лексикостатистикалық талдау бұл

талдау арқылы сөздердің қазіргі қазақ тілімен пайыздық қатынасын анықтау. Сонымен қатар сөздердің түркі тілдерімен ұқсастық деңгейінің лексикалық ортақтық коэффициентін есептеу көзделді.

Максаттарға жету үшін ескерткіш тіліндегі сөздік қордың жалпы санын анықтауды жөн көрдік. Ол үшін ескерткіш тіліндегі сөздерді алфавиттік жүйеге түсіріп картотекалар түзуді жөн санадық. Картотека түзу барысында ескерткіш тіліндегі әр әріптен басталатын сөздердің санын анықтау мүмкіндігіне ие болдық.

Профессор С.Р. Боранбаев мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштерінің тілін зерттеу «...жазба ескерткіштер тіліндегі тілдік бірліктерді қазақ тіліндегі тілдік бірліктермен салыстырып, олардың өздеріне тән фонтикалық, морфологиялық, семантикалық айырмашылықтарын анықтау, ортатүркілік тілдік элементтер мен қазіргі тілілік элементтер арасындағы туыстық сабақтастықты анықтап, оны ғылыми тұрғыдан дәлелдеу бүгінгі күннің басты талабы» дейді [71,10]. Сол үшін де мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткішінің лексикасының қазақ тіліне қаншалықты жақын екендігін анықтау және олардың қазіргі қазақ тілімен сабақтастығын ажырату түркология ғылымы үшін өзекті мәселе. Ескерткіш тілінің лексикасын зерттеу түркі тілдеріндегі сөздердің фоно-морфо-лексикалық өзгерістер мен сөз құрылымдарының дамуын түсінуге көмектеседі.

Диссертациялық жұмыстың басты жаңалықтарының бірі «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткішінің лексикасы алғаш рет қазақ тіл білімі мен түркология ғылымында зерттеу нысаны ретінде алынуында. Ескерткіштің тілдік және тарихи маңызы қазақ тіл білімі мен тарихында әлі толық ашылмағандықтан, оны жан-жақты зерттеу өзекті болып отыр. Ескерткіш лингвистикалық және тарихи-мәдени тұрғыдан жаңаша пайымдаулар мен тың зерттеулер жүргізуді талап етеді. Қазақ және жалпы түркі тілдері мен мәдениеті үшін «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткіші тарихи және тілдік маңызға ие ерекше шығармалардың бірі. Ескерткіш тілінің лексикасын қазіргі қазақ тілімен сабақтастығын зерттеуге арналған бұл тарау түркология ғылымы үшін ерекше маңызға ие. Зерттеу барысында жазба ескерткіш лексикасының басым көпшілігі барлық түркі тілдерінің сөздік қорында кездесетін, шығу тегі бір сөздер мен сөз тіркестерінің жиынтығы. Оны зерттеу арқылы түркі тілдерінің генетикалық байланысын, туыстығын, олардың тамырлас екендігіне көз жеткіземіз. Өйткені, қазіргі түркі тілдері бір кездері көнетүркілік ататілден тарағандығы белгілі.

Ортағасырлық жазба ескерткіш тілі мен қазіргі қазақ тілі арасындағы байланысты, туыстықты салыстыра зерттегенде, ең алдымен дыбыстық өзгерістерге жүгінетініміз заңды. Уақыт өте келе тілдің әртүрлі өзгерістерге ұшырайтыны белгілі. Әйтсе де жазба ескерткіш тіліндегі көне түркілік элементтерді бойына сақтаған кейбір сөздер қазіргі түркі тілдерінде кездесіп жатады. Мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткіші тілін зерттеу барысында, *мағынасы да, тұлғасы да толық сәйкес келетін, иә болмаса аз кем фонетикалық айырмашылығы бар, бірақ*

мағынасында ауытқуы жоқ ортақ сөздердің жиі кездесетінін байқадық. Ғалым М.Сабыр ортатүркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығын зерттей келе: «...қазіргі қазақ тілінің байырғы сөздік қоры ұлт тарихымен, жалпытүркілік тарихпен сабақтаса қалыптасты. Қазақ тілінің лексикасы қазіргі қыпшақ тобындағы тілдермен, одан әрі жалпы түркі тілдерімен толық не ішінара лексика ортақтығымен ерекшеленеді. Қазақ жұрты жеке ұлт болып қалыптасқанға дейін түркі халықтарының ортақ арналарымен жүріп өтті. Қазақ тілі лексикасы жалпы түркілік қабатпен өрістейді. Оның негізгі, сөздік құрамы, фоно-морфологиялық құрылысы ежелгі түркі тілінен бастау алады» [74,88] деген пікір айтады. Ғалым ортағасырлық ескерткіштер лексикасы мен қазіргі қазақ тілі лексикасының ұқсастықтарын, диахрондық тұрғыдан байланысын, ортақтықтары мен айырмашылықтарын саралау барысында, ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан тіл сабақтастығын анықтайды. М.Сабырдың пікірінше ортағасырлық жазба ескерткіштер мен қазіргі қазақ тілінде ешқандай мағыналық та тұлғалық та өзгеріске түспеген ат, ай, ана, алма, арқа, ел, жан, көз т.б. зат есімдерді, ала, арық, ұзақ, қызыл, қара т.б. сын есімдерді, төрт, алты, он, тоқсан сияқты сан есімдерді, ал, ем, кет, ойна т.б. етістіктерді, ең, аз, т.б. үстеулерді, анда, мұнда, ол, мен, сен сынды есімдіктерді, ара, арт, аст т.б. көмекші есімдерді кездестіруге болады [74, 88-96]. Бұдан байқайтынымыз ортағасырлық жазба ескерткіштер мен қазіргі қазақ тілінде ешқандай мағыналық та тұлғалық та өзгеріске түспеген сөздер қатарына бір буынды сөздердің жататындығы байқалады. Ескерткіш тілінде мұндай сөздер үш буынды сөздерге дейін барып қалады. Қыпшақ тілдерін зерттеген ғалым Ә. Құрышжанов «Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII в. «Тюркско-арабского словаря» атты еңбегінде қазіргі қыпшақ тілдеріне тән тілдік белгілер көп екендігін атап өтеді. «Язык словаря мало чем отличается от лексического богатства общетюркских слов. В нем достаточно примеров, которые находят себе аналогичные формы как древнетюркских и средневековых (в частности, средневековых) памятниках, так как и в современных кыпчакских языках» дей келе, «...язык словаря почти сливается с общим лексическим богатством всех (средних и новых) кыпчакских языков» деген пікір айтады [75, 68]. Ортағасырлық қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіш тілдерінің қазіргі қыпшақ тілдерімен генетикалық байланысын С.Е. Малов, Н.А. Баскаков, т.б. ғалымдар өз зерттеулерінде қарастырған. Профессор М.Сабыр «бұл кезеңдегі мұралардың тілінде оғыз, қыпшақ, ұйғыр элементтері мидай араласып жатыр және олар диалектілік белгілер ғана. Олардың лексикасындағы ортақтықтар 60-70 пайыз болса, айырмашылықтар көлемі 20-30 пайыздан аспайды» деген пікір білдіреді [74,7]. Олай болса, мамлук-қыпшақ тілінде жазылған «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткіші тілін қазіргі қазақ тіліне қаншалықты жақын екендігін анықтау өзекті мәселе болып саналады.

Түрколог С. Құдасов ортағасырлық жазба ескерткіштер тілі туралы ондағы тілдік фактілер қыпшақ тілі лексикасының барлық тақырыптық топтарын қамтитынын атап өтеді [76]. Шын мәнінде, жазба ескерткіштер

лекси́касы қазіргі қазақ тіліндегі барлық тақырыптық топтармен үндес келеді. Осы тараудағы зерттеуімізде лексикалық бірліктердің қазіргі қазақ тіліне қаншалықты жақын екенін анықтау мақсатында оларды сөз таптарына бөліп қарауды жөн көрдік.

Мысалы, қазіргі қазақ тілінде мағыналық та, тұлғалық та тұрғыдан өзгеріске түспей қолданылатын заттық ұғымды білдіретін сөздер: Бір буынды, *ana* (ана) ана, *at* (ат) ат, *ayu* (айу) аю, *ay* (ай) ай, *boq* (боқ), *boy* (бой), *dua* (дуа) дуа, *iye* (ііе) ие, *iz* (із) із, *qar* (қар) қар, *qış* (қыш) қыш, *öt* (өт) өт, *san* (сан) сан, *tay* (тай) тай, *til* (тіл) тіл, *oku* (оқу) оқу, *qol* (қол) қол, *qoy* (қой) қой, *köz* (көз) көз, *qurt* (құрт) құрт, *ot* (от) от екі буынды, *'älem* (әлем) әлем, *'aran* (аран) аран, *arqa* (арқа) арқа, *aqi* (ақы) ақы, *'aqıl* (ақыл) ақыл, *alma* (алма) алма, *'arab* (араб) араб, *arpa* (арпа) арпа, *'äse1* (асел) әсел, *astar* (астар) астар, *aya* (айа) айа, *ayaq* (айақ) аяқ, *ayyır* (айғыр) айғыр, *ayır* (айып) айып, *bilek* (білек) білек, *beyit* (бейіт) бейіт, *buyruq* (бұйрұқ) бұйрық, *dübür* (дүбір) дүбір, *'izzet* (іззет) ізетірін (ірін) ірін, *zaman* (заман) заман, *qazan* (қазан) қазан, *kersen* (керсен) *qirat* (қырат) қырат, *qisraq* (қысрақ), *qiyamet* (қиямет) қиямет, *tamaq* (тамақ) тамақ, *tezek* (тезек) тезек, *tırnaq* (тырнақ) тырнақ, *bilim* (білім) білім, *qulaq* (құлақ) құлақ, *qursaq* (қурсақ) құрсақ, *suret* (сурет) сурет, *salıq* (салық) салық, *salım* (салым) салым, үш буынды сөздер *aşaya* (ашаға) ашаға, *qisraq* (қысрақ) қысрақ, *kibrit* (кібріт) кібріт, *kükürt* (күкірт) күкірт,

Аз, кем фонетикалық өзгерісі бар заттық ұғымды білдіретін сөздер: бір буынды сөздер, *ay* (ағ) ақ, *aş* (аш) ас, *buz* (бұз) мұз, *dil* (діл) тіл, *hāl* (һал) һал, *il* (іл) ел, *it* (ет) ет, *qab* (қаб) қап, *qaş* (қаш) қас, *kuş* (кұш) құс, *küç* (күч) күш, *yol* (йол) жол, *yüz* (йүз) жүз, екі буынды сөздер *ayız* (ағыз) ауыз, *ayizi* (ағызы) ауызы, *ayır* (ағыр) ауру, *ayız* (ағыз) ауыз, *ayaç* (ағач) ағаш, *čibin* (чыбын) шыбын, *čanaq* (чанақ) шанақ, *'äde* (әде) әдет, *ayaç* (ағач) ағаш, *ädem* (адем) адам, *ahvāl* (аһвәл) ахуал, *aqča* (ақча) ақша, *alev* (алев) алау, *arşun* (аршұн) аришын, *'asir* (асыр) асыр, *avuç* (авуч) уыс, *azıy* (азыз) азық, *baş* (баш) бас, *bogaz* (боғаз), *bogun* (богун) буын, *boyun* (бойун) бойын, *buğday* (бұғдай) бидай, *čer* (чекер) шекер, *dane* (дене) дане, *devlet* (девлет) даулет, *dünya* (дүния) дүние, *emček-imček* (емчек-імчек) емшек, *ešek* (ешек) есек, *farisi* (фарсы) парсы, *haber* (һабер) хабар, *hamir* (һамыр) қамыр, *hayir* (һайыр) қайыр, *hayvan* (һайван) һайуан, *hikmet* (һыкмет) һикмет, *hisab* (һысаб) қисаб, *hunān* (һунан) құнан, *incir* (інджір) інжір, *iñse* (іңсе) еңсе, *ilek* (елек) елек, *irkek* (іркек) еркек, *iyer* (ійер) егәр, *qabih-qabuq* (қабыһ-қабуқ) қабық, *qalb* (қалыб) қалып, *qarçuq* (қарчұқ) қаршық, *qarın* (қарын) қарын, *qaşı* (қашы) қасы, *qismet* (қысмет) қызмет, *qazuq* (қазуқ) қазық, *kina* (кінә) кінә, *kisik* (кесік) кесік, *kişi* (кіші) кісі, *kitāb* (кітәб) кітап, *qoltuq* (қолтуқ) қолтық, *qorqunč* (қорқунч) қорқыныш, *qoz* (қоз) жаңғақ, *kölige* (көліге) көлеңке, *köngül* (көнгүл) көңіл, *köpük* (көпүк) көбік, *quymıç* (құймұч) құймышақ, *quyruq* (қуірүк) құйрық, *mekan* (мекан) мекен, *meydan* (мейдан) майдан, *miskin* (міскін) міскін, *nazar* (назар) назар, *nomaz* (номаз) намаз, *noqta* (ноқта) ноқта, *orta* (орта) орта, *otni* (отны) отын, *otga-otka* (отга-отқа) отқа, *yara* (йара) жара, *rakim* (ракым) рақым, *saat* (саат) сағат,

**sabun** (сабун) сабын, **muhtac** (мухтадж) мұқтаж, **öküz** (өкүз) өгіз, **saç** (сач) шаш **saman** (саман) сабан, **sebeb** (себеб) себеп, **sefer** (сефер)сапар, **selām** (селәм) сәлем, **sirqat** (сыркат) сырқат, **sidük** (сідүк) сідік, **šarāb** (шараб) шарап, **šart** (шарт) шарт, **tamay** (тамағ) тамақ, **tamar** (тамар) тамыр, **tavuk** (тавук) тауық, **töpe** (төбе) төне, **törtgül** (төртгүл) төртгүл, **ülüş** (ұлуш) улус, **ümid** (үмід) үміт, **vakit** (вакыт) уақыт, **asanliq** (асанлық) есендік, **ayruq** (айрұқ) айрық, **quruu** (құрұғ) құрық, **šarāb** (шараб) шарап, **šart** (шарт) шарт, **tamay** (тамағ) тамақ, **tamar** (тамар) тамыр, **tavuk** (тавук) тауық, **töpe** (төбе) төне, **törtgül** (төртгүл) төртгүл, **ülüş** (ұлуш) улус, **ümid** (үмід) үміт, **vakit** (вакыт) уақыт, **asanliq** (асанлық) есендік, **ayruq** (айрұқ) айрық, **quruu** (құрұғ) құрық, үш буынды сөздер **ayačda** (ағачда) ағашта, **ayačiniñ** (ағачының) ағашының, **ayiziniñ** (ағызының) аузының, **ayizini** (ағызыны) ауызын, **ayizın** (ағызын) ауызын, **ayizina** (ағызына) ауызына, **ayizinda** (ағызында) аузында, **ayizindan** (ағызындан) аузынан, **ähirat** (әһират) ақырет, **hareket** (һаракет) әрекет, **qabilan** (қабылан) қабылан, **qarındaš** (қарындаш) қарындас, **qazančuq** (қазанчуқ) қазанчық.

Қазіргі қазақ тілінде мағыналық та, тұлғалық та тұрғыдан өзгеріске түспей қолданылатын сындық ұғымды білдіретін сөздер: бір буынды **aq** (ақ) ақ, **az** (аз) аз, **qoyu** (қою) қою, **kök** (көк) көк, **köp** (көп) көп, **tar** (тар) тар; екі буынды **qara** (қара) қара, **qizil** (қызыл) қызыл, **sarı** (сары) сары, **tiri** (тірі) тірі, **aša** (аша) аса, үш буынды сөздер **qırqizil** (қыпқызыл) қыпқызыл **sapsarı** (сапсары) сапсары, **ala** (ала) ала.

Аз, кем фонетикалық өзгерісі бар сындық ұғымды білдіретін сөздер бір буынды сөздер, **ay** (ағ) ағ, **boš** (бош) бос, **hor** (һор) һор, **kiñ** (кің) кең, екі буынды **ayır** (ағыр), **arır-arıq** (арыз-арық) арық, **ači** (ачы) ашы, **ačuk-ačik** (ачук-ачік) ашық, **alčaq** (алчақ) алшақ, **artuq** (артұқ) артық, **aruq** (арұқ) арық, **asıl** (асыл) асыл, **ašıy-ašiq** (ашығ-ашық) ашық, **azrek** (азрек) азырақ, **bütün** (бүтүн) бүтін, **čala** (чала) шала, **dürüst** (дұрұст) дұрыс, **haläs** (һаләс) һалас, **iski** (іскі) ескі, **issi** (іссі) ыстық, **qabul** (қабул) қабыл, **qalın** (қалың) қалың, **qatı** (қаты) қатты, **qışqa** (қышқа) қысқа, **kičik** (кічүк) кіші, **qoyu** (қоюуғ) қою, **küčli** (күчлі) күшті, **sarıy** (сарығ) сары, сары, **tatlı** (татлы) тәтті, **uzaq** (ұзақ) ұзақ, **uzan** (ұзан) ұзын, **uzun** (ұзұн) ұзын, үш буынды сөздер **aşayaraq** (ашағарақ) ашқарақ, **azıraq** (азырақ) азырақ, **belgüsiz** (белгүсіз) белгісіз, **qarası** (қарасы) қарасы, **qarangu** (қарангу) қаранғы, **qarišu** (қарішу) қарсы, **qarišusın** (қарішусын) қарсысын, **qışqaraq** (қышқарақ) қысқарақ, **qizildan** (қызылдан) қызылдан, **qizili** (қызылы) қызылы, **kičikrek** (кічірек) кішірек, **tatlısi** (татлысы) тәттісі, **tübinden** (түбінден) түбінен, **uzunča** (узунча) ұзынча, **uzunı** (узуны) ұзыны **uzunınča** (ұзынча) ұзынча.

Қазіргі қазақ тілінде мағыналық та, тұлғалық та тұрғыдан өзгеріске түспей қолданылатын сандық ұғымды білдіретін сөздер:

**sansız** (сансыз) сансыз, **altı** (алты) алты, **altıda** (алтыда) алтыда, **bir** (бір) бір, **toqsan** (тоқсан) тоқсан, **tört** (төрт) төрт, **on** (он) он, **on dört** (он төрт) он төрт, **mıñ** (мың) мың, **batman** (батман) батман.

Аз, кем фонетикалық өзгерісі бар сандық ұғымды білдіретін сөздер **biš** (біш) бес, **iki** (ікі) екі, **ikisi** (ікісі) екісі, **ikisiniñ** (ікісінің) екісінің, **ikisin**



(ікісін) екісін, **ikisine** (ікісіне) екісіне, **otuz** (отуз) отыз, **sekiz** (секіз) сегіз, **üç** (үч) үш, **ikinci on** (он) он екінші, **qırq** (қырқ) қырық, **ikinci** (ікінчі) екінші, **toquz** (тоқуз) тоғыз, **törtünči** (төртінчі) төртінші, **üçünči** (үчүнчы) үшінші, **yigirmi** (йығырма) жиырма, **yiti** (йіті) жеті, **yitinči** (йімінчі) жетінші, **on sekiz** (он секіз) он сегіз .

Қазіргі қазақ тілінде мағыналық та, тұлғалық та тұрғыдан өзгеріске түспей қолданылатын іс-қимылды білдіретін сөздер

**Бір буынды:** **al** (ал) ал **bar** (бар) бар, **bas** (бас) бас, **bat** (бат) бат, **bil** (біл) біл, **bit** (біт) біт, **as** (ас) ас, **aş** (аш) аш, **at** (ат) ат, **oz** (оз) оз, **öl** (өл) өл, **ört** (өрт) өрт, **öt** (өт) өт, **sal** (сал) сал, **soq** (соқ) соқ, **sol** (сол) сол, **soy** (сой) сой, **sür** (сүр) сүр, **sen** (сен) сен, **tap** (тап) тап, **toy** (той) той, **toz** (тоз) тоз, **tur** (тұр) тұр, **ayt** (айт) айт, **baq** (бақ) бақ, **qal** (қал) қал, **qat** (қат) қат **kes** (кес) кес, **tut** (тұт) тұт, **qıl** (қыл) қыл, **kir** (кір) кір, **kör** (көр) көр, **kül** (күл) күл, **min** (мін) мін, **tol** (тол)тол, **qoy** (қой) қой; **екі буынды:** **barsa** (барса) барса, **bassa** (басса) басса, **basar** (басар) басар, **batar** (батар) батар, **bilmek** (білмек) білмек, **bilse** (білсе) білсе, **atsa** (атса) атса, **aşsa** (ашса) ашса, **bilmek** (білмек) білмек, **bilmes** (білмес) білмес, **aqsa** (ақса) ақса, **aqsar** (ақсар) ақсар, **bilin** (білін) білін, **biter** (бітер) бітер, **bitti** (бітті) бітті, **aqsa** (ақса) ақса, **asar** (асар) асар, **aytde** (айтде) айтде, **ayti** (айты) айтты, **bilseñ** (білсең) білсең, **bolmas** (болмас) болмас, **qalmas** (қалмас) қалмас, **qalmasa** (қалмаса) қалмаса, **qarar** (қарар) қарар, **qati** (қаты) қатты, **qayt** (қайт) қайт, **qayna** (қайна) қайна, **qaynat** (қайнат) қайнат, **qaynap** (қайнап) қайнап, **qaytar** (қайтар) қайтар, **keril** (керіл) керіл, **turmak** (тұрмақ) тұрмақ, **turgan** (тұрған) тұрған **tile** (тіле) тіле, **tiler** (тілер) тілер, **tolar** (толар) толар, **eri** (ері), ері, **erir** (еріп) еріп **erit** (ерім) ерім, **kirse** (кірсе) кірсе, **kessen** (кессең) кессең, **kesse** (кессе) кессе, **kirmes** (кірмес) кірмес, **qopar** (қопар) қопар, **qorqar** (қорқар) қорқар, **qorqa** (қорқа) қорқа, **qoyar** (қойар) қояр, **qoysañ** (қойсаң) қойсаң, **qoysa** (қойса) қойса, **qoyğan** (қойған) қойған, **qoydan** (қойдан) қойдан, **qoymas** (қоймас) қоймас, **körer** (көрер) көрер, **körler** (көрлер) көрлер, **körseñ** (көрсен) көрсен, **körgan** (көрген) көрген, **körgan** (көрген) көрген, **körmes** (көрмес) көрмес, **köter** (көтер) көтер, **kötergey** (көтергей) көтергей, **mingey** (мінгей) мінгей, **minse** (мінсе) мінсе, **mingen** (мінген) мінген, **mine** (міне) міне, **minil** (мініл) мініл, **oyna** (ойна) ойна, **oynar** (ойнар) ойнар, **ölmek** (өлмек) өлмек **öler** (өлер) өлер, **ölmes** (өлмес) өлмес, **örgen** (өрген) өрген **örter** (өрттер) өрттер, **ötse** (өтсе) өтсе, **ötker** (өткер) өткер **salmaq** (салмақ) салмақ, **salar** (салар) салар, **salip** (салып) салып, **salin** (салын) салын, **semir** (семір)семір, **süzül** (сүзүл) сүзіл, **şesip** (шешін) шешін, **tamiz** (тамыз) тамыз, **uril** (ұрыл) ұрыл, **ursañ** (ұрсаң) ұрсаң, **tolsa** (толса) толса, **tapsa** (тапса) тапса, **tozar** (тозар) тозар, **ursa** (ұрса) ұрса, **ursa** (ұрса) ұрса, **үш буынды** **bilmes** (білмесе) білмесе, **bilmeyin** (білмейін) білмейін, **bildirmek** (білдірмек) білдірмек, **qaynatsa** (қайнатса) қайнатса, **tiledim** (тіледім) тіледім, **tileseñ** (тілесен) тілесен, **tilese** (тілесе) тілесе, **tilemes** (тілемес) тілемес, **tilemese** (тілемесе) тілемесе, **kirmegey** (кірмегей) кірмегей, **qoparsa** (қопарса) қопарса, **körmeke** (көрмеке) көрмекке, **örtemek** (өртемек) өртемек, **salinsa** (салынса) салынса, **semirmes** (семірмес) семірмес.

Аз, кем фонетикалық өзгерісі бар іс-қимылды білдіретін сөздер:

Бір буынды: **aç** (ач) аш, **bir** (бір) бер, **biş** (биш) піс, **çal** (чал) шал, **çar** (чан) шап, **çiq** (чық), **dur** (дур) тұр, **iç** (іч) іш, **iç** (іч) іш, **iş** (иш) іс, **it** (ім) ет, **iz** (із) ез, **kit** (кет) кет, **süz** (сүз) сүз **tig** (тиг) тік, **tög** (төг) төк, **tüş** (түш) түс, **ölç** (өлч) өлче, **siy** (сій) си, **екі буынды: kesp** (кесін) кесін, **körp** (көрп) көріп, **açmak** (ачмак) ашпақ, **açar** (ачар) аша, **açgil** (ачгыл) ашқыл, **açsa** (ачса) ашса, **açgan** (ачган) ашқан, **aşikli** (ашықлы) ашықты, **aşursa** (ашұрса) ашса, **aqsun** (ақсұн) ақсын, **aşur** (ашұр) ашар, **açmas** (ачмас) ашпас, **alçay** (алғай) алғай, **alçil** (алгыл) алгыл, **alsañ** (алсаң) алсаң, **alçan** (алған) алған, **almaq** (алмақ) алмақ, **aldur** (алдұр) алдыр, **ayçay** (айтғай) айтқай, **ayttuk** (айттық) айттық, **baqtur** (бақтұр) бақтыр, **basçay** (басғай) басғай, **basgil** (басгыл) басқыл, **bassañ** (бассаң) бассаң, **basgan** (басған) басған, **başla** (башла) баста, **başlar** (башлар) бастар, **batmak** (батмак) батпақ, **batur** (батур) бата, **bilgey** (білгей) білгей, **bilgil** (білгіл) білгіл, **bildur** (білдүр) білдір, **bilgür** (білгүр) білгір, **birür** (бірүр) берер, **bişti** (бишті) пісті, **bişsun** (бишсүн) піссін, **bişsen** (бишсен) піссе, **bişse** (бишсе) піссе, **bişmiş** (бишмиш) піскен, **bişür** (бишүр) пісір, **bişik** (бишік) пісік, **bitmek** (бітмек) бітпек, **bitsün** (бітсүн) бітсін, **bite** (біте) біте, **bitgen** (бітген) біткен, **bitemes** (бітемес) бітмес, **bitiş** (бітіш) бітіс, **bitiş** (бітіші) бітісі, **bitür** (бітүр) бітер, **bolar** (болар) болар, **aytsam** (айтсам) айтсам, **bakar** (бакар) бағар, **bakçay** (бакғай) баққай, **bakgil** (бакгыл) баққыл, **baqsa** (бакса) бакса, **baqip** (бақып) бағып, **bolmaz** (болмаз) болмаз, **çakir** (чакыр) шақыр, **çarmak** (чанмак) шапмақ, **çikar** (чықар) шығар, **çila** (чыла) шыла, **çilap** (чылап) шылап, **dutul** (дутул) тұтыл, **isla** (ісла) істе, **içmek** (ічмек) ішпек, **içer** (ічер) ічер, **içsün** (ічсүн) ішсін, **içse** (ічсе) ішсе, **içe** (іче) іше, **içgen** (ічген) ішкен, **içmes** (ічмес) ішмес, **içür** (ічүр) ішер, **ile** (іле) еле, **ilegey** (ілегей) елегей, **ilysen** (ілейсен) елейсін, **ilgil** (ілгіл) іл, **irür** (ірүр) ерір, **iri** (ірі) ері, **irip** (іріп) еріп, **irit** (ірім) ерім, **isit** (ісім) есім, **işi** (іші) ісі, **işle** (ішле) істе, **işler** (ішлер) істер, **işit** (ішім) есім, **itli** (ітлі) етті, **ingen** (інген) ітсіз, **itsiz** (ітсіз) етсіз, **iyle** (ійле) иле, **izgey** (ізгей) ізгей, **izgil** (ізгіл) езгіл, **qaçmak** (качмак) қаппақ, **qaşı** (қашы) қасы, **qaşir** (қашыр) қасыр, **qaşuq** (қашуқ) қасық, **qatmak** (қатмак) қатпақ, **qatar** (қатар) қатар, **qaytur** (қайтар) қайтар, **qayçay** (қайтғай) қайтқай, **kesil** (кесіл) кесіл, **qalur** (қалұр), **qalir** (қалыр) қалар, **qalçay** (қалғай) қалғай, **qalsun** (қалсун) қалсын, **qalsa** (қалса) қалса, **qariş** (қарыш) қарыш, **kesgey** (кесгей) кескей, **kesgil** (кесгіл) кесгіл, **kesmek** (кесмек) кеспек, **kese** (кесе) кесе, **qilur** (қылур) қылар, **qilgey** (қылгей) қылғай, **qilse** (қылса) қылса, **qilmes** (қылмес) қылмас, **qiltür** (қылтұр), **qilmak** (қылмак) қылмақ, **qilp** (қылп) қылып, **kirür** (кірүр) кірер, **kirmiş** (кірмиш) кірмес, **kiter** (кітер) кетер, **kitgey** (кітгей) кеткей, **kite** (кіте) кете, **kitse** (кітсе) кетсе, **kitmiş** (кітмиш) кетмес, **kitmes** (кітмес) кетмес, **kiter** (кетер) кетер, **qorq** (қорқ) қорық, **qoyçay** (қойғай) қойғай, **qoyçil** (қойгыл) қойгыл, **qoysun** (қойсун) қойсын, **körgil** (көргіл) көргіл, **körler** (көрлер) көрер, **körün** (көрін) көрін, **qurut** (құрұт) құрт, **minmek** (мінмек) мінбек, **mindür** (міндүр) міндір, **minden** (мінден) мінген, **mingeş** (мінгеш) мінгес, **oşsa-oşsa** (оқса) уқса, **oşar-oşar** (оқсар) ұқсар, **sürtül** (сүртүл) сүртүл, **sürür** (сүрүр) сүрер, **tamzir** (тамзыр) тамызар, **öltür** (өлтүр) өлтір, **örtül** (өртүл) өртел, **saqla** (сақла)

сақта **salıyay** (салгай) салгай, **salıyl** (салғыл) салғыл, **salsang** (салсаң) салсаң, **salıq bol** (салық бол) салық бол, **salım bol** (салым бол) салым бол, **segir** (сегір) секір, **segri** (сегрі) секір, **siyer** (сійер) сиер, **siygey** (сійгей) сигей, **siydi** (сійді) сиді, **siysin** (сійсін) сисін, **siyse** (сійсе) сисе, **siye** (сійе) сие, **siyer** (сійер) сиер, **siymek** (сіймек) симек, **siymes** (сіймес) симес, **soqar** (соқар) соқар, **soqayay** (соқғай) соққай, **soqyl** (соқғыл) соққыл, **solur** (солур) солар, **soyp** (сойп) сойып, **soyun** (сойун) сой, **sürmek** (сүрмек) сүрмек, **sürer** (сүрер) сүрер, **sürgey** (сүргей) сүргей, **sürüp** (сүрүп) сүрүп, **sürmek** (сүрмек) сүрмек, **süzmek** (сүзмек) сүзбек **süzgil** (сүзгіл) сүз, **šešgey** (шеишгей) шеишкей, **šešgil** (шеишгіл) шеиш, **šešmek** (шеишмек) шеишпек, **šešil** (шеишил) шеишил, **šešür** (шеишүр) шеишер, **šešgey** (шеишгей) шеишкей, **tamuz** (тамуз) тамыз, **tapul** (тапул) табыл, **tapmas** (тапмас) таппас, **tarar** (тарар) тарар, **targan** (тарган) тартқан, **tartıl** (тартыл) тартыл, **tiger** (тігер) тігер, **tigse** (тігсе) тіксе, **tigp** (тігп) тігіп, **tiker** (тікер) тігер, **tikgey** (тікгей) тіккей, **tikdi** (тікді) тікті, **tikgen** (тікген) тіккен, **tikmek** (тікмек) тікпек, **tolgay** (толгай) толгай, **toyayay** (толгай) толгай, **toydur** (тойдур) тойдыр, **tozmas** (тозмас) тозбас, **tögdi** (төгді) төкті, **töggil** (төггіл) төккіл, **tögül** (төгіүл) төгіл, **turgay** (тұрғай) тұрғай, **tursun** (тұрсұн тұрсын, **tursa** (тұрса) тұрса, **tura** (тұра) тұра, **turbil** (тұрбіл) тұра біл, **turup** (тұрұп) тұрып, **turmas** (тұрмас) тұрмас, **turguz** (тұргұз) тұрғыз, **tutar** (тұтар) тұтар, **tutgay** (тұтгай) тұтқай, **tutdı** (тұтды) тұтты, **tutgil** (тұтғыл) тұтқыл, **tutsang** (тұтсаң) тұтсаң, **tutsa** (тұтса) тұтса, **tuta** (тұта) тұта, **tutmas** (тұтмас) тұтпас, **tüşer** (түшер) түсер, **tüşgey** (түшгей) түскей, **tüşsün** (түшсүн) түссін, **tüşse** (түшсе) түссе, **tüşüp** (түшүп) түсіп, **tüşgen** (түшген) түскен, **tüşde** (түште) түсте, **urur** (ұрұр) ұрар, **urgay** (ұрғай) ұрғай, **tozdan** (тоздан) тозған, **urup** ұрып) ұрып, **urgen** (ұрген) ұрған, **urganda** (ұрганда) ұрғанда, **urmak** (ұрмак) ұрмақ, **üzül** (үзүл) үзіл, **үш буынды: ačgaysen** (ачгайсың) ашқайсың, **ačılmaq** (ачылмак), **ačilur** (ачылур) ашылар, **ačilgay** (ачылгай) ашылгай, **ačilsa** (ачылса) ашылса, **ačmasa** (ачмаса) ашпаса, **aqsamas** (ақсамас) ақсамас, **aqsamaz** (ақсамаз), **alaysin** (алгайсін) алгайсың, **almaqqa** (алмаққа) алмаққа, **almayá** (алмаға) алмаға, **alayan** (алаган) алаған, **alduryıl** (алдұрғыл) алдырғыл, **alıšdır** (алышдыр) алыстыр, **ašip** (ашып) асып, **asgaysen** (асгайсың), **ayturbiz** (айтұрбыз) айтармыз, **ayturlar** (айтұрлар) айтар, **aytayim** (айтайым) айтамын, **barmayay** (бармагай) бармагай, **başlamak** (башиламак) бастамақ, **başladim** (башиладым) бастадым, **başladuk** (башиладук) бастадық, **baturur** (батурур) батырур, **baturgay** (батургай) батырғай, **baturmas** (батырмас), **bilgeysin** (білмегейсін) білмегейсің, **bilmekge** (білмекге) білмекке, **bildurdi** (білдүрді) білдірді, **bilgürür** (білгүрүр) білдірер, **bilgürdi** (білгүрді) білдірді, **bilgürse** (білгүрсе) білдірсе, **bilirmek** (белірмек) білдірмек, **bilinmek** (білінмек) білінмек, **bilinür** (білінүр) білінер, **bilinmes** (білінмес) білінбес, **bilinmese** (білінмесе) білінбесе, **bilmeklik** (білмеклік) білмектік, **birgeysen** (біргейсін) бергейсің, **bišgenden** (бішгенден) піскеннен, **bišmesden** (бішмесден) піспестен, **bišürgil** (бішүргіл) пісіргіл, **bişikınče** (бішікінче) піскенше, **bitirmek** (бітірмек) бітірмек, **bitürür** (бітірүр) бітірер, **bolursin** (болурсун) боларсың, **bolurlar** (болурлар) болар, **bolurgay** (болургай) болгай, **bolurdı** (болурды) болды,

**bolurduk** (болдурдук) болдырдық, **bolurgil** (болургыл) болғыл, **bolursun** (болурсун) боларсың, **bolursaŋ** (болурсаң) боларсың, **bolursa** (болурса) болса, **bolurmak** (болурмак) болурмак, **bolurgan** (болурган) болурган, **baqmaqı** (бақмақы) бақпақ, **baqmaŋay** (бақмағай) бақпағай, **baqturur** (бақтұрұр) бақтырар, **basganda** (басғанда) басқанда, **basgandan** (басгандан) басқаннан, **basmagay** (басмағай) баспағай, **bolmagay** (болмағай) болмағай, **bolmagin** (болмағын) боламғын, **čakirka** (чакырка) шақырса, **čakirdan** (чакырдан) шақырдан, **čapganda** (чапғанда), **čapmakka** (чапмаққа) шаппаққа, **čapmakdan** (чапмакдан) шаппақтан, **čikarŋay** (чықарғай) шақырғай, **čikarmiš** (чыкармыш) шақыр, **čikarsa** (чакырса) шақырса, **čikargan** (чыкарган) шақырған, **čikarmay** (чыкармай) шақырмай, **čikarmas** (чыкармас) шақырмас, **čikarur** (чыкарур) шақырар, **čikardi** (чыкарды) шақырды, **čikargil** (чыкаргыл) шақыргыл, **čikarul** (чыкарул) шақырғыл, **durgaysen** (тұрғайсен) тұрғайсың, **dutulur** (дутулур) тұтылар, **eritgil** (ерімкіл) ерімкіл, **islamak** (ісләмәк) істемек, **islagay** (іслагай) істегей, **isladiŋ** (ісладің) істедің, **islagil** (ісләгіл) істе, **ičiki** (ічікі) іші, **ičikin** (ічкін) ішкін, **ičgende** (ічгенде) ішкенде, **ičmekden** (ічмекден) ішпектен, **ičmegey** (ічмегей) ішпегей, **ičmese** (ічмесе) ішпесе, **ičmeyin** (ічмейін) ішпейін, **ičürgey** (ічүргей) ішіргей, **ičürgil** (ічүргіл) ішір, **ičürse** (ічүрсе) ішірсе, **ičürmek** (ічүрмек) ішірмек, **ilelik** (ілелік) елейік, **ilenmek** (ілемек) елемек, **ilenür** (іленүр) елер, **ilenmiş** (іленміш) еленміш, **iridi** (іріді) еріді, **iripse** (іріпсе) ерісе, **iritse** (ірімсе) ерімсе, **iritip** (ірімін) ерімін, **isitmak** (ісіммак) есітпек, **isitgay** (ісімғай) есіткей, **isitgil** (ісімгіл) есіткіл, **isitip** (ісімін) есімін, **isitgen** (ісімген) естікен, **işiden** (ішіден) ісінен, **işlegey** (ішлегей) істегей, **işitür** (ішітүр) естір, **işitgen** (ішітген) естіген, **işitmes** (ішітмес) естімес, **iylerin** (ійлерін) илерін, **izer** (ізер) езер, **izgeysen** (ізгейсен) есгейсің, **izilmek** (ізілемек) езбек, **ezilmek** (ізілмек) езілмек, **izilmek** (ізілмек) езілмек, **qačmakar** (качмаклар) қаппақ, **qačmaksa** (качмакса) қаппаса, **qalyanin** (қалғанын), **qalmaŋay** (қалмағай) қалмағай, **qalmasun** (қалмасун) қалмасын, **qararur** (қарур) қарур, **qarargay** (қарағай) қарағай, **qarišmiş** (қарыш) қарыш, **qarišmiş** (қарышмыш) қарыстыр, **qarištur** (қарыштур) қарыштыр, **qarišturp** (қарыш)қарыстырып, **qašimaq** (қашымақ) қасымақ, **qaširmak** (қашырмақ) қасымақ, **qatŋaysen** (қайтғайсен) қайтқайсың, **qaynagay** (қайнағай), **qaynatŋay** (қайнатғай) қайнатғай, **qaynatgil** (қайнатғыл) қайнатқыл, **qaytarur** (қайтарур) қайтарар, **qaytara** (қайтара) қайтара, **kerilir** (керілір) керіл, **kerilp** (керілін) керіліп, **kesgeysen** (кесгейсен) кескейсің, **kesmese** (кесмесе) кеспесе, **kesilmek** (кесілмек) кесілмек, **kesilur** (кесілүр) кесілер, **kesilgey** (кесілгей) кесілгей, **kesilse** (кесілсе) кесілсе, **kesilgen** (кесілген) кесілген, **qilmekke** (қылмекке) қылмаққа, **qilmegey** (қылмегей) қылмағай, **kitmese** (кітмесе) кетпесе, **kiterür** (кітерүр) кетер, **kiterler** (кітерлер) олар кетер, **kitergil** (кітергіл) кетіргіл, **kiterp** (кітерін) кетіріп, **kitermek** (кітермек) кетірмек, **qoparmak** (қопармақ) қопармақ, **qoparur** (қапарұр) қопарар, **qoŋŋaysen** (қойғайсен) қойғайсың, **qoŋŋaysin** (қойғасын) қойғайсың, **qoymaŋay** (қоймағай) қоймағай, **körgeysen** (көргейсен) көргейсің, **kördüm** (көрдүм) көрдім, **körmegey** (көрмегей) көрмегей, **körmedim** (көрмедім) көрмедім, **körmemek** (көрмемек) көрмек, **körünür** (көрінуір) көрінер, **körünse** (көрүнсе)

көрінсе, **körünmes** (көрүнмес) көрінбес, **köterür** (көтерүр) көтерер, **kötergeysen** (көтергейсен) көтергейсің, **kötürür** (көтүрүр) көтерер, **kötürgey** (көтүргей) көтергей, **kötüre** (көтүре) көтерер, **kötürmes** (көтүрмес) көтермес, **qurutıyl** (құрұтғыл) құртқыл, **qurutsa** (құрұтса) құртса, **mingerde** (мінгерде) мінгерде, **minerge** (мінрге) мінерге, **minmeseng** (мінмесен) мінбесен, **mingeşse** (мінгеіше) мінгессе, **oqusa** (оқуса) оқыса, **oqugan** (оқуған) оқыған, **qurutmaq** (құрұтмақ) құрытпақ, **işilerde** (ішілерде) істерінде, **ozgay sen** (озгайсен) озгайсың, **ölgünçe** (өлгүнче) өлгеніше, **ölçemek** (өлчемек) өлшемек, **ölçgil** (өлчегіл) өлшегіл, **öldürmek** (өлтүрмек) өлтірмек, **öltürür** (өлтүрүр) өлтірер, **örtgeysen** (өртегейсен) өртегейсің, **örtüglüg** (өртегүл) өрте, **örtülü** (өртлү) өртті, **örtülür** (өртүлүр) өртелер, **geçirmek** (гечірмек) кешірмек, **ettirmek** (еттірмек) етілмек, **ötkere** (өткере) өткере, **ötkermegeysen** (өткермегейсен) өткірмегейсің, **övkende** (өвкенде) өкпелегенде, **sayınaysen** (сағынсайсен) сағынғайсың, **saqlagaysen** (сақлағайсен) сақтағайсың, **saqlagay** (сақлағай) сақтағай, **saqlayıl** (сақлағыл) сақта, **saqlayan** (сақлаған) сақтаған, **saqlamak** (сақламақ) сақтамақ, **saqlamaqqa** (сақламаққа) сақтамаққа, **saqlan** (сақлан) сақтан, **saqlangaysen** (сақлағайсен) сақтағайсың, **saqlangıl** (сақланғыл) сақтанғыл, **saqlan qıl** (сақлан қыл) сақтан, **salıaysen** (салғайсен) салғайсың, **salınur** (салынұр) салынар, **salundur-salındırmaq** (салндұр-салындырмақ) салындырмақ, **sarqıtmaq** (сарқытмақ) сарқытмақ, **siygende** (сійгенде) сигенде, **segirir** (сегірір) секіер, **siymese** (сіймесе) симесе, **soqqaysen** (соқайсен) соққайсың, **sürgende** (сүргенде) сүргенде, **sürmekge** (сүрмекге) сүрмекке, **sürüter** (сүрүтер) сүртер, **sürütgey** (сүрүтгей) сүрткей, **sürütgey** (сүрүтгей) сүркей, **sürütgil** (сүрүтгіл) сүрткіл, **sürütseng** (сүрүтсен) сүртсең, **sürütse** (сүрүтсе) сүртсе, **sürütse tur** (сүрүтсе тұр) сүртетұр, **sürütmek** (сүрүтмек) сүртпек, **sürtülür** (сүртүлүр) сүртілер, **sürtülmes** (сүртүлмес) сүртілмес, **sürtüş** (сүртүш) сүртіс, **sürtüşgey** (сүртүшгей) сүртіскей, **sürtüştür** (сүртүш тұр) сүртіліп тұр, **sürtüşgey** (сүртүшгей) сүртіскей, **süzgeysen** (сүзгейсен) сүзгейсің, **süzülmek** (сүзүлмек) сүзілмек, **süzülür** (сүзүлүр) сүзілер, **şesgeysen** (шеішгейсен) шеішкейсің, **şesgende** (шеішгенде) шеішкенде, **şesmegey sen** (шеішмегейсен) шеішнегейсің, **tamizgil** (тамызғыл) тамыз, **tamuzur** (тамузур) тамызар, **taparsen** (тапарсен) табарсың, **tapdum** (тапдұм) таптым, **tapsang** (тапсаң) тапсаң, **tapmasang** (тапмасаң) таппасаң, **tapmasa** (тапмаса) таппаса, **tapmasa** (тапмаса) таппаса, **tartilur** (тартылур) тартылар, **tiggende** (тіггенде) тіккенде, **tigmekden** (тігмекден) тікпектен, **tigmemiş** (тігмеміш) тікпекші, **tikmegey** (тікмегей) тікпегей, **tögerler** (төгерлер) төгер, **tögülür** (төгүлүр) төгілер, **tögülmiş** (төгүлміш) төгілмес, **tur-tura** (тұр тұра) тұра тұр, **turmagay** (тұрмағай) тұрмағай, **tutkaysen** (тұтқайсен) тұтқайсың, **tuta bil** (тұта біл) тұта біл, **tutganda** (тұтганда) тұтқанда, **tutganı** (тұтганы) тұтқаны, **tutgannig** (тұтганның) тұтқанның, **tüşgeysen** (түшгейсен) түскейсің, **tüşmegey** (түшмегей) түснегей, **tüşür** (түшүр) түсір, **tüşürgil** (түшүргүл) түсіргіл, **urgaysen** (ұрғайсен) ұрғайсың, **urmaga** (ұрмаға) ұрмаққа, **urmaqdan** (ұрмақдан) ұрмақдан, **üzülür** (үзүлүр) үзілер, төрт буынды **aşurmağaysen**

(ашұрмағайсен) ашпағайсың, **aşurmayay** (ашұрмағай), ашырмағай,  
**aqsaganına** (ақсағанына) ақсағанына, **almağáysen** (алмағайсен) алмағайсың,  
**alıšdıra** (алышдыра) алыстыра, **barmayaysen** (бармағайсен) бармағайсың,  
**bilgürgende** (білгүргенде) білдіргенде, **bilgürmegey** (білгүрмегей) білдірмегей,  
**bilgürmese** (білгүрмесе) білдірмесе, **bilmeklikge** (білінмеклікге), **bişürgeysun**  
 (бішүргейсун) пісіргеісің, **bolurgaysen** (болурғайсен) болғайсың, **bolurdukça**  
 (болурдукча), **bolurmaknı** (болурмакны) болмақты, **bolurmakka** (болурмакка)  
 болармаққа, **bolurmakdan** (болурмакдан) болмақтан, **bolurgandan**  
 (болургандан) болғаннан, **bolurganı** (болурганы) болғаны, **bolurganıni**  
 (болурганыны) болғаны, **bolurganın** (болурганын) болғанын, **bolurmasın**  
 (болурмасын) болмасын, **bolurmasa** (болурмаса) болмаса, **bolurmasdan**  
 (болурмасдан) болмастан, **bolurmazdan** (болурмаздан) болмастан,  
**čikaryanda** (чықарғанда) шақырғанда, **čikarmakdan** (чықармакдан)  
 шақырмақтан, **čikarmaklıkka** (чықармаклықка) шақырмақтыққа, **čikargaysen**  
 (чықарғайсен) шақырғайсың, **čikarmayay** (чықармағай) шақырмағай,  
**čikarmasa** (чықармаса) шақырмаса, **čikarulur** (чықарулур) шақырылар,  
**islagaysen** (ісләгаусен) істегейсің, **ičikine** (іч), **ičikinde** (ічікінде) ішкенде,  
**ičikinden** (ічікінден) ішінен, **ičürmegeysen** (ічүрмегейсен) ішүрмегейсің,  
**ičürmezden** (ічүрмезден) ішірместен, **ičürmezden** (ічүрмезден) ішірместен,  
**ilegeysen** (ілегейсен) елегейсің, **ilegenden** (ілегенден) елегеннен, **ilegüleri**  
 (ілегүлері) електері, **irmişince** (ірімішіне) ерімейінше, **isitgaysen** (ісімгейсен)  
 есіткейсің, **ičikiniñ** (ічкінің) ішінің, **iritgeysen** (ірімгейсен) еріткейсің,  
**išitmemek** (ішітмемек) естімек, **izilmeksün** (ізілмексүн) езілмек, **izilmeksün**  
 (ізілмексүн) езілмек, **izilmekgey** (ізілмекгей) езілмегей, **izilmekgey** (ізілмекгей)  
 езілмегей, **izilmeksün** (ізілмексүн) езілмек, **izilmegen** (ізілмеген) езілмеген,  
**qarişturmaq** (қаруштырмақ) қарыстырмақ, **qariştururlar** (қарыштурлар)  
 қарыстырар, **qarişturğaysen** (қарыштурсен) қарыштырсаң, **qarişturğaysın**  
 (қарыштурғайсын) қарыстырғайсың, **qarişturyıl** (қарыштурғыл)  
 қарыстырғал, **qariştursañ** (қарыштурсаң) қарыстырса, **qarişturssa**  
 (қарыштурса) қарыштырса, **qariştura** (қарыштура) қарыстыра, **üzülmegey**  
 (үзілмегей) үзілмегей, **urmayınça** (ұрмайынча) ұрмайынша, **urmagaysen**  
 (ұрмағайсен) ұрмағайсың, **tamuzgaysen** (тамузғайсен) тамызғайсың,  
**süzülmemiş** (сүзілмеміш) сүзілмек, **sürtülmesün** (сүртүлмесүн) сүртілмесін,  
**sürütgenden** (сүрүтгенден) сүрткеннен, **sürütmegeysen** (сүрүтгейсен)  
 сүрткейсің, **sürütmegey** (сүрүтмегей) сүрнегей, **sürütmesün** (сүрүтмесүн)  
 сүрнесін, **kötürmegeysen** (көтүрмегейсен) көтермегейсің, **qaşırğaysen**  
 (қашырғайсен) қасырғайсың, **qaşırmason** (қашырмасун) қасымасын,  
**kitmeyinçe** (кітмейінче) кетпейінше, **qatmayaysen** (қатмағайсен)  
 қатпағайсың, **qaynagaysun** (қайнағайсун), қайнатқайсың, **qaynatğaysen**  
 (қайнағайсун) қайнағайсың, **kirmeyince** (кірмейінче) кірмейінше, **kitergeysen**  
 (кітергейсен) кетіргеісің, **kitergey** (кітергей) кетіргеісің, **qoymayaysen**  
 (қоймағайсен) қоймағайсың, **qurutğaysen** (құрұтғайсен) құрытқайсың,  
**mınmegeysen** (мінмегейсен) мінбегейсің, **mındürgeysen** (міндүргеісен)  
 міндіргеісің, **oynamakdan** (ойнамақдан) ойнамақтан, **eritgeysen** (ерімгейсен)  
 еріткейсің, **ičürgeysen** (ічүргеісен) ішіргеісің, **körünörünmek**

(көрүнөрүнбек) көрінбек, *segrimekden* (сегірімекден) секірімектен, *sürütgeyler* (сүрүтгейлер) сүркейсіңдер, *tamizyaaysen* (тамызғайсен) тамызғайсың, *tögmeyince* (төгмейінче) төкпейінше, *içikinekisi* (ічкінескісі) ішіндегісі, *içikineki* (ічікнекі) ішіндегі, *içeğüleri* (ічегүлері) ішетіндері.

Қазіргі қазақ тілінде мағыналық та, тұлғалық та тұрғыдан өзгеріске түспей қолданылатын есімдіктер:

Бір буынды, екі буынды үші буынды: *biraz* (біраз) біраз, *birge* (бірге) бірге, *biz* (біз) біз, *bizge* (бізге) бізге, *qalay* (қалай) қалай, *kim* (кім) кім, *ol* (ол) ол, *men* (мен) мен, *mümkın* (мүмкін) мүмкін, *ne* (не) не, *ne kim* (не кім) не кім, *öz* (өз) өз, *özi* (өзі) өзі, *öziniñ* (өзінің) өзінің, *özini* (өзіні) өзін, *özge* (өзге) өзге, *özgege* (өзгеге) өзгеге, *özgesi* (өзгесі) өзгесі, *özgelerine* (өзгелеріне) өзгелеріне, *sen* (сен) сен, *soyan* (соған) соған, *sol* (сол) сол, *biz* (біз) біз.

Аз, кем фонетикалық өзгерісі бар есімдіктер – бір буынды, екі буынды, үш буынды: *barča* (барча) барша, *barčadın* (барчадын) баршадын, *barčası* (барчасы) баршасы, *barçasını* (барчасыны) баршасыны, *barçasın* (бар), *başqa* (башқа) башқа, *birince* (біріндже) бірнеше, *birincesi* (бірінджесі) бірнешесі, *birinceler* (бірінджелер) бірнешелер, *birincer* (бірінджер) бірнешелер, *birnice* (бірнедже) бірнеше, *birinceri* (бірінджелері) бірнешелері, *birincese* (бірінджесе) бірнеше, *birinçke* (бірінчіке) бірін, *bizim* (бізім) біздің, *bizler* (бізлер) біздер, *bu* (бу) бұ, *qaçan* (қачан) қашан, *ki* (кі) кі, *birniçe* (бірнече) бірнеше, *menim* (менім) менің, *munuñ* (мүнүң) мұның, *muni* (мүні) мұны, *mudan* (мудан) бұдан, *mularnı* (муларны) бұларды, *mulardan* (мулардан) бұлардан, *niçe* (нече) неше, *ozun* (өзүн) өзін, *ozunur* (озунур) өзінен, *ozunmakdan* (озунмакдан) өзінікінен, *özü* (өзі) өзі, *özinden* (өзінден) өзінен, *birle* (бірле) бірле, *ançaga* (анчага) анишаға, *andan* (андан) одан.

Қазіргі қазақ тілінде мағыналық та, тұлғалық та тұрғыдан өзгеріске түспей қолданылатын үстеу: *artına* (артына) артына, *artında* (артында) артында, *astına* (астына) астына, *künde* (күнде) күнде, *üstünde* (үстінде) үстінде.

Аз, кем фонетикалық өзгерісі бар үстеулер: *ard* (ард) арты, *ardı* (арды) арты, *artniñ* (артының) артының, *artından* (артындан) артынан, *artınça* (артынча) артыниша, *artar* (артар) артар, *artqaru* (артқару) артқы жағы, *ast* (аст), *astini* (астыны) астын, *astindin* (астындын) астының, *içkeri-içkerü* (ічкері-ічкерү) ішкері, *içkergüsi* (ічкергүсі) ішкергісі, *ilgerü* (ілгеру) ілгері, *taşkaru* (ташкару) тысқары, *taşkarudın*, *üst* (үст) үсті, *üstinden* (үстінен) үстінен, *üstün* (үстүн) үстін, *üstüni* (үстүні) үстінде, *burun* (бұрун) бұрын.

Қазіргі қазақ тілінде мағыналық та, тұлғалық та тұрғыдан өзгеріске түспей қолданылатын шылаулар мен одағайлар: *eger* (егер) егер, *hoş* (хош) қош/хош, *son* (сон) соң.

Аз, кем фонетикалық өзгерісі бар шылаулар мен одағайлар: *deyince* (дейінче) дейін, *elbette* (елбетте) әлбетте, *her* (her) әр, *song* (соң)соң, *songra* (сонгра) соңра, *songragı* (сонграғы) сондағы, *üçün* (үчүн)үшін т.б.

Осындай сәйкестіктер арқылы ортағасырлық мамлук-қыпшақ тілінің қазіргі қазақ тілімен сабақтастығын байқаймыз. Жоғарыда келтірілген

сөздердің кейбірі қазіргі қазақ тілінде дәл сол тұлғалық қалпында қолданылса, кейбірі аз кем фонетикалық өзгешеліктері болғанымен мағынасында еш өзгерісі жоқ екендігі көрініп тұр.

**Мағынасы көнерген қазіргі қазақ тілінде қолданылмайтын атаулар да кездеседі:** *alın* (алын) маңдай, *alina* (алына) маңдайына, *alında* (алында) маңдайында, *alındayı* (алындағы) маңдайындағы, *alındayın* (алындағын) маңдайындағыны, *alından* (алындан) маңдайынан, *alt* (алт) төмен, *altına* (алтына) төменде, *altında* (алтында) төменде, *altındayı* (алтындағы) төмендегі, *altından* (алтындан) төменнен, *arī* (ары) таза, *arıgay sen* (арығайсың) тазалағайсың, *arıy* (арығ) таза, *arınsa* (арынса) тазаланса, *arīt* (арыт) тазала, *aritur* (арытұр) тазала, *arıtaysen* (арытғайсың) тазалағайсың, *arıyan* (арыйан), *divar* (дiвар) қабырға, *divarka* (дiварка), *dudak* (дудак) ерін, *dudaklarī* (дудаклары) еріндері, *dudakīn* *dudakīnī*, *dudakīndan*, *iyegü* (ійегү) омыртқа, *iyegüsi*, *iyegüsini*, *iyegüleri*, *iyegülerining*, *iyegülerden*, *kibi* (кiбі) сияқты, *sayrı* (сары) сары, *sayrīsī* (сарғысы) сарысы, *sayrīsīndan* (сарғысындан) сарысынан, *uca* (уча) арқа, *ucasī* (учасы) арқасы, *ucasīning* (учасының) арқасының, *ucasīnī* (учасыны) арқасы, *ucasīna* (учасына) арқасына, *ucasīnda* (учасында) арқасында, *oylan* (оғлан) ұлан, *oylanning* (оғланның) ұланның, *oylanlarning* (оғланының) ұлының, *oylanlarini* (оғланлары) ұландары, *adem* (адам) адам, *oylanlarinī* (оғланларыны) ұландары, *oylanlarīna* (оғланларына) ұландарына, *oğul* (оғұл) ұл, *oğuli* (оғұлы) ұлы, *oğulīna* (оғұлына) ұлына, *iv* (ів) үй, *ivi* (іvi) үйі, *ivge* (івге) үйге, *ivde* (івге) үйде, *boğaz* (боғаз) тамақ, *boğuzī* (боғузы) тамағы, *boğuzīna* (боғазуна) тамағына.

Мұндай лексикалық элементтер түркі тілдеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды, сондай-ақ түркі халықтарының тарихы мен мәдениетінің сабақтастығын зерттеу үшін маңызды тілдік деректер болып табылады.

**Кесте 1 – Ескерткіш тіліндегі сөздердің сөз таптарына бөлініп қазақ тіліне қай сөз табындағы сөздердің қанишалықты жақын екендігін көрсететін сандық көрсеткіші**

| зат есім | сын есім | сан есім | етістік | есімдік | үстеу | шылау | одағай | еліктеу |
|----------|----------|----------|---------|---------|-------|-------|--------|---------|
| 70       | 50       | 20       | 1530    | 20      | 10    | 15    | 5      | 1       |

Кестеде көрсетілгендей қарастырып отырған ескерткіш тілінен қазіргі қазақ тілінде тұлғалық та, мағыналық та жағынан толық сәйкес келетін сөздер тобы бар екендігі дәлелденді. Сонымен қатар, бұл сөздер қазіргі қазақ тілімізде қолданылып жүрген мақал-мәтелдер мен фразеологиялық тіркестерге ұйытқы болып, тіліміздің құнарлығын арттырып жүрген тұлғалар. Зерттеу нәтижелері «Байтарату» л-вазих» ескерткішіндегі көне түркі сөздерінің қазіргі қазақ тіліндегі сәйкестігін көрсету арқылы түркі тілдерінің генетикалық туыстығын айқындалды. Статистикалық талдау нәтижесінде ең көп сөздің А (а) және й (й) әріпінен басталғанын анықтадық, бұл әріптен



басталатын сөздер саны ескерткіш тіліндегі 200-300-ге жуық. Ескерткіш тілінде – орташа Қ(қ) және К(к), М (м), Н (н), Б (б) әріптері 150-200 сөз құрамында қолданылған. Ал ең аз әріпке П (п) дыбысынан басталған сөз саны – 3. Сонымен қатар ескерткіш тілінің лексикасының қазақ тіліне қаншалықты жақын екендігін анықтау үшін ескерткіш тіліндегі сөздерді сөз таптарына ажыратып екі деңгейге бөліп алдық. Мысалы, *қазіргі қазақ тіліне мағынасы да тұлғасы да өзгермей жеткен сөздер, фонетикалық айырмашылығы бар, бірақ мағынасында еш өзгерісі жоқ сөздер*. Нәтижесінде *қазіргі қазақ тіліне мағынасы да тұлғасы да өзгермей жеткен сөздер саны, фонетикалық айырмашылығы бар, бірақ мағынасында еш өзгерісі жоқ сөздер* саны ажыратылып және кестеде көрсетілді.

Жоғарыдағы кестеден қарастырылып отырған жазба ескерткіші тіліндегі сөздердің қазіргі қыпшақ тобына жататын түркі тілдерімен ұқсас тұстары анықталды. Байқағанымыз ескерткіш лексикасының ескерткіш тіліндегі сөздер қазіргі қыпшақ тобына жататын тілдерде аз-кем фонетикалық айырмашылығымен, кейбірі фонетикалық өзгеріссіз қазіргі күнге дейін қолданылады екен. Бұдан түйгеніміз «Байтарату’л-вазих» жазба ескерткіші түркі елдеріне тән сөздік құрамның мол мұрасы жинақталған еңбек. Қорыта келе айтқанда келгені ескерткіш тілінің лексикасы мен қазіргі қазақ тілі лексикасының ұқсастықтары тарихи-салыстырмалы зерттеу арқылы саралана келе, ғасырлар қойнауындағы тілдің тарихи даму барысы айқындалды.

### **1-тарау бойынша тұжырым**

Диссертацияның бірінші тарауы «Байтарату’л-вазих» жазба ескерткішінің зерттелу тарихы, құрылымы және қазіргі қазақ тілімен фоно-лексикалық байланысы деп аталады. Ал 1.1 тараушасында «Байтарату’л-вазих» жазба ескерткішінің зерттелу тарихы мен ғылыми айналымға енгізілуі, әртүрлі тілдерде баспадан шығуы және палеографиялық, кодикологиялық тұрғыдағы ерекшеліктері жүйелі түрде сараланады. Ескерткішке қатысты ғылыми болжамдар мен пікірлер, мәтіннің тілдік ерекшеліктерін сипаттаған отандық және шетелдік түрколог-ғалымдардың зерттеу еңбектері жинақталып, салыстырмалы түрде талданады. Аталған жазба мұраның тарихи-лингвистикалық маңыздылығы, оның мәмлүк-қыпшақ тіліндегі лексикалық ерекшеліктері мен грамматикалық құрылымы зерттеу нысанына айналады. Бұл тарауда палеографиялық әдіс қолданылып (paleographic method) жазба мәтіннің әріптік ерекшеліктері, жазу техникасы, каллиграфиялық стильдері қарастырылады. Кодикологиялық әдіс арқылы (codicological method) қолжазбаның материалдық сипаттамасы: парақ сапасы, бет саны, мәтін орналасуы, сия түрі т.б. анықтау біздің ойымыздан тыс қалған жоқ. Дереккөздерді сипаттау және салыстыру әдісі (source-critical comparative method) арқылы ескерткішке қатысты жазылған еңбектер, аудармалар мен жарияланымдар талданып, салыстырылды. Отандық және шетелдік түркологтардың зерттеулері негізінде ғылыми шолу жасалды. Тарихи-лингвистикалық әдіс бұл әдіс арқылы ескерткіш тіліне тән

грамматикалық құрылымдар, морфологиялық формалар мен синтаксистік құрылымдар сипатталды. Бұл тарау бойынша 1) қолжазбаның араб графикасында жазылған, мәмлүк кезеңіне тән каллиграфиялық стильмен жазылғандығы сипатталады. 2) материалдық және құрылымдық сипаттамалары ескерткіштің 14 – 15 ғасырлар аралығында жазылғанын дәлелдейді. 3) ескерткіштің басылым тарихы мен әртүрлі тілдерде жариялануы ғылыми тұрғыдан жүйеленді.

Диссертацияның 1.2. тараушасында ескерткіш тілінің фонетикасы жан-жақты талданды. Дыбыстар дауысты және дауыссыз дыбыстарға бөлініп, түрлі құбылыстар мен дыбыстық алмасуларға түсініктемелер берілді, сонымен қатар отандық және шетелдік лингвисттер мен түрколог ғалымдардың тұжырымдары жинақталды. Ескерткіштегі фонологиялық өзгерістер белгілі бір дыбыстардың немесе дыбыстар комбинациясының тарихы мен уақыт өте қалай өзгергенін көрсетеді. Бұл өзгерістер кейде дыбыстардың жоғалуы мен дыбыстардың алмасуына алып келеді. Фонологиялық өзгерістер белгілі бір сөздің дыбысталуында кездесетін ауытқуларды білдіреді. Бұл өзгерістер әсіресе көне қыпшақ тілі және қазіргі тіл арасындағы айырмашылықты түсіндіруге мүмкіндік береді. Тарауда сондай-ақ тарихи-компаративтік әдіс негізінде сөздердің фонологиялық дамуы мен лексикалық семантикасының трансформациясы қарастырылады. Бұл зерттеу қазақ тілінің тарихи тамырларын, оның түркілік негіздерін айқындауға мүмкіндік береді және түркі тілдерінің лексикалық қорындағы ортақ мұралардың мәнін ғылыми тұрғыда саралауға негіз болады. Бұл тарауда «Байтарату’л-вазих» ескерткішіндегі фонетикалық құбылыстар жан-жақты зерттеліп, олар қазіргі қазақ тілімен және басқа түркі тілдерімен тарихи-салыстырмалы аспектіде талданған. Осы зерттеу барысында қолданылған әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы ескі қыпшақ тіліндегі фонетикалық құбылыстардың қазіргі қазақ және басқа түркі тілдеріндегі өзгеру жолын анықтадық. Мысалы, мәмлүк-қыпшақ тіліндегі сөздердегі дауыссыз/дауысты дыбыстардың алмасуы, түсірілуі немесе қосылуы қазіргі тілдермен салыстырылды. Ескерткіштен алынған сөздердегі дыбыстық өзгерістер, дыбыс алмастыру заңдылықтары зерттелді. Диахрондық әдіс (diachronic analysis), фонетикалық құбылыстардың тіл дамуы барысында уақыт өте қалай өзгергенін көрсету. Бұл дегеніміз дыбыстың бірнеше тарихи кезеңдегі өзгерісі (көне түркі → қыпшақ → қазақ тілі). Тарихи-компаративистік әдіс – бір немесе бірнеше туыстас тілдердегі сөздер мен грамматикалық құрылымдарды тарихи тұрғыдан салыстырып, олардың шығу тегін, даму жолын және бір-бірімен байланысын анықтайтын ғылыми тәсіл. «Байтарату’л-вазих» жазба ескерткішін зерттеу барысында қолданылған тарихи-компаративистік әдіс ескерткіш мәтініндегі лексемалар мен фонетикалық бірліктердің тарихи негізін ашуға және олардың қазіргі қазақ тіліндегі қолданысымен сабақтастығын анықтауға мүмкіндік берді. Тарихи-компаративистік әдіс арқылы жүргізілген талдау «Байтарату’л-вазих» ескерткішіндегі көне қыпшақ тілі элементтерінің қазіргі қазақ тілімен тығыз байланысын көрсетті. Бұл әдіс сөздердің тарихи фонетикалық және

мағыналық эволюциясын ғылыми тұрғыда дәйектеуге мүмкіндік беріп, қазақ тілінің түркілік негіздерін тереңірек тануға жол ашты.

Диссертацияның 1.3. тараушасында «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткішінің лексикасы қазіргі қазақ тілімен және басқа түркі тілдерімен фоно-морфо-лексикалық деңгейде сабақтастығы жан-жақты талданды. Мәтінде кездесетін көнетүркілік негіздегі сөздердің түбірлік және туынды түрлерінің морфологиялық құрылымы, фонетикалық ерекшеліктері, олардың қазіргі түркі тілдеріндегі қолданылуы салыстырмалы түрде зерттеледі. Типологиялық салыстыру әдісі ескерткіш пен қазіргі қазақ, өзбек, қырғыз, татар тілдері арасындағы лексикалық және грамматикалық типология салыстырылды.

## 2 «ОРТАҒАСЫРЛЫҚ «БАЙТАРАТУ’Л-ВАЗИХ» ЕСКЕРТКІШІНІҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

### 2.1 Жазба ескерткіш тіліндегі кірме сөздердің сипаты және ескерткіштің теоллингвистикалық кеңістігі

«Байтарату’л-вазих» жазба ескерткіші тіліндегі кірме қабаттардың негізі – парсы, араб және монғол тілдерінен енген кірме сөздер. «Кірме сөздер ағыл. loan-word, франц. mot d'emprunt, нем. lehnwort, исп. palabra prestada [77, 151] мағынасы – өзге тілден енген сөздер. Олар көбіне экстралингвистикалық және лингвистикалық факторлардың әсері арқылы енеді. Біз қарастырып отырған жазба ескерткіш тіліндегі кірме қабаттар осы факторлардың ықпалының айқын дәлелі бола алады. Өйткені бұл ескерткіш тіліндегі кірме қабатының ауқымы айтарлықтай кең және ескерткіштің өзі қыпшақ тілі араб әліпбиінде жазылғандықтан араб тілінен енген сөздер саны артығырақ. Бұл жайтты осы тараудағы зерттеулер барысында нақты дәлелдермен негіздей түсеміз.

Бұл тарауда жазу барысында нақты нәтижеге қол жеткізу үшін жазба ескерткіш тіліндегі кірме сөздердің шығу тегін анықтап, олардың қазіргі қазақ тіліндегі қолданылу ерекшеліктерін зерделеуді жөн санадық. Анықталған кірме сөздерді тақырыптық топтарға ажыратып, ескерткіш тіліндегі теологиялық атаулардың қазіргі қазақ тілінде қолданылуын қарастыруды мақсат еттік.

Ескере кететін мәселе, ортағасырлық мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған «Байтарату’л-вазих» ескерткіші тіліндегі кірме сөздер ғылыми айналымға алғаш рет түсуде. Осыған орай қолжазбадағы кірме сөздердің қазақ тілінде қолданылуын тереңірек зерттеу және талдау маңызды мәселе болып табылады. Өйткені ескерткіш тіліндегі кірме сөздерді зерттеу қазіргі тіл білімінің тарихи лексикология саласының дамуына үлес қосады. Ал бұл кірме қабаттар ортағасырдағы тіл мен дін тоғысындағы көркем әрі функционалды қабаттарды танытады.

Кірме қабаттарды анықтау үшін кешенді лингвистикалық талдау жүргізілу талап етіледі. Ол үшін заманауи тіл білімінде қолданылатын этимологиялық, сандық-статистикалық, тарихи-салыстырмалы, деректанулық және сипаттамалы, контекстік және лексика-семантикалық тәсілдер бір-бірімен өзара үйлесімде қолданылады. Тарауда пайдаланылған бұл әдістер мен тәсілдер зерттеудің ғылыми дәлдігін арттырып, кірме лексиканың тарихи және функционалдық қырларын тереңінен ашуға мүмкіндік берді.

Зерттеу мақсатына жету үшін Ғ.Айдаров, Ә.Құрышжанов, М.Томановтың «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» [78] Ә.Құрышжанұлы Мәмлүк қыпшақтарының тілінде жазылған бір ескерткіш жайында//Көне түркі жазуларының зерттелуі. Бүгіні мен болашағы [79], М.Сабырдың «Қыпшақтану» [23], Б.Н. Жұбатова, Қ.Қ.Аубакированың «Мысырдағы мәмлүктер билігі тұсындағы түркі-араб мәдени-тілдік

байланыстары» [80], А. Әлібекұлының «Мәмлүктер билігі кезіндегі түркі-қыпшақ әдебиеті (дамуы, әдеби өкілдері, өлең өлшемдері)» [81], Ш.Ш. Жалмахановтың Махмұт Замахшаридің «Мукаддимат әл-әдәб» сөздігі (XII ғ) және қазақ тілі [52] атты еңбектерін пайдаландық. Жазба ескерткіште кездесетін кірме сөздерді зерттеу мақсатында Г.М.Мамырбекованың «Қазақ тіліндегі араб-парсы түсіндірме сөздігі» [22], Н.Т. Оңдасыновтың «Арабша-қазақша түсіндірме сөздік» [82], Рүстемов Л.З. «Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері» [83], Б.Базылханның «Монгол-казах толь» [84], «Көне түркі сөздігі» [85], «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» [86], Фразеологиялық сөздік [87] қолданылды.

Ескерткіш тіліндегі араб тілінен енген сөздер кірме қабаттардың елеулі бөлігін қамтиды дедік және ескерткіш тілінің лексикалық құрамында айқын басымдыққа ие. Өйткені ескерткіш қыпшақ тілінде араб әліпбиімен араб елінде жазылған. Сондықтан да араб тілінен енген сөздердің көптеп кездесуі заңды құбылыс болып табылады.

Араб кірмелерін ажырату барысында ұққанымыз олардың 1) ескерткіш тілінде ғана қолданылып сол кезеңдегі мәмлүк-қыпшақ қоғамына түсінікті араб сөздері; 2) ескерткіш тілінде де, қазіргі қазақ тілінде де қолданылып жүрген арабизмдер екеніне көзіміз жетті. Төмендегі көрсетілген кестеде біз осы кірме сөздердің сандық көрсеткішін көрсетуді жөн санадық. Өйткені ескерткіш тілінде қазіргі қазақ тіліне кіріккен, күнделікті қолданыстағы сөздер мен тек жазба ескерткіш мәтінінде ғана кездесіп, тілімізге сіңбеген араб сөздерінің сандық арақатынасы зерттеушілік қызығушылығымызды тудырды.

**Кесте 2 – Ескерткіш тіліндегі арабизмдердің сандық көрсеткіші**

| № | Ескерткіш тілінде ғана қолданылып сол кезеңдегі мәмлүк-қыпшақ қоғамына түсінікті араб сөздер | Ескерткіш тілінде де қазіргі қазақ тіліне де қолданыста жүрген арабизмдер |
|---|----------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------|
| 1 | 80                                                                                           | ~100                                                                      |

Кестеде көрсетілгендей, қазіргі қазақ тіліне енген араб сөздерінің саны – 80, ал тек жазба ескерткіш тілінде ғана кездесетін, яғни қазіргі тілдік жүйеде қолданылмайтын сөздердің саны – 100-ге жуық екені анықталды. Сандық көрсеткіштерге сүйене отырып, ескерткіш тілінде ғана қолданылған, сол кезеңдегі мәмлүк-қыпшақ қоғамы үшін түсінікті болған араб сөздерінің саны басым екендігі анықталды. Бұл, бір жағынан, аударма жасаған автордың араб тілін терең меңгерген маман болғандығын көрсетсе, екінші жағынан, сол дәуірдегі қыпшақ тілінің араб мәдениетімен тығыз байланысын да аңғартады. Бұл мәселені тереңірек қарастыруға бұл тараудың ауқымы көтермегендіктен бұл мәселені болашақ зерттеулердің еншісіне қалдыруды жөн көрдік.

Қазіргі қазақ тіліне кіріккен араб кірмелерінің тақырыптық топтары:

1) ислам дініне қатысты терминдер: الله *Allah*, القرآن *äl-qur'an*, تَعَالَى *ta' ala* نَمَاز *rab*, رَسُول *resül*, الْآخِرَةُ *äl-ahiret*, الْقِيَامَةُ *qyamet*, صَحَابَةٌ *sahabe*, صَاحِب *sahib*, نَمَاز *namaz*, فِقْه *fikh*, مَكْرُوه *mekruh*, التَّحِيَّات *at – tahiyyat*, دُعَاء *dua*, صَبْر *sabir*, شُكْر *šükür*, ذَنْب *немесе* جُزْم *günah*, حُكْم *hüküm*, رَحْمَةٌ *rahmet*, رِزْق *riziq*, مُحَمَّد *Muhammed*, مُحَمَّد الْمُصْطَفَى *Muhammed ul-Mustafa*, أَبُو بَكْر *Ebû Bekir*, عَثْمَان *Osman*, عُمَر *Ömer*, مَكَّة *Mekke*;

2) заттық ұғымды білдіретін ұғымдар (*äsel, beyt, sapar, sultan, dunye, ayip, xabar, älem, suret, syrat, piker, payda*);

Ал ескерткіш тілінде ғана қолданылатын араб кірмелері көбіне

1) өсімдіктер атауарын білдіреді. Мысалы, بَسَل *basal* көк пияз, بُعَادَن *buädan* бидай, جَرِير *jejir* аскөк, دَقِيق *dakik* ұсақ жапырақты өсімдік, فَكَّاه *fakkah* жеміс, فَجَل *fecel* редис, خَضِي *hadi*, т.б.

2) жануарлар атауы جَمَال *cimäl* еркек түйелерге көпше түрде айтылады, جُنْدَب *cündeba* қоңыз, هَانَاز *hanazir* доңыз, حَمَامَةٌ *hamäme* көгершін, جُنْدَب *cündeba* шегіртке түрі т.б.

3) жылқы малындағы жара атаулары: دَوَايِر *deväyir* тері ауруы, اِكْلِيل *eklil* қан тамыр ауруы;

4) жылқы малында кездесетін ауру атаулары: اَزَل *'azel* – белгілі бір ауру түрі, سَرَب *sereb* қотыр ауруы, حَمِي *hammi* қызба ауруы, لَزُوق *lazuk* – теміреткі ауруы, قَلْقَدِس *qılqıdis* тырыспа ауруы, قَلْقُویَا *немесе* قَلْقُویَا *qılkuıya* аттағы жүйке ауруы, كُورْدَمَانَا *немесе* كُورْدَمَانَا *kurdemana* құрт ауруы;

5) ескерткіш тіліндегі түркілік атаулардың арабша баламалары да кездеседі. Мысалы, اَسَايِي *ajäye* жүн шықпайтын тұяқ, اَلِك *'alik* сағыз, اَرَفَة *'arefe* аттың желісі, اَرْقُوب *arqub* жылқы малының өкше сіңірі, اَرِيَّان *ariyan* жылқы малының артқы сирағының еті, عَصَاب *'a'säb* сіңірлер, اَيْن *ayn* көз жанары, اَز *az* жирен ат, بُعَادَن *sahfele* аттың танауы;

Ал парсы кірмелерінің саны санаулы-ақ. Мысалы, دُرُوس *dürüst*, بَرَابَر *berâber*, آگَه *ägäh*, دیوار *divar*, فَارِسِي *faris*, خوش *hoş*, مَگَر *meger*, سَزَاوَار *sezâb*. Парсыдан кірген кірме сөздер кейінгі орынды алады. Мысалы, قَاتِن *qatîn* түмен, مَانْلاي *manlay*, چَانَان *čänän* (йық), چِگِن *çigin* (отыз)

Ал енді ескерткіш тіліндегі кірме сөздердің сандық көрсеткішін көрсететін болсақ 3-Кестедегідей көрсеткіш көрсетеді.

**Кесте 3 – Ескерткіш тіліндегі қазіргі қазақ тіліне кіріккен сөздердің сандық көрсеткіші**

| № | Араб | парсы | МОНҒОЛ |
|---|------|-------|--------|
| 1 | 150  | 8     | 5      |

Ескерткіш тіліндегі кірме сөздердің сандық дерегі арқылы араб тілінен енген сөздердің басым екендігі анықталды.

Мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткіші түркілердің атбегілік өнері мен ветеринария бағытындағы құнды қолжазба болып табылады дедік. Жазба ескерткіштің лексикасы мен терминологиясы, сөздік қолданысының ерекшеліктері мен құрылымдық элементтері қазіргі қазақ тілінің тарихи дамуымен сабақтасып жатыр. Мұны ескерткіш тіліндегі өзге тілдерден енген сөздерді анықтау барысында көз жеткіздік десек болады. Мысалы, ескерткіш тіліндегі кейбір кірмелер қазіргі қазақ тілінде күнделікті қолданылып жүрген сөздер қатарына енсе (*сапар, сағат, сұлтан, әдет әлем*), ал кейбірі арнайы діни мәтіндерде ғана қолданылатын діни терминдер қатарынан орын алған (*әт-тахият, расул, рабб, сахиб, сахаба*) ал кейбірінің мағынасы көнеріп, көнерген сөздер қатарында (*чигін, чәнән, түмен*). Сонымен қатар кейбір араб сөздері ауыз екі тілімізге икемделмеген де түрде кездеседі. Бұл құбылысты біздің пайымдауымызша шығарманың араб жерінде жазылуымен немесе аудармашының араб ұлтының өкілі болуы мүмкін деген жорамал. Мысалы, *عَجَب 'aceb* (аджеб) қазіргі қазақ тілінде *ғажап, العادة (әл-'ada)* *әдет, والله أعلم* *vallahü a'lem* (валлаһү әлам) *алла атымен ант етемін, وقت vaqt* (вақт) *уақыт, تعالى ta'ala*(маала) *тағала, صِفَة sifat*(ciřat) *сипат, ساعة saat*(caam) *сағат*.

Біз қарастырып отырған жазба ескерткіш тіліндегі тілдік деректер ортағасырдағы қыпшақтардың өзге елдермен саяси, мәдени байланыстарынан сонымен қатар Мысыр мен Шамдағы мәмлүк-қыпшақтарының рухани-мәдени әлемінен ақпарат береді. Соның бір дәлелі ескерткіш тіліндегі діни лексика. Мәмлүк мемлекеті кезеңіндегі тарихи жағдайларға назар аударар болсақ, Мысыр мен Шамда өмір сүрген қыпшақтар ислам дінін толықтай қабылдап, оны күнделікті өмірде, мәдениет пен тілдік қатынаста кеңінен қолданған. Сондықтан ескерткіш тіліндегі діни сипаттағы араб сөздері қыпшақтардың ислам өркениетімен тығыз байланыста болғанын және сол дәуірдегі рухани дүниетанымының бағыт-бағдарының айқын көрсеткіші десек болады. Мұндай лексика қатарына

ислам дініне дейінгі наным-сенімді білдіретін *Тәңірі* ислам дініне қатысты лексика *аллаһ, құран, тағалла, рабб, аһирет, қиямет, расул, сахаба, сахиб* діни қызмет пен рәсімге қатысты терминдер *намаз, фиқһ, мекрух, таһият* моральдық-этикалық ұғымдар *сабыр, шүкір, күнә, дуа, үкім, рахым, ризық* антропоним пайғамбарлар мен сахабалар, сахибтар есімдері *Мұхаммед, Адам, Мұхаммед Мұстафа, Расул, Әбу Бәкір, Омар, Осман, Юсуф, Әбу Юсуф* топонимдер *Мекке, Құран* арнайы діни тіркестер «*биссімілләһи ррахмани рахим*» «*әл-әләмин*», «*ресул ' аллейһисаләм*», «*әт-таһият*» секілді тақырыптық топтарды құрайды.

Тіл – белгілі бір халықтың ұлттың тарихи-этникалық жадын сақтаушы басты құрал. Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштер мазмұны мен шығу тегіне қарай екіге бөлінеді: 1) қыпшақ тілінде түпнұсқа ретінде жазылған төлтума шығармалар; 2) басқа тілдерден мәмлүк-қыпшақ тіліне аударылған аударма еңбектер. Осындай ескерткіштің бірі ортағасырдағы «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткіші болып саналады. Бұл еңбек түркі-ислам медицинасы саласында құнды дерек болып табылады. Өйткені бұл

ескерткіште жылқы малының ауруларын емдеуде дәстүрлі әдістермен қатар діни-наным сенімге негізделген тәсілдер де қолданылған. Бұған дәлел ретінде шараларының арасында белгілі бір дұғалармен құран аяттары арқылы ем жүргізілетін тұстардың кездесетінін айтуға болады. Бұл ортағасырлық қыпшақтар емшілік тәжірибесінде рухани сенімдердің маңызды орын алғанын көрсетеді. Мысалы, жылқы малының аяқтарында жаңғақтай ісік пайда болған жағдайда *андары* тұзын майдалап үгітіп ысқылап: «*وسكن بعودة – علاج – للاهي وسكن بعودة للاهي ول خفل ول كوات يلل بلاهيعل*» бисмиллаһи аллаһумма, ускун би'азамати лиллаһи, ускин би'ударату лиллаһи, валә хавла валә қувати иллә билләһи'л-'аләджжу» деп дұға оқу керек екен [48, 66].

Ескерткіштің алғашқы бетінен ақ автор шығарманы ортағасырлық діни әдеби шығармалардағы Алла Тағалаға сыйынып «ниет ету» дәстүрімен

الرَّحِيمِ الرَّحْمَنِ اللَّهِ بِسْمِ  
يُزْمِينُكَ شُكْرُ سَائِسِيْزُ حَمْدُ وَ ثَنَا أَوْلَ عَالَمٍ لَارْنِي بِشَلَاكَانْ  
بِيرَ بَارَ تَنْكَرِي كَارِيْمَ قَامُوْغَ عَالَمٍ نِي يُوقْدِيْنَ بَارَ قِيْلْدِي تَقِي  
أَدَمَ أَوْ غُلَانْلَارِيْنِي بَرْچَادِيْنَ أَرْثُوْقَ قِيْلِيْبَ عَقْلَ وَ فَهْمَ  
رُوزِي قِيْلْدِي تَقِي بَرْچَا حَيَوَانَاتْ لَارْنِي أَدَمَ أَوْ غُلِيْنَا مُسَخَّرَ  
قِيْلْدِي [48,3 ].

(Бісмі 'л-ләһи' р-рахмәні 'р-рахім) бисмилләһи'р-рахмәні'р-рахім; (йүз мің шүкүр сансыз мадақ және ол 'әлем-лерні башлаған) жүз мың шүкір, сансыз мақтау және ол әлемдерді жаратқан, (бір бар Теңрге кім қамұғ 'әлемі йоқдан бар қылды тағы) бір Тәңірі әлемді жоқтан бар қылды (адем оғланларыны барчадын артуқ қылып ақыл ве фәһім) әлем ұлдарын баршадан ақылы мен санасын артық қылып жаратты (рузы қылды тақы барча һайвәнәтларны әдем оғлына мусаһһар) ризығын артық қылып әлем ұлына барша һайуаннаттардан бағынышты қылды» деп аллаға сансыз мадақ айта отырып бастайды. Бұл тәсіл ортағасырдағы исламдық әдеби үрдістің ажырамас бөлігі. Мысалы, Жүсіп Баласағұнның XI ғасырдағы «Құтадғу білік» [88], XII ғасырдағы Ахмет Яссауидің «Диуани Хикмет» [89], XIII ғасырдағы Рабғузидің «Қиссас әл-әнбия» секілді [90] т.б. шығармаларында көрініс тапқан. Мұндай дәстүр шығарманың рухани-идеологиялық мазмұнын айқындап, автордың ислам дініне деген адалдығы мен танымдық мақсатын көрсетеді. Сонымен қатар, ескерткіште автордың мәтінді араб тілінен түркі тіліне аударғаны жөнінде дерек келтіруі де оның діни және мәдени трансмиссияға үлес қосқанын көрсетеді. Мысалы, қолжазбаны араб тілінен қыпшақ тіліне «даналардың басшысы, ғұламаларға жолбасшы, әлжуаздарды күшейтуші», «ақыл-парасаты кең, даналығында теңіз» кемел дана Толубектің тапсырысымен аударылды деп түсіндіріледі [48,5].

Сонымен қатар ескерткіш тілінен түркі халықтарының көне дүниетанымынан яғни, тәңірлік сенім жүйесінен бастау алатын *Тәңірі* атауы да кездеседі. Бұл атау арқылы қыпшақтардың ислам дінін қабылдағанымен, бұрынғы наным-сенім жүйесінің іздерінің толық жойылмағанын көрсетеді. Ескерткіш тіліндегі «*Тәңірі*» атауы түркілік рухани-мәдени дәстүрді сақтап исламдық таныммен үйлесе отырып, ерекше діни тілдік жүйенің



калыптасуына негіз болған. Мысалы, көне түркіше *Teŋri*, ортағасырлық жазбаларда *Тәңірі*.

تتر **Teŋri (Teŋri) Тәңірі** түркі халықтарының көне сенім жүйесінде ерекше орны бар діни ұғым. **Тәңірі** – зат діни 1. *Құдірет иесі, бүкіл жаратылыстың бастауы, Құдай, Алла тағала*. 2. ауыс. *Құдіретті күш иесі; нір* [92,57]. Көне түркі жазба ескерткіштерінен бастап, ислам дәуіріндегі түркі әдеби ескерткіштерінде Тәңір сөзі «жаратушы күш», «аспан иесі» ретінде көрініс табады. Мәселен, *Орхон-Енисей* жазбаларында бұл атау рухани иерархиядағы ең жоғарғы күш ретінде сипатталады: «*Көк Тәңірі, жер-су, бұлар арасында кісі оғлым туған екен...*» [37,69]. Жазба ескерткіштер мен ғылыми зерттеу еңбектерде «Диуани лұғат-ат түрк» *Teŋrigerü* (Тәңіріге қарай, Тәңіріге беттеп) [93] «Құдатғұ білікте» **Teŋri** (Теңрі) [88]. «Кодекс Куманикус»: **Täŋri-Teŋri** (Тәңрі-Теңрі) [94, ], Махмұт Замахшаридің «Мукаддимат әл-әдәб» *Teŋri* [95, 224], Таңры, Тәңрі, Танғрі [96], Тәнкри, Тенкри [97], Тенгри, Дингир, Тингири [98] секілді фонетикалық варианттар да көрініс табады. Байқасаңыз бұл бірлік сөз басында д/т, сөз ортасында а/ә/е, н/ң секілді фонетикалық ауысулармен ғана шектеліп, мағына тұрғысынан тұрақтылығы сақталған. Ал семантикалық мағынасына қатысты бірнеше ғылыми пікірлер қалыптасқан. Мысалы, «көк, аспан, құдай» мағынасында (М.Махмұдов), «теңіз» мағынасында (О.Сүлейменов), «таң сәрісі» мағынасында (А.Ибатов, Е.Жұбанов). Біз қарастырып отырған жазба ескерткіштегі (йүз мің шүкүр сансыз мадақ және ол 'әлем-лерні беслеген бір бар Теңрге кім қамұз 'әлемі йоқдан бар қылды тағы (Жүз мың шүкір, сансыз мақтау және ол әлемдерді жаратқан, бір Тәңірі әлемді жоқтан бар қылды) ...Теңрі та 'әлә-дан діледүм даһы..., ...Тәңірі алла-тағаладан тіледім дағы... [48,3,5] сияқты жолдардан **Тәңрі** сөзінің бүкіл әлемді жоқтан бар еткен құдірет иесі – «Алла» мағынасында қолданылып тұрғанын байқаймыз. «Иршәдүл-мулук уәс-салатин» (XIV ғ.) ескерткішіндегі теолингвистикалық кеңістік еңбегінде Қ.Қ. Аубакирова, Тәңірі теонимін түркі халықтарының рухани құндылықтар жүйесіндегі ерекше орны бар концепт ретінде қарастыра келе «Тәңір» концептісі бүкіл адамзатты, бүкіл әлемді жаратқан тылсым құдіретті білдіретінін атап өтеді. Ғалым ортағасырлық сөздіктерде «Алла» сөзі жаратушының жалғыз ұлы есімі ретінде **Тәңір** теонимі балама ретінде қолданылғанын айтады [91,102]. Көне түркі кезеңдерінен бастау алатын бұл атау – тіл мен сенімнің тоғысқан тұсын бейнелейтін маңызды лингвомәдени элемент. Осы ұғым арқылы біз исламға дейінгі түркілік сенім жүйесінің ізі мен діни лексиканың тарихи сабақтастығын және көпқабаттылығын аңғара аламыз [99]. Ислам діні енгеннен кейін де Тәңір атауы мағыналық мәнін жоғалтпай, *Құдай, Алла, Рабб, Тағала, Жаратқан, Қожайын, Қамқор Ие* сынды діни атаулармен қатар қолданысын жалғастырып келеді.

رَبّ **Rabb** (рабб) рабб – ислам терминологиясындағы маңызды ұғым. Алла Тағаланың есімдерінің бірі, мағынасы «Алла барлық пенделерге қамқорлық жасап, олардың тағдырын басқаратын, игіліктер беретін Ие, Қожайын» [100, 15]. Бұл бірлік киелі мәтіндер жинағы Құранда өте жиі

кездеседі. Құран тілінде «**Рабб**» сөзі 900-ден астам жерде әртүрлі формаларда кездеседі мысалы: *Раббүкум – Раббыларың, Рабби – Раббым*. «Әл-Фатиха» сүресі, 2-аятында «*Әлхамду лилләһи раббиль-ғаламин*». Барлық мақтау-әлемдердің Раббысы Аллаға тән [101,3], «Әл-Ғалақ» сүресінің 1-аятында «*Иқра' бисми раббикал-ләзии халәқа*» *Бүкіл әлемді жаратқан Рабыңның атымен, Оқы!* [101,1195] деген мысалдар дәлел бола алады. Мұсылман сенімі бойынша Рабб-Алла – бүкіл әлемнің Раббысы; Ол барлық тіршілікті жаратады, тәрбие береді, ризығын жеткізеді, басқарады; Рабб – адам баласына бағыт, тәрбие, сынақ және мейірім беруші. Көптеген хадистер мен Құранда «Раббана...» (Раббымыз...) деп басталады. Мысалы, намазда оқылатын «Раббәна әәтина фид-дуния хасанәтән, уа фил-аахирати хасанатән, уа қинәә 'азәбән-нәр» Мағынасы: Я, Раббымыз! Бізге бұл дүниеде де жақсылық бер және бізді тозақ азамбынан сақта! [102, 81]. Бұл дұға – дүние мен ақырет бақытын сұрайтын ең мазмұнды әрі қысқа дұғалардың бірі. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) да бұл дұғаны жиі оқыған. Бұл дұғаны кез келген уақытта оқуға болады, бірақ әсіресе мына сәттерде оқылуы абзал 1) намаздан кейін дұғадан соң, Қағбаның айналасында тауаф жасағанда, сәждеде, қиын жағдайларда, таңғы немесе кешкі дұғаларда. Ортағасырлық ғұлама Қ.А.Яссауиде:

Құрметтеген ғазиз жанды білмедім мен

Ашық көңіл әзірсің деп тұрмадым мен

Қара жүзім құдіретіңе бұрмадым мен

Иә, Раббым не қылсаң да келдім міне [89, 27] деген жолдардан Алламен арадағы рухани байланыс, мойынсұну мен тәубе сезімдері көрінеді. Мұнда *Раббым* сөзі – сенімнің, үміт пен тәуелділіктің көрінісі. Қ.А. Яссауиден басқа де ортағасырлық жазба ескерткіштер тілінде көрініс тапқан. Мысалы, **Rab (b) a** «рабб алла» **rabbü 'l 'ālemin** «әлемнің раббы» **rabbü 'l-celil** «ұлы алла», **rabbü'l-'izze** «ұлы алла» **rabbü'l-'izzet** «ұлы алла», **rabb-I zü'l-celāl** «ұлық иесі, алла», **rabbāni** (a) «тәңірімен байланысты», **rabbēnā** (a.) «алламыз, раббымыз», **rabbi** (a) «тәңірім», **rabbu'l-'ālemin** (a.) «әлемнің тәңірі» [103,109]. Қазіргі қазақ тілінде «рабб» сөзі күнделікті сөздік қолданыста жиі қолданылмайтын пассив сөздер қатарына жатады. Бұл сөз көбінесе діни мәтіндер мен көне жазбалардан ғана кездеседі.

**تعالی Ta'ala** (таала) тағала бұл сөзге Көне түркі сөздігінен (ДТС): **Ta'ala** всевышний [85, 525] деген анықтама аламыз. Алла Тағаланың ұлылығын, шексіз жоғары тұратындығын сипаттау үшін қолданылады. Мұндағы «Тағала» – Алланың барлық жаратылыстан жоғары, ұлық, шексіз екенін білдіретін сипат. Құранда Қасас сүресінің 68 аятында **وَنُفِوْلُ عَمَّا وَتَعَالَى سُبْحَانَهُ** «*Олар не айтса да, Ол (Алла) одан пәк әрі аса жоғары!*» Бұл жерде «та'ала» сөзі – Алланың жаратылған нәрселермен салыстыруға келмейтін ұлылығын, биіктігін білдіреді [101, 1195]. Бұл сөз қазіргі қазақ тілінде жалпы күнделікті тілдік қолданысымызда араб тілінен тікелей енген діни мәнге ие «Аллаһу Та'ала» Алла Тағала тұрақты тіркесінің құрамында кездеседі. Мысалы, «Алла Тағала жар болсын», «Алла Тағала кешірсін!» Алла Тағала бұйыртса» [101, 45-46].

الله **Аллаһ** (аллах) Алла – «Алла, Алда, Олда, Олла» (ар. Allah) Алла тағаланың ең ұлық есімі 99 есімдерінің ең біріншісі. Бұл есім Алла тағаланың бар және жалғыз екендігін білдіреді. Бұл сөз басқа тілдерге аударылмайды және Алладан басқа ешбір нәрсе бұл атпен аталмайды [105, 36]. Қазіргі қазақ тілінің қолданысында бұл сөз өте жиі кездесетін, актив лексика қатарына жататын бірегей діни атау болып табылады. Сонымен қатар, қазақ тіліндегі фразеологиялық тіркестермен мақал-мәтелдерде «Алла» сөзі жиі ұшырасады, олардың саны едәуір көп.

الرَّحْمَنُ **Rahman** (Раһман) Рахман араб тілінен енген діни термин Алланың мейірімділік сипатын білдіреді. Мысалы, аса Мейірімді, Шексіз Мейірім Иесі, ерекше Рақымды. Құрандағы Алланың 99 көркем есімдерінің бірі болып табылады. Бұл сөз «рахма» (رَحْمَةً) түбірінен шығады, ол мейірім, жақсылық жасау, аяу деген мағыналарды білдіреді. Ортағасырлық жазба ескерткіштерде: **Rahmān (a.)** «барлығына мейірімділік жасайтын Алла», **Rahmān ve rahim** «кешірімді, мейірімділік жасаушы (Алла)» **Rahmān idi** «өте мейірімді» **Rahmān idi jadī** «құран», **rahmān tañrī** «өте мейірімді» [103,111]. Бұл сөз кейбір мұсылман қауымдарында кісі есімі ретінде де қолданылады. Алайда, оның қолданылуы діни контекспен тығыз байланысты болып келеді, сондықтан бейтарап ғылыми мәтіндерде сирек кездеседі.

Сондай-ақ ескерткіш тілінен пайғамбарлар есімдерін де кездестіреміз. «Пайғамбар иран тілінде *пайғам* – хабар және *бар* – алып барушы зат діни 1. *Қауымға Алла ақиқатын жеткізіп Құдайдың барлығымен бірлігін мойындатуға шақырушы елші.* 2. *Мұхамед пайғамбар.* 3. *Өзінше білгір әулие.* 4. *ауыс. экспр. Ұлы, данышпан, ғұлама* 5. *ауыс. Сиынатын, табынатын, ерекше зат, тұлға* [104, 271]. Ислам дінінде пайғамбарлар ерекше, күнәдан сақталған, адамзатқа үлгі болу үшін таңдалған тұлғалар ретінде қарастырылады. Ескерткіш тілінде пайғамбар сөзіне синонимдес Расул رَسُول **Resul** (Ресул) сөзі де кездеседі, мағынасы – елші, хабаршы. Жаратылысы, мінез құлқы, ілімі ақылдылығы және парасаттылығы жағынан сол кезеңдегі адамдардың ең ұлығы болған, жаңа бір дінмен жіберілген пайғамбар [105,38]. Ортағасырлық жазба ескерткіштерде: **Resul (a)** 1) «пайғамбар, елші» 2) «Хазіреті Мұхаммед», **resul, ‘alejhi’s ve selem** «пайғамбарымыз Хазіреті Мұхаммедке сәлем болсын» **resul fi’li** «пайғамбардың жасағандары» **resul hāli** «пайғамбардың мінез-құлқы, іс-әрекеті» **resulqavli** «пайғамбардың сөзі» **resul-I mürsel** «Хазіретті Мұхаммед», **resul salla’ llāhu alejhi’s ve selem** «пайғамбарымыз Хазіреті Мұхаммедке сәлем болсын», **resul ja’ni jalavaç** «пайғамбар» [103, 121]. Исламда 124 000-нан астам пайғамбар болғаны айтылады, бірақ Құранда есімі аталғаны – 25. Бұл терминде тек діни мәтіндерде қолданылатын сөз. Біз қарастырып отырған ескерткіш тілінен адамзатқа тура жол көрсету үшін жіберген пайғамбарлар атауларын да кездестіруге болады. Мысалы, *Adem* (адем) Адам, *Muhammed muşafa* (Мұхаммед мустафа) Мұхаммед Мұстафа. Мысалы,

آدم **Adem** (адем) адам – қазақ тілінде екі түрлі мағынада қолданылады. 1) *жалпы мағынада адамзат, кісі, пенде,* 2) *діни мағынада алғашқы пайғамбар.* «Байтарату’л-вазих» тілінде сөз ортасында е/а алмасуымен

беріледі. Мысалы, *Adem* (адем) адам, ал *Adem oylı* (адем оғлы) адам ұлы, *Adem oylanları* (адем оғланлары) адам ұлдары. Көрсетілген мысалдардан бұл атаудың жалпылық ұғымдағы адам кісі мағынасында емес, діни мағынасында беріліп тұрғанын аңғаруға болады. Берілген мысалдардан ескерткіш тіліндегі сөз ортасында е/а алмасуы байқалады. Бұл сөз ортағасырлық жазба ескерткіштер тілінде кейде е/а алмасуы мен немесе басқа да фонетикалық алмасулармен беріледі. Мысалы, «Кодекс Куманикус» жазба ескерткішінде: *azam* (азам) адам, *azam – kiři* (азам – кіші) адам-кісі, *azamni* (азамны) адамды *azamni qutqardı, ölümindä uyatmadı* (азамны қутқарды, өлімінде уятмады) адамды қутқарды, өлімінен оятпады [106, 10]. Байқап қарасаңыз сөз ортасында з/д алмасуымен беріліп тұр. Ал «Кодекс Куманикус» жазба ескерткішінде жалпылық адам-кісі мағынасында берілген. Біз қарастырып отырған ескерткіш тіліндегі пайғамбар мағынасындағы Адамға келсек, Алла тағала Адамды топырақтан, құйылған балшықтан жаратты. Оған өз рухынан үрлеп, жан беріп жәннатқа кіргізді және оған барша нәрселердің атауларын үйретті. Бұл Құранның Рум сүресінің 20-аятында былай айтылады, «*Ол сені топырақтан жаратты...*» Алла барлық періштелерге: «Адамға сәжде етіндер!»-деп бұйырды. Барлық періштелер сәжде етті, тек Ібіліс (шайтан) бас тартып, менмендік танытты [101,811]. Ары қарай Ағраф сүресінің 12-ші аятында Ібіліс (шайтан): «*Мен одан артықпын. Сен мені оттан, оны балшықтан жараттың*», – деді [101, 302]. Осылайша Ібіліс лағынеттеліп, жәннаттан қуылды. Алла тағала Адам мен Хауаға жәннаттағы барлық нәрсе рұқсат етілді, тек бір ағаштың жемісін жеуге тыйым салынды. Шайтан оларды азғырып, сол ағаштың жемісін жегізді. Осыған байланысты олар жәннаттан түсіріліп, жер бетіне жіберілді. «*Сонда екеуі ағаштан жеп қойған кезде, ұятты жерлері ашылды...*» [101, 625]. Адам мен Хауа қатесін мойындап, Алладан кешірім сұрады. Алла олардың тәубесін қабыл етті. «*Сонда Раббысы оны таңдады, тәубесін қабыл етті және тура жолға салды*» [101, 626]. Адамзаттың атасы Адам (ғ.с.) жер бетінде өмір сүріп, пайғамбарлықпен адамдарды таухидке, яғни бір Аллаға құлшылық етуге шақырды. Құранда Адам (ғ.с) туралы келесі сүрелерде айтылады. Бақара сүресі, Ағраф сүресі [11-27], Таһа сүресі [115–123], Са'д сүресі [101, 85], Исра сүресі және тағы басқа жерлерде Адамның діндердегі орны туралы айтылады. Исламдық түсінік ойынша Адам – алғашқы адам әрі пайғамбар, күнә жасағанмен, тәубесі қабыл болған. Христиандықтарда – адамның күнәсі бүкіл адамзатқа берілді (түпкі күнә концепциясы). Иудаизмде – Құдайдың бейнесінде жаратылған алғашқы адам.

**محمد Muḥammed** (Мұхаммед) Мұхаммед – соңғы пайғамбар, толық аты Мұхаммед ибн Абдуллаһ, 571 жылы Мекке қаласында туылған. Оған 40 жасында құран түскен. Мұсылмандар оның есімін атағанда «саллаллаһу алейһи уә сәлләм» (с.ғ.с.) деп айтып құрмет белгісін білдіреді. Ескерткіш тілінен **المصطفى محمد Muḥammed āl Muṣṭafa** (Мұхаммед мустафа) Мұхаммед Мұстафа секілді де мысалды кездестіреміз. **المصطفى (al-Muṣṭafā)** Мұстафа сөзінің мағынасы «таңдалған», «іріктеліп алынған». Бұл сөз «**صفا** саф» (тазалық, іріктеу) түбірінен шыққан. Исламда бұл атау Мұхаммед

пайғамбардың (с.ғ.с.) Алла Тағала тарапынан арнайы таңдалып, елші етіп жіберілген ерекше тұлға екенін білдіретін лақап аты. *Muḥammed mustafa* (Мұхаммед Мустафа) Мұхаммед Мұстафа атауы Мұхаммед пайғамбардың қасиеттілігін, таңдаулығын, ерекше миссиясын көрсету үшін қолданылады. Оның басқа пайғамбарлардан кейін келіп, адамзатқа жіберілген соңғы елші екенін аңғартады. Дін ғылымында, әдебиетте, дұғалар мен мадақтауларда жиі қолданылады. Пайғамбарымыздың басқа да есімдері бар: Мысалы, *Мұхаммед* (мақталған, мадаққа лайық), *Ахмад* (ең көп мақтауға лайық), *Мустафа* (таңдалған), *Хатамұн-Набийн* (пайғамбарлардың мөрі, соңғысы), *Рассулах* (алланың елшісі), *Набиййур-Рахма* (Рақым пайғамбары). Ортағасырлық жазба ескерткіштерде: **Muhammed** (ж.е) «Әз Мұхаммед» **Muhammed-i Mustafa** «Әз Мұхаммед», **Muhammed dini** «ислам» **Muhammedi** (ж.е.) «Әз Мұхаммедке еруші, Мұхаммедтің үмбеті болған» [107,432].

«Топонимдер – көне заман мен бүгінгі күннің арасын жалғастырушы алтын арқау, тарихи жәдігерлік» деген профессор Р. Досжанның пікіріне сүйенсек ескерткіш тілінен مَكَّة **Mekke** топонимдік атауын да кездестіреміз. Мекке – ислам әлемінің ең қасиетті қалаларының бірі. Бұл атау Құранда да бірнеше рет кездеседі және ислам дінінің негізін қалаушы Пайғамбар Мұхаммед (с.ғ.с.) дүниеге келген, алғашқы уахи түскен мекен болып саналады. Сондықтан Мекке атауы жай ғана географиялық нысан емес, рухани, мәдени, тарихи және діни мәнге ие топоним болып табылады [108,96].

«Байтарату'л-вазих» ескерткіші тілінен пайғамбардың көзін көрген немесе сұхбаттарын тыңдаған сахабалар мен саһибтерді де кездестіруге болады. صحابة **Ṣaḥābe** (сахабе) сахаба – Мұхаммед пайғамбарды тірі кезінде бір рет болса да көрген, көзі көрмесе де сөхбатына қатысқан иман келтірген әр түрлі жастағы үлкен және кіші бірнеше немесе одан да көп мұсылмандарға қатысты қолданылатын атау. Сахаба *сахиб* сөзінің көпше түрі сахабалардың аттары аталғанда оларға қатысты «*радиаллаһу анхум*» (алла тағала оларға разы болсын) сөзі қолданылады [105, 41], صاحب. **Ṣaḥīb** (saḥīb) сахиб – көп мағыналы сөз, мағынасы – «*иесі*», «*қожайын*», «*серік*», «*иеленуші*», кей жағдайда «*дос*» деген мағыналарда қолданылады. Құран мен хадистерде мысалы, Тәубе сүресінің 40-аятында «مَعَنَا اللَّهُ إِنَّ تَحْزَنَ لَا لِصَاحِبِهِ يَقُولُ إِذْ» «Серігіне: 'Уайымдама, расында, Алла бізбен бірге', – деген кезде...» Мұнда Пайғамбар (с.ғ.с.) Әбу Бәкірді «саһиб» деп атаған [101, 1126]. Саһабалар мен сахибтер ислам тарихының негізін қалаушы тұлғалар болып саналады. Олар Пайғамбардың тікелей шәкірттері ретінде дінді кейінгі буындарға аманат етті. Мұсылмандар үшін олардың істеген амалдары үлгі-өнеге. Бұл адамдар ислам тарихында ең беделді және сенімді тұлғалар қатарына жатады, себебі олар Құран аяттарының түсуіне куә болған және Пайғамбардың сүннетін кейінгі ұрпаққа жеткізген. Біз білетін танымал сахабаларға Әду Бәкір, Омар ибн Хаттаб, Осман ибн Аффан Әли ибн Әбу Талиб, Ибн Аббас. Ескерткіш тілінен, *rāšidīn aḡirliḡ saḡābeleri Ebu Bekir taqī Ömer taqī Osman* (*rašidīn aḡyrlyḡ saḡābeler Ebu Bekir taḡy Ömer, taḡy Osman saḡābalar Әбу Бәкір*

тағы Өмір, тағы Осман [49, 7] деп жоғарыдағы біз көрсеткен сахабалар атаулары кездеседі.

**الصادق بکر أبو Ebu Bekir** – ислам тарихындағы ең ұлы сахабалардың бірі. Оның толық аты: Әбу Бәкір әс-Сыддық Абдуллаһ ибн Әби Құхәфа (الله رضي عنه). Ол – Пайғамбар Мұхаммедтің (с.а.у.) ең жақын досы, алғашқы мұсылман ер адамдардың бірі және Ислам үмбетінің алғашқы халифасы [105, 63] Ортағасырлық жазба ескерткіштерде: bū Bekr (ж.е.) «әз Әбу Бәкір» [108 **Ebū Bekr** (ж.е.) «Әз Әбубәкір, төрт халифаның біріншісі» [108, 367].

**عمر Ömer (Өмер) Омар** – Омар ибн Хаттаб (الله رضي عنه). Қазақ тілінде Омар – Пайғамбар Мұхаммедтің (с.а.у.) ең жақын серіктерінің бірі және екінші халифа [105,69]. Ортағасырлық жазба ескерткіштерде **Ömār** (ж.е.) «екінші халифа хазреті, Омар» [85, 88].

**عثمان Osman (Осман)** – Осман ибн Аффан (араб.: عثمان) - Пайғамбар Мұхаммедтің (с.а.у.) жақын сахабасы және үшінші халифа [79, 67] Ортағасырлық жазба ескерткіштерде, Osman (ж.е) «Үшінші халифа хазреті Осман» Osman bin mat'ūn (ж.е.) «Исламды он үшінші болып қабылдаған пайғамбардың алғашқы сахабаларының бірі» [107, 88].

Ескеткіш тілінен арнайы құран тілінде кездесетін арнайы діни тіркестерді де кездестурге болады. **القرآن Qur'an (құран) құран** – Қазақ әдеби тілінің сөздігінде: **Құран** [ар] зат. діни 1. *Ислам дінінің негізгі қағидалары көрсетілген, Мұхаммед пайғамбардың 610-632 жылдар аралығында Мекке мен Мединеде пайғамбарлық аяндар түрінде айтылған уағыздардың жазба жинағы ретіндегі мәтіні 114 сүреден тұратын мұсылмандардың ең басты қасиетті кітабы. Адамзат баласына Алла тағаладан көктен түскен қасиетті төрт кітаптың бірі.* 2. *Құран кәрім аяттары толық жазылған кітап* [109, 386] деген анықтама аламыз. Бұл киелі кітаптың ерекшелігі қияметке дейін өзгермейді, Алланың иман, ғибадат, адамгершілік, қоғам, әділет, пайғамбарлар қиссасы, ақырет туралы кітабы. Құран мұсылмандар үшін өмірлік бағдарлама мен заң. Онда ғылым, тарих, құқық, этика салаларына қатысты терең білім жинақталған. Мұсылманның бес парызының бірі намазда оқылатын сөздердің барлығы да осы қасиетті кітаптан алынады. Бұл киелі мәтіндерден тұратын кітап адамзатқа тура жолды көрсету, жақсылық пен жамандықты ажыратуға, дұрыс өмір сүруге бағыт беру үшін түсірілген. Құран сөзіне «Құран сөзіндей» деген тіркес қалыптасқан «аса сенімді, еш күмәнсіз шындық, немесе қасиетті, бұзылмайтын сөз» деген мағына береді [87, 479]. Ауыз екі тілде «Құран» сөзімен байланысты басқа да тұрақты тіркестер қалыптасқан. Олар халқымыздың мәдениеті мен дінінде жиі қолданылатын, көбіне діни салт-дәстүрмен байланысты болып табылды. Мысалы, «Құран ұстады» көбіне адам бір нәрсеге ант еткенде немесе ақтығын дәлелдегенде айтылады. Мағынасы, құран кәрімді қолына алып, шындыққа, адалдыққа ант етті, серт етті. «Құран бағыштады» адам қайтыс болғанда немесе еске алу кезінде қолданылады. Мағынасы, құран оқып, сауабын марқұмға бағыштады. «Құран қайтарды» құран оқып, бір сүрені немесе белгілі бөлікті аяқтады мағынасы, құран оқып, бір сүрені немесе белгілі бөлікті аяқтады. «Құран оқыды» жалпы діни амал кезінде, намазда

немесе марқұмға бағыштау үшін қолданылады, мағынасы құран аяттарын дауыстап немесе ішінен оқыды. «Құран аударды» діни еңбектерде, ғылыми немесе аударма саласында құранды бір тілден (әдетте араб тілінен) басқа тілге аударды. «Құран аудартты» қолданысы басшылық, өтініш білдіру мағынасында біреуге құранды аударуды тапсырды, оқытып аудартты. «Құран аяты» нақты діни дәлел немесе насихат айтқанда қолданылады. «Құран түсірді» Құран Кәрімді пайғамбарға уахи арқылы түсірді. «Құран хатым қылды» құранды толық оқып марқұмға бағыштағанда немесе сауап үшін «құранды толық(басынан соңына дейін) оқып бітірді»[87, 480].

**بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ Bismillāhi 'rrahmani 'r-rahim** (бісмілләһи рахманы р-рахім) бәсмәләһи раахмани-рахим – бұл күллі мұсылман халықы ең жиі қолданылатын тіркес. Оны бүкіл мұсылмандар барлық істің басында айтады, мағынасы, *«аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атынмен бастаймын»*. Сөзбе сөз аударсақ بِسْمِ бісмі (атымен, есімімен), اللَّهُ аллаһи (алланың) اَلرَّحْمَنُ ар-рахмани (аса қамқор, бәріне мейірімді), الرَّحِيمُ рахим ерекше мейірімді (имандарға ерекше). Бұл құранның кілт сөзі. Бұл сөз тіркесі Құрандағы Фатиха сүресінің 1-аятында толық келеді. Мысалы: «Бис'милләһир Рах'мәәнир Рахиим!...» [101, 3]. Құрандағы 114 сүренің 113-і осы сөзбен басталады.

**السلام عليه الرسول pecул'aley-hissalām** (ресул алей-һиссаләм) рассул әлейһис-сәләм – Алланың елшісіне (пайғамбарға) Алланың сәлемі болсын деген мағынан білдіретін тіркес. Бұл тіркес пайғамбарлар мен кейбір ұлы тұлғаларға (періштелер, әулиелер, т.б.) құрмет білдіру үшін айтылады. Сөзбе-сөз талдайтын болсақ «Ресул» Алланың елшісі, яғни жаңа шарифатпен (құдайлық заңмен) келген пайғамбар, «Алейһис-салам» «Оған Алланың сәлемі болсын» деген мағына береді. Исламда Мұхаммед пайғамбардың аты аталғанда – міндетті түрде «саллаллаһу алейһи уә сәлләм» (وسلم عليه الله صلى) деп айту сүннет. Басқа пайғамбарлар аты аталғанда – «*әлейһис-салам*» немесе «*әләйһимус-салам*» (егер көпше түрде) деп айтылады. Ортағасырлық қолжазбада пайғамбар есімі аталған сайын «*әлейһис-салам*» немесе «*саллаллаһу алейһи уә сәлләм*» секілді құрмет формулалары қолданылған. Бұл ислам дәстүрінде Пайғамбарға деген сүйіспеншілік пен ізеттіліктің көрінісі болып саналады. Түркі-мұсылман әдебиетінде бұл дәстүр әсіресе сопылық және діни-дидактикалық мәтіндерде жиі ұшырасады. **Aley-hissalām** (ресул алей-һиссаләм) тіркесі жеке тұрып та қолданыла береді. Мысалы, пайғамбарлар Мұса (ә.с.), Иса (ә.с.), Адам (ә.с.); періштелер Жәбірейіл (ә.с.); әулие/халифаларға Әли (р.а.), Хусейн (р.а.). Исламдағы роліне келсек бұл сөз Бұл сөз арқылы мұсылмандар пайғамбарларға сәлем мен құрмет жолдайды. Бұл-әдептің белгісі, пайғамбарларға тілмен дұға айту. Құранда да Алла кейбір пайғамбарларға сәлем жолдайды. Мысалы, Құрандағы Саффат сүресіндегі 79-аятта «Сәлем болсын Нұхқа әлемдер ішінде!», сондай-ақ «Ибраһим алейһис-сәләм-Алланың досы болған», «Мұса алейһис-сәләм Перғауынға барып, хақты жеткізді», «Жәбірейіл алейһис-сәләм уахи әкелген періште»[101, 1103 ].

الْعَلَمِينَ «әл-әләмин» ескерткіш тілінде барлық әлемдер, бүкіл жаратылыс, барша тіршілік иелері деген мағына береді. Фатиха сүресінің 2-аятында жиі кездеседі. الْعَلَمِينَ رَبِّ لِلَّهِ الْحَمْدُ «Барлық мадақ – әлемдердің Раббысы Аллаға тән!». Мұндағы «*раббуль-‘Аламин*» – «әлемдердің Тәрбиелеушісі (Жаратушысы)» деген мағына береді [101, 10]. Қарастырып отырған ескерткіш тілінен киелі топонимдік атау مكة **Mekki** (Меккі) Меккені де кездестіреміз. Мекке – Сауд Арабия қаласында орналасқан ежелден сауда және мәдени орталығы болған, мұсылмандардың ең қасиетті қаласы. **Мекке** араб тілінен кірген кірме сөз. 1. зат діни *Мұхаммед пайғамбар туылған, мұсылмандар құрбан айтты болар кезде қажылық сапарға барып қайтатын Мекке қаласының атынан пайда болған атау* [110, 170]. Бұл қалаға мұсылман еместерге кіруге тыйым салынған. Ибраһим (ғ.с.) мен оның ұлы Исмаил (ғ.с.) осы жерде Қағбаны салған. Мұсылманша хижрадан (Пайғамбардың Мәдинаға көшуі) кейін 8-і жылы мұсылмандар Меккені бейбіт жолмен азат етті. Меккедегі қасиетті орындар *қағба* (бүкіл мұсылмандардың құбыласа) *Масжид әл-Харам* (ең үлкен мешіт, қағба осы мешіттің ортасында орналасқан), *Хира үңгірі* (алғашқы уази түскен үңгір), *Сафа мен Маруа* (Хадж рәсімінде жүгіретін екі төбе), *Жәннәтүл Маалә* (Меккедегі әйгілі мұсылман зираты). Әйелдер үшін 1) қажылық пен умра кезінде әйелдер белгілі шарттармен ер адамдармен бірге Қағбаны тауап етеді. 2) әйелдерге қажылықта қорғаушы (маһрам) ер адаммен бару ұсынылады. Ескерткіш тілінен *Hunni-i Mekki* (һүнни-Меккі) деген тіркесті кездестіреміз «Хунни» «خونى» сөзі парсы/шағатайша «қан», «қанмен», немесе «қан төгуші» мағына беруі мүмкін. «Хунни-и Мекки» деген тіркес «Меккелік қан төгуші» немесе «Меккелік жауынгер», қанмен байланысты Меккелік адам деген мағына беруі мүмкін [101, 89].

Байқағанымыздай диссертацияда қарастырып отырған ескерткіш тілінен ветеринариялық салаға ғана қатысты емес ислам дініне қатысты және құран мен хадиске сілтеме беретін лексиканы кездестіруге болатынына көзіміз жетті. Ескерткіш тіліндегі бұл лексика араб тілінен енген діни терминдерден, сонымен қатар ұлттық тілдегі діни мазмұндағы сөздерден тұрады. Мұндай сөздер ислам дініне, оның қағидаларына, рәсімдеріне, қасиетті кітаптарына және тұлғаларына қатысты қолданылады. Ескерткіш тілінде діни қызмет пен рәсімге қатысты терминология қомақты орын алады. Мысалы,

تحیات **Taḥiyyet (taḥiyyet) таһиәт** араб сөзі, мағынасы – сәлем беру, амандасу, тілек айту, дұға жасау, құрмет білдіру дегенді білдіреді. Бұл сөзді күнделікті қолданыста кездестіргенімізбен намаздағы «әт-Тахийят» дұғасынан («ат-тахиййату лилләһ...») кездестіреміз. Намаздағы мағынасы «*Барлық сәлем, дұға және жақсы сөздер – Алла үшін*» [102, 36]. Түбірі «*خِي*» (*ḥiyya*) – «тірі болу», «өмір сүру» деген мағынаны білдіреді. Сонымен қатар қасиетті Құрандағы Ниса сүресінің 86 аятында «*қашан сендерге сәлем берілсе, одан да жақсы түрде жауап беріңдер немесе дәл солай қайырыңдар*» делінген. Бұл аятта тахийя сөзі амандасу мен жақсы дұға қайтару мағынасында айтылған [101,164-204 ].



**نم Nomaz** (намаз) – араб тілінен енген, қазақ тіліне парсы тілі арқылы жеткен, ислам дініне тән діни термин, ол рухани тазалық пен құлшылықты білдіретін зат есім. Қазақ тілінде бұл сөз толық сіңісіп, күнделікті діни сөздік қордың маңызды бөлігіне айналған. Мағынасы ислам дініндегі белгілі уақыттарда, арнайы шарттармен, тазалық сақталып, құбылаға қарап, Аллаға құлшылық ретінде орындалатын діни ғибадат. Ортағасырлық жазба ескерткіштерде сөз ортасында о\а алмасуымен кездеседі. Мысалы, **namāz** (п)»намаз» **namaz bařla** «намаз оқу, намаз бастау» **namaz et** «намаз оқу», **namaz qıl** «намаз оқу, намаз міндетін орындау», **namaz qılýan** «намаз оқыған» [107,13].

**مكروه Mekrūh** (мекруһ) мәкрұх – ислам құқықтануындағы (**фихһ**) термин, мағынасы – ұнамсыз, жақсы көрілмейтін, жеккөрінішті іс. Мәкруһ – шарифатта харам (тыйым салынған) дәрежесіне жетпеген, бірақ жасалуы құпталмайтын іс, сонда мағынасы ұнамсыз іс. Мысалы, істемесе – сауап, істесе – күнә емес (кейде күнә жақын). Шарифаттағы басқа үкімдерден салыстырсақ фард/уәжіп мағынасы, міндетті парыз, нәтижесі, сүннет мағынасы, пайғамбар істеген амал, нәтижесі істесе сауап, харам мағынасы тыйым салынған, нәтижесі істесе күнә. Мәкруһтың түрлері Ханафи мәзһабына сай, 1) мәкруһ тахрими (қаттырақ мәкруһ), харамға өте жақын, жасалуы күнәға жақын, дәлел-Құран мен нақты емес (зәғиф не ахад) хадистер. Мысалы: намазды тыйым салынған уақытта оқу. 2) мәкруһ танзихи (жеңіл мәкруһ), жай ғана ұнамсыз, жасағаны үшін күнә жазылмайды, бірақ істемегені жақсырақ [105,42]. Мысалы: мешітке сасық иісті нәрсе (пияз, сарымсақ) жеп бару.

**دُعَاء Dua** – дуа ислам мәдениетінде ерекше орын алатын жаратушы Аллаға жалбарыну, тілек тілеу, жүректен шыққан шынайы өтініш, мұсылманның Аллаға тілегін, мұқтаждығын білдіріп, жалбарынып сұрауы. Ол құлшылықтың бір түрі және жүректегі иманның көрінісі. Пайғамбар Мұхаммед (с.ғ.с.) Тирмизи хадисінде былай дейді. «Дұға – құлшылықтың өзегі» [101, 3080]. Дұғаның ерекшелігі тікелей аллаға бағытталған (араға ешкімді салмай, тікелей жалбарынып тілейді), кез келген тілде оқылады (құран сүрелері – арабша, бірақ жеке дұғалар – қазақша не өз тілінде), уақыты мен орны шектелмейді (кез келген уақытта, кез келген жерде жасалады), ішкі сеніммен жасалуы керек (алланың қабыл ететініне күмән келтірмей тілеу). Құранда бақара сүресінде 152-ші аятта «мені еске алыңдар, мен де сендерді еске аламын. Маған шүкір етіндер, қарсы келмендер» Ғафир сүресінің 60-шы аятында «Раббың: «Маған дұға етіндер, сендерге жауап беремін» деді.» қай уақыттарда дұға қабыл болады *намаздан кейін, қиналған сәтте, түннің соңғы үштен бірінде, жаңбыр жауып тұрған кезде, ауруға шипа тілеу кезінде, рамазан айында, ауыз ашар алдында, жұма күні, әсіресе екінті мен ақшам арасы*. Көп оқылатын дұғалар Раббана атина (Уа, Раббымыз! Бізге бұл дүниеде жақсылық, ақыретте де жақсылық бер), Истихара дұғасы (Таңдау жасар алдында Алладан дұрыс шешім тілеу), Шифа дұғасы (Аурудан айығу үшін жасалатын дұғалар), Қиямет дұғасы (Ақыретте аман қалу үшін тілейтін дұғалар). Дұға қабыл болу үшін мұсылман

орындайтын біраз шарттар бар. Олар, шынайы жүректен шығуы керек, халал ризықпен өмір сүру, төзімділік және үміт, жақсылық тілеу, ата-анаға дұға ету, басқаларға жақсылық тілеу.

Ислам дінінде моральдық-этикалық ұғымдар ерекше орын алады. Бұл ұғымдар адамгершілік, дұрыс ниет, адал әрекет, әділеттілік, мейірімділік секілді құндылықтарды қамтиды. Мұндай ұғымдар адамның ішкі дүниесі мен сыртқы мінез-құлқын реттеп, қоғамда бейбітшілік пен ынтымақты сақтауға бағытталған. Ескерткіш тіліндегі моральдық-этикалық ұғымдарда жеткілікті Мысалы, ескерткіштегі «*sabīr*», ескерткіш тілінде жеті рет кездеседі. Бұл сөздің мағынасы – төзімді болу, барынша шыдамды болу, шарифат бойынша Алла тағаланың разышылығы үшін өмірдегі қиыншылықтарға төзу. Сабыр-жалпы мұсылман баласының тіршілікте кездесетін қиындық пен зорлыққа қарсы тұра білуі. Бұл сөз көне түркі сөздігінде (ДТС): **sabīr-sabīr qīl** терпеть, проявлять, терпение деп беріледі [85, 508]. Қазіргі қазақ тілінде бірнеше фразеологиялық тіркестерде кездеседі. Мысалы, *сабыр қылды* шыдамдылық төзім білдірді; *асығыстық жасамады, сабыр суы сарқылды [таусылды, түгесілді]* сабыры бітті [кетті, қалмады, таусылды] шыдам төзімі құрыды, *сабыр таяғына таянды* шыдамды сүйеніш етті, *сабыр түбі сары алтын* шыдам тағат арты жақсылық, шыдам аяғы игілік, *сабыры мойымады* шыдам-тағаты таусылмады, тағат қып шыдады, *сабыр етті* шыдамдылық жасады [86, 56]. Ал халық мақал-мәтелдерінде: «*сабырлы адам сақтанып сөйлер, сабырсыз адам мақтанып сөйлер*», «*сабыр-ақыл серігі*», «*сабырлы жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа*» секілді мысалдарда көрініс тапқан.

«Байтарату’л-вазих» жазба ескерткіш тілінен кездесетін тағы бір сөз, **šükr (шүкр)** шүкір. Біз қарастырып отырған ескерткіш тілінде **šükr (ar)**: *šükr*, тілінен *йуз мың шүкур ве пәйәнсыз һәмд ве сенә* секілді мысалды да кездестіреміз. Тегінде барына шүкір етіп, жоғыңа сабыр еткен дана халықпыз. Шүкіршілік адамды барлық нәрсеге, тіпті болмашы ұсақ түйекке де шын қуануға шақырады. Халықтың діни танымында: шүкірлік айтып отырған пендесіне Алла тағала арттыра береді деген де түсінік қалыптасқан. Жазба ескерткіш тілі мен қазіргі қазақ тілінде сөз ортасында ү/і фонетикалық өзгешелігі болмаса мағынасы өзгермеген. Көне түркі сөздігінде (ДТС) Бұл сөзге **šükr** – араб благодарность, признательность, **šükr qīl** благодарить – деген анықтама берілген [85, 557]. Қазақ тіліндегі араб-парсы түсіндірме сөздігінде: арабша шукр 1) ризашылық, риза болу, қуану [82,458]. Ал қазіргі қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен мағынасының кеңейгенін де көруге болады. Мысалы, 1) құдайға тоба, тәубе, 2) тәуір, жақсы жаман емес 3) құмды жерде өсетін, тамыры қант қызылшасына ұқсас өсімдік [86,744]. Тілімізде шүкір сөзінің ұйытқы болуымен бірнеше фразеологиялық тіркестер де туындаған. Мысалы, *шүкірлік қыл* риза бол, қуан *шүкірана қылмау* ризашылық етпеу, разы болмау, *шүкіраналық* қылу-қатты қуанып ырза болу, *шүкірне* аланы еске алып, ризашылық намаз оқу *шүкіраналық ету* аллаға шүкіршілік ету, *шүкірлік қылу, шүкіршілік* – тәубешілік, тобалық, қанағат, қылушылық [87 ,45]. Халық мақалында: жоғары қарап пікір ет, төмен қарап

шүкір ет. Ауызекі тілде: Құдайға шүкір! Аллаға шүкір! тіркесі көп қолданылады.

**رحم Rahim (pahim)** рақым қазақ тіліндегі араб-парсы түсіндірме сөздігінде: арабтан кірген кірме сөз мағынасы рахим – рақым, 1) мейірім, қайырым, қамқорлық 2) аса қамқор деген ұғымды білдіреді деп береді [83, 478]. Қазіргі қазақ тілінде сөз ортасында h/қ фонетикалық алмасуымен кездеседі. Сондай-ақ бұл сөз Алла тағаланың 99 есімінің бірі. Ескерткіш тілінде *rakım: bir tedavi yolu, rakım kıl секілді мысалдар кездеседі*. Қазіргі қазақ тілінде фразеологиялық тіркестерде: *рақым айлады* мерейі түсті, көңілі жібіді, *рақым айтты* жанашыр тілек білдірді, *рақым етті* рақымшылығы түсті мейірімі түсіп, жанашырлық етті, *рақым-шақат [шапхат]* жоқ мейірім, қайыр, бейіл жоқ, *рақымынан үмітті* қайырымынан дәмеленді, рахым сөзі әр түрлі мағынада көрініс тапқан [87, 592].

**روزي Rūzī (рузы) ризық** арабша да парсыша да қолданылатын сөз. Мағынасы – «риздық», «нәсібе», «күнкөріс» Араб тілінде **رزق (rizq)** – Алланың пендесіне берген несібесі, тіршілігіне қажетті барлық нығмет. «Ризық дұғасы» немесе «Рузі тілеу» – мұсылман адам Алладан адал, мол несібе, табыс тілеу үшін жасайтын дұға. Исламда өте кең тараған, әрі құпталған амал. Мысалы, **حَرَامُكَ عَنْ بَحَالِكَ أَكْفَيْنِي اللَّهُمَّ**, қазақша *Уа, Алла, адал әрі мол ризығыңнан бер. Харамнан сақта, басқаларға тәуелді етпе!* [101,1189].

**كن Kuna «күнә»** – араб тілінен енген, қазақ тіліне ертеден орныққан дерексіз зат есім. Ол дінге немесе этикаға қайшы әрекетті білдіреді. Мағыналық жағынан моральдық-рухани түсініктермен тығыз байланысты, ал грамматикалық тұрғыдан септеліп, тәуелденіп қолданыла алады. Мағынасы дін іліміне немесе адамгершілік ережелеріне қайшы келетін әрекет. Алланың тыйым салған істерін істеу. Мысалы: *өтірік айту, ұрлық, зина, арақ ішу, ата-анаға қарсы шығу* – күнә саналады. Бұл сөздің ұйытқы болуымен «күнә жасау», «күнәдан тыйылу», «күнәсін жуу» сияқты тұрақты тіркестер қалыптасқан.

**حکم Hüküm (hükim) үкім.** Ортағасырлық жазба ескерткіштер тіліне қарап отырсақ көбіне **hükim** «жарлық, бұйрық», **hükim bujur** «үкім беру», **hukm-I haq** «Алла әмірі», **hükim idikä** «құдай билеуші», **hükim it** «басқару және шешу», **hükim kel** «басқаруға, әмір етуге келу», **hükim qıl** «басқару шешу» [108, 120 ]. Қазіргі кезде бұл бірлік актив сөздер қатарына жатады. Ол тек діни салада ғана емес, басқа да қоғамдық, құқықтық, саяси және философиялық салаларда терминденген сөз ретінде қолданылады. Мысалы: Сот үкімі – заңдық шешім, құқықтық норма негізінде берілген шешім; Үкім шығару – билік пен басқару актісі ретінде; Президенттің үкімі, жоғарғы соттың үкімі – әкімшілік-билік жарлығы немесе нормативтік-құқықтық акт; **құдайдың үкімі** – теологиялық тұрғыда Алланың әмірі, тағдыр. Сонымен қатар, қазіргі қазақ тілінде «үкім» сөзі тұрақты тіркестер мен фразеологизмдер құрамында да қолданылады, мысалы: *үкім кесу, үкімін айту, үкімін орындау* т.б. Ортағасырлық жазба мұралар тілінде «hüküm» сөзі тек «жарлық, бұйрық» мағынасында ғана емес, «билеу», «басқару», «шешім

шығару» әрекеттерінің де кең семантикалық өрісін қамтыған. Бұл – сол кезеңдегі мемлекеттік және діни құрылымдарда билік пен шешім қабылдаудың негізгі концептілерінің бірі болғанын көрсетеді. Ал қазіргі тілде бұл сөз құқық, дін, басқару салаларында терминдік мағынада қалыптасқан. Ислам дініне сенімге қатысты ұғымдар да кездеседі. Мысалы,

**الآخرة (al-ākhirah) – ahiret** (ахрет) ақырет – бұл дүниеден кейінгі мәңгілік өмір, яғни о дүниелік өмір, ақырзаманнан кейін болатын өмір кезеңі. Біз қарастырып отырған жазба ескеркіш тілінде бір рет (ahiret 6\1) кездеседі. Исламда ахиретке сену иманның 6 шартының бірі «Ақырет күніне иман келтіру» – әрбір мұсылман міндетті түрде ақырет өміріне, қайта тірілуге, есеп күніне сенуі керек. Ахиретке қатысты кезеңдер *өлiм* (маут) бұл дүниедегі өмірдің аяқталуы, *қабір өмірі* (барзах) қабірдегі рухани өмір (сұрақ-жауап, азап не тыныштық), *қиямет күні* бүкіл тіршілік иелерінің қайта тірілуі, *хисаб* (есеп беру) істеген амалдарымыздың есептелуі, *мизан* (таرازы) жақсы мен жаман амалдардың өлшенуі, *сират көпірі* жәннат пен тозақтың арасындағы өткел, *жәннат не жаһаннам* мәңгілік өмірдің орны – сауаптылар үшін жәннат, күнәһарлар үшін жаһаннам (Тозақ). Құранда «Ахирет» сөзі 115 рет кездеседі. Мысалы құранның Анкабут сүресіндегі 64-ші аят **لَهُیَ الْآخِرَةُ الدَّارَ وَإِنْ** *негізінде, ақырет жұрты – шынайы тіршілік* [101, 1137]. Ортағасырлық жазба ескерткіштерде: **Ahiret** (а) «ақырет о дүние», **ahiret sarāji** «ақырет тұрағы, ақырет сарайы, жаннат», **āhirätnin sävābi** «ақырет сыйы, жаннат» [108, 743]. «Байтарату’л-вазих» жазба ескерткіші тілінде сөз ортасында h/қ алмасуымен беріледі. Бұл терминде тек діни мәтіндерде кездеседі.

**القيامة يوم – (йаум әл-қияма) qyamet kun** (қиямет күн) – ислам сеніміндегі ең маңызды ұғымдардың бірі. Ескерткіш тілінде бұл бірлік бір рет кездеседі (Qyamet kun 7/1). Қиямет күні – Алла Тағала бүкіл жаратылысты жоқ қылып, содан кейін бәрін қайта тірілтіп, жақсы мен жаманды ажырататын, жазасы мен сыйы берілетін, мәңгілік өмір басталатын күн. Бұл күн – Ислам дініндегі иман келтіру шарттарының бірі, «Ақырет күніне иман келтіру» – алты иман шартының бірі. Құранда қиямет күнінің 40-тан астам атауы бар. мысалы, *йаум әл-қияма* (қиямет күні), *йаум әд-дин* (есеп күні), *йаум әл-хисаб* (есеп беру күні), *йаум ә-фасл* (ажырату, шешім шығару күні), *ас-са'а* (уақыт, сағат, ақыр, сәт) *йаум ән-нушур* (қайта тірілу күні), *йаум әт-талақ* (алламен кездесу күні) [101,1128]. Исламда қияметтің кіші (ғылым мен технология дамуы, зина мен ішімдік таралуы, жалған пайғамбарлардың шығуы, бай мен кедей арасындағы теңсіздік) және үлкен белгілері (тажжалдың шығуы, Иса пайғамбардың (ғ.с.) көктен түсуі, Яжуж бен Мажуждың пайда болуы, Түтін шығуы (духан), Күннің батыстан шығуы, Даббатул-ард (жерден шығатын мақұлық)) болады. Құранда Зилзала сүресіндегі 6-шы аятта «Сол күні адамдар бөлшектелген түрде таралады, сонда істеген әрбір ісі көрсетіледі». [101,1075] Әли-Имран сүресіндігі 185-ші аятта «Әрбір жан өлімнің дәмін татады. Сендерге толық сыйлық қиямет күні беріледі» [101,1157]. Хадисте Пайғамбар (с.ғ.с.) Тирмизи аятында «Ақырет күнін жиі еске алыңдар. Ол – барлық ләззаттарды бұзушы [101, 1136 ].

Қорытындылай келе, тарихты арқау еткен тарихи жәдігерлер – халқымыздың өткенінің айнасы, өткен мен бүгіннің жалғасы екеніне көзіміз жетті. Жоғарыда келтірілген мысалдар арқылы діни атаулардың ескерткіш тілі мен қазіргі қазақ тілінде қолданылуын бағамдадық. Түйгеніміз араб тілінен кірген кірме сөздер қазіргі қазақ тілімізге сіңісіп өз мағынасын сақтай отырып тіл байлығымызды кеңейтіп отыр екен. Зерттеу барысында қолжазбадағы кірме лексика құрылымдық және семантикалық тұрғыдан талданып, бірнеше маңызды қорытындыларға қол жеткізілді. Атап айтсақ, ескерткіш тіліндегі кірме сөздердің араб, парсы және моңғол тілдік қабаттарын қамтитыны анықталып, олардың сандық көрсеткіші айқындалды. Араб тілінен енген діни терминдердің бірқатары қазіргі қазақ тіліне ерте кезеңнен сіңісіп, кең қолданысқа түскені, ал кейбірінің тек жазба мәтіндер мен қасиетті кітаптарда сақталғаны байқалды. Сонымен қатар, бұл кірме сөздер ескерткіш мәтінінде сингармония заңына бейімделмей, түпнұсқа қалпында қолданылғаны көрініп тұр. Сонымен қатар қолжазбадағы діни лексика құрылымдық, семантикалық және прагматикалық аспектілерде сараланып, мәмлүк қыпшақтарының тілдік дүниетанымында ислам діні мен рухани құндылықтардың ерекше орын алғанын көрсетті. Ескерткіштегі діни ұғымдардың мәтінде этикалық, моралдық және тәрбиелік мазмұнмен сабақтас қолданылуы исламдық дүниетанымның түркілік ортада орнығу үдерісін айқындайды. Кейінен исламдық дүниетаным Алтын Орда кезеңіндегі ақындар мен оқымыстылардың еңбектерінде көрініс тауып, діни мазмұндағы еңбектердің жазылуына сеп болды, ал кейінен «Алтын Ордалық жазба жәдігерлер кейінгі заман туындыларының қалыптасып дамуына өз септігін тигізді» [111, 15]. «Байтарату’л-вазих» сынды жазба мұраларды лингвистикалық тұрғыдан зерттеу қазіргі қазақ тіліндегі діни лексиканың тарихи бастауларын, даму бағыттары мен мәдени-рухани контекстерін терең түсінуге жол ашады.

Түйгеніміз «Байтарату’л-вазих» – тек ветеринариялық мазмұндағы еңбек емес, мәмлүк қыпшақтарының рухани-исламдық дүниетанымын бейнелейтін тілдік мұра екен. Бұл қолжазбадағы діни лексиканы зерттеу қазіргі қазақ тілінің тарихи жолмен дамуындағы діни қабаттарды танып-білуге, сондай-ақ тіл мен діни көзқарастардың өзара байланысын зерделеуге маңызды ғылыми негіз болатындығын растайды.

## **2.2. Ескерткіш тіліндегі жылқы атаулары мен ветеринариялық лексика: тілдік эволюция және мәдени негіз**

Көне ғасырлардан ұлы даланы ат тұяғымен дүбірлетіп, төрткүл дүниені дүр сілкіндірген ата-бабаларымыздың басты байлығы асыл текті арғымақтары еді. Тарихтан белгілі түркілердің тақымы аттан түспей, үзеңгіден табаны таймай ерен ерлігімен елдігі мен жерін сақтаған. «Замана көшінің келбетін өзгертіп» өркениеттің дамуына өз үлестерін қосқан [112,3]. Сондықтан да тұрмыс-тіршілігі мен мәдениеті, тәлімі мен тәрбиесі, таным мен талғамы жылқы малымен біте қайнасқан. Халқымыз төрт түлігін жеке-

жеке пір тұтып «қой береке, түйе ғазиз...», ал жылқыны «...төрт түліктің төресі» ретінде ерекше құрметтеп, «жеті қазынаның бірі» деп қасиет тұтып, «..шашасынан жер, құйрығынан жел аңқыған атын» жан жолдасына балаған [113,278]. Өйткені о бастан адамзат баласына тән асыл қасиеттер тектілік, адалдық, тазалықты жылқы малының бойынан байқаған. Сондықтан да ұрпағын «құлыным», «арғымағым», «хас тұлпарым» – деп еркелетіп өздерін «жылқы мінезді халықпыз, түбіміз – түркі, түлігіміз – жылқы» деген. Оған ерекше көңіл бөліп қолға үйретіп, баптап, бәйгеге қосып, жауынгерлік өнерге баулып әспеттеп, атбегілік өнерді ұрпағының қанына сіңіріп, аманаттап отырған. Көне ғасырдан таңбалы тастарға бейнелеп, адамдармен қатар жерлеп «атты мүрде» орнатқан. Жазба ескерткіштер Күлтегін: *Күл-тегін алп чалқы ақ атын мініп төгді* (Күлтегін алып шалысты ақ атын мініп шайқасты) [37, 22], Тонікөк: *«бу түрк будунқа. Йарықлыг йагыг келтүрмедім. Төгүнліг атыг йүгүртмедім, ілтеріс қаған қазғанмасар»* [60, 113]. М. Қашқари: *«Kuṣ kanatın er atın»* (Құс қанатымен ер атымен) [93, 1,63] т.б. жырларына қосып, мәліметтер қалдырып отырған. Сондықтан да болар жылқы малына байланысты қалыптасқан терминология ұлттық сана-сезім, әлеуметтік қатынас, тұрмыс-тіршілік пен шаруашылықты бейнелейді. Сөз орай келгенде айта кету керек халықтың жылқы малына қатысты наным-сенімі мен ырым-тыйымдары өзіндік бір төбе болса, мифтік түсінігі өзінше бір әлем. Мысалы «жылқы-культі» қолданылған мифтік шығармалар халқымыздың мифологиясының бет қаймағы болып саналады. Мысалы, «Су жылқылары», «Жылқы, айдаһар, жылан», «Қамбар ата». Этнограф, ғалым С.Қондыбай жылқыға байланысты наным-сенімдер мен ырым-тыйымдарды зерттей келе «...бұл тек жылқыға байланысты наным-сенімдердің кейбірі ғана жалпы жылқыға байланысты таным түсініктер дербес энциклопедия етіп жинақтауға жетерлік» дейді [114, 29].

Жылқы түлігі түркілер танымында еркіндік пен өрліктің, жауынгерлік пен батырлықтың, тұрмыс пен руханияттың символы болып табылады. Өйткені, олардың өмірінде жылқы малы үлкен рөл атқарған. Өзге жануарларға қарағанда материалдық қана емес, рухани күш ретінде ерекше құрметпен қарайды. Сондықтан да «*түбіміз – түркі, түлігіміз – жылқы*» деген. Бұл тұтас бір өркениеттің болмысын сипаттайтын тұжырым. Сәйгүлігін сайлап, тарланын таңдап мінген түркілер өз танымдары мен талғамдарын осы жануармен тікелей байланыстыруы тегін емес екен. Сондықтан да халқымыздың дүниетанымында жылқыға қатысты ерекше философиялық және мәдени жүйе қалыптасқан. Ата-бабамыз аттың сынын жақсы білген және күтімін де терең меңгерген. Осыған қатысты жинақталған ілімін жазба ескерткіштерінде сипаттап, ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп қалдырылған. Осындай еңбектердің қайнар көзі ортағасырлық қыпшақ және мәмлүк-қыпшақ тілдерінде жазылған «*Байтарату'л-вазих*» және «*Китаб фи рийазати-л-хайл*» (немесе «*Китаб ал-хайл*») және «*Муният-ул-гузат*», «*Китаб фи ғылым ән-нушиаб*» секілді жазба мұралар екені анық. Диссертациямыздың бұл тарауында осы аталған ескерткіштер тіліндегі жылқы атаулары көне жазба ескерткіштер тілі мен қазіргі қазақ тілінде

қолданысы жүйелі түрде талданады. Зерттеу барысында осы атауларға қатысты тіл бірліктерінің тіліміздегі ауыз әдебиеті үлгілері мен батырлық жырлар, проза, поэзия және фразеологизмдер, мақал-мәтелдер де көрініс табуы және жылқы түліктеріне қатысты ырымдар мен тыйымдар, салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, алғыс-қарғыс түрлері, дала заңына сай жылқы малына қатысты үкімдер мен нормаларға қатысты тілдік деректер жинақталынып, лингвистикалық тұрғыдан қарастырылады.

Диссертацияда ортағасырлық «*Байтарату'л-вазих*» және *Китаб фи рийазати-л-хайл*», «*Муният-ул-гузат*», «*Китаб фи ғылым ән-нушшаб*» жазба ескерткіштеріндегі атбегілік өнерге қатысты тілдік бірліктер фонетикалық, лексикалық тұрғыдан ажыратылып, олардың лингвомәдени сипаты тереңірек ашылады. Нәтижесінде ортағасырлық ескерткіштер тіліндегі қолданысының қазіргі қазақ тіліне әсері, олардың сақталу деңгейі, айырмашылықтары, лексикалық жүйесіндегі орны қарастырылады. Жалпы ортағасырлық жазба ескерткіштер тіліндегі атбегілік өнерге қатысты тілдік бірліктердің ерекшеліктерін зерттеу арқылы тілдің тарихи сабақтастығы мен даму заңдылықтары айқындалады. Тіл – ұлттың тарихын, мәдениетін, дүниетанымын, даналығын жинақтап көрсететін таңбалық жүйе. Ол тек таңбалар жиынтығы ғана емес, ұлттың бар болмысын айқындайтын мәдениеттің басты элементі. Осы тұрғыдан алғанда жоғарыда аталған жазба ескерткіштердегі атбегілікке қатысты тілдік деректерді салыстырмалы түрде зерттеу лингвомәдениеттану және тіл тарихы тұрғысынан маңызды ақпараттар алуға мүмкіндік береді.

XIII ғасырда қыпшақ тілінде жазылған қыпшақтардың әлеуметтік, экономикалық және мәдени өмірі, дәстүр мен әдет-ғұрыптары туралы мәлімет беретін маңызды тарихи және лингвистикалық құнды материалдар. Бұл ескерткіште ат әбзелдері мен төрт түліктің бірі жылқы малына қатысты атаулардың барлығы кездеседі, оларды қарастыру арқылы жартылай отырықшы, жартылай көшпенді өмір салтын ұстанған қыпшақтардың шаруашылығы мен кәсібіне байланысты құнды деректер алуға болады.

Ескерткіш тіліндегі жылқы малына қатысты деректерді семантикалық талдау, сипаттамалы (дескриптивті талдау) лингвокогнитологиялық талдау, шолу, мәтіндік талдау (контекстуалдық талдау) жинақтау, топтау, салыстырмалы-тарихи, этимологиялық талдау секілді әдістері мен талдаулар қолданылды.

Атбегілік – жылқы малын баптау ілімі. «Атбегі /бапкер/ атпаз – бәйге атын тани білетін, оны жарату мен баптаудың, қыр-сырын жетік білетін маман. Атбегі атауының мәні ежелгі түркі халықтарының жазба ескерткіштерінде бек, ұлық, көсем, әкім деген ұғымды білдіретін деген атаумен астас [115,260]. Жалпы айтқанда атбегілік өнер дегеніміз түркілердің ғасырлар бойы жинақтаған ат туралы эмприкалық білімінің жиынтығы болып табылады.

Аталған жазба ескерткіштердің ішінде «*Байтарату'л-вазих*» және *Китаб фи рийазати-л-хайл*» (немесе «*Китаб ал-хайл*») «*Муният-ул-гузат*», «*Китаб фи ғылым ән-нушшаб*» жазба ескерткіштеріндегі атбегілікке қатысты

бірліктерді салыстырмалы түрде қарастырып, қазіргі қазақ тілімен сабақтастығын анықтау өзекті мәселе болып табылады. Бұл жазба ескерткіштер тілдік ерекшелігі жағынан қазіргі түркі тілдерінің, солардың ішінде қазақ тілінің ортағасырдағы табиғи қалпын көрсетеді [116,160]. Аталған жазба ескерткіштер тіліндегі тілдік бірліктердің мазмұны қазақтың мәдениетімен, халықтың дүниетанымымен сабақтасып жатқанын тілдік талдаулар жасау арқылы көз жеткіземіз. Мұндай жазба ескерткіштері арқылы атбегілікке қатысты тілдік бірліктердің лингвомәдени ерекшеліктерін зерделеу арқылы дәстүрлі атбегілік өнердің маңыздылығын айқындай аламыз. Мұндай зерттеу еңбектері атбегілік мәдениеттің тарихын, оның тілдік көрінісі және қазіргі қоғамдағы рөлін түсінуге мүмкіндік береді.

Жалпы қыпшақтар өмірінде жылқының ролі ерекше болғаны тарихтан белгілі. Атбегілік мәмлүк қыпшақтарының мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі. Жылқы бәйгелері мен ат спорттары мәмлүк-қыпшақтарының дәстүрінде ерекше орын алды. Жылқылардың денсаулығы мәмлүк-қыпшақтары үшін басты назарда болды. Олар жылқыларды емдеудің әртүрлі әдістерін пайдаланған және бұл салада кәсіби мамандардың болғаны да рас. Жылқы ауруларын емдеуде дәстүрлі тәсілдерді қолдана отырып, олар өздерінің әскери күшінің сапасын қамтамасыз етті. Сондықтан да олар жылқыны күтіп-баптау және емдеу саласында мол тәжірибе жинақтады. Атбегілік өнерін терең меңгерген мәмлүктердің бұл қабілеті олардың жауынгерлік дағдыларын арттырып, басқа мемлекеттер арасында абыройын көтеруге ықпал етті. Египет пен Сирияны билеген мәмлүк әскері әскери өнер мен атбегіліктің барлық қырларын терең меңгерген сарбаздардан құралды. Мәмлүк сұлтандары мен бектері жылқының маңыздылығын жақсы түсініп, оларды әскердегі ең сенімді серігі, әрі соғыс құралы ретінде бағалады. Мәмлүктер ат үстінде еркін отыруды ғана емес, ат үстінде садақ ату, найзамен түйреп, қылышпен соғысу сияқты соғыс дағдыларын да жетік меңгерген. Ат спорты арқылы олар әскери дайындығын жетілдіріп, дене шымырлығын арттырды. Сонымен қатар қыпшақтар өмірінде «...тәуелсіз азат өмірдің символы, тіршілік байлықтың көзі» де бола білген [117, 218]. Оның дәлелі мәмлүк-қыпшақтардың билігі тұсында жазылған жазба ескерткіштер.

«Байтарату’л-вазих» жазба ескерткіш тілінде *at* сөзі жиі қолданылады. «Байтарату’л-вазих» жазба ескерткіш тілінде «**ات**» *at* сөзі үш түрлі мағынада қолданылады. Мысалы, 1) **ات** (*at*) жануар атауы заттық мағынада; 2) **ات** (*at*) ат адамның аты; 3) **ات** *at* пақ етістік тұлғасында. Ескерткіш жылқы малына арналған ветеринариялық еңбек болғандықтан да көбіне бұл сөздің бірінші мағынасы жиі қолданылады. Ат – қазақ тілінде төрт түлік малдың бірі. Әр түрлі шаруашылық жұмыстарға жегілетін еркек жылқы. Оның міндеті жұмысқа жегілу, мінілу, бәйге, жарыс, жорық. Ат – түркі тілдеріне ортақ бір буынды сөз. Мысалы башқұрт, қазақ, қарайым, қарақалпақ, қырғыз, құмық, ноғай, татар, түрік, ұйғыр т.б. түркі тілдерінде, көне және ортағасырлық жазба ескерткіштерде ешқандай фонетикалық, тұлғалық, мағыналық өзгеріске түспеген күйі қолданылады. Бұл сөздің «Көне түркі сөздігінен» (ДТС) бірнеше мағынасын кездестіреміз. «**At** 1. имя. **ādib ahmād atim** имя



мое Адиб Ахмед; титул звание **ëki oylïma jabyu at bertim** двум моим сыновьям я дал титулы ябгу и шад; название наименование **anuy başı soyuqdim ap aq turur anuy üçün anuy atı muz day turur** от холода вершина ее (горы) вся белая, поэтому ее название – Ледяная гора; 2. **At** 1. лошадь, конь; **antay uluy ölüg baryu tüşti kim jüklämakkä keltürmäkkä keltürmäkkä at qayatır ud azliq boldi** столь много досталось добычи, что погрузить ее и привезти не хватало лошадей, мулов и быков. 3. **Āt** имя, название: **bu čurni āti amrta** название этого порошка – амрта; 2. стрелять **ja qurup oq alıp adnaya isig özintä adırtım... ęrsär** я ...натянув лук, выстрелил и лишил кого-то жизни. 4. **Āt** бится: Биться (о сердце) **könili ātar** сердце его забьется» [85,69-71]. М.Қашқаридің «Диуани луғат-ат түрік» сөздігінде екі мағынасы берілген. (жылқы және есім) «1) **АТ** (қатты дауысталатын «а-әріппен айтылады»). قوش قاتن ار اتن Қуш канатым ер атын: Құш канатын ер атын – Құс канатымен, ер атымен» [93,1, 63]. «2) **АТ** – есім, атау, лақаб ат, атақ. آت بيردى أنکار بک Beg аңар ат берді (Бег аңар ат берді) Бек оған ат берді. Тайпаның ірілерін немесе басшыларын اتلغ Атлығ: Атлығы – атты дейтіні сондықтан» [93,I,108]. М.Қашқаридің сөздігінде кездесетін жылқы мағынасында қолданылу (ث ا ا) арқылы ат сөзі «ат, есім, атау, лақаб, атақ» деген мағынаны береді. «А» дыбысының созылыңқы айтылу ерекшелігі қазіргі түркі тілдерінің арасында қырғыз, түркімен, тува, хакас және саха тілдерінде кездеседі. Ә. Құрышжановтың анда ат сөзіндегі «а» дауысты дыбысы «алиф» таңбасы арқылы беріледі (ат), ал оның созылыңқы түрі екі таңбамен жазылады (аат). «А» әріпін созылыңқы айту «Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII в. «Тюркско-арабского словаря» атты еңбегінде ат сөзі заттық мағынада ғана беріледі. Мысалы, «**At** «**ا ط**» – лошадь, конь: ат кісінер лошадь ржет; ат кісінеді лошадь ржала; ат қашынды – лошадь испускала мочу; мінгіл бу атны садись на этого коня» [75, 87]. Ескерткіш тілінде секілді **at (am) am at bir (am bīp) bīp am atī (амы) амы, atīnīng (амының) амының, atīnī (амыны) амын, atya (амға) атқа, atqa (атқа) атқа, atda (амда) атта, atdan (атдан) аттан, atla (атла) атта, atinī (амыны) амын, atlar (атлар) аттар, atlarnīñ (атларның) аттарының, atlarnī (атларны) аттарды, atlarya (атларға) аттарға, atlarqa (атларқа) аттарға, atlarda (атларда) аттарда, atlarinqa (атларыңқа) аттарына, atlarinda (атларында) аттарында** мысалдарда көрініс тапқан. Аттың бірнеше түрлері бар, *бесті ат, аяңшыл ат, ереуіл ат, ерулі ат, жайдақ ат, жарақты ат, жарау ат, жорға ат, жүйрік ат, көбең ат, тарлан ат, төл ат, тұлпар ат, ұрынишақ ат, шабан ат, бәйге ат*. Ескерткіш тілінен де бірнеше аттардың түрлерін кездестіреміз. Мысалы, арабы ат

Шалкиіз жыраудың;

Алаштан байтақ озбаса,

Арабыдан атты сайлап мінбенді,

Күлікке тастай болып тимесе,

Үстіме кебе сайлап мінбенді [118, 36]

Алп, алп басқан алп басқан

### Арабы торым өзіңсің

Жазылы, алтын, қолы кескен

Алдаспаным өзіңсің [118,37] Мұндағы арабы ат ескерткіш тілінде *бітімді ат таза қанды «араби ат» болып саналады. «Араби аттың» анасы да әкесі де араб болып саналады, арабтар оларды «عائع» atiq деп атайды* дейді [49].

Әкесі араб, шешесі татар атты арабтар «حاسین» **hacīn**, әкесі татар, шешесі араб бие болса, оны «موقريف» **muqrif** деп атаған. Ескерткіш тілінде бұдан басқа да аттың түрлеріне қатысты атаулар кездеседі. «Муният-ул-гузат» жазба ескерткіші тілінде бұл сөздің екі түрлі мағынасы қолданылған. 1) ат (есім мағынасында), 2) ат (жануар) және жануар мағынасында ескерткіш тілінде 281 жерде кездеседі [38, 254]. Қазақ тілінде «ат» сөзі жылқының жалпы атауы болып табылады. Түркілер танымында аттың орны ерекше, ол тек көлік құралы ғана емес, сонымен қатар адамның серігі, өмірдің бір бөлігі болып табылады. Сондықтан да халқымыз жылқы малын ерекше бағалап, күнделікті тұрмыс тіршілігінде сипаттап, ол туралы түрлі тұрақты тіркестер мен лексикалық бірліктерінде айшықтап береді. Мысалы: ат арыды, тон тозды *шаршап-шалдықты, қалжырады, ұзақ жүрді*, ат арылтты [сабылтты] *әуреге түсті*, ат байлады *сыйлады, тарту етті, ат мінгізді*, ат көбең тартып қалды *аттың кешеуілдеп, ұзақ мерзімді өткізіп семіруін айтады*, ат көлігің аман ба? *жолаушы, жүргініші, кісіге айтылатын аман-саулық сұрасу, сәлемдесу*, ат көпір қылып алды 1) *молынан көтере алу мағынасында айтылады* 2) *астан-кестеңін шығарды*, атқа жеңіл құдаша 1) *тым ұшқалақ, жеңіл мінезге айтылады, барып кел, айтып келге дайын, қолды-аяқтай*, атқа қамшы басты *екпіндеді, қарқынды күшейтті* деген ауыс мағынада айтылады. Бұл жерде тікелей ұғымды білдіріп тұр, *атты қатты айдады, зулады*, ат қақты *жол жүріп, шаршап-шалдықты*, атқа қонды [мінді] *көлікпен жолға шықты*, атқа мінер адам *бұрын пысық, белсенді, кісі туралы айтылған*, ат ойнатты *астамшылық етті, басынды, атқа мініп, қаумалап, қамап тұрды*, ат-тонын ала қашты *азар да, безер болды, басын алып қашты*, атты арбап, атан жұтты *«түйені түгімен жұтты» дегендей обыр, жалмауыз ұғымда*, ат үстінде күн көрді *ақын бұл жерде жортуылда, жорықта, аттаныста болып, деген ұғымды айтып отыр*, ат үстінен ұйқы алған *жортуылда, жорықта, ер үстінде жүріп көз шырымын алған* ат үстінде ұйықтады *мазасыз тынышсыз күн туып ат үстінен түспес халге келді*, ат шалдыртты [оттатты] *атын азын-аулақ отқа қойды*, ат шаптырды 1) *ат жарыстырды, бәйге тікті*, 2) *хабаршы жұмсады, кісі жіберді*, ат қосты *бәйгеге ат жіберді* [87, 80]. Жалпы ғылыми мәліметтерде сүйенсек ат сөзіне байланысты 300-ге жуық фразеологиялық тіркес бар екен. Бұл мысалдар арқылы қазақ халқының жылқыға деген ерекше құрметін және тіршілігіндегі рөлін байқаймыз. Осы сөздің тіркесуімен ұлттық ойын атаулары да қалыптасқан. Мысалы, *ат жарыстыру, жорға жарыстыру, қыз қуу, көкпар тарту, бәйге, аударыспақ, ат үстінде садақ тарту (жамбы ату), теңге ілу, ат үстіндегі тартыс, ат омырауластыру, атты ордан қарғыту, жорға жарыс, тай жарыс, құнан жарыс* т.б. Бұдан

халқымыз ежелден-ақ жиын-тойлар мен ойын-сауықтарда ат үстінде сан алуан өнер көрсеткенін бағамдаймыз[119]. Сонымен қатар атқа қатысты салт-дәстүрлер мен жол жоралғылар да аз емес. Мысалы, *ат майы, айғырдың жалын майлау, аттұмар, сыйлы қонаққа ат мінгізу, бесікке баланы саларда «тақымыңнан тұлпар кетпесін, бәйгеге бермес шабандоз» бол деп аттың құйрық жалы мен құйрығынан қыл алып бесікке байлаған, күйеу жігіттің қалыңдық алуға алғаш барғанда ат байлауы, ат шапан [ат-тон] айып төлеу ескі дәстүр бойынша, қаралы үйге еркектердің алыстан атпен шауып, ат қойып келуі* [120, 100], ырым-тыйымдар *аттың жалы мен құйрығын кесуге болмайды* (өйткені бұл жылқының бағы мен сәнін кесумен тең саналған), *бәйгеден озып келген атты ешкімге көрсете бермеген* (көз тимесін деп ырымдаған) *атты босағаға байлау* (босағаға байланған ат үйдің тыныштығына берекесіне кедергі болады деп есептеген), *атты тебуге, ұруға болмайды*(ат иесіне өкпелейді, тіпті ренжиді деп есептеген), *атқа теріс мінуге болмайды* (бұл өлімнің, жоқтаудың, тіпті қасіреттің белгісі), *атты жаяу кісіден бұрын жүргізуге болмайды* (ол тәрбиесіздіктің белгісі деп есептелінген), *атты суытпай қамауға болмайды* (аттың денсаулығына зиян деп есептелінген), *аттың құлағына қатты сөйлеуге, ұрысуға болмайды* (жылқы сезімтал жануар, иесіне ренжіп қалады деп есептеген), *жүкті әйелге атқа мінуге болмайды* (себебі баланың денсаулығына, әйелдің амандығына зиян келіп қалуы мүмкін деп есептеген) *әйел баласына бәйгеге ат қосуға болмайды* (себебі бәйге еркектің ісі, оған әйел баласының араласуы ұят деп есептелінген) [121, 101] **алғыс-қарғыс, тілек** жаңадан туылған ұлдың жақсы болуын тілеу мағынасында *ат ұстарың өзіңе тартсын деген*, өмірде жеңіске жету үшін *атың бәйгеден келсін, жеңіске жет, жолың болсын, бағың жансын* деген мағынада *атың озсын, бағың жансын* деген ал, адамның әділетсіз әрекетіне ашуланғанда *атыңмен қоса омақаса құлағыр, ұрлық істеген немесе сатқындық жасаған адамға атыңа шөңге кіргір*, атынан айырылып сорлап қал деген мағынада *атың сайда, өзің ойда қал* деген, дүние мүлкіңнен айырылып атсыз қал деген мағынада *атыңнан айырылғыр секілді* қарғыстар айтылған [122, 102 ]. Өйткені көшпелі және жартылай отырықшы, өмір салтын ұстанған түркілер үшін атынан айырылу үлкен сор мен ұят саналған. Ал ұрлықпен немесе арамдықпен ат мініп жүрген адамға *атың шоқпым болғыр* деген қарғыс айтқан. Сонымен қатар тілдік қорымызда «*атқосшысы болдың ба, қырық жылқылы болдың ба?*», «*қойшы ма, жылқышы ма?*», «*ат байларың бар ма? құйрық-жалың бар ма?*» секілді тұспалды сұрақтар жиі кездеседі. Мұндай тіркестердің астарында терең мән бар, өйткені тікелей сұраудан гөрі жұмсақ, астарлы, көңілге қаяу түсірмей сұрау тәсілі қойылады. Бұдан қазақ халқының адам көңіліне қарап сөйлеу, жанамалап жеткізу, сөзбен жараламау сынды этикалық қағидаларға аса мән бергенін көрсетеді. Ұрпақ, перзент сынды аса нәзік, сезімтал тақырыптарды да астарлап жеткізіп, тіл мәдениетін жоғары дәрежеде ұстанған. Бұл дәстүр ел ішіндегі құрметті қарым-қатынастың, салт-дәстүрге сай сөйлеудің, имани тәрбиенің бір бөлігі. Осындай тұспалды сөйлеу арқылы халқымыз тілге терең философиялық мән, әдеп пен инабат, сезімталдық пен сыпайылық сыйдырған. Бұл – қазақ тілінің

байлығын ғана емес, қазақы болмыстың биіктігін де айғақтайтын көрініс [123,56]. Бұдан халқымыздың атқа міну мәдениетінің бастауларын аңғарамыз. Ал жүйрік таңдауда өзге елді қайдам, халқымыздың ат таңдау, жылқы таңдау өнері өзінше бір әлем, ғылым. Халқымысыздың жылқы тану мәдениеті, жүйрік ат таңдау өнері – тек тұрмыстық қажеттілік емес, ол тұтас бір рухани, эстетикалық, әскери, тіпті философиялық деңгейге көтерілген ұлттық құндылық. Бір ғана мысал келтірсек «Шора» батыр эпосында Шора батыр жылқы ішіне барып Шұбардың тұлғасына қарап оның жүйрік екенін таныған, мысалы,

Басы аспанға қараған,  
Бауырынан жараған  
Барыстай құйрық тараған  
Мойны алтын таяқтай  
Піскен алма сабақтай [124 ].

Ат таңдау – нағыз көрегендіктің, түйсік пен тектіліктің, тіпті болашақты болжай білудің бір көрінісі. Эпостардағы әрбір сипаттама – аттың тек сыртқы көркі ғана емес, оның мінезі, табиғаты мен қасиетін де білдіреді. Атақты Қабайнбай батыр:

Жалы жібектей болсын,  
Қасқа тісі күректей болсын,  
Жігері бабына келген түлектей болсын,  
Белдемесі қанатты болсын,  
Жаясы жалпақ алапты болсын,  
Тұяғы жұмыр болсын,  
Денесі шымыр болсын  
Құтқармайтын қуғанды  
Қайыспас мінер тұғыр болсын,  
Құйрығы төгіліп тұрсын,  
Талданып сөгіліп тұрсын  
Самсаған қалың жорықта

Мүсіні жұртқа көрініп тұрсын [125]. «Қабанбай батыр» жырындағы жүйрік атқа қойылатын талаптың көркем тілмен, ұлттық эстетикамен бейнеленген тұсы. Қазақ халқының жылқы мінезін, аттың тұлғалық, моральдық сипаттарын терең білетіндігін айғақтайды. Ал *атқамінер, атқосшы, атишабар* т.б. лауазым атауларын жылқының қазақ халқының шаруашылығында ғана емес, әлеуметтік өмірінде де үлкен мәнге ие болғандығының айғағы.

**Ауыір** (айғыр) айғыр, **ауыіrnі** (айғырны) айғырын, **ауыіryа** (айғырға) айғырға, **ауыіrdan** (айғырдан) айғырдан секілді мысалдар кездеседі. Түркі тілдерінде аз кем фонетикалық өзгешеліктермен кездеседі. «Байтарату’л-вазих» жазба ескерткішінде «ایغیر» **ayğır (айғыр) айғыр**, Китаб фи рийазати-л-хайл» және «Китаб фи ғылым ән-нушшаб» жазба ескерткішінде **ауыір (айғыр) айғыр** – үйірге түсетін еркек жылқы. Көне түркі сөздігінде: ауыір жеребец [85,30]. Біз қарастырып отырған жазба ескерткіштерде мағынасында да тұлғасында да еш өзгеріс жоқ екі буынды сөз. Халқымыздың танымында

айғыр тек жылқының аталығы емес, ол рух, күш, билік, қасиет секілді терең ұғымдардың символы. Жылқы малының бұл түріне қатысты ата-бабамыз көктемде түрі түсі, сүйегі мықты, шабысы мықты айғырлардан тұқым алу мақсатында көктемде *айғыр қосу* дәстүрін жасаған. Үйірге ие болып жүрген *айғырды үйірінен бөлу*, айғырды басқа жаққа жіберу дәстүрі, айғырға көз тимесін деген мақсатта *жалына, құйрығына үкі, тұмар тағып* отырған, көне дәстүр бойынша біреудің жылқысын ұрлаған жағдайда, *айғырдың жалы немесе құйрығын кесіп күзеген* бұл үлкен қорлық, масқаралау болып есептелінген. Өйткені айғырдың құйрығы мен жалын кесуге болмайды. Халқымыз жас жігіттер мен бозбалаларға *айғырдай айбатты* бол деп тілек тілеген, ондағысы айбарлы жігерлі болсын дегені, ал *айғыры жоқ үйірдей тоздың* ғой деген тіркесті бассыз, тәртіпсіз, көбіне ел басқару кезінде қолданылса, *айғырдай тулап, әкеңнің құнын сұрадың ба* ашуланып, орынсыз әрекет еткен адамға айтса, *айғырдың үйіріндей шулап* тәртіпсіз, у-шуы көп жерді сипаттаған, ал *айғырдай кісінен* деген тіркесті артық сөйлеп, елді мезі еткен адамға айтқан. Халық танымында мықты айғырдан туылған тұлпар ғана батырмен тең түседі деген түсінік болған. Оған дәлел батырлық жырлардағы айғырдан туылған тұлпарлар. Мысалы, Қобыландының «Тайбурылы» мықты айғырдан туылған асыл тұлпар. Жырда:

Тайбурылдай шабысты

Терін тердей төкпеген,

Асыл туған айғырдың

Тұқымынан жаралған [124, 103].

«Алпамыс» батыр жарындағы Алпамыс батырдың «Байшұбары» да Байшұбар дейтін тұлпарым,

Айғырдан туған асыл ер

Жер тарпып оқтай зулады [124, 200].

«ЕрТарғын» жырындағы Тарлан ат та

Асыл туған айғырдан

Ақ жалын төккен тарланым [124, 118 ],

«Қамбар» батыр жырындағы Қара қасқа ат та:

Қара қасқа жүгіріп,

Асыл айғыр тұқымы

Қара дауылды бұзып өтті [124, 105].

**Quln (қулн) құлын** – жылқы малының түлігі [109, 88]. Ата-бабамыз құлынның бие құрсағына біткен сәтінен бастап оның аман-есен дүниеге келуіне айрықша мән беріп, жүктілік кезеңін ұдайы бақылауда ұстаған. Өйткені жылқы – тек көлік құралы ғана емес, батырдың сенімді серігі, ел қорғаудағы тірегі, ал бәйгеде озатын шығар тұлпары. Сол себепті болашақта жауға мінетін батырды алып шығатын, жарыста топ жарып, ел намысын қорғайтын тұлпардың іргесі құрсақта жатқан кезден бастап қаланатынына сенген. Мысалы, «Көрұғлы» эпосында Көрұғлы боз биенің құлындауын асыға күтеді. Өйткені осы биеден туған құлынның шашасына шаң жұқпайтын жүйрік болып туылатынына сенген. Шынында, асыға күткен сол

құлын өскен соң Көрұғлының Ғырат есімді тұлпарына айналады. Жырда құлынның болмысы:

Құлынның мойны ұзын, қамыс құлақ  
Тірсекті, жайпақ сауыр, құйрық шолақ  
Деседі омырауы байтақ өріс

Жұлдыздай екі көзі жанған шырақ [126]. Бұл жыр жолдарындағы құлынның әр мүшесінен нағыз жүйріктің бітімін көресіз. Көне түркі сөздігінде: **qulun** жеребенек, **qulunla** жеребится [85,494], Махмұт Қашқаридің «Диуни луғат ат-түрік» еңбегінде: **qulun** (қулун) құлын [93,463]. Китаб фи рийазати-л-хайл» және «Китаб фи ғылым ән-нушшаб» жазба ескерткішінде де нұсқалары кездеседі. Халқымыздың түсінігінде құлын – өмірдің жалғастығы, өсім секілді ұғымдар ассоцияланады. Құлынға қатысты да біраз жол-жоралғылар бар мысалы, баланың тұсауын кескеннен кейін немесе аяғы енді шыққан бала жүйрік болсын, атқа мінер азамат болсын деген мақсатта, құлын сауыр дәстүрі орындалатын болған, *құлын таңба салу дәстүрі*, көбіне бұл салт құлынға біраз өскен соң салынатын болған. Мақсаты, көз тимесін деп және жоғалмасын деп отбасылық таңба салған. *Құлын шөгеру*, *құлын тастау* бұл дәстүр көбіне құлын жолда жүріп келе жатқанда жата қалса немесе жаман түсте көрінсе «*құлын шөгерді*» деп көбіне бұны жаман ырымға балаған. Осындай жаман ырымдардың біріне *құлынның теріс туылуы* жатады екен. Көбіне мұндай құлындар жамандықтың белгісі саналып, өртеп я болмаса, биеге тұмар тағып, немесе түс көру арқылы жору секілді салттарды істеген екен. *Құлын алу*, *құлын байлау* дәстүрі, бұл дәстүр көбіне үйге қонаққа келген жас бала немесе сыйлы қонаққа жасалатын қонақтық кәде болып табылды. *Құлынды құрбандыққа шалу* бұл жағдай көбіне бұрынғы кездерде хан көтеру, ұлы жорықтарға аттану кездерінде орындалған [127,100]. Құлынға қатысты біраз тыйымдар да қалыптасқан. Мысалы, *құлынды ұрма*, *құлынға ат қойма*, *құлынды ерте мінбе*, *құлынды басқа малдармен жайма*, *құлынға қызығып қарама* [127,101]. Бұл тыйымдарға қарап отырсақ, ата-бабамыз жылқы малының төлін соншалықты әспеттеп, құрметтеген. Себебі құлын – үміт, ертеңгі күн, болашақтың символы. Тілімізде құлын сөзінің ұйытқы болуымен фразеологиялық тіркестерде қалыптасқан екен. Мысалы, құлындай тебісу, құлындай жамырау, құлын дауысты, құлын мүшелі, құлын тайдай тебісу, құлын даусы шығу, құлындай құлпыру, құлындай үйірілу [87,102]. Алғыс-қарғыс мәнді сөздер де қалыптасқан. Мысалы, *құлыны өрбіген үй бол!* Қарғыс – *құлынынан айырылған биедей бол!* [127]. Халқымыздың жылқы малын ежелден ерекше қастерлеп, оны «ер қанаты» деп бағалағаны белгілі. Бұл көзқарас тек күнделікті шаруашылықта ғана емес, сонымен қатар ауыз әдебиеті мен эпостық жырларда да, ертегілерде де кеңінен көрініс тапқан. Батырлар жырында ердің серігі саналатын тұлпарлардың бейнесі олардың құлын кезінен бастап сипатталып, болашақ жүйріктің ерекше жаратылысын, тегін, қасиетін танытуға баса мән берілген.

Мысалы, «Алпамыс батыр» жырында:  
Жылқы ішінде Байшұбар

### Құлындай құлпырып

Күнде бір өсіп тұр екен [124,103] – деген жолдарда Байшұбар тұлпардың құлын кезінен-ақ өзгеше жаратылыс иесі екені байқалады. Ол жай құлын емес, күн сайын өсіп, түр-келбетімен көз тартатын болашақ тұлпар ретінде бейнеленеді.

«Қобыланды батыр» жырында:

Атыңды қойдым Қарагер,

Туғанда алтын құлындай [124,104 ] – деген сипаттау арқылы Қарагердің ерекше құлын болғанын, тіпті алтынмен теңестірілетін бағалы болмысын көреміз. Бұл жүйріктің жай ғана мініс көлігі емес, ердің ар-намысы, жауға шапқанда сенімді серігі екенін білдіреді.

«Қамбар батыр» жырында:

Құлын күннен бапталған

Қара қасқа аты бар [124, 105] – деген жолдар тұлпарды құлын кезінен бастап арнайы күтіммен, баппен өсіру дәстүрінің барын көрсетеді. Бұл — қазақ халқының дәстүрлі селекция және жылқы түлігін асылдандыру тәжірибесінің ауыз әдебиетіндегі көрінісі.

«Ер Тарғын» жырында:

Құлындай үйіріліп

Қара Тарлан келеді [124, 104 ] – деген жолдарда тұлпардың жүріс-тұрысы, сергектігі мен ширақтық қасиеті құлын кезінен-ақ байқалатыны суреттеледі. Осы жыр жолдары – халқымыздың жылқы малына деген рухани, мәдени және шаруашылық тұрғыдан зор мән бергенінің айғағы. Жүйрік тұлпар – қазақ эпосында батырдың өзі сияқты басты кейіпкер. Ол – батырдың жауға шапқандағы серігі ғана емес, оның мінезін, ішкі болмысын, ерлік жолын бейнелейтін символ.

Қырғыз халқының классикалық мұрасы саналатын «Манас» эпосында басты кейіпкер Манас батыр мен оның тұлпары Аққұла бір күнде дүниеге келеді [128]. Осыған ұқсас көркемдік желі Ыбырай Алтынсариннің «Алтын айдар» ертегісінде де кездеседі [129]. Аталған шығармада кейіпкер бала мен құлынның бір мезгілде туылуы сипатталады. Бұл көркемдік элементтер – қазақ және түркі халықтарының дәстүрлі дүниетанымындағы символдық параллелизмді танытатын көріністердің бірі. Құлын мен баланың қатар дүниеге келуі халықтың батырлық туралы түсінігімен тығыз байланысты. Бұл жағдайлар баланың болашақтағы ерлік жолына түсетінін меңзей отырып, оның болмысында тұлпармен ажырағысыз байланыс бар екенін көрсетеді. Мұндағы тұлпар – тек көлік құралы емес, ол батырдың сенімді серігі, тіпті кейіпкердің ерлік қасиеттерін айқындайтын антропоморфты образ ретінде көрінеді. Аталған параллельдер мифологиялық санамен сабақтасып, тәрбиелік мазмұнды да қатар өрбітеді. Яғни, тұлпар мен баланың қатар тууы – батырлық болмыстың бастапқы кезеңінен-ақ тұтастықта құрылатынын білдіреді. Бұл көркемдік тәсіл қазақ фольклоры мен әдебиетіндегі батыр тұлғасын жан-жақты қалыптастырудағы маңызды модельдердің бірі болып табылады.

«قیسراق» **Qisraq – qistraq** (қысрақ-қыстырақ) қысырақ бұл атау жылқы малының ішінде бір жыл төлдемеген биеге берілген атау [130]. Көбіне иесі қысыр қалған малды көп ұстамаған. Басқа үйірге салған немесе тұмар тағып аластап ем-домын жасаған. Бұл биеге қатысты да быраз ырым-тыйымдар қалыптасқан. Мысалы, қысыр биені көп ұстауға болмайды, қысыр биені саууға болмайды, қысыр бие үйге қарап кісінесе – жамандық деп есептелінген, қысыр биенің құйрығын кеспеген. Ескерткіш тілінде **qisraqqa, qisraqqa, qisraqqlar, qisrakning, qisraqni, qisraqya** секілді грамматикалық тұлғалар да кездеседі. «Китаб фи рийазати-л-хайл» және «Китаб фи ғылым ән-нушшаб» жазба ескерткішінде мысалдарда көрініс тапқан. Үйірге қосылмаған, құлындамаған жас байтал, не бие [39,69]. М.Қашқарида **қысыр** (қысыр) қысыр **qysraq** (қысрақ) қысрақ құлындамаған байтал. Оғыздарша байталдың бәрі «қысрақ» [93,533]. Көне түркі сөздігінде: **qisraq** молодая кобылица [85, 475]. Көбіне бұл ұғым халық арасында *берекесіздік, тоқырау, ұрпақсыздық* ретінде қабылданған.

**Hunän (хунан) құнан** – екі жасқа толып, үшке аяқ басқан еркек жылқы [1130, 345] **ескерткіш тілінде** *hunäni (хунәні) құнаны, hunänni (хунәннің) құнанның, hunänilaci (хунәнілачын) құнандасын, hunänga (хунәнга) құнанға* секілді грамматикалық нұсқаларда кездеседі. Тілімізде *құлан* сөзінің ұйытқы болуымен «**құлан бүлкілге (бүлкекке) басты**» — *жорта жөнелді, «сау желіске салды», «құландай ащы дауысты, айбарлы үнді*» деген мағынада қолданылады. Сондай-ақ «**құланның қасуына мылтықтың басуы дәл келді**» – *істің орайы келді, сәті түсті* деген мағынада айтылады [87, 474]. **Тай тулап теппес, құнан тулап кетпес** мақалы адамның жастық шақтағы қылықтарына қатысты айтылады, ал **тай мінген жетер, құнан мінген кетер** адамның дайындық пен даму деңгейіне қатысты айтылған деген секілді мақалдар тіліміздің паремиологиялық қорын байытып тұрса, осы жылқы малының түлігіне қатысты біраз салт дәстүрлер **құнан жарыс** (бұл жүйрік аттардың болашағын сынайтын алғашқы бәйге түрі), **құнан сойыс** (құнан еті құнарлы болғандықтан құрметті қонаққа құнан сойылған) **қонақ келсе құнан сой** деген мақал содан қалған, ал ата-бабамыз құнанның жілігіне қарап малдың күйін де болжаған және **жас құнанға ауыр жүк артпаған, оны ерте мініп шошытпаған, құнан жарыста алдыға озып шыққан атқа назар аударған** өйткені ол болашақ тұлпар ат деп есептелінген сондықтан да оза шауып озып келген құнанға үкі және тұмар тағып қою ырымы болған. Халқымыздың батырлық эпостарына назар аударсақ бұл атау жас жылқының бір кезеңін білдіретін ұғым болғандықтан батырлардың тұлпарларын сипаттағанда, әсіресе оның жастық шағын айту барысында кездестіреміз. Мысалы, Қобыландының Тайбурылы құнан кезінен бастап Қобыландыға жақын болып басын сипатады бұл жырда былай көрініс тапқан:

Жас құнаннан жетіліп,

Жүйріктігі білініп [124, 103]

«Алпамыстың» «Байшұбары» құнан кезінен бастап ерекшелігімен көзге түседі. Бұл жырда былай беріледі. Мысалы,



«ЕрТарғынның» «Тарлан» аты да жас кезінен құнан кезінен бастап мықтылығын танытады. Мысалы, [124,10]

Қамбар батырдың «Қарақасқа» аты да,

Құнанында құйрық жалын түйдіріп,

Дөненінде дұшпанға айбар қып [124,59] – байқағанымыздай бұл сөз батырлық жырларда тұлпардың жетілу кезеңін, қасиеті мен жүйріктігін білдіретін кезін сипаттауда кеңінен қолданылған.

**Тай (тай)** – бір жастан асқан, екі жасқа толмаған жылқы төлі [130,617]. Ескерткіш тілінде *taylar*, *tayniŋ* секілді тұлғаларда кездеседі [49]. Мысалы, «Муният-ул-гузат жазба ескерткішінде бұл сөз бір-ақ жерде кездеседі. Мысалы, «тір Һал бу туруп кім ол ат тай туруп мақсуды» [38,102], ал тіліміздің фразеологиялық қоры мен паремиологиялық сөздік қорында бұл сөздің ұйытқы болуымен бірнеше тіркестер қалыптасқан. Мысалы, тайға таңба басқандай (өте айқын, анық), тай қымыз (қатты ашымаған жұмсақ қымыз, сүт құйғаннан кейінгі екінші қымыз), тай өгіз (бір жастан асқан еркек тайынша), тай шаптырымдай жер (тай бәйгесі жіберілетін, онша алыс емес қашықтықты білдіретін халықтық өлшем) [87,617]. Тайдың өмірге келуінен бастап өсуіне дейін халқымызда бірнеше ырымдар мен тыйымдар салт-дәстүрлер қалыптасқан. Мысалы, тай байғазы (тайдың туылғанын алғаш көрген адам иесінен тай байғазы сұраған), тай үйрету (адамға ерте үйренсін деген мақсатта басына жеңіл айыл, жеңіл ертоқым салып, бірақ мінбей жетектеп жүру), тай жарыс (жас жылқының алғашқы жарысы, мұнда болашақ жүйрік сыналады) ырымдарға келсек, тайға ат қою ырымы болған, бұл дәстүр тайдың белгілеріне, сыры мен сипатына қатысты қойылған. Мысалы, Құлатай, Бозтай, Қасқатай т.б. Тай шапқанда оның шаңын басуға тыйым салынған. Неге десеңіз шауып жарыстан келген тайдың шаңын бассаң «жүйріктің жолын» кесу деп есептелінген. Сондықтан да жолы тұрмақ, тайдың басқанынан пайда болған шаңды да басуға тыйым салған. Халық танымындағы осы түліктің түріне байланысты жасалынғаны ырым тыйым, салт-дәстүрлер арқылы халқымыз тайын баласындай мәпелеп, оған ырым, тыйым, дәстүрлер арқылы құрметпен қараған. Сонымен қатар халық ауыз әдебиеті үлгілері мен батырлық жырлардан да тай сипатына қатысты мәліметтерді кездестіреміз. Өйткені болашақ қазанаттың белгісі тай кезінен-ақ белгілі болады. Мысалы, «Керқұла атты Кендебай мен Ер Төстік» ертегілеріндегі тайлар жастайларынан ерекше белгілерімен көзге түсіп, Кендебай мен Ертөстікке адал дос, ақылшы бола білгенін білеміз. Мысалы «Ер Төстік» ертегісіндегі Ер Төстікке серік болатын тұлпар тай кезінен Төстікпен адамша сөйлесіп ақыл береді. Ол,

Мен жай тай емеспін,

Жылқыдан біткен жез тұяқпын [124,13] дейді. Алпамыс батырдың «Байшұбары»

Тай күнінен-ақ тебініп,

Шабатын ат екенін сездірген... [124,104]

Қобыланды Тайбурылды:

Тайбурылдай тұлпарым

Тай күнінен танылды [124, 105 ]

**Кесте 4 – Жылқы малына қатысты атаулардың жазба ескерткіш тілінде кездесу жиілігі**

| № | Жазба ескерткіш тіліндегі варианты | қыпшақша | Транскрипт | Қазақша | Ескерткіш тіліне кездесу жиілігі |
|---|------------------------------------|----------|------------|---------|----------------------------------|
| 1 | آيغیر                              | ayūir    | айғыр      | айғыр   | 25                               |
| 2 | آت                                 | at       | ат         | ат      | 218                              |
| 3 | هونان                              | hunān    | хунан      | құнан   | 15                               |
| 4 | قولن                               | quln     | кулн       | құлын   | 18                               |
| 5 | تاي                                | tay      | тай        | тай     | 9                                |
| 6 | قيسراق                             | qīsraq   | қысрақ     | қысрақ  | 18                               |

**Кесте 5 – Жылқы малына қатысты атаулардың түркі тіліндегі варианттылықтары**

| № | қыпшақша | қазақша | ноғай  | құмық  | қарайым | башқұрт | қарақалп |
|---|----------|---------|--------|--------|---------|---------|----------|
| 1 | ayūir    | айғыр   | айғыр  | айғыр  | айғыр   | айғыр   | айғыр    |
| 2 | at       | ат      | ат     | ат     | ат      | ат      | ат       |
| 3 | qulan    | құлан   | қулан  | құлан  | құлан   | құлан   | құлан    |
| 4 | hunān    | құнан   | хунан  | құнан  | құнан   | құнан   | құнан    |
| 5 | quln     | құлын   | кулн   | құлын  | құлын   | құлын   | құлын    |
| 6 | tay      | тай     | тай    | тай    | тай     | тай     | тай      |
| 7 | qīsraq   | қысрақ  | қысрақ | қысрақ | қысрақ  | қысрақ  | қысрақ   |

«Китаб Байтарату’л-вазих» – ортағасырлық ветеринариялық медицинаға арналған түркі тіліндегі жалғыз жазба ескерткіш дедік. Бұл еңбек мамлюк-қыпшақ дәуіріндегі қыпшақ тілінің тарихын зерттеуде маңызды тарихи дереккөз. Сонымен қатар, ол сирек кездесетін исламдық, медициналық еңбектердің бірінен саналады. Еңбекте жылқы малына қатысты түрлі аурулар сипатталып, оларды емдеу тәсілдері мен практикалық кеңестер беріліп, табиғи және химиялық жолмен алынған дәрілік заттарды қолдану тәжірибесі жөнінде мәліметтер қамтылған. Еңбектің авторы ғылыми медицинаның маңыздылығына қатты сенген және жауапкершілікпен қарау керек екендігін ескерткен. Ол, «жол бойында отырып емдік қоспалар дайындаушы ақша тапқыш ветеринарлар өте көп. Ол ветеринарлар үшін бірінші орында жылқы малының денсаулығы емес, ақша тұр. Солардың кесірінен жазықсыз жануарлар өліп жатыр, оларға сенбеңдер» деп ескерте кетеді [49]. Ескерткіш тіліндегі медициналық терминологияны зерттеген

ғалым Боғролигтти «*The Medical Terminology in the Kitāb baytarat al-vāzih, a Fourteenth Century Mamluk-Kipchak Treatise on Veterinary Medicine*» мақаласында бұл жазба ескерткіште жылқы малына және оның ауруларына қатысты терминдерді қарастырады [41,115-125].

Ескерткіш тілінде жылқының ауру сырқауларына қатысты лексикалық бірліктер саны – 249 деп беріледі. Бірақ автор 107 ауруға ғана емдік шаралар ұсынады. Диссертациямыздың бірінші тарауында ескерткіш он бөлімнен тұратындығын айттық. Сонғы бөлім – ең ұзақ әрі ең маңыздысы. Бұл бөлімде 109 ауру қарастырылып, 246 дәрілік жақпалар, 315 дәрілік қоспалар дайындайтын медициналық заттар туралы мәлімет беріледі. Зерттеу жұмысымыздың басты мақсаты ескерткіш тіліндегі ветеринариялық медицинаға қатысты терминдердің қазіргі қазақ тілінде қолданылуы. Ол үшін ескерткіш тіліндегі ветеринариялық медицинаға қатысты атауларды ажыратып олардың сандық көрсеткішін көрсетуді жөн көрдік.

**Ескерткіш тіліндегі жылқы малына тән жара, аурулар мен кемшіліктерінің атаулары** **'azel** (азел) жылқы малында болатын жұқпалы ауру, **beras** (берас) теріде дақ қалдыратын созылмалы тері ауруы, қазіргі тілмен айтқанда (ветелиго), **džereb** (джерев) жылқы малында болатын жүйке ауруы, басы зақымданғаннан болады, **day** (дағ) дақ жылқы малында болатын дақ, **dayreler** (дайрелер) жылқыда кездесетін терідегі дөңгелек пішінді бөртпе жаралар, **šikäye** (шікәйе) клиникалық ауру белгісі, **sila'** (сыла) жылқының ауыз қуысы мен тыныс алу жолдарында пайда болатын ауру, жылқының таңдайы ісініп, сілекей ағып, тыныс алуы қиындап, тамақтан бас тартады, **sirtan** (сыртана) жылқыда болатын ісік немесе обыр ауруы, **sirbendžen** (сірбенджен) сарбанджаң жүйке жүйесі немесе сіңірге байланысты ауру, **suda'** (судә) жылқының басының ауырсынуы, не жүйке-жүйесіне қатысты дерт, **suwseb bol** (су себ болды) судан болатын ару, демек суықтан болтын ауру, **tevse** (тевсе) асқазан-ішек жолдарының бұзылуы, не шаншу түріндегі ауру, **sa'fe** (сәфе) терідегі теміреткі ауруы, **zeme** (земе) теріде немесе денеде пайда болған ашық жара, ісік немесе жарақат іздері, **zibe** (зибе) созылмалы немесе ішкі ауру, не терідегі ісік, **ekle** (экле) аттың құйрық тұсында болатын ауру, **eklil** (эклил) аттың жалпы ауруы, **eklil milt** (эклил милт) көкбауырмен байланысты ауру, **ešäci'** (эшәчі) екі тізенің арасындағы ауру, **eyegü** (ейегү) иық немесе жауырын маңында кемістік, **fehaz** (феһаз) жамбас пен сирақтың жоғарғы бөлігін қамтитын аймақтағы кемістік, **fekad** (фекад) нақты сипаты белгісіз ауру, **fesah** (фесаһ) аттың алдыңғы және артқы аяқтарындағы сіңір аурулары, **hacibe** (хажибе) аттың жамбас сүйектерінің екі бүйіріндегі бөліктер, **hadeb** (һәдеб) арқа сүйектің үш жағының қисайып өсуі (деформация), **hammi** (хамми) жалпылама ауру, **hanis** (һәніс) сүйектің жарылып, жарықша пайда болуы немесе қақырауы, **harek** (һарек) аттың аяғындағы харік сүйегінің сынуы, **hariq** (һарық) арқа кемістігі, **humme** (һумме) қызба тәрізді ауру, **huumiye** (һумание) аттың қызбамен жүретін ауруы, **'irak** (ырақ) тері арасындағы білектегі жара **'iraki vahši** (ырақы ваһшы) тері арасындағы қауыпті жара, **istisqa** (істісқа) асқазан-ішек жолдарының ауруы немесе ісік, **qarha** (қарһа) жара, **qašbe** (қашбе) белгісіз

ауру, **qawut** (қауыт) тарыдан жасалған ұнтақ, **kesah** (кесәһ) белгісіз ауру, **ma** (ма) асық жіліктің үстіндегі жара, **mabtün** (мабтүн) қарын жарасы, **mangkav** (манкав) манқа ауруы, **megal** (мегал) белгісіз ауру, **mektaf** (мекетаф) иық және арқа мен байланысты ауру, **mešeš** (мешеш) ат тұяғының түбінде болатын домалақ ісік, «жылқының тұяқ ісігі», **mešeši yadde** (мешеш ғабе) ісік ауруының бір түрі, **mešeši heläk** (мешеші хеләк) ісік ауруының бір түрі, **mürre** (мүре) мырра іш ауруы, **nīkrīs** (ныкрыс) подагра, аяқ қол буындардың аурулары, **ratab** (ратаб) ауру аты, **reḥsa** (rehca) буын әлсіздігі, қозғалыс ауруы, **sa'fe** (сафе) ауру атауы, **sīla'** (сыла) **sīrtan** (сыртан) бел ауруы, **sikāye** (сікәйе) ашық жара, **sille** (сіле) тері ауруы, **sirbenceñ** (сірбенджен), **suda'** (суда) ат ауруы, **sünbüke** (сүнбүке) ат тұяғының ұшының болмауы, **širyīk** (шыриык) бір ауру ат, **šibke** (шібке) бір ауру аты, **ta'ab** (тааб) әлсіздікті білдіретін ауру, **tāhun** (тәһүн) оба ауруы, **takti** (такты) ауру аты, **tarka** (тарка) ауру аты, **tevse** (тевсе) ауру аты, **yayir** (йағыр) жауыр, **zafere** (зафере) ауру атауы, **zeme** (земе) ауру аты, **zīda'** (зідә) тірсек кемістігі, **miktāf** (міктәф) иық маңындағы жара, **hanaqīyye** (ханақыйе) жақтың ісінуі, **hamīr** (хамыр) білектің астындағы кемістік, **harīq** (харық) арқа кемістігі

Осындай ауруларды емдеу үшін қолданылатын емдік ұнтақтар, **tūzdar ceriṣ** (джеріш) ірі тұз, **enderani tuzi** (ендерәні тұзы) емдік қасиеті бар тұз түрі, **ḥindi tuzi** (һинди тұзы) үнді тұзы, **mīlh** (мылһ) тұз, емдік сулар **suluk suvī** (сүлүк суы) сүлүк суы, **bišmiš arpa suvī** (бішміш арпа суы) піскен арпа суы, **bolyanuk suv** (болғанук сув) лай су, **ḥulbe suvī** (хулбе суы) хулбе өсімдігінің суы, **kernip suvī** (керніп суы) қайнаған су, жақпа, **mīraz suvī** (мыраз суы) минаралды су, **rāzyānč suvā** (рәзиәнч суы) разияна өсімдігінің суы, **rāsinnīñ suvī** (рәсіннің суы) ағаштың смаласының суы сонымен қатар, емдік майлар да қолданылған, **hīrva yağı** (һырва майы) хирва өсімдігінің майы, **aş yağı** (аш йағы) ашты май, **yağı** (йағы) жақпа **aç yağı** (ач йағы) жақпа, **qoy yağı** (қой йағы) қой майы, **quyruq yağı** (құйрық йағы) құйрық жақпасы, **sīyir yağı** (сығыр йағы) сиыр жақпасы, **širic yağı** (шырыж йағы) тұз жақпасы, **tonguz yağı** (тонгуз йағы) доңыз майы, **iç yağı** (іч йағы) іш май, **šahimī hanāzir yağı** (шаһымы ханәзір йағы) жабайы шошқа майы.

Ескерткіш тілінде кездесетін аурулардың ішінде түркі медицинасына тән ауру аттары мен оны емдеуге арналған жақпалар атауы да кездеседі. Мысалы, *qarīn aḡrīgī, sīgīr aḡrīgī öwkā aḡrīgī, tuyaq aḡrīgī, bögrāk aḡrīgī, qarīninda yel qursaqda qarḥa, qulaqī iṣitmāmāk, dimāḡī fāsīd, yīlan yā 'aqrab urḡan, qawuq tutulmaq, aṭ yaş ḥitmī yer qurtlar bolur aṭnīñḡ qarīna, zakarī salīnur, qulaq içində cīban çīqar cunūn bolmaq, tavuq tezäkin yemāk, sisik*

**Кесте 6 – Түркі және араб медицинасына қатысты сөздердің сандық көрсеткіші**

| № | Түркі медицинасына тән атаулардың сандық көрсеткіші | Араб медицинасына тән атаулардың сандық көрсеткіші |
|---|-----------------------------------------------------|----------------------------------------------------|
|---|-----------------------------------------------------|----------------------------------------------------|

|   |    |    |
|---|----|----|
| 1 | 19 | 90 |
|---|----|----|

*ās yağī, aq fulful, gulāf suwī, ḥamir sirkasī, nabṭī qamīš, zaytūn suwī, aq yūzūm, ečki yağī iç yağī, kümüš boqī, qara qušniñg iç yağī, sari yağ, tekāniñg yağī, arpa, bal, buğday, buz, çaqır, kül, mamuq, qan, qapuq, qaymaq, quyruq sarımsaq, sičqan, soğan, süt, yağ, yoğurt, yumurtğa, yüzärlik, yasmuq, ‘adas kăčirä ‘asfūr, bandu, carcır, bürlügäč, kăčirä uruğī, qırım, boya, šüniz, yulğun, țarfā, qizil çečäk, vard aḥmar*

**Кесте 7** – *Ескерткіш тіліндегі дәрі жасауға қажетті заттар атаулары*

| № | түркі | парсы | араб |
|---|-------|-------|------|
| 1 | 74    | 7     | 234  |

Қорыта айтқанда, ортағасырлық мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған «Байтарату’л-вазих» және қыпшақ тілінде жазылған Китаб фи рийазати-л-хайл» және «Китаб Байтарату’л-вазих», «Муният-ул-гузат», «Китаб фи ғылым ән-нушшаб» жазба ескерткіштеріндегі атбегілікке қатысты тілдік бірліктердің лингвомәдени ерекшеліктері салыстырыла қарастырылды. Зерттеу барысында ортағасырлық жазба ескерткіштерде кездесетін атбегілікке қатысты тілдік бірліктердің қазақ халқының мәдениеті мен тарихында ерекше орын алатыны анықталды. Сонымен қатар жоғарыдағы аталған жазба ескерткіштер материалдарынан халқымыздың атбегілік өнері атап айтқанда, аттарды күту, баптау, жүйрік аттың белгілерін анықтау, жылқы аурулары мен оларды емдеу т.б. мәселелерінің тамыры тым тереңде жатқандығы белгілі болды. Жазба ескерткіштердің түпнұсқалық мәтінін қарастыра отырып төрт түліктің бірі жылқы малына қатысты сөздер мен сөз тіркестерінің қазіргі қазақ тілімен сабақтастығы анықталды. Жазба ескерткіштер мен тарихи деректерді зерттеу арқылы, атбегілік өнердің мәдени және тарихи маңызын терең түсініп, оны қазіргі қоғамда жаңаша қалыптастыруға мүмкіндік туатынын ұқтық.

## **2-тарау бойынша тұжырым**

«Ортағасырлық «Байтарату’л-вазих» ескерткішінің лексика-семантикалық құрылымы» тарауында жазба ескерткішінің лексика-семантикалық жүйесі кешенді түрде қарастырылып, кірме сөздердің табиғаты мен олардың мәдени-танымдық мазмұны сараланды. Араб, парсы және моңғол тілдерінен енген лексемалар анықталып, олардың енуіне себеп болған тарихи, діни және мәдени факторлар жүйеленді. Ескерткіштің қыпшақ тілінде жазылып, араб графикасында рәсімделуі және мәтіннің ислам өркениетінің құндылықтарына негізделуі араб-парсы тілдік әсерінің күшеюіне ықпал еткені нақтылы деректермен дәлелденді. Кірме сөздер екі топқа бөлініп талданды: 1) тек ескерткіш тілінде кездесетін, қазіргі қазақ

тіліне енбеген лексемалар; 2) қазіргі тілдік қолданысқа сіңісіп кеткен араб-парсы текті сөздер. Сандық және контекстуалды талдау нәтижесінде қазіргі қазақ тіліне енбеген арабизмдер саны 100-ге жуық, ал тілімізде орныққан кірме лексемалар шамамен 80-ге жуық екені анықталды. Бұл нәтижелер ескерткіш авторының араб тіліндегі білімін және мәмлүк қоғамының ислам әлемімен тығыз байланысын көрсетеді. Зерттеу барысында ескерткіш тіліндегі кірме сөздердің қазіргі қазақ тіліндегі қолданыс ерекшеліктері мен мағыналық трансформациясы да зерттеліп, түркі-араб-парсы мәдени-тілдік ықпалдастығының нәтижелері ғылыми тұрғыда негізделді. Мұндай бағыттағы зерттеулер – тарихи лексикология мен тіл тарихының өзекті саласына жатады.

«Ескерткіш тіліндегі жылқы атаулары мен ветеринариялық лексика: тілдік эволюция және мәдени негіз» тарауы бойынша ескерткіш тілінде кездесетін жылқы атауларына қатысты лексика ортағасырлық «Китаб фи риязати-л-хайл», «Муният-ул-гузат», «Китаб фи ғылым ән-нушшаб» секілді жазба ескерткіштердегі жылқыға қатысты лексикалық бірліктермен салыстырмалы түрде талданды. Жылқы атаулары мен атбегілікке қатысты терминдер семантикалық, этимологиялық, лингвомәдени және когнитивтік тәсілдер негізінде зерттеліп, олардың тарихи дамуы мен қазіргі қазақ тіліндегі баламалары салыстырылды. Зерттеу барысында бұл түліктің атауларының халықтың аңыз-эпсаналары мен батырлық, тарихи жырларында қолданылуы, қазіргі поэзия мен проза жанрындағы осы түлікке қатысты атаулардың кездесуі сипатталды.

Жылқы – түркі халықтарының, әсіресе қыпшақтардың рухани және материалдық мәдениетінде ерекше орын алған қасиетті түлік. Бұл құндылық ескерткіш мәтіндерде айқын көрініс тауып, әскери өмір мен шаруашылық құрылымдағы жылқы рөлін көрсететін тілдік бірліктермен дәлелденеді. Еңбекте жылқыға тән 249-дан астам ауру атауы тіркеліп, олардың 107-сіне емдік тәсілдер ұсынылған. Сонымен қатар, 246 дәрілік жақпа мен 315 емдік қоспа қолданылғаны көрсетілген. Емдік заттар құрамында өсімдік, тұз, май, минерал секілді табиғи заттар кездеседі, бұл ортағасырлық ветеринариялық білімнің жүйелі болғанын дәлелдейді. Жылқы аурулары мен оларды емдеуге қатысты терминдер байырғы түркі, араб-парсы лексикасымен ұштасып келіп, тілдік және мәдени тұрғыдан сараланды. Мысалы, ‘azel, džereb, sila’, tevse, qarha, mešeš секілді атаулар – байырғы түркілік негізде, ал уағі, suvī, tuzī тәрізді дәрілік атаулар мәдени-танымдық мазмұнмен байланыстырылды. Аталған терминдердің қазіргі қазақ тіліндегі баламалары мен қолданылу ерекшеліктері де талданып, тарихи сабақтастық айқындалды. Сондай-ақ, атбегілікке, ем-домға, жылқыны баптауға қатысты сөздер мен тіркестердің тілдегі орны мен тарихи қызметі нақтыланды. Ескерткіш авторы кәсіби медицина мен емшілердің этикалық жауапкершілігін де атап көрсетіп, халықтық және ғылыми медицина арақатынасын бағалаған. Жалпы, ескерткіштегі жылқы атаулары мен ветеринариялық терминология – қазақ тілінің тарихи лексикасын, мәдени семантикасын және этнолингвистикалық жүйесін зерделеуге бағытталған маңызды дереккөз. Бұл материалдар қыпшақ

қоғамының шаруашылық өмірі мен мәдени танымын тілдік дерек арқылы тануға мүмкіндік береді.

### **3 «БАЙТАРАТУ’Л-ВАЗИХ» ЕСКЕРТКІШ ЛЕКСИКАСЫНА ТАРИХИ-ЛЕКСИКАЛЫҚ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ**

#### **3.1. Қолжазбадағы жылқы соматикасының лексика-семантикалық репрезентациясы**

Бұл тарауда ортағасырлық мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіші – «Байтарату’л-вазих» қолжазбасындағы жылқы соматикасы, яғни жылқының дене мүшелеріне қатысты тілдік бірліктер мен олардың мағыналық жүйесі қарастырылады. «Соматикалық атаулар дегеніміз – адамның немесе жануардың дене мүшелері мен сыртқы түріне қатысты атаулар [131,96]. Бөлімдегі басты мақсат – жылқы соматикасына қатысты атаулардың жылқытану дәстүріндегі маңызын бағамдай отырып, жылқытану ғылымындағы орнын айқындау.

Тіл білімінің тарихи лексикология саласында соматикалық атауларды зерттеудің маңызы зор. Өйткені бұл атаулар тіліміздің ең көне қабаттарына жатады. Осы уақытқа дейін бұл атаулар әр түрлі бағыттарда зерттелді десек болады, олардың морфологиялық және лексикалық құрылымын антропосоматикалық лексиканы А.М. Щербак [132], этимологиясын Э.В. Севоротян [133], мәдени мағынасын Ә.Қайдар [134], этнолингвистикалық тұрғыда Ж.Манкеева сынды ғалымдар [135] қарастырды. Ал ортағасыр жазба ескерткіштерінің ішінен «Кодекс Куманикус» жазба ескерткішіндегі соматикалық атауларды Ә.С. Ташауов өзінің зерттеу объектісі ретінде алса [136], жалпы түркі тілдеріндегі соматикалық атаулардың семантикасын Д.Х. Базаровалар [137] зерттеу объектілеріне айналдырған. Соматикалық атауларды Н.И. Ильминский мен П.М.Мелиоранский, Т.Жанұзақова, А.Ибатов, Е.Жұбанов, Е.Жанпейісов секілді т.б. ғалымдар әр түрлі қырынан қарастырған. Алайда, жылқы соматикасы немесе малға (жануарға) қатысты соматикалық лексика мәселесі әлі де жүйелі түрде терең зерттеле қойған жоқ. Сондықтан біздің зерттеуіміз – бұл саладағы тың бағыттардың бірінен саналады деген ойдамыз.

Ескерткіш тіліндегі дене мүшелеріне қатысты атауларды қарастыру барысында белгілі бір нәтижеге қол жеткізу үшін бірнеше нақты мақсаттар қойылды. Олар: «жылқы соматикасы» ұғымының теориялық негізін айқындау; соматикалық атаулардың жазба ескерткіш тіліндегі семантикалық өрісін бағамдау; жылқы дене мүшелеріне қатысты атаулардың қазақ халқының дүниетанымындағы орнын нақтылау; қолжазбада қолданылған соматикалық атаулардың көне түркі, ортағасырлық жазба ескерткіштер тілімен, олардың қазіргі қазақ және түркі тіліндегі баламаларын салыстыру; соматикалық атаулардың кірме, көнерген қабаттарын дәлелдеу; соматикалық атаулардың ескерткіш тіліндегі қолданылу жиілігін саралау; ескерткіш тіліндегі арабша соматикалық атауларды мағыналық жақтан ажырату. Ал

бұл мақсаттарға жету үшін жылқы соматикасына қатысты тілдік бірліктерді жан-жақты және кешенді зерттеу қолға алынып бірнеше ғылыми әдіс-тәсілдер жүйелі түрде қолданылды. Мұндай тәсілдер зерттеудің теориялық тереңдігін қамтамасыз етіп қана қоймай, оның нәтижелерінің практикалық маңызын да арттырады. Зерттеу барысында лексикографиялық, компаративті-тарихи, статистикалық, этнолингвистикалық, этимологиялық, корпуслық, когнитивті лингвистика, жинақтау, сипаттау семантикалық, дискурстық талдау секілді әдістер мен тәсілдер қолданылды.

Ескерткіш тіліндегі сөздердің қазіргі қыпшақ тобына жататын башқұрт, қарақалпақ, ноғай, құмық, қарайым, татар, тілдеріндегі баламаларымен салыстырмалы тұрғыдан қарастыру үшін «Қарақалпақско-русский словарь» [138], Къумукъча-орусча сөзлюк [139], Н.А.Баскаков «Ногайский язык и его диалекты» [140], «Татарско-русский словарь» [141], «Русско-башкирский словарь» [142] «Қараимский словарь» т.б. сөздіктер қолданылды [143]. Сонымен қатар жазба ескерткішті зерттеген және түрік тіліне аударған М.Ағар [48], С.Özgür [49] секілді ғалымдардың еңбектерінен мысалдар алынды. Жылқытану тақырыбына қалам тартқан Б.Қайратұлының «Қазақтың атбегілік өнері» [30], А.Тоқтарбайдың «Қазақ жылқысының тарихы» [31], Ж.Дәдебаевтың «Тұлпардың сыны мен бабы» [32], Ж.Аупбаевтың «Ер қанаты» [33], Қ.Айдаубайұлының «Ат пен баб» [34], Қ. Сәкидің «Ер қаруы бес қару» [35] еңбектеріне сүйене отырып жылқы түлігінің анатомиялық ерекшелігіне қатысты, қазақ халқының генетикалық танымында сақталған жылқы сыны туралы, аттың бабы туралы мағлұматтар алдық. Байырғы қазақ сыншыларының ат сынау, жүйрік тану үлгілері, жылқы түлігінің жайылымы, жылқы түрлері, жылқы малында болатын аурулар мен оларды емдеудің этнотәсілі сынды мәселелер сөз болды.

Соматикалық атаулар – адам мен жан-жануарлардың дене мүшелері бөліктерінің атауларын білдіретін сөздердің тобы дедік. Бұл атаулар сөздік қорымыздың ең көне топтарының бірі болып табылатындығына ешқандай күмән болмаса керек. Өйткені бұл атаулар адамның өмір сүруіне тікелей қатысты негізгі ұғымдарды білдіреді. Мұндай сөздер кез-келген тілдегі базалық лексика қатарына жатады. Профессор Р.Авакова соматикалық атауларды көне мәдени кодтар қатарына жатқызады «өйткені адамға етене таныс, жақын атаулар – өзінің дене мүшелері» [144]. Шындығында адам тіршілік ете бастаған бері дене мүшелері арқылы күнделікті әрекет жасайды, сол себепті бұл ұғымдарға атау беру қажеттілігі ертеден-ақ қалыптасқан. Көне жазба ескерткіштер тіліндегі: баш (бас), көз, еті (ет), қары (қарын) сияқты соматикалық атаулар [37] дәлел бола алады. Бұл атаулар қазіргі түркі тілдерінде де өзгеріссіз сақталып қалған, бұл тілдің өте көне қабатынан сыр шертуінің айғағы. Бұдан байқайтынымыз тілдің даму тарихында соматикалық атаулар адамзат тілінде ертеден қолданылып келе жатқан тілдік бірліктер. Мысалы: қол *түрікше* – «el» [145], қарақалпақша – «қол» [138], татарша – «кул» [138], ноғайша – «кол» [139], қарайым – «къол» [142]. Жалпы соматикалық атаулар тек дене мүшелерінің атауын білдірумен ғана шектелмейді, олар мәдениетпен де тығыз байланысты. Оған



тілімізде қалыптасқан тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, метафоралар мен символдар дәлел бола алады. Мысалы, «*жүрегі тас сияқты, көзі ашық, қол ұшын беру, бет моншағы үзілу*» [87]. Лингвист, ғалым Ә.Болғанбаев соматикалық атаулардың «тұрақты тіркестер жасаудағы белсенді қызметімен де айрықша көзге түседі» деген пікір айтады [146,107] Шындығында тұрақты сөз тіркестерінің 30 пайызын соматикалық атаулар құрайды ол жөнінде мәліметтер де бар [147, 8]. Ж.Қ. Өміралиева болса, соматизмдермен келген фразеологизмдерді ұлттық-мәдени тұрғыдан ағылшын, орыс, қазақ тілдерінің материалдары негізінде саралайды [148, 52] Б.Уызбаева 83 дене мүшесінің атауына қатысты мың соматикалық етістікті фразеологизмдер бар екенін [149,12] сөз етеді.

Сонымен қатар соматикалық атаулар «жүрек» батыллықтың, «жан» өмірдің, «көз» жанның айнасы ретінде тілдік санамызда ертеден ақ символдық мәнге ие сөздер. Ал біз қарастырып отырған ескерткіш тіліндегі соматикалық атауларды зерттеу жылқытану ғылымындағы жылқы анатомиясын білу қажеттілігіне байланысты туындаған. Жылқы анатомиясын не үшін білу керек: жылқының ішкі мүшелерінің орны мен қызметін білсең аурулардың алдын алу үшін; жылқының дене пропорциясы арқылы, оны дұрыс бағалау үшін; жылқыны әр түрлі мақсатта тиімді пайдалану үшін; жылқы малын асылдандыру, тұқым таңдау үшін аса маңызды. Ескерткіштің өн бойында жылқы малының адам өміріндегі орны мен қадірі, оның Алла тағала жіберген арнайы жаратылыс екені сипатталады. Тіпті құранда да «жақсылық аттың маңдайына байланған» деп ескертіп, аттың берекелі түлік екені меңзелген тұсы да бар. Мысалы, автор: *«Бүкіл әлемді жоқтан бар етуші Алла Тағала адам баласын ақылына көркін сай қылып, өзге жаратылыстардан артық етіп жаратты. Жануарлаға қарап жақсы менен жаманын айыру қабілетін берді. Сол қасиетінің арқасында адам баласы оларды танып, қолдана алатын болды. Алла Тағала аттарды мініс үшін, әрі сән-салтанатына жаратсын деп берді»* деген мәлімет береді [48,1-6 ]. Еңбекті аударушы автор жылқы малын пайдалану үшін оған күтім жасау керек екендігін, жылқы тануда адам біліктілік пен көрегендік таныту керек екендігі жөнінде де мәлімет береді. Мысалы, *«Шын атбегі болу үшін адам жылқының түр-тұлғасын, мінез-құлқын, денсаулығы мен күтімін, жарамды-жарамсыз тұстарын жақсы білуі қажет. Жылқыда кездесетін кемшіліктердің кейбірі туғаннан болса, кейбірі кейін пайда болады. Сондықтан оларды дер кезінде байқап, емделетін және емсіз түрлерін ажырата білу маңызды. Тай күнінен бастап болашақ тұлпардың шабысқа немесе жарысқа жарамдылығын бақылап отыру қажет. Атбегі әрбір жылқының азықтануы, суарылуы, жаттығуы мен емделу тәсілдерін жетік меңгеруі тиіс. Сонымен қатар, жылқыны ұзақ сапарға немесе жарысқа қалай дайындау керектігін де білуі шарт. Денсаулығында кінәраты бар атты сапарға шығару – оны жоғалтумен бірдей. Сондықтан мұндай жағдайды дер кезінде танып, жылқыны аман сақтау – басты міндет. Шабандоз жарыс кезінде немесе жол үстінде жылқының күтімін дұрыс ұйымдастыруы тиіс. Жарыс аттарына қандай азық пайдалы, қандайы зиян*

– соның бәрінен хабардар болуы керек. Қай уақытта тамақ беру, қай кезде тоқтату қажет – мұның бәрі нақты тәртіппен орындалуы тиіс» [48, 6-15]

Қазақ халқының ат сынауы мен жүйрік тану дәстүрі ғасырлар бойы қалыптасып, оның мәні мен маңызы халықтың күнделікті өмірінде ерекше орын алған. Ат сынына байланысты тәжірибе көне түркілік заманнан келе жатқан дәстүрлі өнер. Ата-бабамыз жылқы малының қыр-сырын толық зерттеп жылқытану ғылымын ертеде-ақ қалыптастырған. Мысалы, буаз биенің жатырына қарап ішінде қандай құлын жатқанын топшылаған, тіпті биенің ішінде кеткен құлынды да тап басып танып, қазанда қайнап жатқан етінен де тұлпардың тегін танып, сырын ашқан. Оның айғағы ретінде көптеген тілдік, этнографиялық мағлұматтарды келтіруімізге болады. Мысалы, ауыз әдебиетінің көне үлгілері батырлар жыры мен тарихи жырлар, ертегі аңыз, әпсаналар, мақал-мәтелдер мен фразеологиялық тіркестер. Мысалы бір ғана «Қобыланды батыр» жырындағы Құртқа сұлудың ұзатылып бара жатып жайылып жүрген бір топ жылқылардың ішінен жусап тұрған көк ала биеге көзінің түсуі. Құртқа Қобыландыға:

Жан серік атың сұлтаным

Көк ала бие ішінде,

Көк бурыл құлын бар,

Жан серік атың сол - дейді [124,101]. Кейіннен осы көк биеден туылған Тайбурылдың Қобыланды батырға талай жорықта серік бола білгенін білеміз. Қазақ халқы үшін жылқы – тек көлік құралы емес, еркіндік, батырлық, сұлулық пен серіліктің символы. Бұл ұғым жыраулар мен ақындар жырларында айқын көрініс тапқан. Жылқының сыртқы бейнесіне, дене бітіміне, мінез-құлқына, жүру мәнеріне дейін терең талдау жасаған сипаттамаларда қазақ эстетикасы мен өмірлік дүниетанымы тұнып тұр. Мәселен, Ақтамберді жырау:

От басар орны отаудай

Қабырғасы халық орнаған жонсаудай,

Ор қояндай қабақты

Қиған қамыс құлақты

Сары мысықтай азулы

Сапыаяқтай ерінді

Қидасын кәрі жілікті

Омырауы есіктей

Ойынды еті бесіктей

Табаны жалпақ тарланым,

Таңбалап мінер ме екенбіз! [118, 61] деген жолдарда Ақтамберді жырау жылқының сымбаты мен қуатын, ұлттық эстетиканы және ер жігіттің тұлпарға деген арманын сипаттайды. Жылқы – қазақ үшін тек көлік емес, ерліктің, байлықтың, сұлулықтың, серіктестіктің символы. Сондықтан оның әрбір дене мүшесін сипаттау назардан тыс қалмаған. Ол «От басар орны отаудай... Табаны жалпақ тарланым, Таңбалап мінер ме екенбіз!» – деп, жылқының дене құрылысын метафоралық тіркестер арқылы суреттейді. Мұндағы «отаудай», «жонсаудай», «қидасын кәрі жілікті», «есіктей омырау»

секілді сипаттар жылқыны ер жігітке лайық тұлпар, батырлықтың серігі ретінде идеалдандырудың көркем тәсілі.

Тағы да:

Күлдір, күлдір кісінетіп,  
Күреңді, мінер ме екеміз,  
Күдеріден бау тағып,

Қамқапты киер ме екенбіз! – [118, 61]. Бұл жыр жолдары – қазақтың көшпелі өмір салтында жылқы мен ер жігіттің арасындағы терең байланысты көрсететін тамаша үлгі. Мұнда жырау өзінің арманы мен үмітін, батырлыққа ұмтылысын жырмен өрнектеген. Ал Абай Құнанбайұлы жылқыға берген сипаттамасы жекелеген дене мүшелерін ғылыми дәлдікпен сипаттауымен ерекшеленеді. Ол тұлпардың жүйріктігіне, мінезіне, анатомиялық үйлесіміне ерекше мән береді:

Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ,  
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ.  
Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды,  
Ой желке, үңірейген болса сағақ.  
Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті,  
Қабырғалы, жотасы болса күшті.  
Ойынды еті бөп-бөлек, омыраулы,  
Тояттаған бүркіттей салқы төсті.  
Жуан, тақыр бақайлы, жұмыр тұяқ,  
Шынтағы қабырғадан тұрса аулақ.  
Жерсоғарлы, сіңірлі, аяғы тік,  
Жаурыны етсіз, жалпақ тақтайдай-ақ.  
Кең сауырлы, тар мықын, қалбағайлы,  
Алды-арты бірдей келсе ерге жайлы.  
Күлте құйрық, қыл түбі әлді келіп,  
Көтендігі сығыңқы, аламайлы.  
Ұршығы төмен біткен, шақпақ етті,  
Өзі санды, дөңгелек келсе көтті.  
Сырты қысқа, бауыры жазық келіп,  
Арты талтақ, ұмасы үлпершекті.  
Шідерлігі жуандау, бота тірсек,  
Бейне жел, тынышты, екпінді, мініп жүрсек.  
Екі көзін төңкеріп, қабырғалап,  
Белдеуде тыныш тұрса, байлап көрсек.  
Тығылмай әм сүрінбей жүрсе көсем,  
Иек қағып, еліріп басса әсем.  
Шапса жүйрік, мінсе берік, жуан, жуас,  
Разы емен осындай ат мінбесем.  
Аяңы тымақты алшы кигізгендей,  
Кісіні бол-бол қағып жүргізгендей.  
Шапқан атқа жеткізбес бөкен желіс,

Ыза қылдың қолыма бір тигізбей [150] – байқағанымыздай бұл сипаттамалар қазақ атбегілік ілімінің тереңдігін, жылқы малына деген жоғары эстетикалық талаптар мен таңдау критерийлерін көрсетеді. Абай тек сыртқы көрініске емес, мінез бен жүріс ерекшеліктеріне де тоқталады. Оның «салпы ерін», «жуан, тақыр бақайлы», «жерсоғарлы, сіңірлі» деген сипаттамалары – жылқының төзімді, шапшаң, жарамды екенін білдіретін атбегілік терминдер.

«Байтарат’ул-вазих» жазба ескерткішінің мәтінінің мазмұнына қарап, ескерткіштің тек тіл білімі ғылымы үшін ғана емес, ветеринария, медицина салалары үшін де маңызды еңбек екендігіне көз жеткіздік. Жазба ескерткіш тілін зерттеу барысында көшпенділерден жалғасып келе жатқан ат баптау тәжірбиесінің ортағасырда жалғастық тапқаны айдан анық. Жылқының сыртқы бітімі оның сүйек құрылымының орналасымы мен үйлесіміне байланысты. Жылқының сыртқы бітімі бас мүшесі ішкі ағзалары талапқа сай болмаса, ол жылқы жүйрік болмайтынын атбегілер білген. Олардың пікірінше, жануардың сүйек құрылымы ішкі ағза мүшелерімен үйлесім табуы қажет. Жылқының әрбір дене мүшесінің атқаратын қызметі мен міндеті бар. Сүйек құрылымы ірілі-ұсақты 205 сүйектен тұрады [30, 22]. Ескерткіш тілінен жылқының сүйек құрылымына қатысты, сыртқы көрінісіне қатысты, қозғалыс мүшелеріне, жүйке жүйесіне қатысты атаулардың барлығын кездестіреміз. Мұны біз төмендегі кестеде көрсетіп, түркі тілдеріндегі балаламалырын қоса бердік.

**Кесте 8 – Ескерткіш тіліндегі соматикалық атаулардың түркі тіліндегі варианттылықтары**

| арабша  | қыпшақша | қазақша  | ноғай  | қарақалпақ | қарайым  | башқұрт        | татарша |
|---------|----------|----------|--------|------------|----------|----------------|---------|
| أياق    | ayak     | аяқ      | аяк    | аяқ        | айак     | аяк            | аяк     |
| يۈز     | yüz      | жүз      | юз     | бет        | йузь     |                | йөз     |
| قولتۇق  | qoltuq   | қолтық   |        | қолтық     | колтух   | култык асты    | култык  |
| قول     | qol      | қол      | кол    | қол        | кьол     | кул            | кул     |
| قۇيۇمىچ | quyumıç  | құймышақ |        | қуйымшақ   | кьуйм    | коймос         |         |
| كۈڭۈل   | köngül   | көңіл    |        | көңил      | көнъил   | күңел          | күңел   |
| قۇيۇق   | quyuq    | құйрық   | куйрык | қуйрық     | кьуйрыкъ | койрок         | койрыгы |
| قۇرساق  | qursaq   | құрсак   | курсак | курсақ     | кьурсакъ | корһак         | корсак  |
| تىش     | tiş      | тіс      | тис    | тис        | тиш      | теш            | теш     |
| تىرسەك  | tirsek   | тірсек   |        | тирсек     |          |                | тирсек  |
| سىڭىر   | siŋir    | сіңір    | синъир | сиңир      |          | тарамыш, һеңер | сеңер   |
| سەچ     | saç      | шаш      | шаш    | шаш        | сач      | сәс            | чәч     |
| قۇلاق   | qulaq    | құлақ    | кулак  | кулак      | кьулакъ  | колак          | колак   |
| مۈڭگۈز  | müngüz   | мүйіз    | муьйиз | мүйиз      |          | мөгөз          | мөгез   |
| توپۇق   | topuq    | тобық    | тобык  | тобық      | тобукъ   | тобук          | бәкәл   |
| بۇر باي | burbay   | борбай   |        |            |          |                |         |
| تىزەك   | tizek    | тезек    | кок    | көң        | тезяк    | тизек          | тизәк   |
| يۈرەك   | yürek    | жүрек    | юрек   | көңил      | йурәк,   | йөрәк, күңел   | йөрәк   |

|         |         |         |               |         |                    |                    |          |
|---------|---------|---------|---------------|---------|--------------------|--------------------|----------|
|         |         |         |               |         | йуряк              |                    |          |
| تۈگ     | tüg     | түк     | тук           | түк     |                    | төк                | йон      |
| تىرناك  | tïrnak  | тырнақ  | тырнақ        | тырнақ  | тырнах,<br>тырнакъ | тырнак             | тырнак   |
| تىن     | ten     | тән     | тен           | тән     |                    | есем, тән          | тән      |
| تامار   | tamar   | тамыр   | тамыр         | тамыр   | тамур              | қан тамыры         | вена     |
| تاماغ   | tamay   | тамақ   | тамак         | тамақ   | тамакъ             | боғаз, тамак       | Тамак    |
| توياقى  | tuyaqï  | тұйяқ   | туяк          | туяқ    | туйакъ             | тояк               | тояк     |
| تۆش     | töš     | төс     | тоьс          | төс     | төш                | түш                | туш      |
| تىزى    | tizi    | тізе    | тиз           | тизе    | тиз                | тубык              | тубык    |
| قان     | qan     | қан     | кан           | қан     | къан               | кан                | кан      |
| تىل     | til     | тіл     | тил           | тил     | тил                | тел                | тел      |
| كۆگۈس   | kögüs   | көкірек | коькирек      | көкирек | көкис              | күкрәк             | күкрәк   |
| كۈندۈك  | kındük  | кіндік  |               | киндик  | киндик             | кендек             | кендек   |
| قارىن   | qarin   | қарын   | иш            | қарын   | къарын             | корһак, эс         | Карын    |
| قاباق   | qabaq   | қабақ   | коьз<br>кабак | қабақ   | къабакъ            | күз кабағы         | кабак    |
| ئەمچەك  | emček   | емшек   | эмшек         | емшек   | йимшакъ            | имсәк              | имчәк    |
| دوداق   | dudaq   | ерін    | эрин          | ерин    | эрин               | ирен               | ирен     |
| ئىچسە   | iñse    | еңсе    | энсе          | енсе    | эньсе              | соңқа              |          |
| بۇت     | but     | бұт     | быт           | буўт    | бут                | бот                | бот      |
| بۆگرەك  | bögrek  | бүйрек  | буьйрек       | бүйрек  |                    | бөйөр              | бүрекчек |
| بوي     | boy     | бой     | бой           | бой     | бой                | буй, үсеш          | буй      |
| ئىت     | it      | ет      | эт            | ет      | эт                 | ит                 | ит       |
| بوغۇن   | bogun   | буын    | бувын         | буын    | бувун              | буын               | буын     |
| بوغاز   | bogaz   | тамақ   | бугаз         | тамақ   | тамакъ             | үңәс               | бугаз    |
| بىلەك   | bilek   | білек   | билек         | билек   | билек              | шаушақ,<br>беләзек | беләзек  |
| كۆز     | köz     | көз     | коьз          | көз     | көз                | күз                | күз      |
| باش     | baş     | бас     | бас           | бас     | бас                | баш                | баш      |
| يېلىن   | yelin   | желін   | желин         | желин   |                    | имсәк              | имчәк    |
| ئۆت     | öt      | өт      | оьт           | өт      | өт                 | үт                 | ут       |
| ئۆپكە   | öpke    | өпке    | оьпке         | өкпе    | өпкя               | үпкә               | упкә     |
| بارماق  | barmaq  | бармақ  | бармак        | бармақ  | бармакъ            | бармак             | бармак   |
| كۆت     | köt     | көт     | коьт          | көт     | көт                | ултырыш            | оча      |
| مانگلاي | manglay | маңдай  | манълай       | маңдай  | манъдай            | маңлай             | маңгай   |
| ئاغىز   | aýiz    | ауыз    | авыз          | ауыз    | авуз               | ауыз               | авыз     |
| ئالين   | alìn    | маңдай  | манълай       | маңдай  | манълай            |                    | маңгай   |
| ئارقا   | arqa    | арқа    | арка          | арқа    | арка               | арка, ырт          | арка     |
| ئاۋۇچ   | avuç    | уыс     | увыс          | уыс     |                    | ус                 | уч       |
| ايا     | aya     | аяа     | ая            | алақан  |                    |                    |          |

Жылқының сыртқы бітіміне бас мүшелері мен жалпы тұлғасы, алдыңғы және артқы аяқ мүшелері жатады. Бұл мүшелер оның тіршілігі үшін аса маңызды, өйткені олар қабылдау, сезіну, қорғану, қарым-қатынас және қоректену сияқты маңызды қызметтерді атқарады. Бұл атауларға **baş** (баш) бас, **manglay** (манглай) маңдай, **köz** (көз) көз, **qulaq** (құлақ) құлақ, **burun** (бұрұн) мұрын, **aýiz** (ағыз) ауыз, **alìn** (алын) маңдай, **saç** (сач) шаш, **tamay** (тамағ) тамақ, **bogaz** (богаз) тамақ, **bel** (бел) бел, **boy** (бой) бой, **iñse** (іңсе) еңсе, **arqa** (арқа) арқа, **kögüs** (көгүс) көкірек, **töš** (төш) төс, **but** (бұт) бұт, **quyruq** (құйруқ) құйрық, алдыңғы және артқы аяқ **ayaq** (айақ) аяқ, **toruq**

(топуқ) тобық, **tizi** (mizi) мізе, **tuyaqi** (тұяқы) тұяғы, **tirse** (тірсе) тірсе деген сөздер кіреді.

باش **Baš** (баш) бас – жылқының ең маңызды дене мүшесі, басқару орталығы. Онда көру, иіс сезу, есту мүшелері орналасқан. Жылқының қоршаған ортаны тануы, қауіптен сақтануы осы мүше арқылы іске асады. Ескерткіш мәтінінде бұл сөз сөз аяғында ш/с алмасуымен беріледі, және ең көп қолданылатын тілдік бірлік. Бұл сөз *baš, baši, bašini, bašina, bašindan, bašindaqi, bašlari, bašlarni, bašlarina* секілді әр түрлі грамматикалық түлғаларда қолданылады. Этнограф А.Тоқтабай жылқының «*бұғы бас, бұлан бас, марал бас, құлан бас, ешкі бас, бұзау бас, бөкен бас, қоян бас, түлкі бас, тәует бас, бақа бас, шегіртке бас, қой бас, доғал бас, сүйрік бас, қасқыр бас, қауға бас, ұзын бас, қысқа бас*» болатындығын айтады [30]. Осы тіркестердің ішінде «*қой басты, қоян басты, күдір басты, бақа басты, киік басты, бұзау басты жылқылар жүйріктіктің белгісі болып саналады*» екен [30,105]. Қазіргі қазақ тілінде «аттың басы» сөзінің ұйытқы болуымен бірнеше паремиялогиялық және фразеологиялық бірліктер қалыптасқан. Мәселен, «*ат басын алып қаипас, ер тоқымын сайламай*» деген мақал – істі бастамас бұрын тиісті дайындықтың қажеттілігін білдіреді. «*Ат басына күн туса, ауыздықпен су ішер, ер басына күн туса, етігімен су кешер*» мәтелі-қиын-қыстау кезеңде адам мен аттың төзімділігін, беріктігін сипаттайды [152]. Фразеологиялық тіркестер қатарына «аттың басын бұру», «аттың басын тарту», «аттың басын жіберу», «аттың басын алу», «аттың басын бір жерге байлау» жатады [87]. Аталған паремиялық және фразеологиялық бірліктердегі «аттың басы» компоненті түркі дүниетанымындағы символдық мәнге ие екенін көруге болады.

مانغلاي **Manlay** (манлай) маңдай – жылқы малының көзі мен жалының арасы, жылқының бас сүйегінің алды болғандықтан қорғау қызметін атқарады. Монғол тілінен кірген кірме сөз «манлай 1) маңдай басы, алды; 2) таңдаулы тәуірі» [84, 300]. Жазба ескерткіш тілінде сөз ортасында н/ң және л/д алмасуларымен беріледі. Ескерткіш тілінде бұл сөздің екінші варианты الن *alīn* (алын) сөзі де кездеседі, бұл сөзді М.Қашқари оғыз диалектісіне тән сөз деп есептейді және екі түрлі мағынада жұмсалынатынын айтады. «Алып алын: маңдай, пешене. Алып алын: шоқы, таудың жотасы» [93,108]. Көне түркі сөздігінде бұл сөз: «*Alīn 1) лоб человека, 2) бугор выступ. Alīn 1.брать себе*» деп беріледі [85]. Бұдан көне ғасырда бұл сөздің екі мағынада қолданылғанын аңғаруға болады. Оған дәлел ретінде Мәмлюк-қыпшақ жазба ескерткіші «Муниәтүл-ғузат» жазба ескерткішін зерттеген Ш.Әуелбекованың «алын-алды» деп аударуы дәлел бола алады [38,250]. Жалпы ескерткіш тілінде маңлай және алын сөздері жарыса қолданылып маңдай мағынасын береді. Ортағасырлық жазба ескерткіштердің көбісінде сол мағынада [107]. Ал қазіргі қазақ тілінде алын сөзі қолданыстан шыққан көнерген сөз. «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткішінде жылқы малының маңдайына өскен шаш туралы «*Аттың маңдайындағы, бүйіріндегі шаштары ұзын және жұмсақ болса тіпті тамаша. Шаш өсетін бөліктің астындағы сүйектің үстіңгі жағы ашық болмауы керек. Ол сүйек араб тілінде 'aşfūr деп*

аталады. Оның үстінде жал өседі. Ол жұмсақ және әдемі болуы керек. Мұны араб тілінде **arafa** деп аталады. Бұл жақсы аттың белгісі [48] деген мәлімет береді. Аттың маңдайына қарап оның мінез-құлқын, үйретуге бейімділігін, ішкі қасиеттерін тану сонымен тұқымдық ерекшеліктерін бағалауға болады. Мысалы, аттың маңдайының кеңдігі немесе тарлығы оның мінез-құлқы мен ақылдылық деңгейіне қатысты бағаланған. Этнограф А.Тоқтабай жылқының маңдайларын *дөң маңдай, жазық маңдай, тар маңдай* деп бөледі [31,6]. Халық түсінігінде *жазық маңдайлы* жылқы ақылды, жуас, иесіне серік болуға лайық, үйретуге бейім жануар ретінде сипатталса, *тар маңдайлы* жылқы қиқар, үйренуге қиын, аңғарымпаздығы төмен деп есептелген. Атбегілер аттың маңдайындағы кекіліне, жүніне қарап та әр түрлі пікір айтқан. Мысалы, жүні оңға қарай (күннің бағытымен айналған үш орайлы болса, бұл нағыз жүйріктікке тән белгі деп есептеген. Маңдайдың ішінде, *түйе маңдай, бұғы маңдай, кең маңдайлы* аттардың маңдайлары жүйрікке тән маңдайлар деп, *дөң, тар, доғал* маңдайларды ұшқыр аттарға бағалап, атбегілер жақтырмаған [30, 109].

Жылқының маңдайындағы **tulum (тұлұм)** тұлымына қарап «тұлымды ат» атап, оның да орналасуына байланысты бірнеше ырымдар қалыптастырған. Мысалы, тұлымның орналасуына байланысты: *егер тұлымы оң жаққа қарай бұйраланып тұрса – жақсылықтың, ал солға бағытталса – тұйық, қырсық мінездің белгісі* ретінде қабылданған [30,11]. Сонымен қатар, маңдайдағы таңба немесе ақ жұлдыз да жылқыға қатысты танымда маңызды рөл атқарған. Ақ маңдайлы аттар «жолы болғыш», «бақытты» саналып, ерекше қадірленген. Халқымыз маңдайында жұлдызы бар аттарды жоғары бағалап, оларға «*Ақжұлдыз*», «*Шолақ жұлдыз*», «*Жұлдыз маңдай*», «*Ақмаңдай*», «*Жарты маңдай*», «*Тең маңдай*», «*Тұмар маңдай*» сияқты сипаттамалық атаулар берген. Мұндай белгілер эстетикалық тұрғыдан да, жаугершілік заманда жауынгер аттарды айыру үшін де маңызды болған. Маңдай таңбасы бар аттар көбінесе батырларға, билерге, жорыққа шығатын жауынгерлерге таңдалып берілген[151, 99]. Себебі жауынгер шайқас кезінде өз атын алыстан тануы керек болған. Халық арасындағы түсінік бойынша, маңдайында айқын белгісі бар жылқы иесіне сәттілік пен жеңіс әкеледі деп сенген [151,100]. Көне түркі дәстүрінде де жылқының маңдайындағы белгілер киелі сипат алған.

«*Көзі өткір ат – көреген серік*» деген халқымыз жылқы жануарының көз жанарынан да біраз нәрсені аңғарған. Сондықтан да ескерткіш тілінде: «*Бастысы көздің үстінде орналасқан екі ойық тар болуы керек, мұндай жағдайда аттың көзқарасы күйші, көзі өткір, көру ауқымы керемет болады. Сонымен қатар көзі мен құлағы арасындағы аймақ кең, қастары тар болуы керек. Мұндай бітімді ат таза қанды «араби ат» болып саналады*», «*ал енді аттың көзінің үстіндегі сүйектер үлкен, қарашығы қанық қара және көздері өткір болуы керек. Көздер арасындағы кеңістік пен терісі кең болуын арабтар «ضراما «daräma деп атайды. Қастардың екі жағы кең және етсіз болып, тері сүйекке қосылуы қажет, бұл да жақсы атқа тән қасиеттер*» [30]. Сонымен қатар «*жылқының, көзінің, маңайы*

көркем болсын, [30], көздің қарасы айқын болса, екі көзінің қарасы терең болса және арасы жіңішке болса жақсы қасиет [48] екі көзінің жоғары жағы тар болса ол да артықшылық» [48] деген мысалдар арқылы жылқының таза тұқымды болуы да, жүйрік болуы да көзінің сипатына қатыстылығын білдіреді екен. Ат көздің кемістігі жөнінде мынандай мәлімет кездеседі. Мысалы аттың көзінің кемістігі туралы ескерткіш тілінде «аттың екі көзінің көк болуы немесе бір көзінің көк, екіншісінің қара болуы да кемістік болып есептелінеді. Көздің жиектері мен қабақтарының ақ болуы да кемшілік. Өйткені атты суыққа шығарсаңыз немесе күнгейге шығарсаңыз, тіпті қысты күні далаға шыққанда ол жақсы көрмейді. Арабтар мұны «*حفل*» «*ḥaval*» деп атайды. Арабтар түнде немесе қарда көрмейтін атты «*عشا*» «*ʿisā*» деп атайды. Егер көздің ағы тым ақ болса, бұл арабтар «*أهّير*» деп атайтын. Көзі көк емес, көзінің жиегі ақ емес, екі көзінің ағы тым ақ аттар да болады, мұндай аттарды арабтар «*عخور*» «*aḥūr*» деп атайды» [49]. Сондықтан да атбегілер жылқының көзінің түріне қарап оның мінезін, қабілетін, тіпті иесіне әкелетін жақсылығы мен жамандығын алдын ала болжай алған. Мысалы, жақсы аттың белгісін атақты Толыбай деген сыншы былай айтқан екен «..имек тұмсық, бөкен танау, көзінің ойындысы терең, жар қабақ, екі жақтың ортасы алшақ» [30,125] деп сипаттаған. Қарастырып отырған жазба ескерткіш тілінде де **كۆز** **köz** сөзі мағыналық тұрғыдан да фонетикалық тұрғыдан да еш өзгеріске түспеген күйі кездеседі. Ескерткіш тілінде бұл сөздің қолданылуы тек физиологиялық мүшені ғана білдірмей, кең мағынада танымдық, символикалық ұғым ретінде де көрінеді. Ғылыми зерттеулер бойынша, жылқы көзі шеңбердің шамамен 330 градусын, тіпті «басын бұрмай артында тұрған барлық нәрсені көре алады» [30, 26]. Демек, жылқының көру қабілеті кең. Бұл қасиет оның өмір сүру ортасына бейімділігін, қауіп-қатерді алдын ала сезуін қамтамасыз етеді. Этнограф А.Тоқтабай жылқының көзіне «қоян көз, қой көз, бөкен көз, бұғы көз, бота көз, торай көз, қасқыр көз, ешкі көз, бұлан көз, түлкі көз» сипаттама береді [31, 66]. Атбегілер жылқының көзіне қарап оның жуас немесе асау екенін, тәртіпке көңгіштігін, не қиқарлығын, батылдығы мен қорқақтығын, көрегендігі мен алаңғасарлығын ажырата білген. Көздің сипатына қарап, «жарық көз», «шүңірек көз», «бота көз», «қанталаған көз», «шалқақ көз» деп сипаттаған. Мысалы атбегілер жүйрік аттың көзін, «жүйріктің көзі отты, еті қанталап қызарып көрінеді. Үнемі елеңдеп алысқа қарап тұрады. Жақынға әсте қарамайды. Адамға қарағанда секемшіл кейіппен ұрлана қарайды, көзінің шарасы кең болады. Мөлдіреген бота көзді жылқыдан жүйрік шықпайды. Халық арасында «бота көздің мыңнан бірі жүйрік, шошқа көздің бәрі жүйрік» деген мақал бар» дейді [30,108]. Жылқы малының көзіне қарап оның ішкі жан дүниесін аңғарған ат бегілер көз сөзінің ұйытқы болуымен пайда болған тұрақты тіркестерді тиімді қолданып отырған. Мысалы, «көзі оттай жанып тұр», «көзі жайнап тұр», «көзінің оты басылыпты» «көзі жансыз» [87,25]. Паремиялогиялық қорда да аттың көзіне қатысты мақал-мәтелдер кездеседі. Мысалы, «ат жүйрігі көзінен, ер жүйрігі сөзінен» деген мақалда аттың жүйріктігі, тұлғалығы, қабілеті – көзінен байқалатыны



айтылады [152,24]. Мұндай тұжырымдар көздің жылқы танымындағы маңызын дәлелдей түседі.

قۇلاق **Qulaq** (құлақ) құлақ. Аттың құлағы сақ, сезімтал, дыбысты тез қабылдайтын қасиетке ие. Құлақ мүшесінің маңызы сақтыққа әсер етеді. Ескерткіш тілінде, «...*екі құлағының арасы жіңішке болсын, құлақ тік тұрып тұрса көркем қасиет болар*» [48], *Құлағының ұшы жіңішке болсын, іші ашық/жарық болсын бұл да жақсы атқа тән қасиет* [48] құлақтары тар болса бұл белгілер жақсы атқа тән қасиеттер болып саналады [48] деген секілді мысалдар кездеседі. Ескерткіш тілінде бұл сөздер мағыналық та фонетикалық та тұрғыдан өзгеріске түспеген. Құлақтың пошымына қарап та аттың сипаттарын анықтауға болады екен. Мысалы, этнограф А.Тоқтабай аттың құлағының «*доғал құлақ, есек құлақ, ешкі құлақ, ұзын құлақ, жебе құлақ, қабан құлақ, қарсақ құлақ, қамыс құлақ, қасқыр құлақ, қоян құлақ, құлан құлақ, мүкіс құлақ, тік құлақ, түлкі құлақ, шұнақ құлақ*» [30, 122] секілді түрлерін ажыратқан. Ал халық танымында аттың құлағының пошымына қарай да мінез-құлқын анықтауға болады екен. Ауызекі тілімізде ашуланшақ, тітіркенгіш аттың мінезіне қатысты айтылған тіркесті де кездестіруге болады. Мысалы, «құлағы қайшыланып кетті» [87,25]. Тіпті жүйріктігін де құлағына қарап ілуге болады. Мысалы, «Жүйрік аттың құлағы кекілінен жоғары шығып тұрады. Ұзын қамыс құлақ келеді. Екі құлақтың арасы жақын терісі жұқа, іші толған жүн, алысқа құлағын тігіп қарайды, мініп түскенде құлағын қайшылап тұрады деген» [32, 108].

Ата-бабамыз аттың құлағына қарап оның ішкі жан дүниесін, сақтығын, шабандылығын, ақылын және мінез ерекшелігін өте дәл тани білген.

Ер Тарғын жырында:

Құлағыңа болайын

Көлге біткен құрақтай

Қабағыңа болайын

Қас албасты қабақтай! дейді[124, 145].

اغز **Ayız** (ағыз) ауыз – жылқы малындағы тамақтануға арналған негізгі мүше. Оның қызметі қорек пен суды қабылдау. Ескерткіште: *Таза қанды аттың жағының жоғарғы бөлігі етті, ал төменгі бөлігі тар болуы керек, мұндай жағдайда тыныс алу оңай болады. Сондай-ақ төменгі, беттің сақинасы орналасқан ауызда, жоғарғы ерін мен төменгі ерін қалың етті болмауы керек. Мықты аттардың еріндері жұқа болуы керек. Жоғарғы ерін араб тілінде «ساختالاة-علي» saḥfalatul-‘alijā деп ал төменгі ерін «ساختالاة يفالي» saḥfalatil-sifalī деп аталады* [49] секілді сипаттар берілген және жақсы аттың белгісіне қатысты мынандай дерек те кездеседі, «беттің сақинасын ауызға салатын жер «فاریس – خیکماتیل» **faris hikmatil** деп аталады. Текті ат ұзын және дөңгелек болуы керек, олар қысқа және төртбұрышты болмауы керек» [48]. Бұл сөз ескерткіш тілінде ортасында ғ/у алмасуымен беріледі. Қазақ атбегілері жақсы аттың аузынан оның мінезін, бабын, тәрбиесін, тіпті шабысы мен шабу қарқынын да болжай алған. Мысалы, аузы кең, иегі жұмыр ат шөпті жақсы орып, шайнап, тез қорыта алатындықтан, мұндай жылқы қуатты, бабында, шапшаң келеді деп есептеген. Ал аузы тар, езуі қысқа

жылқылар көбіне шөп жеуде қиналып, аз жейтін болғандықтан, әлсіз, шабан мінезді деп есептелген. Аттың ауыз қуысы құрғақ болса, бұл оның шөлдегендігін ғана білдірмей әлсіз немесе ауырып тұрғандығын да білдіреді екен. Сондай-ақ, ауыздықты шайнап, жүгенге көнбей мазасызданатын аттар әлі үйретілмеген, мінезі қатты, асау деп саналған. Керісінше, ауыздыққа тілін бұрмай, тілі жайлы, жүгенге тез көнетін аттар жақсы тәрбиеленген, салт мініске немесе жорыққа жарамды аттар қатарында бағаланған. Халқымыз жылқының аузына қарап бірнеше тіркестер қалыптастырған. Мысалы, «*аузы отты, жүрісі шапшаң*» деп жүйрік, шабысты атты айтса «*аузымен алысқан ат*» деп мінезі қатты, ауыздыққа көнбейтін асауды, «*аузы сулы ат – бабында*» деп шөлі қанған, тамағы тоқ атты айтқан [87]. Жылқының аузы – оның тіршілік кепілі ғана емес, аттың сыны мен бабының, тәртібі мен мінезінің көрінісі. Қазақ атбегілері аттың аузын оның тәбеті мен тәрбиесін, мінезі мен дайындығын, шабысын бағалауда басты нысана еткен.

دۇداق **Dudaq** (дұдақ) ерін жылқы малының ең жұмсақ бас мүшесінің, ол коректі икемдеу, сипап сезу қызметін атқарады. Ескерткіш тілінде *аттың жалы мен үстіңгі ерні арасындағы аймақ ұзын болса, сондай-ақ ауызының жоғарғы бөлігі мен танауы кең, тілі ұзын болса (ат қозғалғанда ыңғайланып, шөлдемейтіндей болады)*» жақсы аттың белгісі деп саналады [48]. Бұл сөзді түрколог М. Қашқари оғыз диалектісіне тән сөз деп таниды [93, 100]. Қазіргі қазақ тілінде бұл сөз көнерген сөз қатарына жатады. Сонымен қатар бұл сөздің ескерткіш тілінде бірнеше баламалары кездеседі. Мысалы, **cahfele** ерін деген мағынадағы баламасы да беріледі, **cahfeleül-'aliyye** аттың жоғарғы ерні **cahfeleül-sifeli** төменгі ерні. Еріннің жылқы малының өмірінде алатын орны ерекше десек болады. Тіпті жылқының төлі құлын да анасын ерінімен иіскеп, таниды екен. Халқымыз жылқының еріннің сезімталдығына байланысты «аттың ерні – тілімен тең» деген пікір қалыптастырған.

Сол себепті де ата-бабамыз ауыздықты салғанда немесе жем-шөп бергенде аттың ернін жарақаттап алмауды маңызды деп санаған. Және «ерні қалың ат – сабырлы, ерні жұқа ат – шапшаң келеді» деген пікірді өмірлік тәжірибеге сүйене отырып айтса керек. Этнограф А.Тоқтарбай ерін түрлерін «*сапты аяқ ерін, етек ерін, түйе ерін, бұлан ерін, салты ерін, бөкен ерін*» [31,56] деп сипаттаса, Б.Қайратұлы жүйрік аттың ерні туралы мынандай мәлімет береді: «үстіңгі ерні астыңғы ернінен кіші тартыңқы болады. Ернінің ішкі еті жұқа, ақшыл түсті келеді. Ернінің айналасына біткен қылшықтар мол болса жүйрікке тән нышан» [30,15]. Қалың ерінді аттар көбіне байсалды, жуас келеді, ал жұқа ерінді аттар епті, қимылы шапшаң, кейде тентектеу болады деген тұжырым қалыптастырған. Сондықтан да атбегілер аттың ернін жарақаттап алмас үшін ауыздықты дұрыс таңдау керек деп есептеген. «Аттың ернін тартпай, көңілін тап» деген тіркес осыған байланысты қалыптасса керек. Қысқаша айтқанда, ата-бабамыз аттың ерніне ерекше мән берген, оны жылқының мінезі мен денсаулығының көрсеткіші ретінде бағалап, мінезін, тіпті күтімінің сапасын да анықтаған.

تِل **Til** (тіл) – арқылы жылқы малы дәм сезеді, қорегін шайнап және жұтады. Мысалы, ащы, тәтті, қышқыл дәмдерді ажыратады, улы шөптерден сақтанады. Қазақ атбегілері жылқының тілі мен ауыз қуысы арқылы да оның бабын, тәбетін, күш-қуатын бағалаған. Мысалы, атбегілер жақсы аттың тәбетін оның тілінің қимылынан білген. Мысалы, аттың тілі ауыр, қозғалысы баяу болса бұл көбіне шаршаған атты білдірген. Тәбеттің төмендігі аттың ауру екендігінің белгісі деп есептелінген. Ал тілімен шөпті жақсы орып, шайнай алса бұл аттың бабында екенін көрсеткен. Аттың шөпті тандай бермей, талғамай жей алуы – көңіл күйінің тұрақты, астың бойына дұрыс сіңуінің белгісі болған. Тілімен шөпті итеріп тастау, шайнаудан бас тарту асқазан-ішек жолындағы ауытқуларды, немесе улы шөп жеу қаупін білдіруі мүмкін. Аттың ауыздыққа көнуі, тілінің ауыздықты итеріп тастамауы, жүген салғанда тілін бұрмауы жақсы тәрбие алған, үйретілген аттың белгісі болып саналынған.

Ескерткіш тілінде мұрын кемістігіне де қатысты мысал кездеседі екен. Мысалы, «мұрын кемістігі: аттың мұрын сүйегінің сыртқа бүгілуі – арабша «حنيس» *«hanis деп аталады. Ал мұрын сүйегінің ішке қарай бүгілуі «غنف» qanva деп те аталады. Бұлай болғанда, оның ауаны шығаратын аймағы тар болады. Бұл аттың тыныс алуына кедергі болады. Негізінде бет сақинасы қойылған жерден мұрынның ұшына дейінгі аймақ қысқа болуы керек. Арабтар оны «عائس» *«a'as деп атайды [48].**

تیش **Tiš** (тіш) **тіс**. Аттың тісі шөп пен жемді үзіп, шайнап ұсақтау қызметін атқаратын маңызды мүше. Ескерткіш тілінде аттың тісіне қатысты мынандай мысалдарды кездестіреміз. Мысалы, «тілдің қысқа болуы – кемшілік, тістердің тым ұзын болуы да ақау», «аттың тісі түссе ол үлкен кемшілік өйткені тістің орны үңірейіп тұратын болады және ат аузын жаба алмай, ылғи аузынан сілекей ағып тұратын болады» [48]. Аттың алдыңғы күрек тістері шөп оруға, ал артқы азу тістері оны шайнап, ұсақтауға бейімделген. Аттың тісіне қарап оның жасын, денсаулығын, күш-қуатын және мінезін ажыратуға болады. Еркек жылқылар арасында тістесу агрессияның белгісі. Көне заманнан бері ата-бабаларымыз жылқы тісінің ерекшеліктері арқылы оның физиологиялық жағдайын бағалап отырған. Жылқы тісінің бірнеше түрлері бар. Мысалы, «сүт тіс, күрек тіс, (жұлқар) от тіс, қасқа тіс, шет тіс, тұрақты тіс, үкпе тіс, ұры тіс, қырқылған тіс, тісеу, қос тіс, мөр (бедер), сопақ мөр, дөңгелек мөр, үш бұрыш мөр, қыр» [30,89]. Ал сапасына қарап, шабысы мен мінезін, жалпы денсаулық жағдайын бағалаған. Халық даналығында: «жас ат – жарау, кәрі ат – қарау» деген сөз бар. Мұндағы «жарау» шапшаң, қуатты деген мағынада, ал «қарау» қауқарсыз, шабан атқа қатысты. Бұл да жылқының жасын анықтау үшін тіс жағдайына қарап үкім айту дәстүрінің дәлелі. Ал аттың жүйріктігіне байланысты «Жүйріктің тісі үлкен-кішілігіне байланысты, сойдифан түйе тіс және ұсақ қой тісті деп бөлген. Түйе тісті жылқылар күшті, қайратты келеді. Тіс бітіміне қарап, құлан тіс, түйе тіс, қой тіс, бидай тіс деп бөледі. Жүйрік жылқының тісі аппақ, еті ақшыл тіске жабысып, жиегін жауып жымдаса

бітсе және тісінің мөрі бидай сиятындай кең болса жақсы саналады [33,78] деген мәліметте де кездестіреміз.

بوغاز **Bogaz** (богаз), **tamay** (тамағ) аттың тамағы – ауыздан кейінгі жұтқыншақ бөлігі болып саналады, одан жем, су өтеді. Боғаз бен тамақ бас пен мойын арасындағы бөлікте орналасқан. Ескерткіш тілінде, «аттың сыртқы сипатына қарап оның қандай ат болатындығы туралы болжамдар ескерткіш тілінде былай беріледі. Мысалы, *«еркек жылқының желкесі мен мойын еті арасы етті болуы керек. Ол жерді араб тілінде «حاصیما» hazima деп атайды. Егер ол жер етті болса, мойын (еркек жылқыларда), жақ сүйегі күшті болады, ал егер дәл осы жағдай ұрғашы жылқыларда болса, онда ол жақсылықтың нышаны емес»* [49], Мойын кемістігіне қатысты ескерткіш тілінде, *«мойынның кемістігі – жоғарыда айтқанымыздай дұрыс мойынның негізгі еті жоқ болуы керек және мойны бос болуы қажет. Ат жүгіргенде басын тік көтеріп ұстап төмен түсірмеу керек. Мұндай жылқы бірден алдында тұрғанды көрмеу керек және мойнының ортасы төмен, қуыстары биік, жоғарғы бөлігі бос болуы керек. Мойны доғалы жылқыны ұнататындар көп, бірақ арабтар оны кемшілік санайды* [49]. Негізгі қызметі жұту және дыбыс шығару. Ат дұрыс жұта алмаса, асқа тұншығу қаупі бар. Ал тамақтың ісінуі жылқы малында аурудың белгісі болып табылады. Халқымыз жылқының мойны мен тамағына ерекше мән берген. Бұл аттың сыртқы бітімі мен сымбаты, күші мен төзімділігі, шабысы мен бабын бағалаудағы маңызды белгілердің бірі. Атбегілер жылқының мойны мен тамағының ұзын-қысқалығына, жуандығы мен иілімділігіне қарап, оның тұқымын, мінезін, жарамдылығын ажыратып отырған. А.Тоқтабай жылқының мойнын *«қысқа мойын, жұмыр мойын, құлан мойын, ұзын мойын, қаз мойын, құлжа мойын»* деп бөлген [31,59]. Ал, Б. Қайратұлы *«қыл мойын, бұлан мойын, бұғы мойын, бөкен мойын, қой мойын, теке мойын, жолбарыс, қабылан мойын, құлжа мойын, елік мойын, аю мойын, жұмыр мойын»* [30,55] деп бөлген. Атбегілер ұзын, иілген, тамағы кең ат жүйрік, ал бұлшық етті, жуан мойынды аттарды күш аттарына тән деп білген. Қазақ атбегілері бұл белгілерді ұрпақтан-ұрпаққа жалғап, ат сынындағы негізгі өлшем ретінде қарастырған.

Жылқының бас және бет мүшелері – оның қоршаған ортамен байланысуына, қауіптен сақтануына, қорек іздеуіне, қарым-қатынас пен эмоция білдіруіне, салауатты тіршілік етуіне тікелей әсер етеді.

بوي **Boy** (бой) – жылқының бойына жалпы дене биіктігі мен ұзындығы жатады. Жылқының бойы оның сыртқы пішінінің негізі болып табылады. Жылқының бойы оның физикалық қуатын, жылдамдығын, жүру қабілетін анықтайтын этноанатомиялық көрсеткіш. Ұзын және дұрыс пропорцияланған бой жануардың күшін тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Ал енді осы сөздің көне нұсқасы *endām* (ендәм) бой, *endām yahšīšī* (ендім йахшысы) бойдың жақсысы кездеседі. Халқымыз «биік жылқыны» бәйгеге, «орташасын мақсатты мінуге», «аласасын көлікке» немесе «жүк тасуға» қолданған. Жылқының бойына қарап *«бойы биік»*, *«бойы аласа»*,

«бойшаң», «бойы қашық» деп сипаттаған [35].

ئىچسە **Iñse** (іңсе) еңсе – жылқының шоқтықтан кейінгі арқа бөлігі. Жылқының еңсесі оның денесінің артқы бөлігін ұстап тұратын негізгі құрылымы. Бұл бөлік күш пен тепе-теңдікті сақтауға жауап береді, сонымен қатар жылқының арқа сүйегінің беріктігін қамтамасыз етеді. Байқағанымыздай ескерткіш тілінде сөз басында і/е алмасуымен беріледі. Қазақ атбегілері еңсеге қарап аттың құрылысы, жүру мәнері, қызметіне жарамдылығы туралы пікір айтқан. Жылқы малының *еңсесі жоғарғы еңсе (көтеріңкі еңсе), орташа еңсе, төменгі еңсе (қисық еңсе) деп* бөлінеді. Жоғарғы еңсе аттың басы мен мойны жоғары көтерілген, еңсесі түзу, денесі тұғырлы аттың еңсесі екен, мұндай ат мәртебелі, сергек, қайсар желісті әрі шабандылыққа бейім болады деп есептелінген. Орташа еңселі ат табиғи қалыптан тым көтеріңкі де төмен де емес болады екен. Олар көпқырлы қолдануға жарамды, сабырлы бағынғыш келеді екен. Ал төменгі қисық еңселіге еңсесі төмен, басы иілген, мойны сәл иілген, аттар жатады. Мұндай аттар шаршаған, әлсіз немесе жүк тиелетін аттарға тән екен. Кейде жұмсақ мінезді білдіруі де мүмкін.

ارقا **Arqa** (арқа) аттың дене мүшесінің ең мықты бөлігі, салт мінуге арналған негізгі дене бөлімі. Ескерткіш тілінде атбегі: *Арқасы мен төсінің арасындағы мойнының тұрқы қысқа болмауы керек* [48] деген сипаттама береді. Ескерткіш тілінде арқа сөзінің көнерген нұсқасы **uça** (ұча) сөзі де кездеседі. А.Ибатов «Хұсрау Шырын» дастанында **uça** сөзінің арқа мағынасында қолданылатын айтады. Мысалы, «**učanqa urma yuk zenhar** «арқана жүк артпа, байқа [154]. «Кодекс Куманикус» жазба ескерткішінің сөздігінде: «**uça-арқа**» деп беріледі [155, 99]. «Мүниәтүл-ғұзат» жазба ескерткішінде «арқа-сырт» деп қолданылады [38,252]. Қазіргі қазақ тілінде арқа сөзінің сырт мағынасы да бар. Жылқының арқасы оның күшін жинайтын және тасымалдайтын орталық бөлігі. Бұл дене бөлігі жақсы дамыған болса, ат ұзақ әрі қарқынды жүру мен жүгіруге төтеп береді. Арқа бұлшық еттері мен сүйектері қозғалыс кезінде дененің тұрақтылығын сақтайды. Көне түркі сөздігінде бұл сөзге [85] анықтама берілген. Қазақ атбегілері арқаның құрылысы, ұзындығы, қалыңдығы мен қисықтығына қарап, аттың жүк көтеру қабілетін, төзімділігін және қызмет түрін бағалаған.

كۆگۈس **Kögüs** (көгүс) төс. Жылқының алдыңғы аяқтар арасында орналасқан, кең әрі тыныс алу үшін қажетті орын. Қазіргі тілдік қолданысымызда бұл сөз архайзмденген тұлғаға жатады. Көне, ортағасырлық жазба ескерткіштер тілінде кездеседі. Профессор М. Сабыр бұл сөзді көне түркі тілі деректерінің ішінде тек «Диуанда» ғана ұшырасатындығын айтады [74,78] Г.И.Серкебаева «Кодекс Куманикус» жазба ескерткішінде соматикалық атаулар қатарында көрсетіп, «көкірек» мағынасын беретіндігін айтады [155, 56]. Ескерткіш тілінде, Мысалы, «*Мықты аттың кеудесінің төбесі кішкентай, және азырақ шығып тұруы керек. Оның екі **dirā** ұзын болуы керек.* **dirā**» мен **bāzuv** пен тізе арасында,

екі *ايرا irā* қалың және биік болуы керек. *درا irā* бұлшық еттері де қалың болуы керек. Тізеден *بازب bāziv* дейін етсіз болуы керек. Екеуінің де терісін біріктіру керек. Сонда ол өте күшті болады және аяғы қауіпсіз болады [34,32] кең және терең көкіректі аттардың кеуде аймағы кең, терең, қабырғалары жақсы дамыған, бұлшық еттері мықты болады. Бұл аттар күшті, тыныс алу жүйесі төзімді, ұзаққа шыдамды болады деп есептеген. 2) тар көкіректі аттың кеудесі тар, қабырғалары жіңішке әрі жұқа болады. Бұлар тынысы тар, төзімділігі төмен, ауыр жұмысқа жарамсыз, бірақ жылдамдыққа бейім болып келеді. Қалыпты көкіректі жылқы кеудесі қалыпты мөлшерде, жақсы дамыған, үйлесімді, бұл қасиет әмбебап атқа тән, әр түрлі қызметке жарамды. Аттың көкірегі оның тыныс алу жүйесінің қуаты мен төзімділігінің белгісі.

*تۆش Töš* (төш) жылқы малының алдыңғы аяқ арасындағы кеуде сүйегінің маңы. Төс жылқының тірек жүйесінің бөлігі болып табылады, алдыңғы аяқтарға ауырлықты таратады. Бұл бөлік жылқының тепе теңдігі мен күшін сақтауда маңызды. Ескерткіш тілінде ш/с алмасуымен беріледі, фонетикалық алмасу болғанымен қазіргі қазақ тілінде мағына ауысы жоқ. Қазақ атбегілері төске қарап аттың жылдамдығы, күш-қуаты, сонымен қатар қызметін жарамдылығын анықтаған. Жылқының төсінің де сипаты туралы да сипаттамалар мен сындар бар екен. Мысалы, төсі кең ат – мұндай аттардың бұлшық еттері дамыған, кең және қатты, сүйектері төзімді болады. Төсі тар ат – бұлшық еттері әлсіз дамыған, сүйектері жұқа және нәзік болады. Күшті төмен, төзімділігі аз, жеңіл жұмысқа ғана жарамды ат болып есептелінеді екен. Төс көтеріңкі (биік) мұндай аттың төс бұлшық еттері жоғары, орналасқан, қабырға белсенді, тағыз болады. Бұл аттар жылдам, сергек, шабандылыққа бейім болады. Төсі төмен (жұмыстан шаршаған) мұндай аттардың төсі төмен түсіп, бұлшық еттері салбырап, әлсіз көрінеді. Шарашаған, әлсіз, ұзақ жұмысқа жарамсыз та.

*نایاق Аяақ* (айақ) аяқ жылқының негізгі қозғалыс мүшесі. Ескерткіш тілінде «жылқының аяқтары күшті болсын, тұруы тұрақты болсын, жүргенде аяқтарын дұрыс қойсын бұл жақсы атқа тән қасиет. Қарсы тұрарда, тіке тұрғанда аяғы мықты болсын, қорықпай тұрсын. Әрекет етпей тұрғанда да, буындары берік болсын, бұл да жақсы атқа тән қасиет [48]. Екі артқы аяғының арасындағы аралық тең болсын. Артқы аяқтарының сіңірлері берік, мықты болсын, бұл да жақсы қасиет [48]. Егер екі артқы аяғы арасы тар болса, жүрген кезде бір-біріне сүртіліп жүрсе – бұл кемшілік [48]. Жылқының аяқтары оның қозғалысын, жылдамдығын және тепе-теңдігін қамтамасыз етеді. «Ат аяғынан, ер басынан сыналады» деген мақалдан аттың мықтылығы жүрісінен, ер жігіттің қадірі іс-әрекетінен көрінетінін ұғамыз. Қазақ атбегілері аттың аяғына ерекше мән беріп, оның құрылысы, жуан-жіңішкелігі, беріктігі, қозғалысының үйлесімділігін жіті бақылаған. Мысалы, аяқтары жуан сүйектері мықты, буындары кең, әрі серпімді, сіңірлері қатты. Бұл аттар төзімді, ауыр жұмысқа қабілетті, ұзақ қашықтыққа шыдамды ат. Жіңішке аяқтар – аяқ сүйектері жұқа, буындары тар, бұлшық еттері әлсіз болады. Мұндай аттар әлсіз, тез шаршайтын, ауыр

жүкті көтеруге жарамсыз жылқы. Тік, түзу дұрыс бағытталған аяқтардың қозғалысы тегіс, үйлесімді болады. Мұндай келісімділік жылдамдық пен тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Жарыс және шабандылыққа лайық. Аяқтары қисық, буындары дұрыс орналаспаған жылқының қозғалысы шалаңдау, үйлесімсіз, қозғалысы бұзылған, шаршағыш, денсаулығы әлсіз ат. Аяқта ісік, түйіншектер, жарақаттар болса, қозғалысқа кері әсер етеді. Жұмыс қабілеті төмендейді, ұзақ жүруге жарамайды.

بۇت **But** (бұт) бұт – артқы аяқтың жамбасқа жалғасқан еті. Ескерткіш тілінде мағыналық та тұлғалық та тұрғыдан ешқандай өзгеріске ұшырамаған. Бұт бұлшық еттері жылқының қозғалысына үлкен күш береді. Бұлшық еттердің дамуы жылқының секіру, жүгіру қабілетін арттырады, сондай-ақ тепе-теңдікті қамтамасыз етеді. Бұттың сапасы жылқының жүріс-тұрысы мен төзімділігіне үлкен әсер етеді. Қазақ атбегілері бұттың құрылысы, беріктігі, түзулігі мен қозғалысқа икемділігіне ерекше көңіл бөлген. Аттың бұтына қатысты негізгі бірнеше сипаттамалар бар. Олар, дұрыс, *берік бұт, қисық бұт, жіңішке немесе әлсіз бұт*. Аттың бұты оның жермен тікелей байланысатын, жүру-қозғалысына негіз болатын бөлігі. Дұрыс және мықты бұт жылқының төзімділігі мен қозғалысының үйлесімділігін қамтамасыз етеді. Қисық, әлсіз немесе жарақат алған бұт жылқының қызметін қиындатып, оның денсаулығына кері әсер етеді. Қазақ атбегілері бұттың сапасына қарап жылқының жалпы қасиетін және жұмысқа жарамдылығын бағалаған.

تۇياق **Tuyaq** (тұйақ) – аяқтың соңындағы қатты мүйізді мүше, жүруге бейімделген. Ескерткіш тілінде *toynaq* (тойнақ) *toynakın iki yanının büyüklüğü* (тойнақ), *toynakın yanları* (тойнақларын) секілді көне нұсқасы да кездеседі. Көне түркі сөздігінде бұл сөзге: *tujaу* – копыто [85,585] деген анықтама аламыз. Тұяқ жылқының жермен байланысын қамтамасыз етеді. Бұл элементтің беріктігі жылқының денсаулығы мен жүру сапасына тікелей әсер етеді. Ол жылқының қозғалысы, жүгіру жылдамдығы, төзімділігі, және денсаулығы үшін шешуші рөл атқарады. Қазақ атбегілері тұяққа ерекше назар аударып, тұяқтың пішіні, беріктігі, түсі мен тозу деңгейіне қарап жылқының қасиеттерін анықтаған. Сондай-ақ тұяқтың түскен жеріне із түзеді. Халық танымында із жалғастықты білдіргендіктен ұрпақ мағынасында да қолданылған. «Бұрынғының тұяғы» секілді тіркес қолданылса, сол үшін де халқымыз жалғыз ұл болса оның жалғыз екенін атап айтпай «жалғыз тұяқ», «қу тұяқ» деген секілді тіркестерді қолданған. Ал аттың тұяғы батырлар жыры мен тарихи жырларда ауыспалы метафоралық, эпитеттік озық үлгілерін қалыптастырған. Мысалы, «Ер Тарғын» жырында:

От орнындай тұяқтым,  
Омыртқаң бар отаудай  
Жауырыныңа қарасам,

Сыпыра шапқан тақтадай [124,69] – мұнда тұяқ зымыраған, жүйрік, жылдам, оттай деген мағынада қолданылып тұр. Аттың тұяғына да байланысты бірнеше сипаттар беруге болады. Мысалы, «қара тұяқ» «ақ тұяқ» «тұяғы кең», «тұяғы тар», «қатты сау тұяқ». Тілімізде «тұяғы

тайған ат – сүрінеді» деген тіркес қалыптасқан [87, 121]. Мағынасы сенімсіздік пен әлсіздікті білдіреді. Ескерткіш тілінде осы сөздің баламасы ретінде *hame* (ar) сөзі тұяқ мағынасымен бірдей қолданылады.

قۇرۇق **Quyruq** (құйрук) – жылқының артқы жағында орналасқан, тепе-теңдікті сақтау мен қорғанысқа жауапты мүше. Ескерткіш тілінде сөз ортасында ұ/ы алмасуымен беріледі. Мысалы, араб тілінде құйрық түбін «айдурал» дейді. Құйрықтың жан жағының бір жартысына да «ғұраб» деп аталады. Сол жердің терісі қалың және жабысып тұратын болсын. Құйрық толық, әрі арты жуан болсын, құйрық түбінде тұз (тұздық) болсын, арасы бірдей. Арадағы ет жуан, құйрықтың арты жалпақ болсын, ұзындығына қарай ол жерді «кәпәл» деп атайды – құйрықтың түбі [48, 32]. Құйрық жылқыға шыбын-шіркейден қорғануға, тепе-теңдікті сақтауға көмектеседі. Құйрықтың қалыңдығы мен ұзындығы аттың жалпы көрінісін толықтырады. Аттың құйрығы оның сыртқы сымбатын толықтырып қана қоймай, денсаулығының, күтімінің, тұқымының және көңіл күйінің көрсеткіші болып есептелген. Қазақ атбегілері құйрықтың пішіні, қоюлығы, түбінің орналасуы, қозғалысы мен тазалығына қарап, аттың мінезін, шабысын, күш-қуатын, тектілігін анықтап отырған. Құйрыққа да қатысты сын сипаттар бар. Мысалы, қою, ұзын құйрық, сирек, селдіреп тұрған құйрық, қысқа, түбі төмен құйрық, қозғалысы ширақ құйрық, салбыраған, қозғалмайтын құйрық; Ата-бабамыз «құйрығы төгілген сұлулықтың, күштің, тектіліктің белгісі» деп танып, жүйрік пен сәндік аттарды құйрығынан-ақ айырып отырған. Мысалы, «Ер Тарғын» жырында:

Құйрығыңа болайын

Қыныптан шыққан қанжардай!

Жалыңа сенің болайын

Күлтеленген жібектей [124,105].

Ескерткіш тілінде «Омыртқа мен асқазанның кемістіктері: омыртқаның ұзын болуы немесе бос әлсіз болуы немесе төмен қарай иілуі де кемшілік. Арабтар мұны «قاس» **қаас** деп атайды. Сондай-ақ оның белі тар болып, ортасы салбырап тұрса немесе қабырғасы шығыңқы болып, белінен құлаққа дейін жіңішке болса арабтар үшін бұл да кемшілік. Аттың қабырғалары біркелкі болуы керек [48,32]

Жылқы малының қозғалысқа жауап беретін тірек-қимыл жүйесі – оның қозғалу қабілетін, дене тұрақтылығын, физикалық күшін және икемділігін қамтамасыз ететін анатомиялық және физиологиялық құрылымдар жиынтығы болып табылады. Бұл жүйеге негізінен **tirnaq** (тырнақ) **بارماق** **barmaq** (бармақ) бармақ жылқыда нақты саусақ жоқ, бірақ тұяқ **бармағы** деп те аталады. **bilek** (білек) **قول** **qol** (қол) қол-алдыңғы аяқтың баламасы ретінде ескерткіш тілінде кездеседі. Мысалы, «Егер екі артқы аяғының буындары қатты және тік болса жақсы. Екі қолдың буындары тік болмауы тиіс [48] Осы қол сөзімен жарыса el (ел) қол сөзі де жарыса қолданылады. **qoltuq** (қолтуқ), **bogun** (богун), **sigir** (сіңір) сіңір секілді дене мүшелері кіреді. Аталған мүшелер жылқының дене салмағын теңдей таратып, қозғалыс кезінде амортизациялық қызмет атқарады, яғни сыртқы



күштердің әсерін жұмсартып, дене мүшелерінің жарақат алу қаупін төмендетеді. Сонымен қатар, тірек-қимыл жүйесі тепе-теңдікті сақтау мен дененің кеңістіктегі орнына жауап береді. Тірек-қимыл мүшелерінің физиологиялық тұрғыдан дұрыс дамуы мен анатомиялық тұрғыдан сау күйде болуы – жылқының жалпы өмір сүру ұзақтығына, еңбек өнімділігіне және спорттық жетістіктеріне тікелей әсер етеді. Жылқы үшін бұл жүйе ерекше маңызды, себебі дәл осы жүйе қозғалыс қызметінің негізін құрайды. Ол жылдамдық пен төзімділік сияқты көрсеткіштердің сапасын анықтайды, сондай-ақ жоғары қарқынмен қозғалған кезде денеге түсетін салмақты тиімді үлестіріп, қозғалыс аппаратының әртүрлі бөліктерін жарақаттан қорғайды. Одан бөлек, тірек-қимыл жүйесі бұлшық еттер мен сүйек құрылымдарының өзара үйлесімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, бұл өз кезегінде жылқының жүру, шауып өту, секіру сияқты күрделі қозғалыс түрлерін еркін орындауына мүмкіндік береді. Жақсы дамыған тірек-қимыл жүйесі жылқының мінез-құлқына да оң әсерін тигізеді: мұндай жануарлар әдетте сергек, белсенді, төзімді және физикалық тұрғыдан күшті болып келеді. Сондықтан жылқыны бағу мен баптауда тірек-қимыл жүйесінің саулығына ерекше назар аудару - жануардың денсаулығын сақтау мен оның функционалдық мүмкіндіктерін тиімді пайдалану үшін аса маңызды фактор болып саналады.

Біз қарастырып отырған ескерткіш тілінде соматикалық атаулардың арабша баламалары да кездеседі. Мысалы, *'acäye* (аджәйе) жүн шықпайтын тұяқ *'acibe* (аджібе) тұзу құйрық, *äliye* (әйліе) тұяқтың арты, *ariyan* (арийан) артқы санның қалың еті, *arquib* (арқуб) өкше, *'a'säb* (әсәб) сіңірлер, *ašabe* (ашабе) жалғыз сіңір, *'ašqur* (әшқұр) денедегі ішкі мүше, *ayn* (айн)көз жанары, *aiiud* (аүүд) жамбас, тоқпан жілік, *betäne* (бетәне) үлкен қарын, *bevl* (бевл) сідік, *biġin* (бығын) бүйір, *ca're* (джаре) екі жанбастың ұшы, *ca'de* (джаде) бұйра шаш, *debilten* (дебілтен) жамбас сүйктің арасы, *dehas* (дехас) тұяқ пен сирақ арасы, *divar* (дівар) қабырға, *šahim* (шаһым) іш май, *ke'ab* (кеәб) тобық, *lihä* (ліхә) сақалдар, *sayri* (сағры) жамбас, *sinci* (сынджы) бой, дене, бітім, *tama'*(тамә) тамақ *ucze* (уджзе) құйрық түбіндегі ет.

**Кесте 9 – Ескерткіш тіліндегі соматикалық атаулардың сандық көрсеткіші**

| № | Соматикалық атаулардың арабша баламаларының саны | Қазіргі қазақ тілінде қолданылатын соматикалық атаулардың саны | мағынасы көнерген соматикалық атаулардың саны |
|---|--------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------|
| 1 | 22                                               | 50                                                             | 8                                             |

Жазба ескерткіштер – тарих қойнауынан келе жатқан тарихи-мәдени мұра. Жазба ескерткіштерді зерттеу арқылы өткен дәуірлердегі халықтың тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрып пен дәстүрлері, құндылықтары туралы мол ақпарат алуға болады. «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткіші – мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған аса құнды тарихи мұра. Бұл ескерткіш тек қана

мәмлүк мемлекеті дәуіріндегі қыпшақ тілінің ерекшеліктерін зерттеуге мүмкіндік беріп қоймай, сондай-ақ сол кезеңдегі мәдени, тарихи және тілдік байланыстарды да айқындауға негіз болады. Олар түркі әлемінің тарихи сабақтастығы мен мәдени бірлігін бейнелей отырып, тілдік зерттеулердің құнды нысаны болып қала береді.

### 3.2 Ескерткіш тіліндегі туыстық қатынас және материалдық мәдениетке қатысты атаулардың этномәдени мазмұны

Ортағасырлық мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткіші – тек тілдік емес, сонымен қатар мәдени әрі тарихи мұра болып табылады. Өйткені бұл қолжазбада қолданылған адам әлемі мен тұрмыс-тіршілікке қатысты атаулар түркі халықтары, оның ішінде Мысыр еліндегі қыпшақтардың өмірі мен тұрмыс-тіршілігінің, әлеуметтік болмысы мен мәдени бейнесінің тілдік көрінісі ретінде аса маңызды.

Тіл білімі саласында тіл мен мәдениеттің қарым-қатынасы мәселесін зерттеу М.Қашқари [93], Әбу Насыр әл-Фараби [156] еңбектерінен бастау алып, шетелдік В.Гумбольд [157], А.А. Потебня [158], Ш.Балли [159] ғалымдардың зерттеулерінде жалғастығын тапты. Бертін келе бірқатар көрнекті ғалымдар академик Ә.Қайдар, [134] Р. Сыздық [160], Ж.Манкеева [135], Н.Уәли [161], Б.Тілеубердиев [162], Қ.Жаманбаева [163], Р.Шойбеков [164], А.Айғабылұлы [165], Е.Жанпейісов [166], Г.Смағұлова [167], Г.Қосымова [168] секілді бір топ ғалымдар әр түрлі бағытта зерттеген. Аталған ғалымдардың еңбектері қазақ этномәдени лексикасын жүйелі түрде саралап, оның тілдік, танымдық және мәдени табиғатын тереңірек тануға мүмкіндік береді.

Жазба ескерткіш тіліндегі қоғамның әлеуметтік стратификациясы арқылы (*bek, sultan, šah, oylan, hatun,*) мәмлүк-қыпшақтардың әлеуметтік құрылымы, туыстық атаулар (*ata, ana, oğul, qarındaš*) отбасы ішіндегі рөлдер мен туыстық қатынастары арқылы (*irkek, oğul, qiz, yigit*), жас ерекшелігі мен гендерлік жіктелуі, этнонимдер (*араб, татар, үнді, түрік*) тілдік және мәдени ықпалдастық болғанын, антропонимдер (*Әбу Бәкір, Толубек*) діни-мәдени орта, материалдық мәдениет түрі ыдыстар (*čanak, kersenne, qazan čötmče, qasig*) үй тұрмысы дамығанын, тұрмысқа қажетті атаулар (*qab, qarčuq, qazuq, tarak, sabun*) ас-ауқат түрлері арқылы (*bal, čeker sükker, tuz, süt, un, šarāb, ħamir, yumurtga*) халықтың қандай азық-түлік тұтынғанын немесе осы заттарды жылқы малының еміне күтіміне пайдаланғанын (*igne, kettan, čöprek*) қол өнер шаруашылығының дамығанын нарықтық жүйенің элементі (*ақса*) арқылы айырбас пен сауда қатынастары дамығанын, өлшем бірліктері арқылы (*batman, aršun, ħamçı, tizgin, yügen, noқта*) көшпелі мәдениеттің үлгісін, жауынгерлік пен салт-дәстүр, жылқы шаруашылығы туралы ақпаратты аламыз. Ескерткіш тіліндегі мәдени-тілдік бірліктер, тек лексикалық бірліктер емес, тарихи-мәдени контексті танытатын лингвомәдени деректер.

«Байтарату’л-вазих» тек тарихи тілдік дерек емес, сондай-ақ мәдени өмір мен өркениеттік танымды сақтаушы жадыхат. Өйткені ол тарихты танудың, рухани және материалдық мәдениетті зерделеудің сенімді арқауы.

Бұл тараудың ғылыми жаңалығы – адам әлемі мен материалдық мәдениетке қатысты атаулардың этнолингвистика негізінде жүйелі түрде алғаш рет саралануында. Диссертациямыздың алдыңғы тарауында ескерткіш тіліндегі жылқы соматикасына қатысты атаулар алғаш рет ғылыми айналымға енгізілді. Ал бұл тарауда туыстық қарым-қатынасты білдіретін атаулар мен тұрмыстық мәдениетке қатысты лексикалық бірліктердің этномәдени маңызы жан-жақты қарастырылады. Ол үшін ескерткіш тіліндегі адам әлеміне қатысты атаулар мен тұрмыс-тіршілікке қатысты атаулардың этно-мәдени сипатын қарастыра отырып, берілген атаулардың көне, ортағасырлық жазба ескерткіштер тілі мен қазіргі қазақ тілінде қолданылу аясы, мағыналарының көнеріп қолданыстан шығу уәждері қарастырылады. Осы мақсаттарға жету үшін бірқатар лингвистикалық әдістер қолданылды. Атап айтқанда, корпустық лингвистика әдісі – бұл тәсіл арқылы ескерткіш тіліндегі лексемалар жиілік, контекст, тіркесім тұрғысынан кең ауқымды мәтіндік корпус негізінде зерттелді. Нәтижесінде адам және материалдық мәдениетке қатысты сөздер іріктеліп, олардың қолданылу жиілігі мен басқа сөздермен байланысы (тіркесімділігі) талданды. Бұл әдістің басты артықшылығы нақты әрі статистикалық тұрғыдан негізделген талдау жүргізуге мүмкіндік беруі. Семантикалық өріс әдісі – белгілі бір ұғымды білдіретін сөздердің мағыналық топтарын анықтау арқылы семантикалық құрылымды жүйелеу жүзеге асты. Бір семантикалық өріске кіретін атаулар топтастырылып, басқа түркі жазба ескерткіштерімен салыстыру жүргізілді. Осы арқылы этномәдени ортақтық пен айырмашылықтар нықталды. Сонымен қатар кейбір сөздердің қазіргі қазақ тіліндегі баламаларымен сәйкестігі мен мағына өзгерістері де қарастырылды. Бұл әдіс этномәдени болмысты семантикалық кеңістікте көрсетуге жол ашады. Этимологиялық-типологиялық талдау – сөздердің шығу тегін айқындап, оларды басқа түркі тілдеріндегі ұқсас формалармен салыстырып, тарихи семантикасын зерделеу жүргізілді. Белгілі бір сөздердің көнелігі, тарихи кезеңдерде қолданылу ерекшеліктері мен мәдени-тарихи жүктемесі анықталды. Сонымен қатар этнолингвистикалық және лингвомәдени танымдық әдістер арқылы сөздердің мәдени коды, ұлттық дүниетаным мен салт-дәстүрдегі қолданысы анықталды. Сөз бен мәдениетті бірлікте қарастыру арқылы мәтіннің мәдени мазмұны тереңірек ашылды. Когнитивтік лингвистикалық тәсіл – белгілі бір сөздердің ұғымдық жүйе, тарихи таным мен ұлттық менталитеттік мағыналары талданды. Ескерткіш мәтініндегі сөздердің қандай когнитивтік модельдерге негізделгені көрсетіліп, тіл арқылы ұлттық болмыс пен тарихи дүниетаным зерделенді. Дискурсивтік талдау – мәтін тек тілдік құрылым ретінде емес, сонымен қатар мәдени-тарихи дискурс ретінде қарастырылды. Ескерткіш мәтіні арқылы сол дәуірдің идеологиясы мен құндылықтары ашылып, мәтінді әлеуметтік-мәдени контексте талдауға мүмкіндік берілді. Салыстырмалы-тарихи әдіс – ескерткіштегі атаулар басқа түркі тілдеріндегі

нұсқаларымен салыстырылып, олардың тарихи дамуы мен жалпытүркілік немесе жергілікті ерекшеліктері көрсетілді. Мысалы, белгілі бір сөздің қазіргі қарақалпақ, ноғай, татар, башқұрт тілдеріндегі баламаларымен салыстыру жүргізілді. Мәдени концептологиялық әдіс – адам мен тұрмысқа қатысты атаулардың қандай мәдени концепттерді бейнелейтінін анықтауға бағытталды. Бұл әдіс сөздердің ішкі мәдени мазмұнын ашуға мүмкіндік берді. Лингвомәдени бірліктерді типологиялық жіктеу әдісі – ескерткіш мәтініндегі атаулар тақырыптық, семантикалық және қызметтік негізде жүйеленіп, лексикалық материал ғылыми құрылымға келтірілді. Контекстуалды – семантикалық талдау, бұл талдау арқылы атаулардың мәтін ішіндегі нақты мағынасы мен қолданылу ерекшелігі зерттелді. Бір сөздің түрлі контексте әртүрлі реңкте қолданылуы анықталып, мағынасы нақтыланды және мәдени мазмұны тереңдетілді. Осы әдістердің жиынтығы тарихи мәтіндерді жаңа қырынан зерттеуге, тіл мен мәдениетті өзара сабақтастыра отырып, дәстүрлі тілтану әдістерінен өзгеше жүйелі танымдық көзқарас ұсынуға мүмкіндік береді.

Этномәдени атаулар дегеніміз – белгілі бір этностың дүниетанымын, өмір салтын, тарихи-мәдени болмысын танытатын, тілдік бірліктер арқылы көрініс табатын атаулар жүйесі [169]. Олар халықтың тұрмыс-тіршілігіне, салт-дәстүріне, наным-сеніміне, сондай-ақ әлеуметтік қатынастарына тығыз байланысты. Этномәдени атаулар ұлттың мәдени жадын, дүниеге деген көзқарасын, әлеуметтік құрылымын, рухани және материалдық құндылықтарын бейнелейтін тілдік құрал ретінде ерекше маңызға ие.

Ескерткіштер тіліндегі адам әлемі мен материалдық мәдениетке қатысты атаулар көне түркі қоғамының этномәдени болмысын, рухани және тұрмыстық өмірін жан-жақты сипаттайтын маңызды дереккөздер болып табылады. Бұл атаулар Орхон-Енисей және Талас жазба ескерткіштерінде жиі кездесіп, сол дәуірдегі түркі халықтарының дүниетанымы, әлеуметтік құрылымы, шаруашылығы мен күнделікті тіршілігі туралы құнды деректер береді. Мысалы: *көлік, қақпа, есік, оқ, темір күйме* [85,20-21]. Мұндай атаулар тарихи дерек көзі ретінде көне түркілердің қоғамдық құрылымы мен тұрмыс-тіршілігін нақты бейнелейді. Сонымен қатар, қазіргі түркі тілдеріндегі ұқсас лексикалық бірліктер этномәдени сабақтастықтың көне ғасырдан ортағасырға дейін, одан қазіргі кезеңге дейін сақталғанын дәлелдейді. Ескерткіш мәтіндерінде көрініс тапқан материалдық және адам әлеміне қатысты атаулар түркілік дүниетанымның өзіндік сипаттарын көрсетіп, табиғатпен үйлесімді өмір сүру, қоғам мен отбасына, салт-дәстүрге деген құрмет, сондай-ақ рухани-мәдени құндылықтар жүйесін аңғартады. Ескерткіш мәтіндерінде кездесетін этномәдени атаулар – ортағасырлық, мәмлүк-қыпшақ қоғамының этномәдени келбетін сипаттайтын, рухани мұра ретінде ерекше бағаланатын тілдік бірліктер. Бұл атаулар сол заманғы өмір салты, қоғамдық қатынастар мен дүниетанымдық ұстанымдарды терең тануға мүмкіндік береді.

Ескерткіш тілінде туыстық қарым-қатынасты білдіретін атаулар кездеседі дедік. Бұл атаулар қарастырылып отырған жазба ескерткіш қазіргі

қазақ тілінің даму тарихын зерттеуде тарихи-мәдени және этнолингвистикалық тұрғыдан аса құнды дереккөз болып табылады. Олар ескерткіш тілінде төмендегі кестеде көрсетілгендей қатар құрайды.

**Кесте 10 – Туыстық қатынасты білдіретін атаулардың жазба ескерткіш тілінде кездесу жиілігі**

| №  | Жазба ескерткіш тіліндегі варианты | қыпшақша | транскрипт | қазақша  | ескерткіш тіліне кездесу жиілігі |
|----|------------------------------------|----------|------------|----------|----------------------------------|
| 1  | أنا                                | ata      | ата        | ата      | 20                               |
| 3  | أنا                                | ana      | ана        | ана      | 10                               |
| 4  | أوغول                              | oγul     | оғұл       | ұл       | 5                                |
| 5  | أوغلان                             | oγlan    | оғлан      | ұлан     | 1                                |
| 6  | هاتون                              | hatun    | һатун      | қатын    | 1                                |
| 7  | إرkek                              | irkek    | іркек      | еркек    | 8                                |
| 8  | بالا                               | bala     | бала       | бала     | 5                                |
| 9  | قارنداش                            | qarindaš | қарындаш   | қарындас | 1                                |
| 10 | کشی                                | kiši     | кіші       | кісі     | 10                               |
| 11 | يیغیت                              | yigit    | йігіт      | жігіт    | 3                                |

Бұл туыстық қатынасты білдіретін атаулар көне түркі тіліндегі қоғамның отбасы құрылымы, әлеуметтік қатынастары және рухани құндылықтары жөнінде мол ақпарат береді. Және олар тек номинативтік мәнде емес, сонымен қатар этномәдени мазмұнға да ие. Бұған зерттеу барысында көз жеткіземіз. Өр атаудың астарында түркі халықтарының дүниетанымы, отбасы ішіндегі иерархия, жыныс пен жастық айырмашылықтарға қатысты көзқарас, сондай-ақ әдептік қатынастар мен гендерлік рөлдердің жүйесі сақталған. Аталған атаулар көне ғасырлардағы жазба мұраларда кең көрініс тапқан. Мысалы, *ата, ана, оғул, қатын* [85]. Орхон-Енисей, Талас жазбаларында бұл сөздердің қолданылуы – сол дәуірдегі отбасы институтының маңызын, адамның қоғамдағы орнын бейнелейді. Ескерткіш тілінде мұндай сөздердің кездесуі ортағасырдағы мәмлүк-қыпшақ кезеңінде де өз жалғасын тапқандығының дәлелі. Бұл дегеніміз тілдік және мәдени сабақтастықтың айғағы. Бұл ескерткіштерде туыстық атаулардың қолданылуы арқылы қыпшақ дәуіріндегі әлеуметтік-мәдени құрылым, отбасы ұғымының мәні, адамға тән қасиеттер мен олардың қоғамдағы мәртебесі жайлы құнды мәліметтер алуға болады. Сонымен қатар, бұл туыстық атаулардың фонетикалық және морфологиялық тұрғыдан өзгеріске ұшырамай, қазіргі түркі тілдерінде сақталып қалуы түркі тілдерінің тарихи біртұтастығын дәлелдей түседі. Мысалы, *ata, ana, oγul, qarindaš, oγlan, hatun, irkek, bala, kiši, yigit* сияқты сөздер бүгінгі қазақ, ноғай, қарақалпақ, башқұрт, құмық тілдерінде де сақталған, тек дыбыстық не дыбыстау жүйесінде болар-болмас айырмашылықтар байқалады. Бұл сөздер фонетикалық тұрғыдан салыстырмалы түрде тұрақты, морфологиялық жағынан негізгі түбір күйінде келе жатқан бірліктер қатарына жатады. Жалпы, ескерткіш мәтіндеріндегі туыстық атаулар арқылы көне түркі

халқының отбасы институтына деген көзқарасы, адамды бағалау өлшемі, жыныстық, жас ерекшелігіне байланысты әлеуметтік міндеттері мен рөлдері анық байқалады. Бұлар тек тілдік таңбалар ғана емес, сонымен қатар түркі этносының тарихи, мәдени және дүниетанымдық ерекшеліктерін сақтаған рухани-мәдени кодтар.

أنا **Ata** (ата) – ескерткіш тілінде бұл сөз әке мағынасында қолданылады көне түркі сөздігінде [48]: I. отец, **atañ öldi ersä atañ men saña/ atalıq qılayın oñul bol maña** если умер твой отец, отцом тебе буду я (я проявляю [к тебе] отцовское благорасположение, будь сыном мне (QBN 122); II **ata sayan u sobstve**; III Қазіргі қазақ әдеби тілінің сөздігінде [83,65-66] бұл сөзге – 1. *Туған әке, өз әкесі*; 2. *Үлкен әке, әкенің әкесі*, 3. *Адамдардың туыстық жақын ру ішіндегі қандастық жігі, тобы*; 4. *Тегі, нәсілі, шыққан жері, тұқымы*; 5. *Ерлі-зайыптылардың қайын әкесі*; 6. *Қария, қарт, ақсақал*. 7. *Үйірге салатын тұқымдық мал, аталық*, 8. *ауыс. Бірнәрсенің басы, негізі, басы, түп-төркіні* [170, 83]. Ескерткіш тілімен қазіргі қазақ тіліндегі қолданысын зерделейтін болсақ, алғашқыда әке мағынасында қолданылған сөздің бертін келе мағынасының кеңейгенін аңғаруға болады.

أنا **Ana** (ана) «**Ана** 1.зат. *Баланың туған шешесі, 2. Елге сыйлы жасы үлкен әйел адам* 3. *ауысп. поэт. Негіз, түп, тамыр*» [171,496] көне түркі сөздігінде **Ana** мать (МК I 93); **kenč anasın emdi** ребенок сосал [грудь] своей матери (МК I 169) **ata bir ana bir uñalar bu ıalq** эти люди родственники: у них отец и мать одни (Юг В) [83, 43].

**Ata** (әке) және **ana** (ана) сөздері қазіргі қазақ, ноғай, қарақалпақ, құмық тілдерінде еш өзгеріссіз қолданылып келеді. Бұл сөздер – түркі тілдеріндегі ең тұрақты әрі көне қабаттары. Ескерткіш тіліндегі «ата және «ана сөздерінің этномәдени мәніне келсек бұл сөздер түркі халқының соның ішінде қазақ халқының дүниетанымында ерекше орын алатын, тарихи терең, мәдени мазмұнға ие атаулар. Көне, ортағасырлық жазба ескерткіштер тілінде ата сөзі «әке» мағынасын білдіреді. Ал қазіргі лексикалық мағынасына келсек «ата» – ер адамның жасы үлкенін, әкенің әкесін немесе жалпы бабаны, ал «ана» – әйел адамның аналық рөлін, баланы дүниеге әкелуші қасиетті жанды танымыз. Бұл ұғымдар халқымыздың дүниетанымында тектілік пен киеліліктің символы, оған «*ата-баба аруағы*», «*ана сүті*», секілді ұғымдар пікіріміздің дәлелі бола алады. Мысалы, «атадан ұл туса – игі, ата жолын қуса игі» деген мақал ата ұғымының тектілікпен, шежіремен, мұрагерлікпен байланысты екендігін көрсетеді. Сонымен қатар тек туыстық атауды ғана емес рухани бағдар, өмірлік бағыт, тәрбие негізі. Ата сөзі «*ата-дәстүр*», «*ата қоныс*», «*ата кәсіп*» тіркестерімен бірге қолданылып, ұрпақ сабақтастығы мен тарихи жадының белгісі ретінде танылады. Ана-тіршіліктің өзегі, бастауы, тұлғалық, адами құндылықтардың қайнар көзі. Мысалы, «*ана тілі*» тіркесінің өзі тек коммуникативтік емес, ұлттық болмысты жеткізуші ретінде маңызда, ал «*ананың қарғысы қатты, батасы-күшті*» деген сөз ананың қоғамдағы мораль деңгейін танытады. Сонымен қатар бұл сөздер ұлттық дүниетанымның негізін құрайтын мәдени концепт ретінде танылып, тіл мен менталитеттің тұтастығын айқындайды. Мысалы,

**ата концептісі** → ерлік → ақыл → даналық → көшбасшылық, **ана концептісі** → мейрім → қамқорлық → тазалық → махаббат → ұлттың ұйытқысы.

«Ата» мен «ана» сөздері халқымыздың этномәдени кодының өзегі. Олар арқылы түркілердің ұлттың дүниетанымы, рухани құндылықтары, отбасылық құрылымы мен әлеуметтік қатынастары танылады.

ئوغۇل **Oyul** (оғұл) ескерткіш тілінде *adem oyulı, oyulına* секілді мысалдарда көрініс тапқан бұл сөздің мағынасы «Адам ұлдары» [48]. Сондай-ақ түркі халықтарының этномәдени болмысында өте терең мағынаға ие ұғым. Мысалы түркі тілдерінде түрік: *oğul* [145], өзбекше *ogil* [172], қырғызша *уул* [173] татарша *ұл* [141], Бұл ұғымның кең таралуы түркі халықтарының ортақ мәдени-кодтық негізін де білдіреді. Бұл сөз тек биологиялық мағынадағы «ұл, бала» ғана емес, сонымен қатар рухани, әлеуметтік, әскери және саяси мағынаға да ие болған. Ұл – туыстық және мұрагерлік ұғым, түркі қоғамында ұрпақ жалғастырушы, мұрагер, рудың аты мен дәстүрін сақтаушы, **әке** → **ұл** → **немере** ретінде рудың үзілмес тізбегі. Түркілер түсінігінде ұлсыз қалу – рудың тоқырауы мен беделдің төмендеуі деп саналған. Ұл – болашақ жауынгер, сарбаз, ел қорғаушы. Тарихи деректер бойынша түркілер жасынан оғландарды сарбаз ретінде тәрбиелеген. Түркілер дәстүрі бойынша билік көбіне ұлға мұра болып өткен. Мысалы, қағанның баласы *тегін* атанған. Тарихи деректер бойынша ұлды жастық шағынан бастап ел басқаруға үйретілгені жөнінде деректер бар. Ұл сөзі тек тән жағынан бала емес, рухани мұрагер, ар-намысты жалғастырушы, халық аузында «*ұл болсаң намысты бол!*» сынды тіркес арқылы бұл ұғымның тәрбиелік моральдық жағы анық байқалады. Ұл – түркі дүниетанымындағы ұрпақ жалғасуын, ер азаматтың жауапкершілігін, рухты, тектілік пен тәрбие ұғымдарын қамтитын киелі сөз болуымен қатар мәдени кодтың өзегі де екен.

قارينداش **Qarindaš** (қарындаш) қарындас ескерткіш тілінде ш/с алмасуымен беріледі ескерткіш тіліндегі мағынасы – туыс. Түркі тілдерінің көпшілігінде бұл сөздің мағынасы кеңейіп, туыстық қатынасты білдіретін жалпылама атауға айналған. Көне түркі жазба ескерткішінде, **qarindaš** брат (единоутробный) (МК I 407): **qanatqa odyurmış at berip vāzir qarindaši tep ajmish** [автор] нарек удовлетворенность Огдурмышем и назвал [его] братом визиря (QVK 36). Көне, ортағасырлық жазба ескерткіштерде бауыр мағынасында және ер баладан кейінгі туылған қыз баласына берілген атау ретінде қолданылады. Мысалы, «Кодекс Куманикус» жазба ескерткішінде екі түрлі мағынада қолданылады «**qarindaš**» бауыр, «**qiz qarindaš**» ер баладан кейінгі туылған қыз баласы [155, 89]. Жалпы орғасырларда екі мағынасы да жарыса қолданылған. «Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков» еңбегінде Э.Р.Тенишев қарындас сөзінің түркі тілдерінде қолданылу аясын тізбектей келе «бұл сөзді түркі тілдеріндегі деректермен салыстырсақ бастапқыда ұлға да қызға да берілген атау екендігін байқауға болады. Жалпылық мәнге ие «бауыр», «туысқан» мағынасында жұмсалынған сөздің уақыт өте келе кейбір түркі тілдерінде (қазақ, қарақалпақ, башқұрт, қырғыз) «әйел», «ер адамнан кейінгі туылған қыз баласы» секілді семантикалық

мағынаны үстеп, «әйел», «ер адамнан кейінгі туылған қыз баласы» мағынасының басымдық бергенін байқауға болады [53, 290]. Академик Р.Сыздық қарындас сөзі туыс мағынасында хандық дәуір тұсында да қолданылғандығын айтады [160, 96]. Бұл сөз түркі халықтарының, соның ішінде қазақ мәдениетінің этномәдени танымында ерекше маңызға ие ұғым. Бүгінгі күнде көбіне «сіңлі», «қыз, туыс» деген мағынада қолданылса да, тарихи, мәдени және рухани тұрғыдан бұл сөздің өте терең, кең мазмұны бар. Олар, 1) лексикалық және тарихи негізіне назар аударсақ қарындас сөзі бір анадан туылған туыстық символды білдіретін ұғымды білдіріп, яғни бір ананың баласы, қандас туыс «бауыр» мағынасында жұмсалынуы, түркі қоғамында қарындас бауырмен тең болғанын көруге болады. Оның қауіпсіздігі, ар-намысы, тәрбиесі – аға мен әкенің абыройы. 2) қарындас – гендерлік теңсіздік емес, керісінше гендерлік жауапкершілік пен құрметтің көрінісі. Халқымызда әйел затына «қарындас» деп қарау – оның арын, абыройын сақтау, еркек затының міндеті деп есептелген. «Қарындас» – түркілік дүниетанымда тек туған сіңлі немесе әпке емес, бұл – қандастықтың, бауырластықтың, рухани бірліктің, әйел затына деген құрметтің символы. Ол, отбасы этикасын, қоғамдағы тәртіпті, туыстық қарым-қатынасты қамтитын көпқабатты этномәдени концепт.

اوغلان **Oylan** сөзі де көне түркі дәуірінен келе жатқан атау. Ол қазіргі қазақ тілінде **ұлан**, ноғай және құмық тілдерінде **оғлан**, башқұрт тілінде **олан** түрінде сақталған. Бұл да «ү» дыбысының түсіп қалуы немесе жұмсартылып айтылуынан туындаған өзгерістерді көрсетеді. Көне түркі сөздігінде: **Oylan** ребенок, мальчик **oylan beläldi** ребенок был закутан в 1) пеленок (МК III 196); 2) сын (обычно с аффиксами принадлежности): **sabünim tükäti ešidgil ulaju ini jegünim oylanım** слушайте полностью мою речь, идущие [за мной] мои младшие родичи, мои сыновья (КТм) [83, 363].

بالا **Bala** (бала) сөзі де барлық түркі тілдерінде бірдей қолданылып, семантикалық тұрғыда өзгеріске ұшырамаған сөз. Көне түркі сөздігінде **bala** I Детеныш (животного), птенец **quš balası qusınčıy it balası oğšančıy** птенец омерзительный, щенок – мил; **bala** II.Слуга помощник (особенно в сельском хозяйстве) (МК 547<sub>17</sub>) [83,80]. Бала сөзі қазіргі қазақ тілінде «**Бала** 1. Зат, Ата-ананың перзенті, ұрпақ,тұқым; 2. Нәресте, сәби, бөбек; 3. Жан-жануарлардың күшігі, құстардың балапаны; 4. ауыс. Ержетіп, ысылмаған; жас, балғын»[170, 652 ]. Байқағанымыздай қазіргі қазақ тілінде мағынасы кеңейген. Дж Клосон бұл сөз алғашқыда құстың баласына қатысты қолданылып, бертін келе жануардың, адамның баласына бағытталынып айтылған [174, 332] деген пікір айтады. Біз қарастырып отырған ескерткіш тілінде бұл сөз жылқының түлігіне қатысты және адам баласына қатысты айтылған.

«Оғлан» және «бала» сөздері – түркі халықтарының, әсіресе қазақ мәдениетінің этномәдени жүйесінде ерекше орны бар, ұрпақ, тектілік, әлеуметтік, жауапкершілік секілді терең ұғымдарды қамтитын сөздер.

Бұл сөздер тек «жас ұл» деген мағынамен шектелмейді; оларда рухани-мәдени кодтар, дүниетанымдық негіздер жатыр.



1) «бала» – түркі тілдерінде жас ұрпақ, перзент, ұрпақ деген мағына береді;

2) «бала» – Алланың берген аманаты, сондықтан оған рухани, тәрбиелік, әлеуметтік жауапкершілікпен қараған. Кейде бұл сөз тек жастық шақты ғана емес жалпы ұрпақтың жалғасуын білдіреді;

3) «бала – әке-шешенің қуанышы, рудың жалғасы, елдің болашағы». Қазақ қоғамында ұрпақсыз қалу – үлкен қайғы. Бала – тұқым жалғастырушы, ата-баба аруағының иесі.

4) «бала» – ел болудың шарты. Бала қалай тәрбиеленсе – сол қоғамның болмысы да сондай болады деген түсінік бар.

5) «Бала» – ұрпақтың, отбасылық аманаттың, ұлт жалғастығының белгісі. Бұл екі сөз де қазақ болмысында ұлттың рухани-әлеуметтік тірегі ретінде қалыптасқан.

Ал, 1) «оғлан» көне түркі кезеңінен бастап ер азаматтың болашағы, ұрпақ жалғастырушы, болашақ жауынгер, басқарушы ретінде қарастырылған;

2) оғлан – ерлік, тектілік, жауынгерлік, жауапкершілік ұғымдарының символы. «Оғлан» – түркі мәдениетінде батырлықтың, ерлік пен елдік жауапкершіліктің этносимволы.

حاتون **Hatun** (хатун) қатын – көне ғасырлық жазба ескерткіштер тілінде «ханым», «патшайым», «беделді әйел» деген мағынада қолданылған әйел адамның мәртебесін білдіретін сөз. Ескерткіш тілінде сөз басында h/қ алмасуымен ортасында у/ы алмасуымен беріледі. Қазіргі ноғай, қарақалпақ, құмық тілдерінде әлі де хатын түрінде қолданылады. Көне түркі сөздігінде: **Qatun**: 1.госпожа, вельможная дама, женщина знатного происхождения; жена правителя, знатного человека: **umaj teg ögim qatun qatıña inim kültegin er at bultı** для (м.е. на радость) ее величество моей матери-катун, подобной Умай, мой младший брат получил геройское имя Кюль-Тегина [83,436-437], 2. **qatun sını** геогр. название города, **qatun** возвр.от **qat** – становиться твердым **ofın qatunsar küzäc taşar** если от огня [оно] твердеет, то кувшин убегает (переливается через край) (ТТІ<sub>194</sub>) (МК) [83, 436]. Бұл сөз өзінің тарихи жолында әлеуметтік және мәдени өзгерістерді көрсететін қызықты тілдік құбылыс болып табылады. Орхон-Енисей жазбаларында да патшайым, ханым (*Томирис, Бонай, Көрікте*) деген мағыналарда кездессе, қазіргі қазақ тілінде жай ғана әйел, жұбай деген мағынада қолданылып келеді. Бұл сөз ханымдық пен рухани ана болмысының этномәдени коды.

ئىركەك **Irkek** сөзі қазақ, ноғай, қарақалпақ тілдерінде **еркек**, ал башқұрт тілінде **иркәк** нұсқасында кездеседі. Ескерткіш тілінде i/e алмасуымен беріледі. Мысалы, *irkek, irkegi, irkekti*. Мұнда тек дауысты дыбыстардың алмасуы орын алғанымен, сөздің негізі өзгеріссіз қалған. Көне түркі сөздігінде **erkäk** i 1. муж, мужчина: **erkäk tışıqa qavuştı** мужчина вступил в брак с женщиной (МК II 102) 2 в служ.знач.как компонент описательного обозначения поло **erkäk junt** конь; **erkäk** II см **ernäk, erñäk** [83, 179]. «Еркек» сөзі түркілер дүниетанымында – тек жыныстық атау емес, әлеуметтік,

рухани, мәдени жауапкершілікті білдіретін этномәдени ұғым. Сонымен қатар ерлік, жауапкершілік, тәртіп пен тектіліктің символы.

كشى **Kişi** сөзі де қазіргі қазақ тілімен салыстырсақ өз табиғатын сақтаған сөз. Ескерткіш тілінде сөз ортасында ш/с алмасуымен беріледі. Түркі тілдеріндегі қолданысына келсек ноғай және құмық тілдерінде киши, ал башқұрт тілінде кеше болып өзгерген. «Кісі» сөзі – түркілік дүниетанымда тек «адам» деген қарапайым ұғым емес, рухани-әлеуметтік, этикалық, мәдени мазмұны терең этноконцепт. «Кісіні киіміне қарап қарсы ал, сөзіне қарап шығарып сал» деген мақалды талдау барысында оны түркілік дүниетаным, қазақ халқының этикалық және мәдени нормалары, сондай-ақ «кісі» этноконцепті аясында түсіндіруге болады. Мысалы, «кісіні киіміне қарап қарсы алып, сөзіне қарап шығарып сал» деген мақал бар [152]. Бұл мақал қазақ дүниетанымындағы «кісі» ұғымының терең рухани-мәдени мазмұнын айқындайтын тілдік бірлік. Бұл мәтел адамның тек сыртқы бейнесіне ғана емес, ішкі дүниесіне, мінезі мен парасатына мән беру қажеттігін білдіреді. Мақалдың бірінші бөлігінде *«киіміне қарап қарсы ал»* адамды алғаш көргенде сыртқы келбетіне қарап баға берілетінін көрсетеді. Бұл – адамның ұқыптылығы мен өзін-өзі ұстау мәдениетінің сыртқы белгісі ретінде бағаланады. Киім тұлғаның әлеуметтік мәртебесін, тәрбие мен талғамын білдіретін символдық нышан. Алайда мақал тек сыртқы бейнеге сүйеніп қорытынды жасауға болмайтынын ескертеді. Сол себепті мақалдың екінші жартысы – *«сөзіне қарап шығарып сал»* – адамның шынайы болмысын оның сөйлеу мәдениеті, ой-өрісі мен адамгершілік қасиеті арқылы тануға болатынын меңзейді. Сөз – кісіліктің, парасаттың, рухани деңгейдің айнасы. Қазақ халқы үшін сөз – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, тұлғалық сипаттың, мәдениеттіліктің, тіпті рухани жауапкершіліктің өлшемі. Бұл мақалда «кісі» ұғымы жай ғана «адам» емес, әдепті, тәрбиелі, парасатты тұлға деген мағынада қолданылады. Түркілік дүниетанымда «кісі» – әлеуметтік кеңістікте белгілі бір орны бар, жауапкершілігі мен беделі бар адам. Сондықтан бұл мақал кісіліктің сыртқы емес, ішкі өлшемін алға тартады. Яғни, адам туралы нақты пікірге келу үшін оның сөзіне, ойына, мінезіне мән беру қажет.

«Кісі» – түркі мәдениетінде адамның адам болуының өлшемі. Ол - абыройы бар, сөзі мен ісі жарасқан, қоғамда орны бар тұлға. Кісілік-бұл ұғымның моральдық, рухани, әлеуметтік мазмұндағы шыңы.

يگيت **Yigit** (жігіт, жас жігіт) сөзі қазіргі қазақ тілінде жігіт, ноғайда йигит, қарақалпақта йигит, ал башқұрт тілінде егет түрінде кездеседі. Мұндағы өзгеріс сөз басында й/ж дыбыстық алмасулары бар. «Жігіт» сөзінің этномәдени мәні – қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында, салт-санасында, әдеп-ғұрпында ерекше мағынаға ие ұғым. Бұл сөз тек ер адамды білдірмейді, сонымен қатар белгілі бір жасқа жеткен, елге сыйлы, жауапкершілігі бар, мінезі орныққан, қайратты, намысты азаматтың бейнесін сипаттайды [134]. Яғни, «жігіт» тек жыныстық категория емес, моральдық-әлеуметтік категория. Қазақта «жігіт» сөзі көбіне 15-40 жас аралығындағы ер азаматтарға қатысты айтылады. Бірақ оның мәні жаспен ғана өлшенбейді.

Мысалы, «он үште отау иесі» бала жігіт бола бастайды, «жігітке жеті өнер де аз» жігіт жан-жақты болуы керек, «жігіт болар баланың алды кең, артынан ерген елі көп» елге қамқор, үлкенге ізетті, кішіге қамқор болу [152]. «Жігіт» сөзі – қазақ этномәдени кеңістігінде моральдық, әлеуметтік, тәрбиелік мәні зор ұғым. Ол тек жыныс пен жас көрсеткіші ғана емес, азаматтықтың, жауапкершіліктің, мінездің, ұлттық болмыстың көрінісі. Нағыз жігіт – ел мен жердің қорғаны, ұрпаққа үлгі болар тұлға.

Осылайша, көне түркі дәуірінен бастау алған туыстық атаулар мен адамға қатысты сөздер – бүгінгі түркі халықтарының тілдерінде азды-көпті фонетикалық өзгерістерге ұшырағанымен, негізгі мағынасы мен құрылымын сақтап қалуы олардың тарихи-этномәдени сабақтастығын айқын көрсетеді. Осы атаулардың бүгінгі түркі тілдеріндегі фонетикалық, морфологиялық, семантикалық сақталуы – этнолингвистикалық сабақтастықтың айқын дәлелі. Бұл тілдік элементтер арқылы ежелгі түркі дәуірінен бастау алған отбасы құрылымының, туыстық жүйенің, әлеуметтік қатынастардың өзгермей сақталғанын байқаймыз. Сонымен қатар, мұндай сөздер – тарихи және мәдени бірегейлікті танытатын этномәдени көрсеткіштер.

Көне түркі жазба ескерткіштері тілінде үй тұрмысына қажетті ыдыс атаулары, тұрмыстық заттар, тұрмыстық мата атаулары және тағам атаулары жиі кездеседі. Мысалы, ыдыс атаулары қатарында *čanak* (чанақ), *kersen* (керсен), *qazan* (қазан), *čömçe* (шөміш), *qasig* (қасық) сөздері тіркеледі. Ал тұрмысқа қажетті заттар мен мата атаулары ретінде *sabun* (сабын), *igne* (ине), *kettan* (кетен), *čöprek* (шүберек) сөздері қолданылады. Сонымен бірге, тағам атаулары қатарында *bal* (бал), *čeker/sükker* (шекер), *tuz* (тұз), *süt* (сүт), *un* (ұн), *šarāb* (шарап), *hamir* (қамыр), *yumurtga* (жұмыртқа) секілді атаулар ерекше орын алады. Бұл сөздер тек лексикалық бірлік ретінде ғана емес, көне түркілердің тұрмыс-салты, шаруашылық ерекшеліктері, тағам мәдениеті, еңбек құралдары, гигиеналық нормалары, қолөнер бұйымдары, сондай-ақ әлеуметтік және табиғи ортаға бейімделуі туралы маңызды этномәдени ақпарат береді. Әсіресе, тұрмыстық заттар мен тағам атаулары арқылы түркі халқының табиғи байлықты қалай пайдаланғаны, азық дайындау дәстүрі, қолданбалы өнердің түрлері, шаруашылық түрлері (мал шаруашылығы, егіншілік, аңшылық) жайлы нақты мәлімет алуға болады. Бұл атаулардың барлығы қоғам өмірімен тығыз байланысты, сол заманғы адам мен табиғат, адам мен қоғам арасындағы қатынасты бейнелейтін мәдени кодтар болып табылады. Мәмлүк қыпшақ жазба ескерткіштеріндегі тұрмыс-тіршілікке қатысты атаулардың этнолингвистикалық мәнін зерттеу – түркі халықтарының, соның ішінде қыпшақтардың тарихи-мәдени, әлеуметтік, дүниетанымдық болмысын тануға жол ашады. Бұл – тек тілдік емес, этнотанымдық, тарихи, мәдени, рухани дерек көзі ретінде өте құнды. Мысалы: *qazan*, *čanak*, *čömçe*, *qasig* – тағам тұтыну дәстүрі мен құралдарын сипаттайды, *sabun*, *igne*, *čöprek* – тұрмыстық гигиена мен қолөнердің дамуын білдіреді, *süt*, *un*, *yumurtga*, *šarāb*, *hamir* – шаруашылықпен, тағаммен байланысты сөздер, дәстүрлі құрамын көрсетеді. Бұл атаулардың барлығы дерлік бүгінгі түркі тілдерінде сақталған немесе аздаған фонетикалық

өзгеріске ұшыраған. Мысалы: қазақ тілінде, қазан, шөміш, қасық, сабын, ине, шүберек, бал, шекер, тұз, сүт, ұн, шарап, қамыр, жұмыртқа, қарақалпақ тілінде, қазан, шөміш, қасық, сабын, инә, шүперек, бал, шекер, тұз, сүт, ун, шарап, қамыр, жұмыртқа [138], ноғай тілінде, қазан, чөмче, қасық, сабын, инә, шүпрек, бал, шекер, тұз, сүт, ун, шарап, хамыр, йумурта [140], құмық тілінде, қазан, чөмче, қашық, сабун, ийнә, шөпрәк, бал, шекер, тұз, сүт, ун, шарап, хамыр, йумурта [139], башқұрт тілінде, қазан, сәңге (шөміш), калак (қасық), һабын, энә, сепрәк, бал, шәкәр, тоз, һөт, он, шарап, камыр, йомортка [142]. Бұл сәйкестіктер түркі тілдеріне ортақтықты олардың фонетикалық тұрғыдан өзгерісі негізінен дыбыстық сәйкестік заңдылықтарына байланысты (мысалы:  $\varsigma \rightarrow ш/ч$ ,  $\check{g} \rightarrow у/й$ ,  $\iota \rightarrow ы/и$ ,  $e \rightarrow ә/е$ ). Бірақ семантикалық-мағыналық жағынан үлкен айырмашылық байқалмайды.

**Кесте 11** – Тұрмысқа қажетті атаулар мен ас-ауқат түрлері атаулардың жазба екертікші тілінде кездесу жиілігі

| №  | Жазба ескерткіш тіліндегі варианты | қыпшақша | транскрипт | қазақша  | ескерткіш тіліне кездесу жиілігі |
|----|------------------------------------|----------|------------|----------|----------------------------------|
| 1  | چاناق                              | čanak    | чанақ      | шанақ    | 5                                |
| 2  | كرسنه                              | kersenne | керсене    | керсен   | 2                                |
| 3  | قازان                              | qazan    | қазан      | қазан    | 3                                |
| 4  | چومچه                              | čömče    | чөмче      | чөміш    | 1                                |
| 5  | قاسيق                              | qasig    | қасығ      | қасық    | 1                                |
| 6  | تاراك                              | tarak    | тарак      | тарақ    | 8                                |
| 7  | قاب                                | qab      | қаб        | қап      | 10                               |
| 8  | قابچوق                             | qarčuq   | қабчуқ     | қапшық   | 11                               |
| 9  | قازوق                              | qazuq    | қазуқ      | қазық    | 12                               |
| 10 | صابون                              | sabun    | сабун      | сабын    | 5                                |
| 11 | ئيگنه                              | igne     | ігне       | ине      | 1                                |
| 12 | كمتان                              | kettan   | кетан      | кетан    | 2                                |
| 13 | چوپرەك                             | čöprek   | чөпрек     | шүберек  | 4                                |
| 14 | بال                                | bal      | бал        | бал      | 2                                |
| 15 | چەكەر                              | čeker    | чекер      | шекер    | 5                                |
| 16 | سۈككەر                             | sükker   | суккер     | шекер    |                                  |
| 17 | تۇز                                | tuz      | туз        | тұз      | 10                               |
| 18 | سۈت                                | süt      | сүт        | сүт      | 2                                |
| 19 | اون                                | un       | ун         | ұн       | 6                                |
| 20 | شاراب                              | šaräb    | шарәб      | шараб    | 7                                |
| 21 | خەمىر                              | hamir    | хамыр      | қамыр    | 2                                |
| 22 | يۇمۇرتغا                           | yumurtga | йумуртга   | жұмыртқа | 2                                |

قازان **Qazan** (қазан) қазан – үлкен металл ыдыс, ас пісіруге арналған негізгі тұрмыстық құрал. Этнолингвистикалық мағынасы береке, тіршілік, отбасының ұйытқысы. Ғалым Е.Жанпейісов басқа ыдыстарға қарағанда халқымыздың этномәдени өміріндегі маңызының жоғары екенін айта келіп, «қазақтың қымыздан басқа тағамдарының барлығы да қазанда піседі» дей келіп «Қазан – тоқшылық пен берекенің, ырыс-несібенің айғағы» деген [166,

43] Жалпы халқымыз бұл ыдысты киелі деп санаған қазанның бетінің ашық қалмауын, төңкеріліп қалмауын, жұртта қалмауын, сынып қалмауын қатты қадағалаған. Өйткені береке кетеді, байлық ауысады деп түйген.

چۆمچە **Şömtçe (шөміш)** шөміш – қазаннан ас немесе сұйық тағам алу үшін қолданылатын ұзын сапты ыдыс. Кейде ағаштан, кейде металдан жасалады. Тілімізде «*шөміштен қағылды*» бұл мүбәрак астан, құрметтен айырылды деген мағынада қолданылатын метафоралық тіркес. Ал «*шөміш ұстау*» үй иесінің асқа жауапты болуы, көбіне келіндерге қатысты айтылады [87]. Қазақы ортада шөмішті оң қолдану да тәрбиенің бір нышаны.

قاسق **Qasīq (қасық) қасық** – сұйық тағам ішуге арналған шағын тұрмыстық асхана құралы. Десе де «қасық» сөзінің тілдегі қолданылуы арқылы да ұлттың дүниетаным, салт-дәстүр, нанымы мен мәдениетіне қатысты этномәдени түсінік аламыз. Бұл ыдыс түріне қатысты та ырым мен тыйымдар *қасықты жерге тастама* деген өйткені қасық жерге тисе, құт кетеді деген түсінік болған, *қасықты аяқпен басуға болмайды*, бұл – тағамға, ризығыңа құрметсіздік[120]. «Қасық» сөзі қазақ тілінде түрлі тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдерде қолданылып, символдық-мағыналық жүк арқалайды. Мысалы, «*қасық таспас – ас болмас*» деген мақал бірлік пен татулықтың қажеттілігін білдіреді. Өйткені ортақ ас ішу арқылы адамдар арасындағы өзара түсіністік пен жақындықтың қалыптасатынын меңзейді. Ал «*қасықтап жиганды – шелектеп төкпе*» деген мәтел [120] еңбекпен келген дүниенің қадірін білуге үндейді, «*қасықтап жинау*» – аз-аздан, жүйелі түрде жинау әрекетін білдірсе, «*шелектеп төгу*» – ысырапшылдықты меңзейді. Сонымен қатар, «*қасық қаным қалғанша*» тіркесі адамның өз өмірін тәуекелге тіге отырып, қандай да бір құндылықты отан, ар-ождан, отбасы соңына дейін қорғауға дайын екенін көрсетеді. Бұл фразеологизм поэтикалық сипатқа ие және метафоралық мәнде қолданылады. Жалпы алғанда, «қасық» сөзі бұл мысалдарда тек тұрмыстық затты емес, өмір мен жанның символын, тіршіліктің өлшем бірлігін бейнелейді. Қазақ тіліндегі мұндай қолданыстар ұлттық дүниетаным мен мәдени құндылықтарды бейнелеуде маңызды рөл атқарады

Этнолингвист М.А. Нұрбек: «Ата-бабаларымыз қолданатын тұрмыстық заттардың барлығын дерлік өздерінің өмір сүру жағдайына қарай лайықтап жасаған. Қазақ халқының өмір сүру жағдайы немесе образы дегеніміз – олардың көшпенді мәдениет өкілдері болғандығы. Соған сәйкес өмір сүру образы оларды қоршаған барлық заттардан көрініс тапты» [170,132] – дей отырып, көшпелі тіршіліктің тілдік жүйеге тигізген ықпалын нақтылайды. Ескерткіш тілінде мәмлүк-қыпшақ кезеңінде қолданыста болған, бірақ қазіргі қазақ тілінде қолданысымызда тек жергілікті жерлерде ғана кездесетін сөздер де кездеседі. Мысалы, کېرسېن **kersen** (керсен) **керсен** зат 1.этн. *ағаштан дөңгелектеп істелінген, ішіне бір қойдың еті, тұтас сыятындай кең ыдыс*; 2. *Оқпанның арт жағынан жапсырылып, алдыңғы қастың бүркіт, қабақталған екі айыр басы* [176,662]. Біз қарастырып отырған ескерткіш тілінде ыдыс деген ғана мағынада беріледі. Ал бұл сөз жергілікті диалектілерде керсен 1. (Шымк., Мақт., Арыс, Қ-орда, Сыр., Жал., Қарм.,

Қост., Об., Қарақ.,) үлкен табақ, тегене, 2.(Шымк., Түлк., Орал, Орда, Гур., Маңғ., ) кір жуатын шылапшын. Керсен. 2. (Орал, Орда, Жән.) етіктің құлағы [177, 345] چاناق **čanaq** (чанақ) бұрынғы қазақ тұрмысында кішірек тостаған немесе ыдыс түрі [178]. Қазіргі қазақ тілінде сөз басындағы ч/ш алмасуымен беріледі. Мысалы, қазақ әдеби тілінің сөздігінен бұл сөзге бірнеше анықтамалар аламыз. Шанақ зат. 1. Муз. *Қобыз, домбыра тәрізді ішекті музыка аспаптарының үшбұрышты немесе домалақша келген дүмі*; 2. кәс. *Диірменнің астық құйылатын немесе ұн төгетін жәшігі*; 3.жерг. *Шыбықтан тоқылған себет*; 4. *Өңделген теріден істелінген сусын құятын үлкен ыдыс*; *шанаш*; 5. *Жүгерінің сабағы*. Шанақ зат.жерг. *Мақта талшығы жетіліп, ашылғанда оны ыстықтан қорғап тұратын мақта қауашығы*. Шанақ зат.бот.*Өсімдіктің гүл қауашығы* [179, 238]. Жергілікті жерлерде де қолданылады екен. Мысалы, Чанақ 1. (Шығ. Қаз. Зайсан) арбаның жіңішке қанаты, [180]. Чанақ 2. (Жамбыл, Мойын) Диірмен тастың үстіне орнатып, бидай салып қоятын ағаш жәшік [177,679].

Бұл заттар *чанақ, керсен, қазан, шөміш* қазақтың тек қана тұрмыстық емес, мәдени, танымдық, әрі рухани құндылықтарымен тығыз байланысты. Олар қонақжайлық мәдениетінің көрінісі, отбасы мен ошақтың тұтастығын бейнелейтін белгілер. Ауызекі тіл мен фольклорда тұрақты орын алған символдар.

Материалдық мәдениет пен тілдік қор арасындағы байланыс – тарихи сананың көрінісі ғана емес, сонымен қатар ұлттық танымның тілдік бейнесі.

Ескерткіш тілінен күнделікті тұрмысқа қажетті атаулар мен ас-ауқат атауларын да кездестіреміз. Бұл атаулардың мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштерінде кездесуі , қазіргі қазақ тілі мен мәдениетінде де жалғастық тауып отыр.

**بال Bal (бал) бал** – арадан алынатын тәтті табиғи тағам, тазалық пен шипаның символы – ауруға ем, дертке дауа. Халқымыз бұл сөзге де қатысты «аузыңа балдай сөз жағың», «балапаным – балым» – тәтті, сүйкімді, жылы ұғымдағы тіркестерді қалыптастырған. «Балды жақсы көрсең, ара шағуына да көн» - тәттіге жетудің қиындығы туралы мақалда қалыптасқан [152].

**چەكەر Čeker/sükker** (шекер) қант тәттілік, қуаныш, молшылықтың белгісі. Тойларда, сүндетте, келін түсіргенде шекер шашу – береке, тілек білдірудің бір көрінісі «шекердей бала» тіркесі тәтті, сүйкімді бала деген мағынада қолданылады [87,66].

**تۇز Tuz (тұз) тұз** тағам дәмдеу үшін қажет табиғи зат. Халқымыз тұзды -киелі саналған. Бұл сөздің ұйытқы болуымен «тұзым жеңіл болды», «тұзын ақтамады» деген тіркестер [87,120] қалыптасқан, мағынасы адамның қасиеті мен адалдығына қатысты. Тұз беру, тұз жеу – сенім мен серттің белгісі. Бұл сөзге қатысты ырымдар мен тыйымдар да қалыптасақан. Мысалы, «тұзды баспа!» – киелілікке байланысты тыйым.

**سۈت Süt (сүт) сүт** малдың сауылып алынған ақ тағамы. Адалдық, аналық мейірім, тазалықтың символы. «Ана сүтімен келген қасиет» – тектілік пен табиғи болмыстың белгісі. «Сүттен ақ, судан таза» – мінсіз, адал адам.

ؤن **Un (ұн) ұн.** Тары, бидай, арпа секілді дәнді дақылдардың тартылып алынған түрі. Астың негізі, тіршіліктің түп қазығы – нан, бауырсақ, күлше т.б. Қазақ нанды киелі санаған, сол себепті ұн да қасиетті саналған «ұн төгілмесін» – ырым ретінде астықты шашуға болмайды [120,89].

شراب **Šarāb (шарәб) шарап** – ашытылған жүзімнен жасалған ішімдік (араб-парсы әсерімен енген сөз). Дәстүрлі исламға сәйкес шарап тыйым салынған, бірақ әдеби тілде ғашықтықтың, ынтықтықтың символы ретінде жиі кездеседі. Діни емес шығармаларда – рухани мас болу, шабыт, махаббат белгісі.

خامد **Hamīr (қамыр) қамыр** – Ұн мен судан ашытылып иленетін тағам түрі. Дастарқанның өзегі – нан, бауырсақ, шелпек бәрі қамырдан. «Қамырына тартқан» – адам мінезінің, болмысының тұқым қуалауын білдіреді. Қазақ ұғымында қамыр илей білу – әйелдің инабаты мен шеберлігіне қатысты. Бұл атаулар қарапайым тұрмыстық немесе тағам атаулары ғана емес, олардың әрқайсысы қазақтың дүние мен өмірді тану жүйесінде орны бар мәдени таңбалар. Олар арқылы халқымыздың күнделікті өмірі, салт-дәстүрі мен наным-сенімі, тілдік ойлау жүйесі мен сөз өнері көрініс табады.

Ортағасырлық «*Китаб фи рийазати-л-хайл*», «*Китаб Байтарату'л-вазих*», «*Муният-ул-гузат*», «*Китаб фи ғылым ән-нуушаб*» секілді ат әбзелдеріне қатысты жазба ескерткіштер ортағасырлық түркі халықтарының рухани және материалдық мәдениетінің көне куәгерлері. Бұл мәтіндерде сақталған ат әбзелдеріне қатысты сөздер – көне түркілердің шаруашылық тіршілігі, жауынгерлік өмірі, көшпелі болмысымен тығыз байланысты лексикалық бірліктер. Осы жазбалардан кездесетін *noqta* (ноқта), *yugän* (жүген), *eyär* (ертоқым), *kišän* (кісен), *toğa* (тоға), *halqa-toğa* (халқа-тоға), *ayuzluḡ* (ауыздық), *üzängi* (үзеңгі), *köñüldrük* (көмілдірүк), *qoyışqan* (құйысқан), *qamšī* (қамшы), *tizgin* (тізгін) сияқты атаулар – жүйелі атбегілік мәдениетінің, жоғары әскери дайындықтың және көлік пен мал шаруашылығының жетілген дәстүрі бар екенін айғақтайды. Бұл атаулар – жай ғана тарихи лексемалар емес, ғасырлар асуынан аман өтіп, түркі халқының рухани болмысы мен тұрмыстық тәжірибесінің ажырамас бөлшегіне айналған мәдени-тілдік мұра. Олар арқылы біз түркілердің көшпелі тұрмысын, жылқы түлігіне деген ерекше қатынасын, сонымен қатар, ат-тұлпарды тек көлік емес, серік, сарбаз, ерлік пен мәрттіктің символы ретінде қабылдаған дүниетанымын танимыз. Бұл сөздердің қазіргі қазақ тілінде де қолданыла беруі – мәдени сабақтастықтың, ұлттық жадының, тілдің тарихи қабаттылығының дәлелі. Яғни, бұл лексемалар тек ат әбзелдерінің атауы ғана емес, түркі өркениетінің өзіндік этнолингвистикалық таңбасы, мәдени коды болып табылады. Сонымен, ортағасырлық жазба ескерткіштерден алынған бұл атбегілікке қатысты лексика – түркі халықтарының рухани бірлігі мен мәдени тұтастығын дәлелдейтін, тарихтың тереңінен сыр шертетін тілдік мұра ретінде айрықша құндылыққа ие.

Бұдан байқайтынымыз, ғасырлар бойы халықпен бірге жасасып ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырған этномәдени құндылықтар қаншама уақыт

өтсе де ұлт санасында сақталып бүгінгі таңда халық арасында өзіндік қолданысын жоғалтпағанын байқауға болады. Атбегіліктің бір бөлшегі болып табылатын ат әбзелдеріне қатысты деректер әлі күнге дейін халықтың тұрмыс-тіршілігінде қолданылып келеді.

Ескерткіш тіліндегі этномәдени атаулар тек қарапайым тілдік бірліктер ғана емес, сонымен қатар халықтың тарихи жадын, мәдени болмысын, дүниетанымын сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін рухани-мәдени мұралар. Ескерткіш тіліндегі бұл атаулар заттық мәнімен ғана шектелмей, қыпшақтардың сол тарихи кеңістіктегі рухани дүниетанымын, мәдени салт-дәстүрін, тарихи жадын да бойына сіңірген этномәдени концептілер ретінде ерекшеленеді. Осы тұрғыдан алғанда, «Байтарату’л-вазих» жазба ескерткіші - Мысырдағы қыпшақтардың қоғамдық-саяси, әлеуметтік, мәдени өмірінің тілдік айнасы, түркі халықтарының ортағасырлық мәдени-өркениеттік келбетінің құнды куәгері болып саналады.

Қорыта айтқанда, «Байтарату’л-вазих» жазба ескерткішіндегі туыстық қатынас пен материалдық мәдениетке қатысты атаулар – тек тілдік бірліктер ғана емес, терең тарихи жады мен мәдени кодты бойына сіңірген құнды дереккөздер. Бұл лексикалық бірліктер көне түркі қоғамының рухани дүниетанымын, әлеуметтік құрылымын және салт-дәстүрін айқын бейнелейді. Мәмлүк қыпшақтарының тілінде кездесетін атаулардың қазіргі түркі тілдерінде түрлі формада сақталуы – тілдік сабақтастық пен мәдени жалғастықтың жарқын көрінісі. Әсіресе, атбегілік өнеріне қатысты лексиканың қазіргі қазақ тұрмысында қолданылуы – дәстүрдің үзілмей келе жатқанын айғақтайды. Зерттелген атаулар мен ұғымдар –этнолингвистика мен тарихи лексикология үшін маңызды тілдік дерек қана емес, сонымен қатар ұлттық болмысты танудың, мәдени мұраны бағалаудың сенімді арнасы.

### **3.3 «Байтарату’л-вазих» жазба ескерткішіндегі зоонимдік, фитонимдік және жаратылыс құбылыстарына қатысты лексиканың тарихи-семантикалық дамуы**

Бұл тараушада ортағасырлық мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған «Байтарату’л-вазих» жазба ескерткішіндегі зоонимдер, фитонимдер, сондай-ақ пайдалы қазбалар мен жаратылыс құбылыстарына қатысты атаулардың ескерткіш тіліндегі мағыналық өрісі мен тарихи дамуы алғаш рет лингвистикалық тұрғыдан кешенді түрде қарастырылады.

Фитонимдер – өсімдік атаулары, бұл термин гректің *phyton* – «өсімдік» және *опута* – «атау» деген сөздерінен шыққан [51]. Яғни, фитонимдер – ағаш, шөп, гүл, жеміс-жидек, дәнді дақыл, емдік өсімдік, т.б. атауларын қамтиды. Зоонимдер – жануарлар дүниесіне (фаунаға) қатысты атаулар, грек тіліндегі *зоон* – «жануар» және *опута* – «есім, атау» сөздерінен алынған [51,89]. Бұл топқа жан-жануарлардың төрт түлік – түйе, жылқы, сиыр және қой-ешкі малдары, жабайы аңдар мен құстардың, балықтар мен жәндіктердің атаулары жатады. «Байтарату’л-вазих» ескерткішіндегі бұл лексикалық қабаттар көне түркі дүниетанымының, табиғатпен тығыз байланысын,



шаруашылық өмірі мен әлеуметтік тәжірибесін лингвистикалық тұрғыдан сипаттауға негіз берді. Ескерткіш тіліндегі зоонимдік, фитонимдік, жаратылыс құбылыстарына тән атауларды зерттеу – лингвистика мен этнолингвистика, тарихи лексикология салалары үшін аса маңызды.

Бұл зерттеу атаулардың тарихи дамуын, семантикалық (мағыналық) кеңістігін, мәдени мазмұнын, сондай-ақ қазіргі түркі тілдерімен сабақтастығын зерделеуді көздейді. Ол үшін алдымызға бірнеше мақсаттар қойдық. 1) Зоонимдік бірліктерді жинақтау арқылы олардың ескерткіш тіліндегі семантикалық ерекшелігін, функциялық қолданысын, қазіргі қазақ тілі мен түркі тілдеріндегі, жазба ескерткіштер тіліндегі баламаларын салыстыру, олардың қоғамдық-мәдени, шаруашылық мәнін ашу, тарихи даму эволюциясын көрсету көзделді. 2) Өсімдіктер атауын жинақтау әр фитонимнің лексикалық, денотативті және коннотативті мағынасын ашу, олардың емдік, шаруашылық, тағамдық қызметтерін көрсету; Түркі халықтарындағы фитонимдердің мәдени және салттық қызметі, тарихи дамуын анықтау көзделді. 3) Жаратылыс құбылыстарына тән табиғат құбылыстары мен аспан денелері, географиялық нысандарға қатысты атаулар жинақталып, бұл атаулардың мағына өрісін, метафоралық, мифологиялық қолданысын ашу, табиғи құбылыстардың фольклорлық, дүниетанымдық сипаттарын көрсету көзделді. Алға қойылған мақсатқа жету үшін бірнеше әдістер мен тәсілдер қолданылды. Атап айтқанда, сипаттамалы (дескриптивтік), салыстырмалы-тарихи, құрылымдық, семантикалық, контекстуалды, интерпретация (түсіндіру) әдістері зерттеу жұмысының негізгі бағыттары ретінде пайдаланылды.

Жалпы алғанда, «Байтарату’л-вазих» ескерткіші – тек тілдік дерек көзі ғана емес, сонымен қатар XIV ғасырдағы қыпшақтардың табиғатқа, тіршілікке, жануарлар мен өсімдіктер әлеміне деген қарым-қатынасын, дүниетанымын айқын көрсететін маңызды мәдени-рухани мұра. Осы ескерткішті лексика-семантикалық тұрғыдан зерттеу нәтижесінде түркі халықтарының тарихы, мәдениеті мен тіліне қатысты тың деректер анықталды. Ортағасырлық жазба ескерткіштердегі зоонимдерді зерттеу арқылы мәмлүк-қыпшақ қоғамының дүниетанымы, салт-дәстүрі, мифологиясы және этнолингвистикалық байланыстары туралы құнды мәліметтер алуға болады. Ескерткіштер тіліндегі мал шаруашылығы мен аңшылыққа байланысты зоонимдік терминдер – тіліміздің лексикалық қорының ең бай және көлемді бөлігі болып табылады. Сондықтан ортағасырлық жазба ескерткіштер тіліндегі зоонимдерді зерттеу тек тілдік құбылысты тану ғана емес, сонымен қатар тарихи-мәдени құндылықтарды зерделеудің маңызды жолы болып табылады. Бұл бағыт халықтың әлеуметтік өмірін, табиғатқа деген көзқарасын, сондай-ақ олардың рухани әлемі мен дүниетанымының өзіндік ерекшеліктерін ашып көрсетеді. Мұндай зерттеулер қазіргі қазақ тілінің даму үрдісін, тілдік байлығын және этникалық сәйкестігін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Осылайша, ортағасырлық жазба ескерткіштердегі зоонимдер – мәдени мұра мен ұлттық болмысты сақтауда маңызды рөл атқарады.

Диссертацияны жазу барысында «Байтарату’л-вазих» жазба ескерткішіндегі үй жануарларының атаулары *sīgīr* (сығыр) сиыр, *inek* (інек) сиыр, *qoy* (қой) қой, *öküz* (өкүз) өгүз, *deva* (дева) түйе, *ṣimāl* еркек түйе, *teke* (теке) теке, *išek* (ішек) ешек, *hīmar* (hīmar) есек; жабайы жануарлардан: *qabilan* (қабылан) қабылан, *suwsar* (сусар) сусар, *tülkü* (түлкү) түлкі, *tonguz* (тонгуз) доңыз, *räläñ* (пәләң) қабылан, *ayu* (айу) аю, *fīl* (фил) піл; құстар атулары: *kuş* (куш) құс, *kügercin* (күгерчин) көгершін, *tawuk* (тауык) тауық; бунақ денелілер: *baluq* – *balīq* (балұқ-балық) балық, *yılan* (йылан) жылан, *qurt* (құрт) құрт, *siçğan* (сычқан) тышқан, *sülük* (сүлүк) сүлік, *sirke* (сірке) сірке, *čiban* (чыбан) шыбын кездесетінін анықтадық.

Табиғатпен етене өмір сүрген түркілер үшін мал-жан материалдық құндылықпен қоса, қажеттілігін де қанағаттандыратын ішсе ас, жесе тамақ, кісе киім, мінсе көлік ретінде бағаланды. Мейілінше жан-жануар табиғатпен үйлесімде өмір сүрген түркілердің танымында қай жаунар болмасын адам өмірінде орны бар, маңызы бар құндылығы еді. Біз қарастырып отырған ескерткіш тілінде басқа да төрт түлік мал атаулары да кездеседі. Мысалы, *sīyir*, *inek*, *qoy*, *öküz*, *deva*, *teke*, *išek*, *qulan*.

«Байтарату’л-вазих» жазба ескерткішінде «فلوان» **qulan** (құлан) құлан – 1.Үйір, үйір болып жүретін жабайы жылқы 2. зоол. тақ тұяқтылар отряды жылқы тұқымдасына жататын түсі сарғыштау, жотасында қара қошқыл жолағы бар, құйрығының ұшы қара жабайы жылқы [109,293]. Бекен Қайратұлы «Қазақтың атбегілік өнері» еңбегінде қазіргі заман жылқыларының арғы тегін зерттеушілер осыдан миллион жыл бұрын өмір сүрген жылқы тектес экус кабалус тұқымынан бастау алатындығын айтқаны жөнінде мәлімет бере келе: «жылқы тұқымдастар – есек, құлан, зебр, жабайы жылқы деген төртке бөлінеді. Көптеген зерттеушілер жоғарыдағы жабайы жылқы тұқымына керқұлан (Прежевальский жылқысы) мен қазіргі таңда жойылып кеткен тарпанды жатқызып жүр. Керқұлан үйірлері қазір атақты Гоби шөлінің оңтүстік бөлігінде ғана кездеседі. Қазіргі үй жылқысыны ең жақын тек тұқымы осы керқұлан. Қазақта «Жылқының арғы атасы-құлан» дейтін көне тіркестің өзіндік мәні бар» [83,13] деген мәлімет береді. Құлан тақ тұяқтылар отрядына жатқанымен жылқы емес екені анық. Өйткені көне түркі сөздігінде **qulan** – дикий азиатский осел [80,493], М.Қашқарида **kulan** – жабайы есек [93, I,475]. «Керқұлан мен құланның жылқы тұқымдасына жататын тақ тұяқты отрядындағы жылқылар тұқымдасына жататын жануарлар. Керқұлан жабайы жылқылардан қалған жалғыз түр. Ал құланға есек пен жылқының арасындағы сипат тән [181]. Мағынасында да тұлғасында да еш өзгеріс жоқ, тек фонетикалық айрмашылығы байқалады. Ортағасырлық жазба ескерткіштер тілінде **qulan** жабайы жылқы мағынасында беріледі [108,335]. Сөз басында к/к/ғ, сөз ортасында о/у, о/а дыбыстарының ауысулары байқалады.

سعیر **Sīyir** – **сиыр**. Ескерткіш тілінде малдың жалпы түрі емес, нақты сиырды білдіреді. Бұл сөздің көне формасы *sīyir* – дыбыстық құрамында «ү» дауыссызының болуы – оның архаикалық формасын көрсетеді. Тарихи дамуына келсек Орхон-Енисей жазбаларында кездеседі [37]. Бұл сөз бертін

келе дыбыстық өзгерістерге ұшырап, қазіргі түркі тілдерінде: қазақша – **сиыр**, ноғайша – **сығыр**, өзбекше – **sigir**, түрікше – **sığır** ретінде сақталған. Мағыналық кеңістігіне келсек сиыр, ірі қара мал – сүт, ет, тері, еңбек көзі. Ауыл шаруашылығында маңызды орын алған. Ортағасырлық жазба ескерткіштерде **sïyir** (сығыр) сиыр [103,172].

ئشەك **İšek** – **есек**. Ескерткіш тілі мен қазіргі қазақ тілінде i/e алмасуымен қолданылады. Көне мағынасы жүк тасуға арналған көлік, көмекші үй жануары. Тарихи дамуына келсек қазақша – **есек**, түрікше – **eşek**, ноғай, қарақалпақ – **ишек/эшек**. Мағыналық кеңістігіне келсек, шөлді, қиын жағдайларға бейім, тұрмыстағы қажетті көліктің бірі. Қазақ мәдениетінде екінші дәрежелі көлік саналғанмен, шаруашылықта үлкен рөл атқарған. Ортағасырлық жазба ескерткіштерде **eşek**, **eşjek** [103,415] формаларында кездеседі.

ئىنەك **Inek** – **сиыр**. сиырдың аналығы, яғни сауын сиыр мағынасында қолданылады. Көне түркі сөздігінде: **inäk** – корова [85,210]. Бұл сөз қазіргі қазақ тілінде де «сиыр» көнерген сөз қатарына жатады. Тарихи дамуына келсек **inek** сөзі көптеген түркі тілдерінде өзгеріссіз сақталған. Мысалы, түрікше – **inek**, қарақалпақша – **sigir/inek**, мағыналық кеңістігіне келсек нақты сауын сиырды, үй жануарын білдіреді. Мол сүт беретін, тұрмысқа аса қажетті жануар ретінде бағаланған. Ортағасырлық жазба ескерткіштерде: **inek** «сиыр», **inek küşi** «ұсақ шөп тұқымы» қолданылады [103, 158 ].

قوي **Qoy** – **қой** ұсақ малдың түрі. Орхон жазбаларында жиі кездесетін төрт түліктің бірі. Тарихи жағына келсек көптеген түркі тілдерінде архаикалық түрі сақталған: қазақша – қой, қырғызша – кой, түрікше – **koyn**, ноғайша, қарақалпақша – қой. Мағыналық кеңістігіне келсек – ет, сүт, жүн көзі. Қазақ дүниетанымында «қой» – момындықтың, молшылықтың, берекенің символы. Малды көптеп санауда – байлықтың көрсеткіші ретінде де қолданылады, мысалы: *қойдай қаптаған*. Ортағасырлық жазба ескерткіштерде ешқандай фонетикалық өзгешеліктерге ұшырамаған күйі қолданылады **qoj**, **qoj boıuz** «қой сою, құрбандыққа қой», **qoj qozı** «қой қозы» [103, 338].

ۆكۆز **Öküz** – **өгіз** көне ғасырларда жұмыс көлігі, егіншілікпен айналысатын аймақтарда күш көлігі ретінде кең қолданылған. Тарихи дамуына келсек Орхон ескерткіштерінде **öküz** формасында кездеседі [37]. Түркі тілдеріндегі баламалары қазақша – **өгіз**, түрікше – **öküz**, қырғызша – **өгүз**, башқұртша – үгәз. Мағыналық кеңістігіне келсек жай ғана мал емес, еңбек көлігі ретінде ерекше бағаланған. Ортағасырлық жазба ескерткіштерде кездеседі **öküz** «өгіз», **öküz al** «өгіз алу, өгіздің иесі болу» [103, 56].

دېۋا **Deva** – **түйе**, бұл сөз парсы тілінен енген *deve* формасы арқылы тарағанымен, көне түркі жазбаларында осы формада кездеседі [85,8]. Тарихи дамуы, түрікше – **deve**, қазақша – **түйе**, қарақалпақ, ноғай – **түүе**. Мағыналық кеңістігіне келсек көшпелі өмірдің тірегі – жүк көлігі, сусыз жерде тіршілік иесі. Түйе – қазақ дүниетанымында шыдамдылық, сабырлықтың символы. Сауда керуендерінде, көш кезінде аса бағалы болған.

تەكە **Teke** – теке ешкінің еркегі. Тарихи дамуына келсек барлық түркі тілдерінде сақталған қазақша – **теке**, қырғызша – **теке**, түрікше – **teke**. Мағыналық кеңістігіне келсек ешкі малының ішіндегі басты тұқым беруші. Кей өңірлерде культтік мағынаға ие болған. Халықтық сенімде кейде «бақыт», «мал-жан амандығы» секілді ұғымдармен байланысты.

Ескерткіш тіліндегі *süyir, inek, qoy, öküz, deva, teke, işek* секілді төрт түлік мал атаулары – түркі халықтарының дәстүрлі шаруашылығын, материалдық мәдениетін, табиғатпен байланысын, әлеуметтік құрылымын сипаттайтын маңызды лексемалар. Бұл атаулар арқылы көшпелі өмір салты мен мал шаруашылығына негізделген тұрмыс-тіршіліктің бейнесін көруге болады. Түркі халықтарының барлығына ортақ бұл сөздер тарихи тұрғыдан фонетикалық-морфологиялық өзгерістерге ұшырағанымен, семантикалық негізін сақтап, бүгінгі күнге дейін қолданыстан шықпаған атаулар. Олар тек шаруашылық нысаны емес, сонымен қатар түркі халықтарының дүниетанымында, сенімінде, мифологиясында, салт-дәстүрінде ерекше орын алған рухани құндылықтар қатарында тұр.

«Байтарату’л-вазих» жазба ескерткішіндегі жабайы жануарлар зоонимдері арқылы түркі, соның ішінде мәмлүк-қыпшақ қоғамының дүниетанымы мен табиғатқа деген қарым-қатынасын анық көруге болады. Ескерткіште кездесетін *qabīlan* (қабылан), *suwsar* (сусар), *tülkü* (түлкі), *tonguz* (доңыз), *pälän* (қабылан), *ayu* (аю), *fi’l* (піл) сияқты зоонимдер кездейсоқ қолданылмаған. Бұл жануарлар түркілердің күнделікті тіршілігімен, аңшылық кәсібімен және символдық дүниетанымымен тығыз байланысты. Мысалы, қабылан мен аю күш пен айбардың бейнесі ретінде, түлкі – айлакерлік пен зеректік символы ретінде көрініс табады. Сусар – терісі бағалы аң ретінде танылса, доңыз – түркі-исламдық танымда жағымсыз мағынада қолданылған. Ал піл сияқты экзотикалық жануарлардың аталуы мәмлүк заманының кең саяси-географиялық аясын, өзге халықтармен мәдени байланысын да аңғартады. Бұл зоонимдер тек тілдік бірлік ғана емес, сонымен қатар сол дәуірдегі мәдени, әлеуметтік, мифологиялық танымның айнасы болып табылады. Жазбадағы жануар атаулары арқылы халықтың өмір сүру ортасы, шаруашылық түрі, дүниетанымдық ерекшеліктері мен тілдік қазынасының байлығы көрініс табады.

Көне түркі ескерткіштерінде кездесетін жабайы жануар атаулары – түркі халықтарының табиғатпен етене байланысын, аңшылық кәсібін, мифологиялық танымын және лексикалық қор байлығын танытатын маңызды тілдік бірліктер. Төменде сіз сұраған сөздерге фоно-лексикалық (дыбыстық және мағыналық) талдау жасап, олардың түркі тілдеріндегі қолданысына сипаттама береміз.

قابیلان **Qabīlan** – қабылан лексикалық мағынасы: Жыртқыш аң – барс, леопард, кейде қабылан түрінде аюмен де шатастырыла қолданған. Фонетикалық құрылымы: [q] – қатаң, көмей дауыссыз, [a] – ашық, жуан және езулік дауыстылар, [i] – қысаң, жуан және езулік, [b] – ұян, [l], [n] – үнді дауыссыздар. Көне түркіше жазылымы **qabīlan** [85,78] түркі тілдеріндегі баламалары: қазақша – қабылан, қырғызша – кабылан, өзбекше – qarlon,

түрікше – kaplan, түркіменше – garlan. Бұл сөз көптеген түркі тілдерінде фонетикалық өзгерістермен сақталған. Мысалы, түрік тілінде  $q > k$ ,  $b > p$ , ал түркімен тілінде  $q > g$  дыбыстық ауысуға ұшыраған.

سۇسار **Suwsar** – **сусар** лексикалық мағынасы құндыз тұқымдас аң, бағалы терісімен танымал. Фонетикалық құрылымы [s], [ç] – қатаң, шұғыл, [u], [a] – қысаң және ашық дауыстылар, [w], [b] – ұяң және ызың дауыссыздар, [r], [p] – үнді. Көне түркіше suwsar [85,56]. Түркі тілдеріндегі баламалары: қазақша – сусар, қырғызша – сусар, түрікше – sansar, өзбекше – susar. Сусар – байырғы түркілерде сәндік бұйымдар мен киім жағаларын сәндеуде қолданылған аң.

تۈلكۈ **Tülkü** – **түлкі** Түлкі, ку, айлакер жануар ретінде мифтік танымда жиі кездеседі. Фонетикалық құрылымына келсек [t], [k] – қатаң дауыссыздар, [ü] – жіңішке, еріндік дауысты, [l] – үнді, көне түркі сөздігінде: **tülkü** [80, 89]. Ескерткіш тілінде сөз аяғында ү/і алмасуы ғана болмаса мағыналық тұрғыдан еш айырмашылық жоқ. Түркі тілдеріндегі баламалары: қазақша – түлкі, қырғызша – түлкү, түрікше – tilki, өзбекше – tulki, түркіменше – tiliki. Қазіргі қазақ тілімен салыстарсақ сөздің мағынасы мен формасы көп өзгермеген. Түрік және түркімен тілдерінде  $\ddot{u} > i$  өзгерісі болған. Бұл жануарға қатысты халық ауыз әдебиетінде, ертегілерде символдық сипат (айла, қулық) берілген.

تونغوز **Tonguz** – **доңыз** лексикалық мағынасы жабайы қабан, доңыз. Көне түркілерде бұл жануарға қатысты тыйымдар мен теріс коннотациялар болған. Фонетикалық құрылымы: [t], [ŋ], [z] – қатаң және мұрынды дауыссыздар [o], [u] – қысаң дауыстылар, көне түркі тілінде **tonguz**. Түркі тілдеріндегі баламалары қазақша – доңыз, қырғызша – тоңоз, түрікше – domuz, башқұртша – доңоз. Бұл сөздің алғашқы формасы tonguz болса, дыбыстық өзгерістер нәтижесінде:  $t > d$ ,  $\eta > n$ ,  $g > \check{g}$  немесе түсіп қалу процестері орын алған. Кейбір түркі халықтарында бұл сөзге тыйым салынған мағына жүктелген (исламнан кейінгі кезеңде), сондықтан лексикада сирек қолданылған.

پالان **Pälän** – **жолбарыс** лексикалық мағынасы жыртқыш аң, кейде жолбарыс немесе барыс мағынасында қолданылады. Бұл сөз ескерткіштерде қабыланның синонимі ретінде де кездеседі. Фонетикалық құрылымы, [p], [l], [ŋ] – қатаң және үнді дауыссыздар, [ä] – жіңішке ашық дауысты. Түркі тілдеріндегі баламалары, қазақша – сирек, тек метафоралық мәнде (пәлең болды, пәле болды), түрікше – қолданылмайды, өзбекше – palang (жолбарыс), өзбек тілінде бұл сөз толық мағынасын сақтаған. Түркі тілдерінің көбінде көнерген.

أيو **Ayu** – **аю** лексикалық мағынасы жыртқыш аң. Түркі мифологиясында аю – күш пен қаһардың символы. Фонетикалық құрылымы [a], [y], [u] – ашық және қысаң дауыстылар. Көне түркі сөздігінде: аю [80,66], түркі тілдеріндегі баламалары қазақша – аю, қырғызша – аюу, түрікше – аю, ноғайша – аю. Сөздің дыбыстық формасы барынша тұрақты сақталған. Түрік тілінде ғана соңғы – u дыбысы түсіп қалған (аю). Түркілер бұл жануарды

батырлықпен, қаһармандықпен байланыстырады. Кей тайпаларда тотем ретінде де қарастырылған.

فل **Fi'l** – **пiл** лексикалық мағынасы экзотикалық жануар, көшпенділер өмірінде сирек кездескен, бірақ тарихи жазбаларда кездеседі. Бұл сөз түркі тіліне араб فيل (fil) тілінен енген. Фонетикалық құрылымы, [f], [i], [l] – фрикатив және үнді дауыссыздар мен жіңішке дауысты. Көне түркі сөздігінде fi'l [82,89]. Түркі тілдеріндегі баламалары, қазақша – піл, қырғызша – фил, түрікше – fil. Бұл сөздің шығу тегі араб тіліне барып тіреледі, яғни көне түркі сөзі емес. Бірақ түркі тілдерінде дыбыстық бейімделу арқылы қабылданған: fi'l > піл/фил/fil. Қазақ тілінде «ф» дыбысы болмағандықтан, піл түрінде жұмсалған.

Жан-жануарлар атаулары жазба ескерткіштер тілінде түркілердің табиғатпен етене өмір сүруін, шаруашылық мәдениетін, дүниетанымын, және әлеуметтік өмірін терең бейнелейді. Көне түркі жазба ескерткіштері (Орхон, Енисей, Талас т.б.) – сол дәуірдегі түркілердің тіршілігі, наным-сенімі, рухани болмысы туралы маңызды лексикалық қорды сақтап қалған тарихи дереккөздер. Бұл ескерткіштердегі жан-жануарларға қатысты лексика – этнолингвистикалық тұрғыдан аса құнды. Жануар атаулары арқылы түркі дүниетанымы тотемизм мен мифология. Түркілердің шығу тегі туралы аңыздарда бөрі (қасқыр) – ерекше тотем ретінде бейнеленеді (Ашина мифі). Жырларда жолбарыс, қабылан сияқты аңдар – батырдың рухани серігі ретінде сипатталады. Салт-дәстүр мен этникалық белгілер мал мен аң атаулары жоқтау, мадақ, аңыз, эпостарда жиі кездесіп, адамның тұлғалық сипатын білдіретін бейнелеу құралы ретінде де қолданылады. Мал атауларының санымен адамның әлеуметтік мәртебесі өлшенген. Фразеологиялық тіркестер «қасқыр мінез», «түлкі бұлаң», «сиырдай момын», «аюдай батыр» сынды тіркестерде көне танымдық негіз жатыр.

Біз қарастырып отырған мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштерінде кездесетін **kuş** (құс), **kügercin** (көгершін), **tawuk** (тауық) секілді құс атаулары арқылы да түркі халықтарының табиғатпен байланысы мен тұрмыс-салт ерекшеліктерін тануға болады. Жалпы, құстар – түркі дүниетанымында ерекше орын алған. Мәселен, көгершін бейбітшіліктің, тазалық пен адалдықтың символы ретінде қабылданса, құс ұғымы кең мағынада еркіндік пен рух биіктігін білдіреді. Ал тауық сынды үй құстары-күнделікті тұрмыстағы мал шаруашылығы мен үй тіршілігінің бір бөлігі ретінде ескерілген. Бұл атаулардың жазба ескерткіштерде орын алуы – тек тілдік бірлік емес, мәдени, шаруашылық, діни және символдық мазмұнмен тығыз байланысты. Құс атаулары арқылы халықтың қоршаған ортаны бақылауы, оны атау арқылы тануы және соған сай өмір сүру дағдысы көрінеді. Сонымен қатар, бұл зоонимдер – түркі тілінің лексикалық қазынасын байытатын, тарихи тіл қабаттарын көрсететін маңызды дереккөздер.

قوش **Quş** – **құс** лексикалық мағынасы жалпы атау – құс, яғни ұша алатын, қауырсынды, жұмыртқалайтын омыртқалы жануарлар тобына жататын тіршілік иелері. Ескерткіш тілімен Фонетикалық құрылымы: [k] – қатаң, тіл арты дауыссыз [u] – қысаң, еріндік, жуан дауысты [ʃ] – ызың, қатаң

дауыссыз (қазақ тілінде [c] дыбысына жуық) Көне түркі сөздігінде: kuř [80,39]. Түркі тілдеріндегі баламалары қазақша – құс қырғызша - куш түрікше – kuş өзбекше – qush түркіменше – guş ноғайша – quş. Бұл атау барынша көнеден келе жатқан байырғы түркі сөзі. Quş тұлғасы барлық дерлік түркі тілдерінде сақталған, тек фонетикалық бейімделуге ұшыраған: қазақ тілінде k > қ (артқы таңдайлық дыбыс) өзбек, ноғай тілінде k > q түркімен тілінде k > g, Сөздің түбірі ұшуға қатысты болуы мүмкін: ұшу, ұш етістігімен байланыстырылады.

کۆگەرچین **Kügerçin** – көгершін лексикалық мағынасы көгершін – бейбітшілік пен тазалықтың символына айналған үй құсы. Фонетикалық құрылымы: [k], [g], [r], [c], [n] – үнді және қатаң дауыссыздар, [ü], [e], [i] – жіңішке дауыстылар. Түркі тілдеріндегі баламалары, қазақша – көгершін, қырғызша – көгүчүн, түрікше – güvercin, өзбекше – kabutar (парсыша әсер), бірақ ko‘k kartar (көгершін) түрінде де кездеседі, түркіменше – güwerçin. Бұл сөз кейбір түркі тілдерінде толық түркі текті емес, кірме элементтермен бірге қалыптасқан қазақ тіліндегі көгершін сөзі көк (түс) + ершін (жұрнақ/жіктеу) арқылы мағыналасуы мүмкін – «көк түсті кішкене құс». Түрікше güvercin сөзіндегі g > k, v > g, c > ш фонетикалық өзгерістеріне ұшыраған. Сонымен қатар бұл сөзде жасандылық (жасалу жолымен кейін пайда болған туынды сөз) элементі бар.

تاۋۇق **Tavuk** – тауық лексикалық мағынасы үй құсы, жұмыртқалайтын, еті үшін өсірілетін, отырықшы тіршілікке тән құс түрі. Фонетикалық құрылымы [t], [w], [k] – қатаң және үнді дауыссыздар, [a], [u] – жуан, ашық және қысаң дауыстылар. Көне түркі тілінде tavuk / tawuq / tawuq [85], Түркі тілдеріндегі баламалары, қазақша – тауық, қырғызша – тооүк / тоок, түрікше – tavuk, өзбекше – tovuq, түркіменше – towuk. Бұл сөздің барынша көне кезеңдерден сақталып келе жатқандығы байқалады. Түркі тілдерінің көбінде tawuq формасы дыбыстық ауыспалар арқылы өзгерген қазақ тілінде w > ы, q > қ, өзбек тілінде w > v, түркімен тілінде w > w, бірақ қ > k немесе түсіп қалуы мүмкін, қырғызшада w > oo (созылыңқы дауыстыға айналған). Сөздің шығу тегі түркілік, бірақ үнді-иран, парсы ықпалы арқылы да ұқсас сөздер кездеседі. Алайда, фонетикасы мен семантикасы түркілік сипатты көрсетеді.

Бұл атаулардың этнолингвистикалық құндылығына келсек түркілердің табиғатпен қарым-қатынасы, шаруашылық тұрмысы, мифологиялық дүниетанымы және лексикалық әлемі жайлы мол мағлұмат береді. Мысалы, Құс – түркі мифінде рух, еркіндік символы, Көгершін – бейбітшілік пен адалдықтың нышаны, Тауық – отырықшылықтың, үй тіршілігінің бір көрінісі. жазба ескерткіштердегі жан-жануарлар атаулары түркілердің табиғатпен үйлесімді өмір сүру дағдысын, мал шаруашылығына негізделген тіршілік салтын, мифологиялық, рухани және әлеуметтік дүниетанымын танытады. Бұл атаулар бүгінгі күнге дейін түркі тілдерінің көпшілігінде дыбыстық өзгеріске ұшыраса да, лексикалық және семантикалық тұтастығын сақтап отыр.

Ортағасырлық жазба ескерткіштерде кездесетін **baluq** – **balıq** (балық), **yılan** (жылан), **qurt** (құрт), **siçğan** (тышқан), **sülük** (сүлік), **sirke** (сірке), **čiban**

(шыбын) сияқты атаулар – көне дәуірдегі түркі халықтарының жануарлар дүниесін терең танығанын, оларды атау, сипаттау арқылы табиғатпен тығыз қарым-қатынаста өмір сүргенін көрсетеді. Аталған зоонимдердің бірқатары бунақденелілерге немесе ұсақ жәндіктерге жатады (құрт, шыбын, сірке, сүлік), ал кейбірі жорғалаушылар (жылан), омыртқалылар (балық, тышқан) тобына кіреді. Бұл сөздердің барлығы халықтың күнделікті тіршілігіне, медицинасына (мысалы, сүлік), діни және мифологиялық танымына тікелей қатысы бар. Мысалы, жылан – түркі мифологиясында кейде киелі, кейде қауіп төндіруші бейне ретінде Кестетелсе, балық – тазалық пен молшылықтың символы бола алған. Сондай-ақ, сірке, шыбын, құрт тәрізді ұсақ тіршілік иелері адам өміріндегі жағымсыз құбылыстармен байланыстырылып, тілдегі бейнелі сөздер мен тұрақты тіркестердің пайда болуына ықпал еткен. Бұл зоонимдердің қолданысы сол кезеңдегі тұрмыстық санитария, табиғатқа бақылау жасау, қоршаған орта туралы білім деңгейінің көрсеткіші де бола алады. Жазба ескерткіштердегі жәндіктер мен ұсақ тіршілік иелері атауларына фоно-лексикалық, тарихи-салыстырмалы, семантикалық және түркі тілдерімен байланысты талдау ұсынылып отырмыз. Бұл атаулар – көне түркі дүниетанымында табиғи орта, тазалық, дерт пен шипа, қорқыныш пен жеккөрініш секілді ұғымдармен ұштасқан.

**بالوق / بالق Baluq / balıq** – **балық** балық фонетикалық құрылымына келсек ескерткіш тілінде: baluq/balıq нұсқаларында қолданылады. Қазіргі қазақ тілінде: балық [b] > [b], [l] > [l], [q] > [к] тұрақты дыбысталуы сақталған, uq/-ıq түркі тілдеріндегі зат есім тудырушы жұрнақ, семантикасы су жануары, азық көзі, кей тайпаларда киелі санау мүмкіндігі (мысалы, кей түркілерде балық – молшылық белгісі). Түркі тілдеріндегі баламалары түрікше: balık-қырғызша: балык, өзбекше: baliq, – башқұртша: балык,- татарша: балык. **يılan Yılan** – **жылан**, мағынасына келсек теріс образ – айла, қауіп, кейде киелі жануар (ежелгі шамандық нанымда). Түркі тілдеріндегі баламалары түрікше uylan, қырғызша жылан, өзбекше ilon, ноғайша жылан, башқұртша йылан. **قورت Qurt** – **құрт** фонетикалық құрылымы [q] – көмейлік дауыссыз, [u] жуан дауысты түбірі өзгермеген күйде сақталған. Түркі тілдерінде **qurt** сөзінің екі мағынасы бар 1) паразит, жәндік; 3) сүт тағамы (қазақша «құрт»), 3) кемпір. Ескерткіш тіліндегі мағынасы жер қазатын, ішекте өмір сүретін, зиянкес тіршілік иесі. Түркі тілдерінде қырғызша курт, өзбекше qurt, татарша корт. **سېچان Sıçyan** – **тышқан** мағынасы ұсақ кеміргіш, аңыздарда қу, жылдам, сақ жануар бейнесінде. Түркі тілдеріндегі баламалары түрікше sıçan, башқұртша сыскан, өзбекше sichqon. **سۈلۈك Sülük** – **сүлік** мағынасы медицинада қолданылатын паразит тіршілік иесі. Түркі медицинасында (халық емінде) шипалық мәні зор. Түркі тілдеріндегі баламалары қазақша сүлік, түрікше sülük, қырғызша сүлүк, өзбекше so‘lak (аймақтық) suluk. **سرکه Sirke** – **сірке** – биттің немесе кененің ұрығы, жиіркенішті паразит бейнесінде. Түркі тілдерінде қазақша сірке, түрікше sirke, қырғызша сирке, өзбекше sirka, ноғайша сирке. **چىبان Ğıban** – **шыбын** мағынасы ұшатын, дыбыс шығаратын жәндік. Кейде «мазасыздық» пен



«арамдық» метафорасы ретінде қолданылады. түркі тілдерінде қазақша шыбын, түрікше sinek, қырғызша чыбын, өзбекше chivin, башқұртша себен.

Осы көрсетілген жәндік атауларын фоно-лексикалық тұрғыдан – көне түркі тілінің негізгі дыбыстық заңдылықтарын сақтаған. Семантикалық тұрғыдан – түркі халықтарының тұрмысындағы тазалық, ауру, күнделікті тіршілік, қауіптілік сияқты ұғымдармен байланысты. Тарихи тұрғыдан – шамандық және мифологиялық нанымдармен сабақтасып отырған. Салыстырмалы түрде – қазіргі барлық түркі тілдерінде ұқсас дыбысталумен сақталған.

**Кесте 12 – Жазба ескерткіш тіліндегі жан-жануралар атаулары және ескерткіш тілінде кездесу жиілігі**

| №  | Жазба ескерткіш тіліндегі варианты | қыпшақша     | транскрипт  | қазақша  | ескерткіш тіліне кездесу жиілігі |
|----|------------------------------------|--------------|-------------|----------|----------------------------------|
| 1  | سيغر, سيغير                        | sīyir        | сығыр       | сиыр     | 10                               |
| 2  | اينك                               | inek         | інек        | сиыр     | 3                                |
| 3  | قوي                                | qoy          | қой         | қой      | 8                                |
| 4  | اگز                                | öküz         | өкүз        | өгіз     | 9                                |
| 5  | دوا                                | deva         | дева        | түйе     | 9                                |
| 6  | تک                                 | teke         | теке        | теке     | 5                                |
| 7  | ايشك                               | işek         | ішек        | есек     | 6                                |
| 8  | قابلان                             | qabılan      | қабылан     | қабылан  | 7                                |
| 9  | سوسر                               | suwsar       | сусар       | сусар    | 9                                |
| 10 | تولكو                              | tülkü        | түлкү       | түлкі    | 8                                |
| 11 | تونغوز                             | tonguz       | тогуз       | доңыз    | 8                                |
| 12 | پالان                              | pälän        | пәләң       | қабылан  | 2                                |
| 13 | ايو                                | ayu          | айу         | аю       | 3                                |
| 14 | فيل                                | fi'l         | філ         | піл      | 2                                |
| 15 | قوش                                | kuş          | құш         | құс      | 8                                |
| 16 | كۆگرچين                            | kügercin     | күгерчін    | көгершін | 5                                |
| 17 | بَلوق / بَلیق                      | baluq- balıq | балуқ-балық | балық    | 7                                |
| 18 | تاووق                              | tavuk        | тавук       | тауық    | 1                                |
| 19 | پیلان                              | yılan        | йылан       | жылан    | 2                                |
| 20 | قۇرت                               | qurt         | құрт        | құрт     | 2                                |
| 21 | سېچان                              | sīçyan       | сычған      | тышқан   | 6                                |
| 22 | سۈلۈك                              | sülük        | сүлүк       | сүлік    | 1                                |
| 23 | سۈركە                              | sirke        | сірке       | сірке    | 1                                |
| 24 | چېبان                              | čīban        | чыбан       | шыбын    | 5                                |

Ортағасырлық жазба ескерткіштердегі ұсақ жануарлар мен жәндіктерге қатысты атаулар – көне түркі тілінің лексикалық байлығының бір тармағы ғана емес, сондай-ақ халықтың экологиялық танымы, дүниетанымы мен мәдениетінің көрінісі. Олар қазіргі тіл мен мәдениет үшін де маңызды тарихи-танымдық дерек көзі болып табылады. Қазіргі тіл білімі ғылымында жазба ескерткіштер тіліндегі жануарлар мен өсімдіктерді зерттеу көкейтесті мәселелердің бірі. Өйткені осыған байланысты авторлар ескерткіш тілінде кездесетін жануарлар мен өсімдіктерге қатысты атаулардың тарихи даму жолдарын айқындай отырып, олардың аталымдық мәнін, тарихи-танымдық

мазмұнын ашады. Өсімдіктер мен жануарлар атауларының шығу төркінін анықтап, кірме, көнерген қабаттарын айқындап, қазіргі қазақ және түркі тілдерінде қолданылу ерекшеліктерін тарихи-салыстырмалы әдістерге сүйене отырып талдайды.

Ортағасырлық «Байтарату’л-вазих» жазба ескерткіші сөздік қорында ауқымды орын алатын лексика жануарлар мен өсімдіктер атауы болып табылады. Түркі тілдеріндегі зоонимиялық және фитонимиялық жалпы есімдерді тіркеу XI ғасырдағы Махмұд Қашқаридің «Диуани луғат-ит түрк» еңбегінен бастау алады. Түркі халықтарына ортақ көне кәсіп мал шаруашылығы болғандықтан жазба ескерткіштер тілінде жануарлармен өсімдіктер атаулары кездесуі заңды құбылыс. Өйткені көшпенді тұрмыс-салт құрған халқымыз табиғатпен етене байланыста өмір сүрді. Жан-жануарлар мен аң-құс, өсімдіктер атауларына қатысты халықтың таным түсінігі о бастан қалыптасқан, және тілі арқылы көрініс тапты. Осы тұрғыдан алғанда ортағасырлық «Байтарату’л-вазих» жазба ескерткіші XIII-XIV ғасырлардағы қыпшақ этносының тұрмыс тіршілігі мен өмір сүру салтын танытатын мәдени аялық ақпарат көзі болып табылады. Аталған ескерткіші тіліндегі зоонимдер мен өсімдіктер атаулары өз дәуірінің ұлттық мәдени ерекшелігімен, тілдік дүние бейнесінің көрінісі.

Этнолингвистикалық тұрғыдан қарастыру барысында этнос болмысын сипаттайтын ақпаратты анықтап қана қоймай, аталымдардың уәждерін саралауға, қазақ және түркі тілдеріндегі зоонимдердің этномәдени мазмұнын этимологиялық тұрғыдан ашуда маңызды. Сонымен қатар тегі бір түкі халықтарының жалпытүркілік болмысы мен әр халықтың ұлттық болмысын зоонимдер мен өсімдіктер арқылы айқындаймыз.

Тарихи салыстырмалы, теориялық, дәстүрлі сипаттама әдісі, этнолингвистикалық, семантикалық, этимологиялық, сандық, танымдық-логикалық талдау әдістері пайдаланылды.

Фитонимдер – бұл өсімдік атаулары. Яғни, кез келген ағаш, гүл, шөп, жеміс, дәнді дақыл, бұта, т.б. өсімдіктердің атауы. Ортағасырлық жазба ескерткіштер тіліндегі фитонимдер – сол дәуірде өмір сүрген түркі халықтарының тіліндегі өсімдік атауларын білдіретін сөздер. Бұл фитонимдер тек лексикалық бірлік ретінде ғана емес, сонымен қатар олардың дүниетанымын, шаруашылығын, табиғатпен қарым-қатынасын, емдік, тұрмыстық, діни танымдарын да көрсетеді. Бұл жөнінде лингвист Б.Сүйеркүл «Өсімдік атауларының өзіндік қолдану аясы бар. Олардың шығу тегі мен тарихы да тереңде», «Қазақ күнделікті тұрмысында өсімдіктерді барынша тиімді пайдаланған. Ерте заманнан бері халқымыз өсімдіктердің емдік қасиетін біліп, зерттеп, әр түрлі ауруларды емдеуде, сондай-ақ түрлі тұрмыстық заттарды, құрал-жабдықтарды өнер аспаптарын жасау үшін де қолданған. Діни таным бойынша, адамды топырақтан жаратқан десек, өсімдіктерде топырақтан жаратылған. Адам өзіне керекті өсімдіктерден алады» [99,174] Бұдан шығаратын қорытынды Б.Сүйеркүлдың пікірі бойынша, өсімдік атаулары жай ғана атау емес, олардың терең тарихи, мәдени, танымдық негізі бар. Қазақ халқы өсімдіктерді тек тамақ, емдік шөп

ретінде ғана емес, сонымен қатар тұрмыстық құрал-жабдықтар, музыкалық аспаптар жасауға, тіпті діни-рухани дүниетанымда да қолданған. Бұл – қазақ этносының табиғатпен тығыз байланысын, өсімдіктерді танудағы бай тәжірибесі мен терең білімін көрсетеді. Б.Сүйеркұлдың «адам топырақтан жаратылса, өсімдік те топырақтан жаралған» деген тұжырымы арқылы адамның табиғатпен, оның ішінде өсімдіктермен біртұтас, тұтас жаратылыс екені, әрі өсімдіктің адам өміріндегі орны – табиғи қажеттілік ретінде түсіндіріледі. Бұл ой ортағасырлық жазба ескерткіштердегі фитонимдердің маңыздылығын арттырады. Себебі сол ескерткіштерде кездесетін өсімдік атаулары – түркі халықтарының ежелгі этноботаникалық білімінің айғағы. Бұл атаулар арқылы тек өсімдіктердің түрлері емес, олардың қандай мақсатта, қалай пайдаланылғаны, халықтың дүниетанымы мен өмір сүру салты туралы құнды ақпарат алуға болады. Ортағасырлық жазба ескерткіштердегі фитонимдер түркі халықтарының этноботаникалық білімін көрсетеді. Тілдік қазынадағы архаизмдер мен диалектизмдерді анықтауға көмектеседі, мәдениеттану, этнолингвистика, тарихи лексикология үшін құнды материал болып саналады. Қарастырылып отырған диссертацияда жеміс-жидектермен көкөністер: *indžir* – *incir* (інжір-інкір) *inжір*, *sarımsak* (сарымсақ) *сарымсақ*, *yüzüm* (йүзүм) *жүзім*, *hıyar* (хиар) *қияр*, *hurma* (хурма) *құрма*, *qoz* (қоз) *жаңғақ*, *yangak* (янгак) *жаңғақ*, *zeyit* (зейт) *зәйтүн*, *qabaq* (қабак) *асхабақ* кездеседі. Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары *saman* (саман) *сабан*, *diken* (дікен) *мікен*; дәнді-дақылдар: *arpa* (арпа) *арпа*, *tari* (тары) *тары*, *bunduk* (бундук) *фундук*, *mercimek* (мерджіmek) көне түркіден бүгінгі түркі тілдеріне жеткен көптеген атаулар (арпа, тары, инжир, сарымсақ, жүзім) дыбыстық тұрақтылық сақтай отырып, рухани-қолданыстық сабақтастықтың дәлелі. Ескерткіш тіліндегі кірме сөздер бірқатары мәдени, сауда, дін ықпалдары арқылы (инжир, зәйтүн, мерджіmek, фундук) араб-парсы тіліне мүше болды. Бұл атаулардың мағыналық кеңістігіне келсек халықтың шаруашылығы, азық мәдениеті, табиғатқа қатынысы, материалдық мәдениет тұрғысынан маңызды.

Арабша емдік өсімдіктер атаулары, *afriyun*, *'avsec* (ақ мікен), *bavrak* (шырыш оты), *belesan* (нелесенк ағашы), *ben* (*sorgun* ағашы), *cercir*, *cündeba*, *devaret*, *dühün*, *fecel*, *fülfül*, *fütüne*, *ğar*, *ğaraf*, *ğadi*, *hamāme*, *hammus*, *handikun*, *hanzale*, *hanhan*, *heligüç*, *hindukuk*, *hurva*, *hitmī*, *hindıba*, *humış*, *humkān*, *huumış*, *huunı*, *huvarı iklimi*, *isfizāc*, *istindac*, *izin*, *kafr*, *kağiya*, *qantūriyün*, *qatūnā*, *kevür*, *kılkıdis*, *kılkuva*, *koğuruş* (кукуруз), *kufulımun*, *kulamus*, *kurdemana*, *küüreş*, *külāf*, *latık*, *lazen*, *lazuk*, *leben*, *lor*, *lūben*, *mağal*, *mamlaha*, *mamuğ mastekı*, *meğas*, *megaz*, *mıraz*, *mulūha*, *narçın nātrun*, *nebti*, *nikris*, *ömek*, *rasic*, *rasih*, *rāsin*, *ratab*, *rāvand*, *ravende*, *rāzyānç*, *rec'*, *rekāb*, *reyhan*, *rışaş*, *rih*, *ruman*, *şabar*, *sağkeşt*, *sağamunya*, *sağtavar*, *sama'*, *samağ*, *sanavber*, *sekbınç*, *selik*, *sil*, *siric* (шырыш), *sufra*, *suluk*, *sumağ*, *sumağ*, *suwseb*, *süb* 'ad, *sulüs*, *sünbül*, *süniz*, *süsen*, *şa'de*, *şebbe şeysi*, *şıryık*, *şıryık*, *şibke*, *şıh*, *ta'ab*, *takti*, *tar*, *tarfa*, *tarka*, *tehnik*, *tehnik*, *termis*, *tarfa*, *türmes*, *'ullik*, *uruk*, *uşnān*, *bhel*, *vec'*, *zeraric*, *zeyfa*, *zibk*, *ziravendi*, *züfa*.

**Кесте 13 – Ескерткіш тіліндегі фитонимдік атаулардың жазба ескерткіш тілінде кездесу жиілігі**

| №  | Жазба ескерткіш тіліндегі нұсқасы | қыпшақша       | транскрипт   | қазақша  | ескерткіш тіліне кездесу жиілігі |
|----|-----------------------------------|----------------|--------------|----------|----------------------------------|
| 1  | اينچير                            | indžir – incir | інджір-інчір | інжір    | 2                                |
| 2  | ساريمساک                          | sarimsak       | сарымсак     | сарымсақ | 3                                |
| 3  | مرچيمک                            | mercimek       | мержімек     | жасымық  | 7                                |
| 4  | قوز                               | qoz            | қоз          | қоз      | 6                                |
| 5  | يانگاق                            | yangak         | янгак        | жаңғақ   | 7                                |
| 6  | زيت                               | zeyit          | зейт         | зейтүн   | 2                                |
| 7  | قماق                              | qabaq          | қабақ        | қабақ    | 1                                |
| 8  | خورما                             | hurma          | хурма        | құрма    | 3                                |
| 9  | سامان                             | saman          | саман        | сабан    | 4                                |
| 10 | ديکن                              | diken          | дікен        | тікен    | 8                                |
| 11 | ارپا                              | arpa           | арпа         | арпа     | 5                                |
| 12 | تاری                              | tarı           | тары         | тары     | 6                                |
| 13 | بوندوق                            | bunduk         | бундук       | фундук   | 2                                |
| 14 | خييار                             | hıyar          | һиар         | кияр     | 3                                |
| 15 | يوزوم                             | yüzüm          | йузум        | жүзім    | 5                                |
|    |                                   |                |              | алма     | 8                                |

Жаратылыс құбылыстары – адам ықпалынсыз өздігінен болатын құбылыстар жатады. Олар табиғи заңдылықтарға бағынады. Біз қарастырып отырған ескерткіш тіліндегі жаратылыс құбылыстарын атмосфералық, жаңбыр, қар, бұршақ, тұман, жел, геологиялық жер сілкінісі, гидрологиялық мұз, өзен, астрономиялық күн, ай, жұлдыз деп бөлуді жөн санадық.

Бұл ұғымдар - көнеден келе жатқан түркі табиғат, маусымдық және материалдық дүниетанымының лингвистикалық көрсеткіштері. Олардың қазіргі түркі тілдеріндегі түрлері фонетикалық сабақтастық пен мағыналық тұрақтылықты көрсетеді, ал кейбіреулерінде (күн, топырақ, жыл, темір) тілдік-мәдени сабақтастықтың нақты дәлелі болып табылады.

Мысалы, **Kün** – күн түркі дүниетанымында өмір, жарық, рухани жетекші. Фонетикалық тұрғыдан сипатасақ [k] + [ü] + [n] көне түркілік тұтас түбір. Ескерткіш тілінде күн мен күндізді білдіреді. Түркі тілдерінің әралуан формалары, **kün** (қазақ), **gün** (түрік), **kül** (қарақалпақ) және **kön** (ноғай) кездеседі. **Küneş** – күн сәулесі, күннің жарығы маусымдық циклдер мен жаратылыстың көрінісі ретінде күн сәулесі – жылының, өнімділіктің символы. Көне түркіше: (**küneş**) – «күндізгі жарық, күн сәулесі». Түркі тілдеріндегі баламалары: түрікше – **güneş**, қазақша – «күн (шам)». **Yulduz** – жұлдыз – бағыттау, тағдыр, көктегі нұсқаушы, мифтық шырақ ретінде танымдық образ. түркі тілдеріндегі формаларына келсек тұтас **yulduz** (түрік), **ulduz** (өзбек), **julduz** (қарақалпақ), **yulduz** (қазақ). **Ot** – от барлық түркі тілдерінде бірегей, дыбыстық тұрақтылығы сақталған. Этнолингвистикалық тұрғыдан – өмір, жылы, отбасылық ортаның символы. **Suv** – су – өмір мен тазалықтың негізі Түркі тілдерінде **csuv** (қазақ), **su**

(түрік), *suv* (қырғыз) сақталынған. *يىل* **Yıl** – жыл маусымдар мен ауыл шаруашылық циклдерді есептеудің негізі. *ئۆرت* **Ört** (өрт) өрт тұрмыстың тұрмыстық элементі – жылылық, қорғау рөлінде. *توپراق* **Topraq** – топырақ топырақ, жер- Туған жер, мәдени-рухани негізі, әйелдік бейне «Жер ана» образымен байланысты. Барлық түркі тілдерінде біркелкі сақталған: *toprak*, *toṗraq*. *تىڭىز* **Tingiz** – теңіз. Түрікше – *deniz*. Тұрақты картадағы су қоймасы.. *قىرات* **Qīrat** қырат – жыра, қия – шөл – тау, қалың жыра; биік пейзаждық элемент. Түркі тілдерінде фонетикалық тұрғыдан өзгермеген, мағынасы архетиптік пейзажды білдіреді. *ئەللىك* **Ellig** күн, *قار* **Qar** – қар, *تەمۈر* **Temür** (темір) темір, түркі тілдерінде кездеседі *demir* (түрік), темір (қазақ, қыпшақ тілдері). *كۈمۈش* **Kümiş** – күміс; метал.

**Кесте 14** – Жаратылыс құбылыстары мен пайдалы қазбалардың жазба ескерткіш тілінде кездесу жиілігі

| №  | Жазба ескерткіш тіліндегі варианты | қыпшақша   | транскрипт | қазақша     | ескерткіш тіліне кездесу жиілігі |
|----|------------------------------------|------------|------------|-------------|----------------------------------|
| 1  | كۈن                                | kün        | күн        | күн         | 6                                |
| 2  | كۈنەش                              | küneş      | күнеш      | күн сәулесі | 2                                |
| 3  | آي                                 | ay         | ай         | ай          | 6                                |
| 4  | تۈن                                | tün        | түн        | түн         | 5                                |
| 5  | يۇلدۇز                             | yulduz     | йулдуз     | жұлдыз      | 8                                |
| 6  | وت                                 | ot         | от         | от          | 8                                |
| 7  | سۈۋ                                | suv        | сув        | су          | 10                               |
| 8  | يىل                                | yıl        | йыл        | жыл         | 1                                |
| 9  | يىل                                | yil        | йіл        | жел         | 4                                |
| 10 | يەر                                | yir        | йір        | жер         | 8                                |
| 11 | ئۆرت                               | ört        | өрт        | өрт         | 1                                |
| 12 | توپراق                             | toprak     | топрак     | топырақ     | 5                                |
| 13 | تىڭىز                              | tingiz     | тінгіз     | теңіз       | 2                                |
| 14 | قىرات                              | qīrat      | қырат      | қырат       | 1                                |
| 15 | ئەللىك                             | ellig      | елліг      | күн         | 1                                |
| 16 | قار                                | qar        | қар        | қар         | 3                                |
| 17 | بۇلاق                              | bulav      | булав      | бұлақ       | 2                                |
| 18 | قىش                                | qış        | қыш        | қыс         | 1                                |
| 19 | ياي                                | yay        | йай        | көктем      | 1                                |
| 20 | ئىلك ياز                           | ilk yaz ay | ілк йаз ай | жаз ай      | 1                                |
| 21 | ياز                                | yaz        | йаз        | күз         | 1                                |
| 22 | تەمۈر                              | temür      | темүр      | темір       | 2                                |
| 23 | تاسە                               | täse       | тәсе       | тас         | 2                                |
| 24 | كىبرىت                             | kibrit     | кібріт     | кібріт      | 2                                |
| 25 | شىرىچ                              | širič      | шырыч      | шырыш       | 3                                |
| 26 | كۈمۈش                              | kümiş      | күміш      | күміс       | 1                                |

Ортағасырлық «Байтарату’л-вазих» жазба ескерткішіне жүргізілген лексика-семантикалық талдау нәтижесінде, көне түркі халқының табиғатпен үйлесімді өмір сүру салты, шаруашылық-мәдени тәжірибесі және дүниетанымдық ерекшелігі тілдік деректер арқылы нақты айқындалды. Зерттеу барысында 15 фитонимдік атау (өсімдік атауы), 24 зооним (жануар

атауы), 26 жаратылыс құбылысы атауы (табиғат пен ауа райына, аспан денелеріне қатысты сөздер) анықталып, олар семантикалық, лексикалық, контекстуалды және салыстырмалы-тарихи әдістер арқылы кешенді түрде сараланды. Бұл лексикалық бірліктердің әрқайсысы тек номинативтік қызметпен шектелмей, мәдени-танымдық, эмоциялық, символдық жүк арқалап тұрғаны дәлелденді. Атап айтқанда, фитонимдер – жылқы малына азық және емдік шөптер ретінде қолданылуы арқылы шаруашылық тәжірибені сипаттайды. Зоонимдер – түркілердің мал шаруашылығы, аңшылық кәсібі мен мифологиялық дүниетанымын паш етеді. Пайдалы қазбалар атауы (мыс, күміс) – әскери-экономикалық өркендеудің, материалдық мәдениеттің көрінісі. Жаратылыс құбылыстарына қатысты сөздер – космогониялық түсініктер мен символдық таным жүйесін танытады. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, бұл атаулар фонетикалық және семантикалық тұрғыдан қазіргі түркі тілдерінде түрлі формада сақталып, лингвомәдени сабақтастықты, тарихи жадыны, рухани тұтастықты дәлелдейді. Кейбірі белсенді қолданыста болса, енді бірқатары тарихи лексика қатарына өтсе де, этномәдени маңызын жоғалтпаған.

Қорыта келгенде, «Байтарату’л-вазих» ескерткіші тілі – түркі халқының рухани-материалдық мәдени кодын бойына сақтаған баға жетпес тарихи-тілдік дереккөз. Ол қазіргі этнолингвистикалық, тарихи лексикологиялық және лингвомәдениеттанымдық зерттеулер үшін маңызды база бола алады. Бұл атаулар мен ұғымдар арқылы көшпелі өркениетке тән таным жүйесі, табиғатқа құрмет, қоршаған ортаға бейімделген өмір салты және мәдени бірегейлік анық көрінеді. Осылайша, бұл атаулар түркі халқының дүниені қабылдау ерекшелігін, тарихи дамуын, және мәдени жалғастығын айқындайтын тілдік-мәдени мұра ретінде ерекше ғылыми-танымдық құндылыққа ие.

### **3-тарау бойынша тұжырым**

«Қолжазбадағы жылқы самотикасының лексика-семантикалық репрезентациясы» тарауында дене мүшелерін сипаттайтын сөздер мен олардың мағыналарының өзгерісі зерттеледі. «Байтарату’л-вазих» қолжазбасындағы жылқы самотикасына қатысты лексика – көпқырлы тарихи-мәдени және тілдік құбылыс. Бұл тарауда жылқы дене мүшелеріне қатысты атаулар алғаш рет кешенді түрде лингвистикалық, семантикалық, этнолингвистикалық және когнитивтік тұрғыдан талданып, олардың мәдени-танымдық мазмұны мен тарихи негіздері анықталды. Зерттеу нәтижесінде қолжазбада жылқы самотикасына қатысты 60-тан астам лексикалық бірлік анықталып, олар морфологиялық, семантикалық, құрылымдық тұрғыдан топтастырылды. Атаулардың контекстегі қолданысы, эмоциялық және бағалауыштық реңктері, сондай-ақ мәдени-символдық мағынасы жан-жақты сипатталды. Жекелеген сөздердің (бас, тұяқ, құйрық, көз) этномәдени және мифологиялық мәні ашылды. Сонымен қатар, салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы бұл атаулардың көне түркі мұраларымен байланысы, ал когнитивтік тұрғыда – олардың концептуалдық модельдерге қатысы айқындалды.

Цифрлық лингвистика әдістері арқылы лексемалар жиілігі анықталып, семантикалық желі негізінде мағыналық құрылымдар визуализацияланды.

Жалпы алғанда, бұл зерттеу жылқы соматикасына қатысты тілдік бірліктердің тарихи тереңдігін, танымдық мазмұнын және ұлттық мәдениеттегі маңызын айқындай отырып, түркітану мен лексикология, этнолингвистика, когнитивті лингвистика және цифрлық гуманитаристика салаларына тың үлес қосты. Соматикалық атаулардың метафоралық қолданылуы, сонымен қатар оларды мәдени тұрғыдан түсіндіру тәсілдері талқыланады. Мұндай сөздер адамның ішкі дүниесін, сезімдерін немесе әлеуметтік рөлін көрсету үшін қолданылған болуы мүмкін.

«Ескерткіш тіліндегі туыстық қатынас және материалдық мәдениетке қатысты атаулардың этномәдени мазмұны» тараушасында жазба ескерткіш мәтініндегі адамға қатысты жалпы есімдер мен туыстық қатынасты білдіретін атаулар талданады. Адамның әлеуметтік мәртебесі, туыстық байланыстары мен қоғамдық қатынастарына қатысты сөздер қарастырылып, олардың мағыналық сипаты мен тарихи дамуына назар аударылды. Атап айтқанда, адамның жыныстық және жас ерекшеліктеріне, әлеуметтік топтарға, сондай-ақ отбасы ішіндегі мәртебесіне байланысты атаулар арқылы XIV ғасырдағы қыпшақ қоғамының құрылымдық жүйесі мен мәдени танымы сипатталды. Туыстық атаулар мен адамдар арасындағы қатынастар ескерткіш мәтіндерінде көбіне символикалық және метафоралық түрде бейнеленген. Адам әлеміне қатысты 52 соматикалық және туыстық лексикалық бірлік анықталып, олардың тілдік табиғаты мен қолданылу ерекшеліктері ғылыми тұрғыдан сараланып, материалдық мәдениетке қатысты лексика да ерекше назарға алынды. Қолданылған сөздерден халықтың күнделікті тұрмысы, шаруашылық саласы, әскери өмірі, көлік қатынасы мен сауда жүйесі туралы құнды мәліметтер алынды. Мұндағы атаулар тек номинативтік мәнге ие емес, олар түркі жұртының мәдени-танымдық кодын бейнелейтін тарихи-этнолингвистикалық құндылық ретінде қарастырылды. Зерттеу барысында корпуслық лингвистика, семантикалық өріс, этимологиялық-типологиялық, этнолингвистикалық, когнитивтік, дискурсивтік және мәдени концептологиялық әдістер кешенді түрде қолданылды. Осындай әдістер арқылы сөздердің мәтіндік контекстегі қызметі, семантикалық өрістегі орны, жиілігі мен мағыналық даму жолы, сондай-ақ олардың тарихи, этномәдени мазмұны анықталды. Сондай-ақ, қолжазбада қолданылған атаулар басқа түркі тілдерімен салыстырылып, типологиялық ұқсастықтары мен мағыналық айырмашылықтары айқындалды. Нәтижесінде олардың жалпы түркілік және локалдық сипаттары нақтыланып, тарихи-мәдени контекстегі орны көрсетілді. Бұл тілдік бірліктер түркі қоғамының дүниетанымы мен әлеуметтік институттарын, танымдық құрылымын тереңірек тануға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, осы тарауда қарастырылған адам әлемі мен материалдық мәдениетке қатысты лексика «Байтарату'л-вазих» ескерткішінің тілін тарихи-мәдени дискурс ретінде сипаттап, ұлттық болмысты тілдік құралдар арқылы тануға жол ашады. Зерттеу нәтижелері

түркі жазба мұраларындағы лексикалық жүйені этномәдени аспектіде зерделеуге бағытталған тың ғылыми қадам ретінде бағаланады деген ойдамыз.

«Байтарату’л-вазих» жазба ескерткішіндегі зоонимдік, фитонимдік және жаратылыс құбылыстарына қатысты лексиканың тарихи-семантикалық дамуы тараушасында жазба ескерткіш тіліндегі зоонимдер, фитонимдер, жаратылыс құбылыстары мен пайдалы қазбаларға қатысты атауларды кешенді лингвистикалық тұрғыдан зерттеу – түркі жазба мұрасындағы табиғатпен байланысты лексиканың тарихи, семантикалық және этнолингвистикалық қырларын ашуға бағытталған маңызды ғылыми қадам болды. Зерттеу барысында табиғат әлемін бейнелейтін 65-тен астам атау жүйеленіп, олардың тарихи даму жолы, мағыналық кеңістігі мен мәдени жүктемесі жан-жақты қарастырылды. Зоонимдер – жануарлар атаулары тек биологиялық категория ретінде емес, сондай-ақ метафоралық, символдық мағынада қолданылып, адамның әлеуметтік қатынастарын, дүниетанымын бейнелеудің құралы болғаны анықталды. Бұл атаулар шаруашылық өмір мен мәдени ұғымдар жүйесінің бір бөлігі ретінде көрінді. Фитонимдер – өсімдіктер атаулары тек номинативтік бірліктер ретінде емес, емдік, тағамдық және тұрмыстық қызметімен қатар, халықтың танымдық жүйесі мен дәстүрлерінде орныққан лексикалық қабат ретінде бағаланды. Әсіресе, жылқы малына қатысты жем-шөп түрлерінің аталуы өсімдіктердің маңызын нақтылай түсті. Жаратылыс құбылыстарына қатысты атаулар – табиғаттың құбылыстары мен географиялық нысандар, аспан денелері мен ауа райы атаулары мәдени-мифологиялық символдармен астасып, сол дәуірдің әлем бейнесін тіл арқылы көрсетеді. Бұл лексикалық бірліктер халықтың наным-сенімі мен дүниетаным жүйесіндегі табиғаттың алатын орнын айғақтайды. Барлық атаулар топтастырылып, тақырыптық-семантикалық өріс негізінде түркі тілдерінің қыпшақ тобына жататын тілдермен (қарайым, құмық, қарақалпақ, татар) салыстырылып, фонетикалық және семантикалық жағынан тарихи сабақтастығы мен ерекшеліктері айқындалды.

**Кесте 15 – Ескерткіш тіліндегі тақырыптық топтардың сандық көрсеткіші**

| № | Самоти<br>калық<br>атаулар | Туыстық<br>қатынас<br>қатысты<br>атаулар | Тұрмысқа<br>қатысты<br>атаулар | Жараты<br>лыс<br>құбылыс<br>тары | Өсімдік<br>тер<br>ге қатысты<br>атаулар | Жануар<br>лар<br>ға қатысты<br>атаулар |
|---|----------------------------|------------------------------------------|--------------------------------|----------------------------------|-----------------------------------------|----------------------------------------|
| 1 | 58                         | 11                                       | 22                             | 26                               | 15                                      | 24                                     |

Сипаттамалы, салыстырмалы-тарихи, семантикалық, контекстуалды, этнолингвистикалық және интерпретациялық әдістерді қолдану нәтижесінде лексемалардың лексикалық құрылымы, мағыналық эволюциясы, мәдени мазмұны мен мифологиялық жүктемесі ғылыми тұрғыдан негізделді. Жалпылай алғанда, ескерткіш тіліндегі табиғатқа қатысты лексика – көне



түркі халқының дүниетанымын, шаруашылық дағдысын, мәдени коды мен мифологиялық санасын бейнелейтін құнды тарихи-тілдік дерек ретінде танылды. Бұл зерттеу-түркі лексикологиясы, тарихи семантика мен этномәдениеттану салаларына нақты үлес қосатын өзекті ғылыми еңбек болып табылады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Ортағасырлық мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштері – түркі халықтарының тарихи жады мен мәдени келбетін тілдік құралдар арқылы бейнелейтін құнды рухани мұра. Солардың қатарында ерекше орын алатын шығармалардың бірі – «Байтарату’л-вазих» (араб. Bayṭarat al-Wāḍiḥ) атты әскери-ветеринарлық мазмұндағы трактат. Бұл жазба мұра – мәмлүк дәуірінде қыпшақ тілінде жазылған, атбегілік пен жылқы шаруашылығына қатысты мол терминологиялық қорымен ерекшеленетін кәсіби бағыттағы еңбек. Шығармада жылқының аурулары, оларды емдеу тәсілдері, дәрілік шөптер, күтім жолдары егжей-тегжейлі сипатталып, соған сәйкес қалыптасқан арнаулы лексика кеңінен қолданылған. Осы тұрғыдан алғанда, ескерткіш тек ветеринарлық білімнің дереккөзі ғана емес, сондай-ақ қыпшақ тіліндегі кәсіби терминология мен тарихи лексиканы зерттеуге мүмкіндік беретін маңызды ғылыми материал болып табылады.

«Байтарату’л-вазих» ескерткішінің зерттелу тарихы және мәмлүк-қыпшақ жазба дәстүріндегі орны. Ескерткіштің жазылу уақыты мен тарихи-филологиялық мәні, оның қазақ тілімен сабақтастығы, сондай-ақ атбегілік пен әскери іс саласына қатысты тілдік бірліктері талданады. Мәмлүк дәуіріндегі түркі тілдеріндегі жазба ескерткіштердің зерттелу барысы, трактаттың түрлі тілдердегі басылымдары мен оған қатысты ғылыми еңбектер сараланып, ғалымдардың тұжырымдары жүйеленеді. «Байтарату л-вазиһ» жазба мұрасының түркітанудағы орны мен маңызын айқындауға бағытталған.

Қолжазбаның құрылымы және фонетикалық сипаттамасы. «Байтарату’л-вазих» жазба ескерткішінің зерттелу тарихы, палеографиялық және кодикологиялық ерекшеліктері, сондай-ақ оның фонетикалық және лексикалық құрылымы қазіргі қазақ тілімен тарихи-салыстырмалы аспектіде жүйелі түрде қарастырылды. Алдымен, ескерткіштің ғылыми айналымға ену жолы, оның әртүрлі тілдерде жариялануы мен зерттелу тарихы кеңінен талданды. Жазба мұраның палеографиялық сипаттамалары (әріп формасы, жазу техникасы, каллиграфиялық стилі) мен кодикологиялық белгілері (қағаз сапасы, мәтін орналасуы, сия түрі, парақ саны) арқылы бұл ескерткіштің XIV – XV ғасырлар аралығында жазылған тарихи құжат екені дәйекті түрде анықталды. Сонымен қатар, дереккөздерді сипаттау және салыстыру әдісі арқылы бұл жазбаға қатысты жүргізілген отандық және шетелдік түрколог ғалымдардың еңбектеріне ғылыми шолу жасалып, мәтіннің тарихи-лингвистикалық құндылығы мен мәмлүк-қыпшақ тіліндегі ерекшеліктері айқындалды. Жазба мәтіндегі фонетикалық құбылыстар диахрондық және тарихи-салыстырмалы әдістер негізінде талданды. Дауысты және дауыссыз дыбыстар жүйесі, олардың тарихи өзгерістері, дыбыстық алмасулар мен түсірілімдер көне қыпшақ тілі мен қазіргі қазақ тілі арасындағы фонологиялық сабақтастықты дәлелдеуге бағытталды. Талдау нәтижесінде

ескерткіш тіліндегі фонетикалық элементтердің қазіргі түркі тілдеріндегі баламалары анықталып, фонетикалық эволюцияның заңдылықтары сараланды. Бұл, өз кезегінде, тіл тарихындағы табиғи өзгерістерді, фонемалық жүйедегі тұрақтылық пен вариативтілікті көрсетуге мүмкіндік берді.

Ескерткіш лексикасының қазіргі қазақ тілімен лексикалық сабақтастығы арнайы зерттеу нысанына айналды. Көнетүркілік негіздегі сөздердің морфологиялық құрылымы, фонетикалық сипаты және лексикалық мағынасы басқа түркі тілдеріндегі нұсқаларымен типологиялық салыстыру арқылы талданды. Ескерткіш лексикасының түбірлік және туынды формалары қазіргі қазақ, өзбек, қырғыз, татар тілдерімен салыстырылып, лингвотарихи сабақтастық пен жүйелілік көрсетілді. Сонымен қатар, ескерткіште кездесетін сөздердің этномәдени мәні мен қызметі де назарға алынып, тіл мен мәдениеттің өзара байланысы жан-жақты ашылды. «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткішінің тарихи-лингвистикалық мәнін ашуға, сондай-ақ қазіргі қазақ тілінің көне қыпшақтық негіздері мен түркілік тамырларын ғылыми негізде зерделеуге мүмкіндік берді. Пайдаланылған зерттеу әдістері (палеографиялық, кодикологиялық, тарихи-салыстырмалы, диахрондық, интерпретациялық, типологиялық) зерттеу нысанының көпқырлылығын толыққанды ашуға бағытталған және лингвистиканың заманауи талаптарына сай жүзеге асырылды.

«Байтарату'л-вазих» жазба ескерткіші қыпшақ дәуірі тілінің жазба үлгісі ретінде ғана емес, сонымен қатар түркі халықтарының тілдік, тарихи және мәдени бірлігін бейнелейтін маңызды тілдік-мәдени мұра екені ғылыми түрде дәлелденді.

«Байтарату'л-вазих» жазба ескерткіші: тарихи лексикология мен терминологияны зерттеуде дереккөз ретіндегі маңызды; түркі тілдерінің тарихи даму үрдісін бақылаудағы әлеуетін; тіл мен мәдениеттің сабақтастығын айғақтайтын этнолингвистикалық құндылығын; мәмлүк қыпшақтарының тілдік ерекшеліктерін ғылыми тұрғыда сипаттау мүмкіндігін көрсетеді.

Диссертациялық еңбек «Байтарату'л-вазих» трактатын ғылыми айналымға енгізіп, түркі тілдеріндегі кәсіби лексика мен мәдени-тарихи тұтастықты сипаттауда жаңа бағыт ұсынады. Еңбекте қолданылған тарихи-салыстырмалы, лингвоэтнографиялық әдістер түркітану, тарихи лексикология, этнолингвистика, терминология және мәтін лингвистикасы салаларында жаңа зерттеу жолдарын ашуға негіз болады. Түйгеніміз мәмлүк қыпшақ жазба ескерткіштерін тілдік тұрғыдан зерттеудің маңызы бірнеше маңызды ғылыми және мәдени аспектімен ерекшеленеді. Түркі тілдерінің тарихи даму үдерісін тануға жол ашады. Мәмлүк дәуіріндегі қыпшақ тілі – қазіргі қазақ, қарақалпақ, ноғай, татар, башқұрт, құмық, қарайым т.б. осы сияқты қыпшақ тобына жататын тілдердің арғы тарихи негізі.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Аджи М. Кипчаки. Древняя история тюрков и Великой степи. – М., 1999. – 230 с.
2. Құрышжанов Ә., Жұбанов А.Х., Белботаев А.Б. Жиілік сөздік. – Алматы: «Наука», 1978. – 278 б.
3. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: «Мектеп» баспасы. – 272 б.,
4. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах обитавших в Средней Азии в древние времена том 1 Москва Ленинград, 1956, – 216
5. Аджи. М. Кипчаки. Международный клуб Абая. Семей, «Святой Георгий» («Джарган») 2001,168стр.,
6. Сауранбаев Н.Т. Қазақ тіл білімінің проблемалары. – Алматы: «Ғылым» баспасы, 1991. – 120 б.
7. Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-ай» баспасы, 2014 – 640б.
8. Құдасов С. Армян жазулы қыпшақ жазба ескерткіші «Дана Хикар» сөзінің тілі. – Алматы: «Ғылым» баспасы, 1990. – 189 б.
9. Көмеков Б.Е. Қазақ мемлекетінің тарихы және Қазақ хандығы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. –
10. Сәки Қ. Қыпшақ мәмлүктер – Астана: «Фолиант» 2006 – 460 б
11. <https://ru.wikipedia.org/wiki>
12. At hastaliklarina dair küçük bir eser: hāzā Kitāb-I Esb; Tuncay Böler <https://dergipark.org.tr/tr/pub/turuk/issue/42740/515935>
13. Al-Sarraf Sh. Mamluk Furūsīyah Literature and its Antecedents. Mamlūk Studies Review. 2004. VIII (1), pp. 141–200
14. Большой арабско-русский словарь. 250 000 слов и словосочетаний. – Москва: ООО «Дом Словянской книги», 2010. 640 с.
15. Ахинжанов С.М., Макарова Л.М., Нурумов Н.Т., К истории скотоводство и охоты в Казахстане. - Алматы: Наука, 1992,-217с
16. <https://ancientrome.ru/antlittr/t.htm?a=1260110000>
17. <https://kk.wikipedia.org/wiki>
18. Қаржаубайұлы.С Байырғы түркі жазуының генезисі. – Астана: Арыс, 2007. – 305 б.
19. Карпов В П. Гиппократ и Гиппократов сборник // Гиппократ. Избранные книги / пер. с греч. проф. В.И. Руднева. – М. : Биомедгиз, 1936-700с
20. Наметов А.М., Байкенов М.Т., Рагатова А.Ж. Алғашқы ветеринариялық көмек. – Қостанай, 2016. – 136 б.
21. Dilgimen, Hilmi. (1947). Veteriner hekimliği tarihi. Bozkurt Matbaası, İstanbul. Esin, Emel. (2002). «Türk sanatında at», Türkler Ansiklopedisi, C. 4, S. 125-143, Yeni Türkiye Yayınları. Ankara
22. Мамырбекова Г. «Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі» Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2017. – 656 б., -

23. Сабыр М. Қыпшақтану. Алматы. Liber баспасы, 2021-256б.
24. Çinar A.A. Türklerde at ve ondokuzuncu yüzyıla ait bir Baytarname at kültürü. – Ankara, 1993. – 380 s.
25. Elçin Ş. At damgalari // Türk etnofrafya dergisi. – Istanbul, 1963. – C.1 –S. 26.;
26. Hüseyin A. At hakkında türküler // Halk bilgisi haberleri. – Istanbul, 1930. – №2. – S. 13–18.
27. Turan M. At // Kars eli. – 1967. – № 4. – S. 10–15.
28. Mahmudov N özbek dilindeki atçılık terimleri // Türk kültüründe at ve Çağdaş Atçılık. – Istanbul 1995. –S. 35-45.
29. Ahmetjan. R.T. Orta Idil Türk dillerinde atla ilgili bazı kelimeler. // Türk kültüründe at ve Çağdaş Atçılık. – Istanbul 1995. – S. 56-60.
30. Қайратұлы Б. Қазақтың атбегілік өнері. – Алматы, 2023
31. Тоқтарбай А. Қазақ жылқысының тарихы. – Алматы : Алматыкітап, 2010. – 496 б.
32. Дәдебаев Ж. Тұлпардың сыны мен бабы. – Алматы: Бастау, 1994. - 16 б.
33. Аупбаев Ж. Ер қанаты. – Алматы: Қайнар, 1987. – 328 б.
34. Айдаубайұлы Қ. Ат пен баб.-Алматы, Қазығұрт, 1996- 89б
35. Саки Қ. Мәмлүктер соғыс өнері. – Астана: – Khan Textile 2015. – 152 б.
36. Bowling A.T., Ruvinsky The genetics of the Horse ISBN : 978-0-85199-429-1 527 pages
37. Күлтегін. Тоныкөк. – Астана: Аударма, 2022. – 96 б.
38. Әуелбекова Ш. Мүниәтүл-ғузат-қаһармандық дәстүр мұрасы- Алматы: Таңбалы баспасы, 2023 -230б.
39. Recer Şirin «Kitab fi Riyazat'l-Hail», Kitab fi ilmi ' n Nüṣṣab – Erzurum 1989, 328 б.
40. Тойшанұлы А. Түрік халықтарының әдет-ғұрыптары: *монография* / А. Тойшанұлы – Алматы: Қазақстан Жазушылар одағы, 2025. – 368
41. Bodrogliti A. (1973). The Medical Terminology in the Kitāb baytarat al-vāzih, a Fourteenth Century Mamluk-Kipchak Treatise on Veterinary Medicine. Türk Dili ve Edebiyatı Dergisi. №21 (31 Aralık). s.
42. Избранные произведения мыслителей стран Ближнего и Среднего Востока IX-XIV вв – Москва, 1961. С. 135-160
43. <https://termincom.kz/>
44. <https://www.millisaraylar.gov.tr/Hizmetler/YazmaEserler>
45. manisa@yek.gov.tr
46. bursainebey@yek.gov.tr
47. Öztopçu K. Kısa Memlûk Kıpçakçası Grameri» [A Short Mamluk-Kipchak Grammar] in Türk Dilleri Araştırmaları 17 (2007), 249-282. (Festschrift in Honor of Andras J. E. Bodrogligeti) Ed. Kurtuluş Öztopçu.
48. Özgür C. Baytaratü'l-Vâzih'in Kıpçak ve Türkmence Yazmalarına Göre Kıpçakçanın Oyuzcalaşması: Türkmenceleşmesi üzerine Bir Dil Araştırması. – İstanbul Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü, Basılmamış Doktora Tezi, 1994. – 111б.
49. Ağar M. E. Baytaratu'l-vazih. – İstanbul: Marmara Üniversitesi, – 198б.

50. Қосыбаев М.М. «М.Қашқаридің Диуани Луғат әт түрік еңбегіндегі әлемнің тілдік бейнесі» диссертация Астана, 2014
51. Салқынбай, А. Б. *Генетика-семантикалық кодты негіздеуші этимон түбірлер* // Түркология. – 2018. - № 1 (87). - 35-55 б.
52. Жалмаханов Ш. Мақмұт Замахшаридың «Мукаддимат әл-әдәб» сөздігі XII) және қазақ тілі. Қарағанды, 2023, 222б
53. Түймебаев Ж., Ескеева М., Түркітанудың тарихи лингвистикалық негіздері - Екінші басылым. - Алматы, 2015. - 512 б.
54. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.- 446 б
55. Наджип Э.Н. Исследование по истории тюркских языков XI-XV в.в. Москва: Наука. 1989. –120 с.
56. Юшманов Н.В. Грамматика литературного арабского языка. СПб.: Издательство «Юридический центр Пресс», 1999. – 160 с
57. Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических письменных памятников VII-IX в.в. – Ленинград: Издательство «Наука», 1980. – 286
58. Мелиоранский П.М. Краткая грамматика казакъ-киргизского языка. Фонетика и этимология. – Санктпетербургъ: Типография Императорской Академіи Наук, 1894. - Ч. I. - 92 с.
59. Мырзабектен Н.С. Қазақ тілін айтылым сөздігі. –Алматы: «Сөздік – словарь», 2001. – 320 б.
60. Айдаров Ғ. Тоникүк ескерткішінің тілі (VIII ғасыр). – Алматы: ЖШС «Қазақстан» баспа үйі, 2000. – 120 б.
61. Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. - Ленинград; Наука, 1971-с.194
62. Томанов М.Т. Түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасы. – Алматы, 1984. – 192 б.
63. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі: Фонетика, лексика. – Алматы: Ғылым, 1962. –120 б.
64. Сабыр М. Алтын Орда дәуірі: Құтыбтың «Хусрау мен Шырын» поэмасы (XIV). – Алматы: Liber, 2023. – 320 б.
65. Radloff W. Pfonetik der nordlichen Türksprachen. –Leipzig, 1883. – 318 p.
66. Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского наречия. – Казань, 1861. –199 с.
67. Тенишев Э.Р. Сравнительная-историческая грамматика тюркских языков. – Москва «Наука» 2002
68. Құрышжанұлы Ә., Көмеков Б. Е., Дүйсен С. Ж. Ескі қыпшақ тілі. – Алматы: «Қазақ Қыздар педагогтік институты баспасы», 2007. – 352 б. б.
69. Түймебаев Ж. Қазақ және татар тілдерінің салыстырмалы граммтикасы. «Қазығұрт» баспасы Алматы, 2017 240б.
70. Түймебаев Ж. Башқұрт тілі. – «Қазығұрт» баспасы Алматы, 2017, 277б.
71. Боранбаев С.Р. Булғат әл муштақ. – Түркістан, 2019, 94 б.
72. Qazcorpus.kz
73. Turkish National Corpus

74. Сабыр М. Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтасығы (XIV жазба ескерткіштері негізінде). – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 316 б.
75. Құрышжанов Ә. Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIIIв. Тюркско-арабского словаря. – Алматы, 1970. – 234 с.
76. Құдасов С. Армян-қыпшақ жазба ескерткіштері тіліндегі зат есімнің сан-мөлшер категориясының тарихи дамуы. – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ. Саяси ғылымдар. Аймақтану. Шығыстану. Түркітану сериясы
77. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. Изд. 2-е. – Москва: Едиториял, 2004. – 571 с.
78. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2005. – 238
79. Құрышжанұлы Ә. Мәмлүк қыпшақтарының тілінде жазылған бір ескерткіш жайында // Көне түркі жазуларының зерттелуі. Бүгінгі мен болашағы. Алматы. 2015
80. Жұбатова Б.Н., Аубакирова Қ.Қ. Мәмлүктер билігі кезіндегі түркі-араб мәдени-тілдік байланыстары (XIII-XV ғ.): монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 369
81. Әлібекұлы А. Мәмлүктер билігі кезіндегі түркі-қыпшақ әдебиеті (дамуы, әдеби өкілдері, өлең өлшемі). – Алматы: Арда, 2008. -176
82. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік [Мәтін] / ; құраст. Н. Д. Оңдасынов ; жалпы ред. басқ. Е. Б. Бекмұхаметов... – Алматы : Қазақстан, 1969. – 263
83. Рүстемов Л.З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. – Алматы: Ғылым, 1982. – 162 б.
84. Базылхан Б. Монгол-казах толь – УБ.-Өлгий, 1984. – 556б.
85. Древнетюркский словарь. – Ленинград: Наука, 1969. – 760 с.
86. Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 2014. - 728 б.
87. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007. – 797 б.
88. Баласағұн Ж. «Құтадғу білік» – Алматы:, 2019. – 369
89. Яассауи Х.А. «Диуани Хикмет» Ақыл кітабы. Алматы.»Өнер» баспасы 2007-312б
90. Қисас-ул әнбия [Мәтін] / Н. Рабғузи; араб тіл. ауд. Ә. Әріпбайұлы; Қызылорда облысының әкімдігі; Қорқыт Ата атын. Қызылорда мем. ун-ті... – Астана: Фолиант, 2008. – 547б.
91. Аубакирова Қ.Қ «Иршәдүл-мулук уәс-салатин» ескерткішіндегі (XIVғ.) теолингвистикалық кеңістік» – Қызылорда «Жиенай» 2023, - 160б.
92. Қазақ әдеби тілінің сөздігі 14 том /Құрастр. М. Малбақов Қ.Есентаева Б. Хинаят және тағы басқалар. Алматы, 2011. Том 14 -Т-Ұ-800 бет.
93. Қашқари М. «Диуани лұғат ат түрік» 1-3 (А. Егеубай аудармасы). – Алматы: «Хан», 1997. – 422 б.
94. Гаркавец А. Codex Cumanicus. – Алматы: «Баур», 2015. – 1089 б.
95. Амирова Г. Әз-Замахшаридің «Мукаддимат әл-Адаб» сөздігінің тілдік ерекшелігі (Н.Н.Поппе басылымы. Түркі сөздері негізінде) – Шымкент, 2024. 186б.

96. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. СПб, Т.3. – 1047–1048
97. Уалиханов Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 2010. – 464 б.
98. Сүлейменов О. Азия. – Алматы, 2014 «Библиотека Олжаса ИД» – 356 с.
99. Сүйеркүл Б. Қазақ тіліндегі ғалам бейнесі теолингвистикалық аспект. Алматы, 2024. – 210б
100. Теолингвистикалық сөздік. Алматы, Ахмет Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты. 2020-200 б.
101. Құран Кәрім. 1-ден 30-ға дейінгі паралар, арабша транскрипциясы және қазақша мағынасы-Алматы, ЖШС РПБК «Дәуір», 2021,-1216 бет
102. Сайлаубайұлы Н., Ыбрайымұлы Е. Намаз оқып үйренейік. Алматы: «Көкжиек-Б» баспасы, 2013-88 б.
103. Қазақ тілінің тарихи сөздігі. – Астана, 2022. – Т.3. – 472 б.
104. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 12-том /құрастырған А. Үдербаев, О. Нақысбеков, Ж. Қоңыратбаева т.б. – Алматы, 2011
105. Исламдық терминдер сөздігі. Астана: -2015. Дін мәселелері жөніндегі ғылыми зерттеу және талдау орталығы, 2015 -60 б
106. Серкебаева Г.И. ««Кодекс Куманикус» жазба ескерткіші лексикасының қазақ тілімен сабақтастығы» атты докторлық диссертация Шымкент, 2024. 265 б.
107. Қазақ тілінің тарихи сөздігі. – Астана, 2022. – Т.2. – 472 б.
108. Досжан Р. Батыс Қазақстан трансшекаралық аймағындағы топонимдердің этимологиялық негіздері – Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. No 2(139)/2022 – 89-97 б.
109. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 10-том /құрастырған Малбақов М., Оңғарбаева Н. т.б. – Алматы, 2011
110. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 11-том /құрастырған Ж.Манкеева, С. Бизақов, Ә.Жүнісбек т.б. – Алматы, 2011
111. Алтын Орда және XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті Қыдыр Т. Таджиев Х.
112. Қыдыәлі Д.Тамыр. ғылыми мақалалар .-Алматы: Атамұра, 2024–304 б.
113. Сартқожаұлы Қ., Айдаубайұлы Қ. «Сәйгүліктер» <https://argymaq.kz/archives/278>
113. Қондыбай С. Арғы қазақ мифологиясы. Алматы, «Дайк-Пресс», 2024, 496 б.
114. Қазақтың этнографиялық категориялар ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі [Мәтін]: энциклопедия; ғыл. ред. Н. Әлімбай; мәтінд. дайынд. Ж. Бабақұлы [ж.б.]; Кесте.: Д. Шоқпарұлы [ж.б.]; фото.: Д. Қатран, А. Қисабаев, Б. Хинаят; Қазақстан Республикасы мәдениет министрлігі; Қазақстан Республикасы мемлекеттік орталық музейі.- Алматы, 735 б.,
115. Serkebayeva G., Boranbaev S. Binary oppositions as a method of conceptualization: A case of codex cumanicus //International Journal of Society, Culture & Language. – 2023. – Т. 11. – №. 3. – С. 159-170.
116. Даулеталиева Д., Б.С. Тоқтағұл, Ш.Ж. Арзымбетова. Жылқы малына қатысты қазақы атаулар//Вестник университета Ясави. – 2020. – т. 4. – №. 118. – с. 215-228.



117. Ай замай-ай, заман-ай. – Алматы: Қазақ ССР баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті бас редакциясы, 1991. – 384 б.
118. Бопайұлы Б. Қазақ дәстүрлері. Қазақ қазынасы сериясы. «Фолиант» Қазақстан, 2024, 80 б.
119. Қайрабаұлы А.Борайұлы Б. Қазақтың ырым-ғұрыптары. Қазақ қазынасы сериясы. «Фолиант» Қазақстан, 2024, 60 б.
120. Бопайұлы Б. Қазақ батасы. – Қазақ қазынасы сериясы. «Фолиант» Қазақстан, 2024, 60 б.
121. Оспанұлы Е. Қазақтың салт-дәстүрлері.-Алматы: «Көшпенділер» 2007, 162 б.
122. Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлері. – Алматыкітап, 2007. 265 б.
123. Матыжанов К., Қайранбай Ж. Батырлар жыры 1 том – Алматы, 2019. 568 б.
124. Матыжанов К., Қайранбай Ж. Тарихи жыры 3 том – Алматы, 2019. 568 б.
125. Ж. Жабает Көроғлы
126. Матыжанов К., Қайранбай Ж. Ғұрыптық фольклор 6 том – Алматы, 2019. 568 б.
127. Б. Әлімжанов Манас жыры – Ғылым баспасы, 2020. 512 б.
128. Ыбырай Алтынсарин Тазабұлақ – Алматы, 2008, 207б.
130. Фазылжанова А., Оңғарбаева Н., Ғабитханұлы Қ. Қазақ әдеби тілінің сөздігі 13 том – Алматы, 2011. - 752 б.
129. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2005-440 б.
130. Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. Издательство наука. Ленинградское отделение.Ленинград.1970-206стр
131. Севоротьян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков // Общетюркские и межатюркские основы на гласные – М.Т.І-1974
132. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде» (1998)
133. Манкеева. Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: Жібек жолы, 2008-356б
134. Тауашев Ә. С.»Кодекс Куманикус тіліндегі соматикалық атаулар және олардың семантикалық топтары»: фил. ғыл. канд. дис. қолжазба. – Алматы, 1995. – 160 б.
135. Базарова Д. Х. Семантика названий частей тела и производных от них в тюркских языках: автореф. дис. канд. филол. наук / Д.Х.Базарова; АН Узбекской ССР.)
136. Баскаков Н. Каракалпакско-русский словарь. – Москва, 1958, 885 б.
137. Даибова К. Къумукъча-орусча сөзлюк – Махачкала, 1981. 88 б.
138. Баскаков Н.А. Ногайский язык и его диалекты. – Москва, 1958, 885 б.
139. Асылгараев Ш., Ганиев Ф., Закиев М. Татарско-русский словарь. – Казан «Мәғариф», 2007
140. Ахмеров К., Яруллина У. Русско-башкирский словарь. – «Советская энциклопедия» Москва, 1964, 986 б.

141. Баскакова Н., Зайончковский А., Шапшала С. Караимский словарь. – Москва, 1974, 687 б.
142. Авакова Р.А. Фразеологизмдердің семантикасы. – Алматы, 2002., 72б.
143. Магазаник Д.А. Русско-турецкий словарь – Москва, 1945. 704 б.
144. Болғанбаев Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997. – 107 б
145. Карменов Н.Ғ. Лексика-семантикалық байланыс түрлері (қазақ және араб тілдеріндегі дене мүше атаулары бойынша): Филол.ғыл.канд... дисс. – Алматы, 2002. – 130 б
146. Омиралиева Ж.К. Национально-культурная специфика конвенциональных фразеологизмов с соматизмами. Дисс... канд. филол. наук. – Алматы, 1999.
147. Уызбаева Б. Қазақ тіліндегі соматикалық етістік фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты: Филол. ғыл. канд. дисс... автореф. – Алматы, 1994.,
148. Құнанбаев А. Өлеңдер жинағы. 1 том
149. Қазақтың этнографиялық категориялар ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі [Мәтін] : энциклопедия ; ғыл. ред. Н. Әлімбай ; мәтінд. дайынд. Ж. Бабақұлы [ж.б.] ; Кесте.: Д. Шөкпарұлы [ж.б.] ; фото.: Д. Қатран, А. Қисабаев, Б. Хинаят ; Қазақстан Республикасы мәдениет министрлігі; Қазақстан Республикасы мемлекеттік орталық музейі .- Алматы, 735 б.,
150. Гибратты фольклор Дала фольклорының антологиясы: Гибратты фольклор. Шағын фольклор 10 том, 2020
151. Мағауин М., Байділдаев М. Бес ғасыр жырлайды – Алматы: Жазушы, 1989 – 384 б. <https://online.pubhtml5.com/gzki/ixqz/#p=20>
152. Ибатов А. «Құтбытың уә Хусра Шірін. – «Ғылым» баспасы, 1974, 141б.
153. Серкебаева Г.И. ««Кодекс Куманикус» жазба ескерткіші лексикасының қазақ тілімен сабақтастығы» атты докторлық диссертация Шымкент, 2024. 265 б.
154. Әбу Насыр әл-Фараби.Қайырымды қала. Алматы, – «Ғылым» баспасы, 2019, 250
155. В.Гумбольд *Избранные труды по языкознанию* / Вильгельм фон Гумбольдт; Пер. с нем. яз. под ред. и с предисл. Г. В. Рамишвили. 2-е изд.. — М. : Прогресс, 2000 -350
156. А.А. Потебня. Мысль и язык.Харьков, 1892-236
157. Ш.Балли Язык и жизнь. – М: Едиториал. УРСС.2000,248с.
158. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: «Ел-шежіре», 2014.
159. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. – Алматы, 2021.Қазақ тілі – 424 б
160. Тілеубердиев Б. Ономастика Ұлттық-мәдени ерекшеліктері. Алматы. Alash Book, 2024,-130б
161. Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция. символ, тілдік сана. Алматы: «Ғылым». 1998. - 140 б.
162. Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. Алматы: Ғылым, 1991. – 88 б.

163. Айғабылов Қазақ тілі морфонологиясы мен лексикологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 272 б.
163. Жанпейісов Е.Этнокультурная лексика казахского языка(на материале произведения М. Әуезова) –А.1989.-228
164. Смағұлова Г.Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигма. – Алматы: Елтаным, 2020 - 356 б.
165. Қосымова Г. Тарихи атаулардың этимологиясы. – Алматы: –2018. –590
166. Байтелиева Ж. Қазақ этнолингвистикасы. Алматы, 2011.-109б
167. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 2-том /құрастырған Ж.Манкеева, С. Бизақов, Ә.Жүнісбек т.б. – Алматы, 2011, 2том,
168. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 1-том /құрастырған Ж.Манкеева, С. Бизақов, Ә.Жүнісбек т.б. – Алматы, 2011
169. М. Мабдурахимов. Узбекско-русский, русско-узбекский словарь. Издательство «Фан» 2008.-648 с
170. Орысша-қазақша (қырғызша) қысқаша сөздік = Краткий русско-казахский (киргизский) словарь [Text] / ; [дайын. Ш. Құрманбайұлы]. – 2-бас., қайта өңд. – Астана : [б. о. ж.], 2005. - 110, [1] б.
171. Клосон Дж. Этимологический словарь тюркских языков – Москва, 1997. 362 б.
172. Нұрбек, Қазіргі қазақ және өзбек тілдеріндегі мәдени-тұрмыстық лексиканы меңгертудің теориялық және әдістемелік негіздері. PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы: 2015 -139б
173. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық.7-том /құрастырған Ж.Манкеева, С. Бизақов, Ә.Жүнісбек т.б. – Алматы, 2011
176. Диалектологиялық сөздік [Мәтін] / ; ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Тіл комитеті ... – Алматы : Арыс, 2007. - 797, [1] б.
177. Қайыржан К., Сөз - сандық: Қазақтың көне сөздері. - Алматы: «Өнер» баспасы, 2013. - 480 бет.
178. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық.15-том /құрастырған Ж.Манкеева, С. Бизақов, Ә.Жүнісбек т.б. – Алматы, 2011
179. <https://sozdikqor.kz/>
180. <https://www.instagram.com/p/C9AETuPCw1R>